Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ӘОЖ: 94 (574) «1920/30» Қолжазба құқында

**ШАШАЕВА МАЛИКА АУЕЗХАНҚЫЗЫ**

# ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы

8D02206 –Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
Қозыбаева М.М.
Философия докторы (PhD)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Йылдырым Сейфы
Философия докторы (PhD),
Хаджеттепе университетінің
профессоры (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

## МАЗМҰНЫ

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.....................................................3

**АНЫҚТАМАЛАР**.............................................................................................5

**КІРІСПЕ**.............................................................................................................7

**1 ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ, ТАРИХНАМАСЫ МЕН ДЕРЕКТЕРІ**..........................................................19

1.1 Зерттеудің теориялық әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары.........19

1.2 Қоғамның әлеуметтің-мәдени трансформациясы мен қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы...........................................................25

1.3 Зерттеу жұмысының деректік негіздері..................................................40

**2 XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЖ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНЕ ЫҚПАЛЫ**.......................................................................................................48

2.1 Кеңестік «жаңа әйел» бейнесін қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени трансформациясы.............................................................................................48

2.2 Саяси және әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсері...................................................................................................................59

2.3 Қазақ әйелдерінің белсенділігі мен кәсіби біліктілігінің өсуі....................................................................................................................68

2.4 Кеңестік Қазақстандағы мерзімдік баспасөздегі қазақ әйелі мәселесі...............................................................................................................75

**3 КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ**..........................87

3.1 Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тұрмысының сипаттық ерекшеліктері...............................................87

3.2 Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы........96

3.3 Саяси қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген салдары.............................................................................................................105

**ҚОРЫТЫНДЫ** ...............................................................................................117

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**.......................121

**ҚОСЫМШАЛАР**...............................................................................................132

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЛЖИР – Ақмоладағы отанын сатқандардың әйелдері лагері

АҚШ – Америка құрама штаттары

АПО – Үгіт-насихат бөлімі

ТУРКОМСТАРИС – СРЕДАЗКОМСТАРИС - Түркістан және Орта Азия көне тарихын зерттеу комитеті

БКП(б) – Бүкілодақтық коммунистік партия (большевиктер)

БОАК – Бүкілодақтық  орталық атқару комитеті

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

ВЦИК – Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті

ГАИМК – Материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясы (ММТМА)

ГАРФ – Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві (РФМА)

ГУБОНО – Губерниялық халық ағарту бөлімі

Госплан – Мемлекеттік жоспарлау (Мемжосп)

ЖОО – Жоғарғы оқу орындары

ЖЭС – Жаңа экономикалық саясат

Известия ЦКБ (Центр. Бюро краев.) – Өлкелік орталық бюро Хабаршысы

КазАКСР – Қазақстан автономиялық кеңестік социалистік республикасы (КАССР)

Казводхоз – Қазақ су шаруашылығы

КИПС - Ресейдің тайпалық құрамын зерттеу комиссиясының Сібір бөлімшесі (РТҚЗКСБ)

Кирнаркомпрос – Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты

КСРО – Кеңес социалистік республикалар одағы (СССР)

КСРО ҒА – Кеңес социалистік республикалар одағы Ғылым академиясы

КСРО ШХ ҰЭМҒЗИ – КСРО Шығыс халықтарының ұлттық және этникалық мәдениетін ғылыми-зерттеу институты

Қазақ КСР – Қазақ кеңестік социалистік республикасы

Қазпедвуз – Қазақ педогогикалық жоғарғы оқу орыны

ҚК – Қылмыстық кодекс

ММУ – Мәскеу мемлекеттік униерситеті

МОПР(РКҚХҰ) – Революция күрескерлеріне көмектесудің халықаралық ұйымы

РГАКФФМ – Ресей мемлекеттік кино, фото, фоно материалдар архиві

РГАСПИ – РМӘСТА - Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архиві

РГИА – РМТА - Ресей мемлекеттік тарих архиві

РГО – Ресей географиялық қоғамы

РК(б)П – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы

РКП(б)ОК – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы орталық комитеті

РСФСР – РКФСР Ресей Кеңестік Федерациясы социалистік республикасы

САГУ – Орталық Азия мемлекеттік университеті

СНК – Халық комиссарлары Кеңесі

ООБМА – Орынбор облысының біріккен мемлекеттік архиві

ОСОМ – Отан сатқындарының отбасы мүшелері

ЦИК Киргизской АССР – Қырғыз (қазақ) автономиялық кеңестік республикасы Орталық атқару комитеті

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ВАРНИЦО – Бүкілодақтық ғылым және техника қызметкерлерінің қауымдастығы

ОДН – Сауатсыздықты жою қоғамы (Общество долой неграмотность )

Обком РКП – Ресей коммунистік партиясының облыстық комитеті

Кирнаркомзем – Қырғыз (қазақ) жер халық комиссарияты

КСРО ҒА – Кеңестік социалистік республикалар одағының Ғылым академиясы

ОГПУ – Біріккен саяси Бас басқарма

ОСОАВИАХИМ – Қорғанысқа, әуе күштері мен химия құрлысына жәрдем жасау қоғамы

# АНЫҚТАМАЛАР

**Әйелдер қозғалысы** – әйелдердің экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени салалардағы құқықтарын ерлермен бірдей теңестіру күресі, сондай-ақ олардың жалпы саяси күреске қатысу құбылысы.

**Әйелдер мәселесі** – әйелдің қоғамдағы және отбасындағы жағдайын, ана мен баланы қорғау, әйелді қысымнан босату жолдары мәселелерін қамтитын әлеуметтік мәселелер кешені. Марксистік-лениндік түсініктегі әйелдер мәселесі социалистік революция жеңісінің алғышарттары мен коммунистік қоғам құру туралы мәселенің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

**Әйелдер эмансипациясы** – бұл әйелдердің әлеуметтік мобильділік үдерістері, олардың жеке әлеуметтік топ ретінде әлеуметтік жіктелуімен және жекеменшік саладан қоғамдық салаға өтуімен іске асатын құбылыс.

**Әлеуметтік-мәдени трансформация** – бұл әлеуметтік-мәдени жүйенің бір күйінен екіншісіне ауысуымен бірге жүретін және оның тікелей немесе жанама алғышарттары бола отырып, бұл ауысуды бастайтын құбылыс.

**Әлеуметтік теңдік** – әр түрлі таптар мен әлеуметтік топтарға жататын адамдардың бірдей құқықтары мен бостандықтарымен сипатталатын әлеуметтік қатынастардың түрі, олардың заң мен қоғам алдындағы теңдігі.

**Балалар панасыздығы –** балалардың тұрғылықты жерінен айырылуы мен отбасынан алшақтауын сипаттайтын әлеуметтік құбылыс.

**Демографиялық саясат** – мемлекеттік органдар мен өзге де әлеуметтік институттардың халықтың өсімін молайту процестерін реттеу саласындағы мақсатты қызметі.

**Женотдел** – (қысқаша – әйелдер арасындағы жұмыс бөлімі, басқа атау – Жұмысшы және шаруа әйелдері бөлімі) РКП(б)/БКП(б) жергілікті комитеттері жанындағы Әйелдер бөлімдері. Бөлім 1919 жылы РКП(б) жұмысшылары мен шаруалары арасында үгіт-насихат комиссияларының негізінде құрылды. Инесса Арманд Орталық Комитеттің жанындағы бірінші Әйелдер бөлімінің меңгерушісі болды және 1920 жылы оның орнына Александра Коллонтай келді. Әйел бөлімдердің міндеті «әйелдерді социализм рухында тәрбиелеу және оларды экономикалық құрылыс пен мемлекеттік басқаруға тарту; Неке және ана институттарын трансформациялау процесін үйлестіру, тұрмыстық жағдайларды өзгерту» болды.

**Индустрияландыру** – (лат. *industria* - қызмет) халық шаруашылығының барлық салаларында және әсіресе өнеркәсіпте ірі машина өндірісін құру үрдісі. Индустрияландыру ел экономикасында өнеркәсіптік өнім өндірісінің басым болуын, аграрлық немесе аграрлық-индустриялық елдің индустриялық-аграрлық немесе индустриялық елге айналуын қамтамасыз етеді. КСРО-ның индустрияландыру кезеңі ауыр өнеркәсіптің, әсіресе машиналар мен жабдықтар өндірісінің жедел дамуымен сипатталады. Кеңестік индустрияландыру кезеңі Кеңес одағының капиталистік елдерге қарағанда техникалық-экономикалық жағынан артта қалғандығынан индустрияландырудың жылдам қарқынды жоспарлануымен ерекшеленеді.

**Модернизация** – Жаңғырту (ағылш. *modern* — заманауи, озық, жаңартылған) - бұл объектіні жаңарту процесі, оны жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық шарттарға, сапа көрсеткіштеріне сәйкестендіру. Негізінен машиналар мен жабдықтар, өндірістік-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық процестер жаңғыртылуда.

**Реконструкция** – қайта құру-қалпына келтіру; ескірген нысанды жаңарту процесі. Жалпы мағыналар: Тарихи қайта құру-белгілі бір тарихи дәуір мен аймақтың материалдық және рухани мәдениетін қайта құру.

**Сауатсыздықты жою** (ликвидация безграмотности) – КСРО-дағы сауаты төмен ересектерді оқуға және жазуға жаппай оқыту науқаны. Қазақстанда сауатсыздықпен күрестің жандануына ХКК 1919 ж. 26 желтоқсанда қабылдаған «РСФСР халықтары арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декреті түрткі болды. Декрет 8 бен 50 жас арасындағы сауатсыздарды ана тілінде немесе орыс тілінде мемлекеттік мектеп жүйесі арқылы жазу мен оқуға үйретуді күн тәртібіне қойды.

**Саяси қуғын-сүргін** – мемлекеттің саяси себептермен адамды өмірінен немесе бас бостандығынан айыру, жер аударуға жіберу, мәжбүрлі еңбекке тарту, сондай-ақ таптық, әлеуметтік, саяси жүйе немесе мемлекет үшін «қауіпті» деп танылған адамның құқығы мен бостандығын шектеу түрінде соттың немесе сот функциялары берілген басқа мекемелердің шешімдерімен жүзеге асырылатын мәжбүрлі шарасы.

**Тарихи феминология** – XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында қалыптасқан тарихи білімнің бағыты. Тарихи феминология пәні тарихтағы әйелдерді, олардың әлеуметтік мәртебесі мен функционалдық рөлдерінің өзгеруін қарастырып, тарихтағы әйелдің орнын зерттейді басты назарға алады.

**Трансформация** – ежелгі лат. *transformatio,* өзгеріске ұшырату, басқа түрге айналдыру, метаморфоза.

**Унификация** – бір мақсатта пайдаланылатын объектілер санын тиімді түрде азайту. Оның негізгі мақсаты еңбек өнімділігін арттыру, өнімді өндіруге және пайдалануға жұмсалатын шығынды азайту, сапасын жоғарылату, бұйымдардың бір-бірін алмастыратындай болуын қамтамасыздандыру.

**Ұжымдастыру** – шағын, жалғыз шаруа қожалықтарын кооперация арқылы ірі қоғамдық социалистік шаруашылықтарға (колхоздарға) айналдыру науқаны. КСРО-да ұжымдастыру зорлық-зомбылық әдістерін, шаруаларға қатысты қуғын-сүргінді кеңінен қолдана отырып, жедел қарқынмен жүргізілуімен көрініс тапқан. Сондай-ақ, өндіргіш күштердің айтарлықтай жойылуына, ауылшаруашылық өндірісінің қысқаруына, 1931-33 жылдардағы жаппай ашаршылыққа әкелгенімен сипатталады.

# КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Диссертация XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Кеңестік Қазақстанның әлеуметтік-мәдени трансформациясы, әйелдердің күнделікті өмір тарихы тың архивтік деректер негізінде талдауға арналған. Зерттеуде Кеңестік биліктің жүргізген реформалары нәтижесіндегі қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы, оның қазақ қоғамы мен тұрмысындағы әйелдер орны мен ролінің өзгерісіне ықпалы, атап айтқанда қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесі, қоғамға әлеуметтенуі, әлеуметтік-мәдени салалардағы қазақ әйелдерінің белсенділігі, еңбекке тартылуы мен еліміз басынан өткерген саяси тарихи құбылыстар кезеңіндегі әйелдер жағдайы жан-жақты талданып, сипатталады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Біздің қоғамымыздың жаңғыруы көптеген тарихи оқиғалардың маңыздылығы мен мемлекетіміздің тағдырына ықпал еткен құбылыстардың салдарын анықтаумен байланысты. Тарих ғылымының маңызды сипаттамасы оның қазіргі заманмен тығыз байланысы болып табылады. Өткенге деген қызығушылық қоғамның тарихи дамуының әрбір кезеңінде, әсіресе саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде туындайды. Өткенде орын алған үдерістер мен құбылыстардың негізгі заңдылықтарын анықтап және зерттеп қана қоғам қазіргі заманның өткір проблемаларына әсер ететін үрдістерді аша алады.

Қазіргі қоғамда әйелдердің өзіндік идентификациясы (самоидентификация) өзгеруде, олардың әлеуметтік рөлі, мәдениет пен білім деңгейі үнемі өсуде және трансформациялануда. Әйелдердің қоғамдағы жағдайы мен проблемалары зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес.

Қазіргі мемлекеттік саясатта да «әйел мәселесіне» қатысты обьективті баға беру, қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында олардың тиімді әлеуметтенуі жөнінде тұжырымдамалар жасау үшін Қазақстандағы «әйел мәселесінің» тарихын сыни тұрғыдан ой елегінен өткізбей қазіргі жағдайда ғылыми тұрғыдан қабылдай алмаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда, яғни Кеңестік мемлекеттің алғашқы онжылдықтарында, билікке келген большевиктік партияның әйелдердің эмансипациясын қарқынды түрде жүзеге асыруы барысында әйелдердің көбіне тұрмыстық ерекшелігін қазірге дейін анықтауда өзекті.

Қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық құрылымының өзгермелі жағдайындағы «әйел мәселесін» шешудің динамикасының ерекшелігін көрсететін зерттеулер, мемлекеттің жаңа қоғамдық-мәдени құндылықтарын қалыптастыруға, күрделі кезеңде жаңа тұлға, жалпы отбасын құрудағы мемлекет ықпалының деңгейін анықтауға көмектеседі.

Тақырыптың ендігі бір өзектілігі, зерттеу «социалистік құрылыс» деп аталатын идеология мен практиканың қалыптасуының күрделі де өтпелі кезеңіндегі әйелдердің түрлі реформалар мен қабылданған іс-шараларды қалай қабылдау керек екендігін ұғыну үшін белгілі бір дайындықтар мен білім деңгейінің қажетті нұсқаларын игеруге тиіс болғандығы.

Сонымен қатар, құндылықтар жөніндегі ескі салт-дәстүр мен жаңа өкімет ұстанымдарының өзара бәсекелестік түсінігін, әйелдердің билік тарапынан

енгізілген директиваларды қаншалықты ұстанғанын және қайсысында «бейімделу және өмір сүру» тәжірибесі болғанын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бүгінде XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы тарихи кешенді зерттеуді қажет ететіні айқын. Қоғам өмірінің барлық салаларындағы ауқымы мен маңызы жағынан орасан зор өзгерістер халықтың санасындағы өзгерістердің себептерін түсінуге құштарлық тудырмай қоймайды.

Әйелдің қоғамдағы, мәдениеттегі, тарихтағы орнын зерттеу мәселелері қазіргі уақытта өзекті және белсенді зерттелуде. Өткенге жүгінбей әйелдердің қоғамдағы қазіргі жағдайын түсіну мүмкін емес. Жалпы қазақ әйелі бейнесінің маңызды бөлігіне айналған кеңестік әйелдің бейнесін қалыптастыру үшін революциядан кейінгі кезең ерекше маңызды. Дәл сол кезде жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістікті құру басты мақсаттарының бірі болып табылатын жаңа әлеуметтік-саяси қоғамдық құрылымның жаңа моделіне өту жүзеге асырылды.

Кеңестік өкімет жүзеге асырған әлеуметтік-мәдени трансформация нәтижесінде «жаңа әйел» бейнесінің пайда болуы «жаңа кеңес адамын» құру жөніндегі жалпы жобаның бір бөлігі еді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асырған әлеуметтік-мәдени трансформациясының нәтижесі қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғанымен де көрініс табатын. Бұл әсіресе Қазақстанда ерекше мәнге ие болды, өйткені бұл жерде әйелді ерекше-бағыныштылықта ұстаудың ескі дәстүрі мен оны азат етудің жаңа жолы саясаты арасындағы қақтығыстың өршуінен көрініс тапты.

Дегенмен де, Қазақстандағы «әйелдер мәселесі» өз шешімін таппай, тек тарихта 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін өзгеріске ұшырағаны анық. Өмір бойы салт-дәстүрдің шырмауында қалған қазақ әйелдерінің қолдауын тапқан кеңес өкіметінің әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіруге, қалың мал, әмеңгерлік, көп әйел алумен күресуге бағытталған саясаты іс жүзінде түпкі-тамыры жойылған, кеңестік идеологияға бағынатын халықты тәрбиелеу мақсатын көздегені анық. Дегенмен, 1917-1930 жылдары жүргізілген науқан кезінде әйелдер арасындағы сауатсыздықты, құқықтық теңсіздікті жою, сонымен қатар қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси, басқару ісіне қатынастыру мүмкіндігі пайда болғанын жоққа шығара алмаймыз. Тарихтың қай кезеңін болмасын оның саяси, әлеуметтік-мәдени үдерістерінің дамуын, трансформациясын, сол қоғамдағы адам факторын оның ішінде әйелдердің ролін зерттеудің маңызы зор.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алумен қатар, өткен тарихына да сын көзбен қарау мүмкіндігіне ие болды. Тарихи ақтаңдақтардың орнын толтыра алатын, бұрынғы көзқарастар мен идеологиялық сарындар және империялық үстемдіктен ада жаңа форматтағы зерттеулердің қатары өскендігі ақиқат.

Міне, сондықтан да қазіргі кезеңде Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы - қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғанын тарихи тұрғыдан анықтау аса өзекті болып табылады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тарихнамалық талдау зерттеу жұмысының ішкі бөлімінде кеңірек ашылатындықтан кіріспе бөлімінде қысқа ғана мәлімет берумен шектелеміз.

Біз қарастырып отырған кезеңде, «Әйел теңдігі» журналында бас редакторы қызметін атқарған Сара Есова және Нағима Арықова, Нәзипа Құлжанова сияқты белсенді әйелдердің көп әйел алушылық пен қалың малды жою, ана мен баланы қорғау, әйелдер жағдайын жақсартуға арналған шаралар жайлы көптеген мақалалар жариялаған болатын [1].

1927 жылы шыққан В.Г. Соколовскийдің «Казахский аул» еңбегінде әйелдер мәселесі де көтеріледі [2]. БКП(б)-ның Қазкрайкомы мен Қазақстанның статистикалық басқармасының тапсырмасымен 1924-1925 жылдардағы О.Жандосов пен В.Г. Соколовскийдің экспедициясының нәтижесінде жазылған бұл жұмыс сол кезеңге сәйкес үгіт-насихаттан және партия идеологиясынан тәуелсіз екендігі байқалады. Зерттеуші қалың малдың шығу тегін жайылымдық-мал шаруашылығындағы әйел жұмыс күшінің құндылығымен түсіндіреді.

«Новый Восток» журналында 1928 жылы шыққан А.Штуссердің мақаласы қазақ әйелдерінің құқықтық жағдайын зерттеуге арналған БОАК-тың Шығыс әйелдерінің еңбегі мен тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссиясы мен Шығыстану ғылыми қауымдастығының әйелдер комиссиясының ұйымдастыруымен өткен экспедиция нәтижесіне негізделген [3]. Көптеген статистикалық мәліметтерді келтіре отырып, автор 1924 жылдың аяғынан бастап 1929 жылға дейін қалыңмал мен көп әйел алушылыққа қарсы жүйелі жұмыстарға қарамастан, тұрмыстық қылмыстар бойынша істер саны азаймайды, керісінше артады деген қорытынды жасайды.

Бұдан кейінгі, 1933 жылы жарық көрген Г.А. Тимченконың «Бунты солдаток» в Казахстане» кітабында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске әйелдердің көзқарасы, Торғай облысында күйеулерін соғысқа жіберген әйелдердің бүлігі (бунты) зерттелген [4].

1917-1940 жылдардағы әйелдердің білім алу мәселелері М. Қозғамбаеваның диссертациялық жұмысында қозғалды. Қазан төңкерісі кезеңін және кеңес билігі уақытын қамтығандықтан бұл жұмыстың тарихнамалық өзектілігі зор болып табылады. Алайда, бұл диссертацияның жетістіктеріне қарамастан, зерттеудің хронологиялық кезеңдеріне сай ата-ананың қыздарын мектепке бермеу себептері, қыздар мен ұлдардың бірге білім алуы сияқты мәселелері қаралмаған [5].

Г.К. Тасырованың «Деятельность Компартии Казахстана по развитию женского образования в республике» (1928-1940) атты зерттеу жұмысында сол уақыттағы коммунистік партияның әйелдердің кәсіптік мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, техникумдарда, жұмысшы факультеттерде білім алуына қосқан үлесіне, Қазақстандағы әйелдердің социалистік және коммунистік құрылысқа қатысуына тоқталады [6].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер қатарына А.Қ. Балтабаеваның жұмысын жатқызуға болады. Зерттеуші диссертациялық жұмысында XIX

ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі мәселесін көтереді [7].

С.С. Қарпықованың диссертациялық жұмысында әйелдер мәселесі бойынша зерттеулерге кең тарихнамалық шолу жасалады[8].

А.И. Қасабекованың 2013 жылы жарық көрген монографиясы - XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әйелдер теңдігі мәселесіне арналған тарихи маңызды еңбектердің бірі [1, б. 157]. Автор тарихи құжаттарды зерттей келе, қазақ әйелдерінің болып жатқан саяси оқиғаларды бақылаушы ғана емес, керісінше, сол тарихи кезеңдердегі қоғам алдында тұрған барлық міндеттерді шешуге қатынасқан деген қорытындыға келеді.

Ж.Б. Құндақбаеваның монографиясы да кеңес билігінің Қазақстандағы әйелдерге жүргізген саясатын сынға алды. Большевиктердің «жаңа кеңес әйелін» қалыптастыру жобасы, әйелдер бөлімінің, «Қызыл отаудың» осы жобаны іске асырушы құралдар ретінде құрылуы, қазақтың неке және отбасы институттарының өзгеруі зерттеуде жаңа тарихи көзқараспен баяндалады [9].

Шетелдік тарихнамаға тоқталар болсақ, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ әйелдерінің жағдайына Джемиле Кыначы өз зерттеулерін арнаған. Дж. Кыначы «Kazak tiyatrosunda Kadin meselesi» деп аталатын еңбегінде 1920-1928 жылдары Қазақстанның театрларында қойылған қойылымдарда әйел теңдігі мәселесі, қалың мал, тоқал алу, қыздың қалауынсыз некеге отыру, әмеңгерлік, кеңес үкіметінің саясатының әсері сияқты көтерілген мәселерге назар аударған [10].

Профессор Г.Дж. Мэссел, ағылшын зерттеушісі Дж. Бейкер [11], Тринити-Коледжінің әлеуметтанушы профессоры М.Сакс [12] және тағы басқалары Кеңестік кезеңдегі әйелдер мәселесінің түрлі қырларына арналған зерттеулерін жүргізген.

Сонымен жоғарыда талданған қысқаша тарихнамалық шолудың өзі Қазақстандағы әйелдер мәселесінің кешенді түрде зерттелмегендігін айқындап отыр.

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Зерттеу барысында дереккөздердің әр түрлі типтері мен түрлері қолданылып, репрезентативті ақпарат алуға мүмкіндік туды. Оларға жүйелі талдау жасалып, ғылыми қолданысқа енгізілді. Ғылыми ізденіс барысында XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның трансформациясы және әйелдердің жағдайы тақырыбын ашу мақсатында келесі деректерді негізге алдық:

*1. Жазба деректер.* Біздің зерттеу жұмысымыздың жазба деректер тобын архив құжаттары, естелік-мемуарлар, мерзімдік баспасөз мәліметтері құрайды.

Зерттеу тақырыбын жан-жақты тарихи талдауға мүмкіндік берген дерек көздер ретінде отандық және ресейлік архив қорларының материалдары қолданылды: Қазақстан Республикасының Президент Архиві (ҚРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы, Ақмола облыстық архиві, Астана мемлекеттік қалалық архиві, Ресей мемлекеттік

әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), Ресей Мемлекеттік кинофотофономатериалдар архиві (РМКФФМА).

Зерттеу жұмысымыздың жазба деректерінің ішінде *іс-қағаздық деректер* тобын әйелдер бөлімінің қызметіне қатысты арнайы хаттамалары құрады. Тақырыбымызға орай Ресей федерациясының мемлекеттік архивінен (ГАРФ) алынған материалдар арасында Семей губерниялық әйелдер арасындағы жұмыс бөлімінің есебінде әйелдер арасындағы жұмыстардың бағыттарын, атап айтқанда сауатсыздықпен күрес курстары, панасыз балаларды орналастыру, әйелдердің мамандық алуына жасалып жатқан жағдайлар және тағы басқа да қажетті мәліметтер кездеседі.

Ал Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының 1 қорында «Местком-3. Протоколы общего собрания женщин и домохозяек» деп аталатын 10 беттен тұратын 1928 жылдағы төрт хаттамасы табылып, мазмұнына талдау жасалды.

Қазақ әйелдерінің қоғамдық жұмыстарға қатысу, белсенділігін көрсетуде Қызылорда округтік атқару комитетінің білім беру бөлімінің 1928-1930 жылдардағы жұмысы туралы архив деректері арасынан «Өлкелік әйелдер бөлімі кеңесі» хаттамасы (№17. 14.05.1928) материалдарындағы деректерді қарастырдық. Құжатта, кеңеске: Үгіт-насихат бөлімінен (АПО) – Енбергенова, Қосшы одағынан - Мулюкан, Облыстық білім басқармасынан - Тәттібаев, «Әйел теңдігі» журналы редакциясынан - Есова, Уездік тех. Бюродан – Успенская, прокурор – Брухман, Попова, Арыкова, Дорофеева, Угорженотделдан – Ишкова, Курс меңгерушісі – Ғизатуллина қатысты делінген. Бұл деректің маңызы Қызылордадағы әйелдер бөлімінің жұмысы назардан тыс қалмағандығын білдіреді.

Архив деректерінің ішінде *актілік құжаттардың* да орны ерекше. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Президенті архивінің бірнеше қорларында: 139 қор (РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) комитеті, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті), 140 қор (РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы), 141 қор (РК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитеті) құжаттары аса құнды деректік мәліметтер берді. Қазақстандағы әйелдер мәселесіне қатысты алғашқы деректерді Қазақстар Республикасы Президенті архивінің №139 – Қырғыз(қазақ) облыстық РКП(б) (большевиктердің жұмысшы-шаруа партиясы - *М.Ш.*) деп аталатын қорының 1 тізбесі, 13 а ісінде әйелдер арасындағы жұмысты жолға қою үшін жергілікті жерлерде «әйелдер бөлімін» ашу туралы Орталық Комитеттен арнайы айналымдық хат жіберілуінен көре аламыз. Әрине бұл жұмыстарды ұйымдастырудың аса зор қиындықтар мен кедергілерге тап болғандығын, штаттағы адам жетіспеушілігі мен олардың дайындығының төмен болғандығы, Орталық Комитеттен арнайы нұсқаулықтардың үсті-үстіне ағылып келіп, оны орындаушыларды табудың өзі аса зор қиындықтарға алып келгендігі дегенімен, әйелдер арасындағы жұмыстың басталғандығы осы қордың 1 тізбесінің 200 ісіндегі есептік құжаттарда баяндалған.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 693-ші қорының 1-ші тізбесінде ҚазАССР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамының 1920-1936 жылдар арасындағы жинақталған мәліметтері бар, осы жерде әйелдер мәселесіне қатысты хаттамалар мен арнайы қаулылар берілген. Ал, екінші тізбедегі мәліметтер қоры 1921 жылдан 1941 жылға дейін созылған. Сондықтан да бұл қор біздің зерттеуімізге көптеген дерек көздерді берді.

Жазба деректерді жүйелі топтастыру нәтижесінде, дереккөздердің статистикалық, естелік-мемуарлар, мерзімді басылымдар түрлері де негізге алынды.

Диссертацияның 3-тарауының 1-ші бөлімінде қазақ әйелдерінің ашаршылық кезіндегі жағдайы, саны, қаңғыбас балалар саны, т.б. жөнінде *статистикалық деректерді* тиімді пайдалана алдық. Зерттеу жұмысының статистикалық деректері қатарына Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) № 320 қорының 1 тізбесінен алынған деректе Орал губерниясындағы ашыққандар жайлы Губком төрағасының ашыққандарға көмек жөніндегі орынбасары (Зампредгубкомпомгола) Ширявцевтың берген мәліметі енген. Соған сәйкес, Ширявцев өз есебінде 1921 жылдағы Орал губерниясында ашыққан адамдарды категорияларға бөліп, уездердегі ашығудың пайыздық деңгейін хабарлаған. Онымен қоса, «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника» жинағында Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында ашыққан халықтың сандық көрсеткіші, тіпті бүтін бір әулеттің арасындағы өлім-жітімнің статистикалық мәліметтері қарастырылады (құжатқа толық талдау 3-тараудың 1 бөлімінде берілген – *М.Ш.*).

Деректердің келесі бір тобын сол кезеңдегі *мерзімді басылымдарда* жарияланған материалдар құрайды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әйел мәртебесі жайлы құнды ақпараттарға ие «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сарыарқа», «Әйел теңдігі», «Айқап» журналдары және т.б. дерек ретінде пайдаланылып, зерттеу жұмысының өзектілігін арттырды. Мәселен, «Айқап» журналында жарық көрген М.Сералинның «Гүлғашима» поэмасы, С.Торайғыровтың «Неке қияр» поэтикалық памфлеті, «Қамар сұлу» романы, А.Ғалиевтың «Бейшара қыз» әңгімесі дәстүрлі салттың қанауында қалған қазақ әйелдерінің жағдайын сипаттай отырып, қоғамдағы әйел мәртебесін көтеруге шақырады. Ойшыл зиялы қауымның бұл шығармалары «Айқап» журналының әйелдер мәселесіндегі идеялық бағытын анықтап берді. Қазақ зиялыларының жаңашыл көзқарастары мен ойларын халыққа жеткізудің таптырмас құралы болған бұл газет-журналдарда сол кездегі қоғамдағы басты мәселелер көтеріліп, олардың әйелдерге деген әсері баяндалады.

*Естеліктер мен мемуарлар.* Деректердің бұл тобын XX ғасырдың 30 жылдарында өткен қайғы мен қасіретке толы қуғын-сүргін құрбандарының естеліктері құрайды. Атап айтқанда, «Книга Памяти жертв политических репрессий. Сборник воспоминаний и интервью очевидцев и потомков, пострадавших от политических репресий 20-50-годов XX века» және «Смерч // Дело №… Летопись горького времени» еңбектерінде (толық талдау 1-тараудың

3 бөлімінде сілтемесімен берілген – *М.Ш.*) қуғын-сүргін құрбандары мен олардың ұрпақтарынан алынған сұхбат пен естеліктер қамтылған. «Смерч // Дело №… Летопись горького времени» - ірі кеңестік мемлекет қайраткері Г. Сокольниковтың жұбайы Г. Серебрякованың күйеуінің артынан қамауға алынуы, түрмедегі өзге әйелдердің де жағдайы, еңбекпен түзету лагеріндегі өмірі жайлы жазылған биографиялық мемуар жазбаларын қамтиды.

2.*Фотосурет деректері.* Ізденіс барысында көптеген қорлардың атап айтқанда, РМКФФМА (Ресей Мемлекеттік кинофотофономатериалдар архиві) қорындағы фотосуреттерден зерттеу тақырыбына қатысты деректер ретінде суретке түсірілді. Сонымен қатар Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханасының «Кітап мұражайы» қорынан алынған суреттер дерек ретінде алынды. Мысалы, осы қордың «Өлкелік әйелдер курсы оқытушылары» суретінде ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанның қоғамдық ұйымдарында ағартушылық қызмет атқарған Байноғайұлы Балқай, Шерзатұлла келіні Хадиша, Бекбатырұлы, Арыққызы Нағима, Есқызы Сара, Досайқызы Бану, Мұқанұлы Есқали сияқты қоғам қайраткерлері мен белсенді әйелдер көрсетілген.

**Зерттеу нысаны:** ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайын тарихи тұрғыдан талдау. Қоғамда орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің әйелдер тағдыры мен қызметіне әсерінің динамикалық деңгейін қарастыру.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Жұмыстың басты мақсаты – ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясымен әйелдердің жағдайын зерттеу, тарихи тұрғыдан талдау жасау. Диссертациялық жұмыстың мақсатын жүзеге асыру барысында мынадай негізгі міндеттер қойылды:

- зерттеу бағытындағы қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының теориялық - методологиялық аспектілерін айқындау;
- шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан жасалған тақырыпқа қатысты зерттеулерді талдап, салыстыра отырып, зерттеудің негізгі бағыттарындағы тарихнамалық зерттеулерді, заңдылықтарды, сабақтастықты анықтау және жүйелеу;
- ХХ ғасырдың 20-30 жж. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ әйелдеріне ықпалын айқындау міндеті алға қойылды;
- қазақ әйелдерінің мәдениет саласындағы белсенділігі мен Кеңестік Қазақстанның ішкі саясатындағы әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсерін айқындау;
- кеңес өкіметінің саяси және экономикалық жаңғырулары кезіндегі: Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру шаралары және олардың әйелдер жағдайына, оның ішінде әйелдердің қоғамға тартылуын зерделеу;
- елдегі ашаршылық, саяси қуғын-сүргіннің әйелдер тағдырына тигізген салдарының ауыртпалығын сараптау.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі.** Диссертацияның әдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін накты зерттеуді талап

ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды.

Зерттеуде *тарихилық қағиданы* негізге ала отырып, тақырыптың мазмұнын ашуда кеңестік жүйенің бастапқы кезеңіндегі қоғамның өзгерісіндегі тарихи обьективті және субьективті факторлар, әлеуметтік –мәдени трансформацияның қоғамдағы әйел ролі мен орнына ықпалы айқындалды. *Жүйелілік әдісті* қолдана отырып, кеңестік Қазақстан тұсындағы әлеуметтік-мәдени трансформация және әйел жағдайы жүйеленді. Атап айтқанда тақырыпқа қатысты зерттеулер шетелдік, отандық деп, әйелдер жағдайы әлеуметтік және мәдени салалардағы, т.с.с. топтарға біріктіріле отырып, жүйеленді. Жұмысымызда қолданған келесі *тарихи-салыстырмалық әдіс-тәсіл* әртүрлі тұжырымдамалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын айқындауға бағытталған. Мысалы, әр түрлі аймақтарға тән біртекті материалдарды тарихи жағынан салыстыру арқылы әлеуметтік-мәдени трансформацияның әр түрлі аймақтардағы даму деңгейін, ортақ белгілерін, соған байланысты оқиғалардың ортақ өрбу тізбегін анықтау мүмкіндігіне ие болдық. Зерттеуде мәтіндік-салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы тәсілдерді қолдана отырып, сыни талдауға ұмтылдық. Соның ішінде, диссертацияда тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі, тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтілік деңгейі, тарихи деректерді сыныптау, деректердің ғылыми құндылығын анықтау принциптері және тәсілдері негізге алынды. Сол сияқты х*ронологиялық қағиданы негізге ала отырып,* нақты мерзімдік шеңберлерді сақтай отырып, кезең-кезеңімен, ретімен талдау тәсілін жүзеге асырдық. Зерттеу барысында р*етроспективалық әдісті* де назардан тыс қалдырмадық. Бұл әдіс негізінен бүгінгі заман төрінен өткенге көз жүгірте отырып, сол заманның келбетін қалыптастырады. Ол өткеннің оқиғалары немесе құбылыстар арнасына қайта орала отырып, сол заманның қайнаған ортасында тарихи сәттерді қалыптастырады.

Қазақ зиялыларының заманауи көзқарастары мен ойларын халыққа жеткізудің тиімді құралы болған бұл басылымдада сол кездегі қоғамдағы басты мәселелер көтеріліп, олардың әйелдерге деген әсері баяндалады. Тарихи дереккөздер талдау нәтижесінде мүдделер қақтығысын, өмірлік стратегиялар және саяси шешімдер негізін анықтауға көмектеседі. Мұнда дереккөздердің барлық түрлерін пайдалану керек: баяндау ескерткіштерінен нормативтік құжаттарға дейінгілерді, қауымдастықтар, әлеуметтік топтар және жеке тұлғалардың күнделікті мінез-құлықты реттейтін актілерден бастап қарапайым деп аталатын талдау - жаңарған теориялық-әдіснамалық зерттеулер мен қорытындыларына арқа сүйей отырып, әлеуметтік өмір фактілерін жаңартуды қажет етеді.

Тарих ғылымының үздіксіз дамуы, ғылыми құралдардың, фактілер мен дереккөздердің арсеналының шексіз жаңаруы зерттеу құралдарының үнемі жетілдіріліп отыруына алып келеді.

Әдістердің мазмұны қандай да бір логикалық немесе нақты түрге ие болса да, олар әрқашан кешенді және тұтастық сипатымен және де жалпылама бағытымен ерекшеленеді. Әр жағдайда, ғылыми жетістіктерді жүйелеу мен ішкі құрылымдылықты сақтау маңызды. Бұл – теориялық білім мен жаңа ақпаратты шығармашылық тұрғыдан біріктіре зерттегенде ғана жүзеге асады. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар тарихи өлшемдер мен зерттеу құралдарын терең түсінуді қажет етеді және сол түсінікке жеткен жағдайда ғана толыққанды нәтижеге қол жеткізу мүмкін болады.

Осы орайда, қазіргі тарихнамадағы ең өзекті әдіснамалық міндеттердің бірі ретінде тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықты анықтау, негізгі тарихнамалық фактілерді талдап, жіктелуінің белгілерін нақтылау, тарихнамалық талдау мен дереккөздер арасындағы өзара байланысты айқындау, тарихтағы объективтілік деңгейін бағамдау, сондай-ақ тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы зерттеушілердің және олардың еңбектерінің рөлін бағалау маңызды болып табылады. Сонымен қатар, тарихтың даму кезеңдерін саралауға негіз болатын белгілерді анықтау да әдіснамалық ізденістердің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс екендігін атап өту қажет.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы алға қойылған міндеттердің өзектілігінен, тарихнамалық зерттеуден, деректік құжаттардың тың мәліметтерін яғни, бұрын ғылыми айналымға түспегендерін анықтай отырып, зерттеулерге деген жаңаша көзқарастар мен қорытындылар жасау қажеттілігінен туындайды. Нақтылай айтқанда, зерттеу жұмысында төмендегідей жаңалықтар бар:

- қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының теориялық - методологиялық негіздемесі жасалды. Бұл үшін зерттеудің әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары нақтыланып, қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы мен зерттеу жұмысының деректік негіздері алғаш рет кешенді зерттеу көзіне айналды;
- шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі тақырыбымызға қатысты басты тұжырымдарға салыстырмалы талдау жасалып, зерттеу барысында негізгі тарихнамалық үрдістер, заңдылықтар, сабақтастық анықталып жүйеленді;
- XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ әйелдеріне ықпалы айқындалды. Бұл үшін мерзімдік баспасөздердегі қазақ әйелдері мәселесінің қоғамда жариялануы мен талдануы жүзеге асырылып, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әйелдерінің мәдениет саласындағы белсенділігі және Кеңестік Қазақстанның ішкі саясатындағы әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсері деңгейі нақтыланды;
- кеңес өкіметінің саяси және экономикалық жаңғырулары кезіндегі әйелдер мәселесінің трансформациясындағы өзгерістер айқындалды. Бұл үшін Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тағдыры, Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы және саяси

қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген салдары қаншалықты қасіретті болғаны баяндалды.

**Зерттеу пәні.** ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мен аталған кезеңдегі әйелдер жағдайының тарихы.

**Зерттеудің мерзімдік шеңбері.** Зерттеудегі Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайының тарихын баяндау - ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарын қамтиды. Бұл мерзімдік шеңбердің алыну себебі, қоғамда болып жатқан өзгерістердің: Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тұрмысындағы жаңа қадамдармен Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы және саяси қуғын-сүргіннің басталуы осы жылдармен тұспа-тұс келетіндігі.

**Зерттеудің географиялық ауқымы.** Зерттеу жұмысының географиялық ауқымы берілген тақырып бойынша Қазақстандағы кеңестік қоғамның өзгеріске ұшырау деңгейін анықтау мақсатында Қазақстанның барлық территориясын қамтиды.

**Зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалық маңызы.** Зерттеу нәтижелерін Қазіргі заман тарихының әйелдер мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде қолдануға болады. Диссертация материалдары деректердегі мағлұматтардың шынайылық дәрежесін, ғылыми танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілді. Сол себепті алынған нәтижелер тарих мамандығын таңдаған студенттерге «Қазақстан тарихы» пәні бойынша дерек ретінде, «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәндерінен көмекші құрал бола алады. Сол сияқты зерттеуді тарих, әлеуметтану факультеттерінде студенттердің қолданбалық, өзіндік жұмыстарында қосалқы материал ретінде және арнайы курстарды оқытуда да пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.** Зерттеу жұмысының нәтижесінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылды:

1 Социализм идеясын қағидаға айналдыру барысында тарихи-партиялық, насихаттық нұсқаулардың қарқынды үстемдігі академиялық тарих ғылымының дамуының тежелуіне әкеліп, ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап 50-ші жылдарға дейінгі зерттеулерде тарихи фактілердің аздығы мен қоғамның кеңестік модернизациясы кезіндегі әйелдер мәселесі сияқты бірқатар маңызды тақырыптардың назардан тыс қалғандығы анықталды.

2 Жаңашыл үрдістегі саяси, мәдени идеяларды насихаттау бағытын берік ұстанған «Айқап», «Қазақ», «Ақ жол», «Сарырқа» және т.б. газет-журналдарында Алаш өкілдерінің әйел мәселесін көтеруі әйелдер тарапынан қолдау тауып, Н.Құлжанова, А.Досжанова, А.Оразбаева, С.Есова, М.Бегалиева, Н.Арықова сынды белсенді әйелдер бастаған әйелдер қозғалысының пайда болуына әсер еткені тұжырымдалды.

3 Кеңес өкіметінің әйелдер теңсіздігін жою науқаны барысында қазақ халқының бұрыннан ұстанған әдет-ғұрыптары мен жөн-жоралғылары «ескінің қалдығы» деп жарияланып, дәстүрлі, патриархалды отбасы моделі коммунизмге

жедел жеткізетін, «ыңғайлы», жаңа «кеңестік отбасы» мен «кеңестік адам» типтерімен алмастырылуы жоспарланғаны айқындалды.

4 Зерттеу барысында кеңес билігі тарапынан 1921 жылы өкімет бұйрығымен құрылған әйелдер бөліміне деген салғырт көзқарас ұстанғаны анықталды. Өкімет көмегінің жетіспеушілігіне *(бөлінген қаражаттың аздығы, сауатты мамандардың жетіспеуі)* қарамастан, әйелдер бөлімі биліктен автономды түрде, еш қолдаусыз қойылған мәселелерді өздері шешіп, он жыл мерзімде ерікті қызмет атқарғандығы көрсетілді.

5 Архив деректерін талдау нәтижесінде, түрлі мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың және «Әйелдер бөлімі» (Женотдел) жұмысының сан түрлі қырларын көрсету арқылы сол замандағы (XX ғ. 20-30 жж.) қазақ әйелдерінің әлеуметтенуі, қоғамға, қоғамдық және мемлекеттік жұмыстарға тартылуы мәселесінің маңыздылығы анықталды.

6 «Әйелдерге теңдік сыйлау» саясаты аясында өкімет әйелдерді қоғамға араластырып, мамандық алуына мүмкіндік берсе де, оларды тұрмыстық міндеттерінен босата алмай, керісінше, қызметтегі жоспарды асыра орындайтын еңбекқор жұмысшы мен қамқор ана ролдерін бірге алып жүретін «жұмысшы ана» идеалын насихаттап, экономикалық дағдарыс уақытында әйелдердің тұрмыстағы жүктемесін одан әрі ұлғайта түскендігі тұжырымдалды.

7 Зерттеу жұмысында кеңес билігінің салғырт саясатының салдарынан уақыты шектелмеген ауыр, қара жұмыстарға жасөспірімдер мен әйелдерді тартудың, онымен қоса индустрияландыру кезеңінде еңбекпен түзету лагерлерінің тұтқын әйелдерін тегін еңбек күші ретінде пайдаланудың өтеуі әйел жағдайының аса ауыр болғандығымен: денсаулығына тигізген кері әсері, азық-түлік пен қаржы тапшылығы, ауруханалардың жетіспеушілігі, тұрмыстық жағдайдың төмендігімен көрініс тапты.

8 1934 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік қылмыс жасау туралы» ережесіне «Отанын сатқандарының отбасы мүшелері» туралы қосымшаны енгізуімен қоғамдағы отбасының рөлі мен құндылығының жойылуына, туыстық байланыстардың үзілуіне, отбасы мүшелерінің тұлғалық маңыздылығын жоғалтуына әкеліп, кеңес билігінің «әйел мәселесіне» деген бір-біріне кереғар саясат жүргізгені нақтыланды.

9 Еңбекпен түзету лагерьлер жүйесінің құрылуы мен жаппай ату шаралары революциялық радикализмнің ең жоғарғы түрі зорлық – зомбылық пен қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру жолдарымен халықты бақылауда ұстау нәтижесінде зорлық-зомбылықтың біртіндеп кеңестік қоғамның қалыпты дүниетанымына айналғандығын дәлелдейді.

10 Кәсіби мамандар ескі жүйенің өкілдері ретінде қудалануы есебінен жаңа билік басына келген ұраншыл, мансапқор, ешқандай басқару тәжірибесі жоқ кездейсоқ адамдардың ойлап тапқан реформалық тәжірибелерінің сәтсіз нәтижелерімен күресу уақытында әйелдер жағдайының толықтай назардан тыс қалып, олардың бейнесі көбіне көлеңкеде қалғандығы анықталды.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Диссертациялық зерттеу жұмысы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында орындалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми мәселелері, мазмұны мен нәтижелері республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 8 мақала негізінде жарық көрді:

1 ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен ғылыми журналдарда 4 мақала:

а) ҚР ҰҒА Хабаршысында: «XX ғ. 20-30 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың қызметі»;

ә) Отан тарихы журналында: «Кеңестік Қазақстандағы 1917-1930 жылдарындағы «әйел теңдігі» мәселесі»;

б) ҚазҰУ Хабаршысында: «XX ғ. 20-30 жж. қазақ қоғамындағы әйелдер мәселесіндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің орны»;

в) «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналында: «The problem of "women's equality" in the kazakh press in the XIX-XX centuries»);

2 Халықаралық Scopus базасына енген Cite Score бойынша көрсеткіші 1.1, квартилі Q1, 89 процентиліне ие «Былые Годы» журналында: «Comparative Analysis of Studies on the Problems of Kazakh Women in the first half of the XX century» тақырыбында мақала жарыққа шықты;

3 Диссертация тақырыбына сәйкес «Қоғамдық қор мүшелерінің «әйел теңдігі» мәселесін көтеруі» атты мақала: «Қазақстандағы 1920 - 1930 жылдардағы қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы» деп аталатын ұжымдық монографияның бір параграфы (1б.т.) ретінде баспадан жарық көрді;

4 Түркия, Измир қаласында өткен «Tarih Sahnesinde Türk Dünyası Kadını Uluslararası Sempozyumu» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағына «XIX-XX. Yüzyıllardaki Kazak Basınında "Kadın Eşitliği" Meselesi» баяндама материалы енді;

5 «2nd International turkic and world women's studies congress» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ халқының неке институттарының трансформациясы мен әйелдердің жағдайы» тақырыбында баяндама оқылды;

6 Арнайы ҚР гранттық жобаларда (3 жобада) орындаушы ретінде тәжірибе жинақталды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және он бөлімнен тұрады. Сонымен қатар, жұмыста қорытынды бөлім мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар қамтылады.

# 1 ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ, ТАРИХНАМАСЫ МЕН ДЕРЕКТЕРІ

## 1.1 Зерттеудің теориялық әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары

Жаңа теориялық әдіс-тәсілдерді ғылыми жүйелеу мен сыныптастыру терең мағынаға ие, олардың тұжырымдамалық өзегі мен бастыларын бөліп көрсету, зерттеуде белгіленген талаптар мен қойылған міндеттерге сәйкес нақты қолдану зерттеудің құндылығын айқындап бере алады. Олар тарихи талдаудың проблемалық-хронологиялық принципімен, фактілер, оқиғалар мен құбылыстардың егжей-тегжейлі талдануымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек.

Қазіргі кезеңдегі аса зор тарихи өзгерістер мен ғасырлар тоғысындағы тарихи құбылыстарды зерттеу аса қарқынды жолмен дамуда. Ғылыми айналымға бұрын соңды еш жерде жарияланбаған деректер көбеюде. Зерттеушілер алдында, осы деректер ескіріп, өзектілігін жоғалтып алмай тұрғанда тез арада өңдеп, тарихи талдау жасап, қоғам талабы мен мүддесіне сай әдіс-тәсілдік негіздерін жасай отырып, қолданысқа енгізу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздеріне шетелдік және отандық ғалымдардың қоғам, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени трансформация және әйел мәселесі жөнінде жазылған тұжырымдары мен идеялары негізге алынды. Зерттеу жұмысы тарихтың (әлеуметтік тарих, әйелдер тарихы, гендерлік тарих) әр түрлі бағыттарымен байланыста жүргізілді. Сол себепті зерттеудің бағытын анықтайтын теориялық негіздемесін құраған тарих ғылымы салаларының бағыттарының тұжырымдамалары талдауға алынған.

Поляк әлеуметтанушысы, П.Штомпканың «модернизация» және «әлеуметтік трансформация» тұжырымдамалары зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынды. П.Штомпка классикалық «модернизация» теориясының заманауи нұсқасын ұсынып, «неомодернизациялық» талдау жасады. Оның пікірінше, модернизация – «халықтың адами әлеуетті іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге қолжетімділігін молынан қамтамасыз ететін, әлеуметтік дамуды жүзеге асырудың ерекше тәсілі». Алайда, жалпылама түрде модернизация «күрделі, тез және жиі күтпеген әлеуметтік өзгерісті» қамтиды. П.Штомпка бұл құбылысты дәріптеп, тек жағымды жақтарын қолдауға қарсы болып, оның бір жағынан прогрессивті қоғам құрудағы жолын көрсетсе, екінші жақтан оның өтеуі де үлкен әлеуметтік «зақымға» *(социальная травма)* әкелетінін сипаттады. Модернизацияның прогрессивті жетістіктерін ғалым өмір сүру ұзақтығының артуы, жайлылық пен гигиенаның жақсаруы, қоғамдық капиталдың ұлғаюы, білім мен хабардарлық деңгейінің артуымен байланыстырса, онымен қоса бұл үрдістің шығыны ретінде деструктивті әлеуметтік өзгерістерді, соның ішінде, қалыптасқан тәртіптердің, әдеттегі өмір ағымының, алдыңғы ұрпақтардан үйренген бейімделу стратегияларының, қалыптасқан нанымдар мен ережелердің, дәстүрлі идеялардың, діни көзқарастардың, әдет-ғұрыптардың жойылуын анықтады [13]. Сонымен қатар, П.Штомпканың «әлеуметтік трансформация» тұжырымдамасы да жоғарыда

айтылған мәселелердің мәнін ашады. «Әлеуметтік трансформация» ұғымы «әлеуметтік өмірде орын алған трасформациялар кезінде олардың жаңғырығы әдетте әлеуметтік өмірдің барлық салаларында сезіліп, оның маңызды мәнін өзгерту құбылысымен» түсіндіреді. Оған қоса, П.Штомпка әлеуметтік трансформацияның кері әсері ретінде белгілі бір ортаның «дәстүрлі ұстанымдары мен өмір салтын жойылуы», бейқалыпты іс-әрекеттер мен қылмыстың, хаостың орын алуын көрсетіп, кейбір жағдайларда, әлеуметтік жүйенің ұзаққа созылған дағдарысына әкеледі деген пікірмен бөліседі [14]. Осы жерде, қоғамдағы адамның орны туралы неміс философы Э.Фроммның пікіріне тоқтала кетейік: «Адам - мәдениет өз қалауымен мәтінін жаза алатын бос қағаз емес; ол энергиямен зарядталған және белгілі бір жолмен құрылымдалған, бейімделу арқылы сыртқы жағдайларға өзгеше және белгіленген түрде жауап беретін тіршілік иесі». Бұл пікірге тоқталған себебіміз, адамды оның табиғи ортасы мен өмір сүріп отырған тарихи кезеңінен сыртқары қарастыра алмайтынымызы негіздеп алу [15]. Яғни, Э.Фромм да адам мен әлеуметті өзара байланыста көре отырып, оларды тарихи кезеңдегі әлеуметтік-мәдени құбылыстарға бейімделуін сипаттап берген. Аталған теориялар Қазан төңкерісінен кейін орнаған кеңес билігінің жүргізген саясаты нәтижесінде, Қазақстандағы қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациядан өтуі саяси заңдылық болса да, онымен қоса, дәстүрлі ұстанымдардың «ескінің қалдығы» ретінде танылуы, жаңа типтегі «кеңестік адам» бейнесінің қалыптасуы, реформалық олқылықтар нәтижесінде орын алған ашаршылық, қуғын-сүргін кезеңдері мен демографиялық апат салдары мәселелерін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әлеуметтік тарих аясында жүзеге асырылады, оның көзқарасы бойынша әйелдер өздерінің ерекше мүдделері мен қажеттіліктері бар арнайы әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Зерттеудің әлеуметтік тарихына қатысты яғни қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының теориялық-методологиялық аспектілері Германия тарихы мектебінің өкілі Юрген Кокканың еңбегінде де қарастырылады. Ол әлеуметтік тарихты «әлеуметтік қауымдастықтардың (таптық үлгідегі, топтар арасындағы және т.б.) тарихын, олардың жағдайы мен құрамын, тәжірибесін, көзқарастарын, мінез-құлқын зерттейді. Сонымен қатар отбасы, өндіріс, партиялар мен одақтар секілді институттар, әлеуметтік қатынастар (туыстық, еңбек жағдайлары, коммуникация, әлеуметтік одақтар мен қақтығыстар), урбанизация, индустриализация және рационализация процестері, әлеуметтік қозғалыстар, теңсіздік пен ұтқырлықтың түрлі аспектілерін қарастырады. Сонымен қатар, әлеуметтік тарих саяси, мәдени және экономикалық құбылыстардың әлеуметтік негіздері мен салдарын және олардың экономика, саясат пен мәдениет тарихымен» түрлі байланыстарын қарастырады [16].

Қоғамның әлеуметтік мәселелерін зерттеуде «Анналдар» француз мектебі өкілдерінің «жаһандық тарих» немесе «жалпы тарихтың» басты міндеті ретінде әлеуметтік қоғамды тарихи оқиғалардың ажырамас бөлігі ретінде біртұтас түрде қарастыру тұжырымдары негізге алынды. 1958 жылы «Анналы» журналында жарияланған Ф. Бродельдың «Тарих және әлеуметтік ғылымдар» мақаласы осы

ұстанымды дәлелдейді. Автордың әдістемесінен туындайтын практикалық тұжырымдардың бірі: тарихты бір уақытта екі аспект бойынша — экономикалық және әлеуметтік даму тұрғысынан да, оның күнделікті өміріндегі адам өмірі тұрғысынан да зерттеу қажеттілігі туралы қорытынды болды. Басқаша айтқанда, тарихшылардың барлық әлеуметтік ғылым салаларына (әлеуметтік-экономикалық, географиялық, психологиялық, психикалық және т. б.) қатысты ашықтығы құпталды, яғни, «Анналдар» тарихта пәнаралық тәсілдің қолданылуын жақтады [17].

Зерттеудің әйелдер мәселесіне қатысты теориялық аспектілерін ашуда шетелдік ғалымдардың тұжырымдары негізге алынды. ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан бастау алған әйелдерге жөніндегі зерттеулер арасында тарихтағы теңсіздіктің негізгі формаларының бірі - жыныстық теңсіздікті сынға алды. Нәтижесінде, тарихи феминология пәні тарихтағы әйелдердің әлеуметтік мәртебесі мен функционалдық рөлдерінің өзгеруін, аса танымал болмаған гендерлік теңсіздік тақырыбын зерттеуге ғылыми қызығушылықты дамыту перспективалары ашылды. 1975 жылы американдық ғалым, *Women's Studies* өкілі Н.Коч алғаш рет өз зерттеуінде «феминология» терминін ұсынады. Жаңа бағыттың ерекшелігі ретінде дәстүрлі ғылым мен қоғамды сынауға және пәнаралық тәсілдерді дамыту міндеті қойылып, бұл мәселеге әйел ғалымдар қызығушылық танытты.

1979 жылы тарихшы А.Скоттың «Әйелдің орны – тарихи кітаптарда» деген мақаласынан кейін Батыста әйелдердің тарихтағы орны мен тарихи жазбалардың андрогендік мәселелері көтеріле бастайды [18]. Бұл мәселе туралы американдық ғалым Г.Лернер «жылдар бойы әйелдердің ерлерге бағыну факторының салдарынан әйелдер өз жағдайының құрбаны болды, бірақ әйелдерді құрбан деп санау түбегейлі қателік. Әйелдер қоғамды қалыптастыруда қажетті және шешуші рөл атқарады; олар әрқашан тарихқа белсенді қатысқан және әлі де қатысады; әйелдер «тарихты жасады», сонда да оларға Тарих туралы айтылмады және оны түсіндіруге мүмкіндік бермеді... Әйелдер таңба, философия, ғылым және заңдар жүйесін құру процесінен жүйелі түрде шеттетілді. Әйелдерді барлық белгілі қауымдастықтарда тарихи уақыт бойы білім алу құқығынан айырып қана қоймай, теорияларды құру үдерісінен де тыс қалдырды»,-деген пікірде болды [19].

Тарихи феминология әйелдерді тарих беттеріне енгізіп қана қоймай, ресми тарихнамадан алынып тасталған әйел есімдерін, әйелдердің рөлін қалпына келтіру міндетін алға тартқан. Осылайша, еуропалық және американдық оқулықтарда жаңа әйел есімдері пайда болды.

Сонымен қатар, әйел ғалымдар өз зерттеулерінде жаңа деректерді ескере отырып, тарихи хронологияны талдауға алуды негізге алды. Қытайдың әйелдер тарихын зерттеушілердің бірі Делия Давин 1980 жылдары тарих (сөзбе-сөз аударғанда «his-story») терминін «herstory»-ге ауыстыру туралы ой пайда болғанына назар аударды.

ХХ ғасырдың 70-жылдарынан белсенді дамып келе жатқан тарихи феминология тарихнамада жаңа бағыт – «гендерлік тарих» құруға серпін берді.

Гендерлік тарих - бұл билік иерархиясының, билеу пен бағыну құрылымдарын, саяси, экономикалық, құқықтық, азаматтық институттар шеңберіндегі үстемдік жүйелерін, әлеуметтік топтар ішінде – топ пен тұлға аралық деңгейде талдау үшін гендерлік тәсілді қолдануға байланысты мүмкіндіктер жүзеге асырылатын пәнаралық әлеуметтік тарихтың саласы. Гендерлік зерттеулерде зерттеу пәні ретінде тек әйел жағдайы ғана емес, жалпы әлеуметтік контексте, қоғамды салыстырмалы зерттеуге, гендерлік жүйені талдауға ауысты. 1990 жылдардан бастап гендерлік тарих қазірдің өзінде пәнаралық зерттеу субдисциплинасы ретінде қарастырылып, постфеминизмнің ең жаңа тұжырымдамалық жобасына айналды, оның аясында әйелдердің теңсіздік мәселесі ғана емес, сонымен бірге биліктің иерархиясын, бағыну құрылымдарын, қоғамдық және жеке тұлғалық байланыста үстемдік жүйелерін талдау үшін гендерлік тәсілдің жаңа мүмкіндіктері анықталды.

Гендерлік зерттеулердегі маңызды мәселелердің бірі - жеке кеңістіктің қоғамдық кеңістікпен байланысы. Гендерлік тарихшылар антропологтардың зерттеулеріне сүйене отырып, гендерлік теңсіздікті кеңістікті осы екі салаға бөлумен, яғни, әйелдерді қоғамдық саладан шеттетуімен байланыстырады. Бұл пікірмен «гендер» терминін өз зерттеуінде тарихи тұрғыдан түсіндірген Дж. Скотт та келісе отырып, гендерлік тарихтың бағытын түсіндірді: «қоғамдық және жеке өмірдегі әлеуметтік қатынастардың барлық салаларын қамтитын әлеуметтік білімді кеңейтетін байытылған және жаңартылған сипаттағы әлеуметтік тарих пайда болды» [20].

Ш. Берннің «Гендерная психология» еңбегінде айтылғандай Р.Столлер, гендер категориясын, жынысқа байланысты белгілеу үшін, оны жеке тұлғалық және мінез-құлық сипаттарының әлеуметтік тұлғааралық қатынастарының контексінде пайда болғанда ғана қолдануды ұсынған [21].

Осы орайда зерттеушілер К.Дельфи мен Д.Леонардтың еңбек шартының гендерлік теңсіздікте құрылғаны жөніндегі тұжырымдамасын атап өту қажет: Еңбек шартына сәйкес, ер адамдардың жұмысқа орналасуы өз қалауымен іске асса, әйелдерге отағасының рұқсатын алуы қажет екендігі атап өтіледі [22].

Кеңес кезеңіндегі әлеуметтік-мәдени трансформацияның әйел жағдайына ықпалын көрсетуде Ресейлік әлеуметтік тарихты зерттеушілер П.В. Романов, Е.Р. Ярская-Смирнованың еңбегі маңызды. Олар Кеңес Одағы кезіндегі тарихи жаңғырудың жалпы әлемдік үрдістеріне біршама сәйкес келгенімен, кеңес қоғамы мен идеологиясының өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатындығы, оның жеке адамның өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне, отбасына биліктің араласуы мен үстемдік етуі, белгілі бір санаттар үшін жеңілдіктердің кеңеюі, «әлеуметтік көмек» ұғымының пайда болу мәселелерін қарастыратындығын анықтады [23]. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында «әйел мәселесін» зерттеумен айналысқан А.М. Коллонтай болды. Оның «Работница-мать» еңбегінде әйел мәселесі ол әлеуметті құрушы деп санай отырып, революцияға дейінгі және онан кейінгі әйелдерді салыстырып, ескі, жат көз-қарастардан ада «жаңа әйел» бейнесін жасап шығарады. Оның пікірінше, «жаңа әйел» бейнесі әйел - ең алдымен

қоғамға қызмет етеді, онан кейін ғана екінші «әйел», «ана» ретінде қарастырады [24].

Осылайша, тарихи феминология еркектер жазған дәстүрлі тарихты әйелдер тарихымен толықтыруды мақсат етіп, әйелдердің күнделікті өмір тарихын талдауды алға қойған. Ресейлік және кеңес ғылымындағы тарихи феминология мен гендерлік тарихтың негізін қалаушы Н.Л. Пушкарева әйелдер тарихын зерттеушілер «әйелдерді тарихқа енгізіп, көрінбейтіндерді көрсетуге және ұмыт қалған естілмейтіндердің естіртуге талпынды» деп әйел ғалымдардың бұл мәселені қозғаудағы мақсатын анықтап берді [25].

Ал орыс гендерлік тарихшысы З.А. Хоткина жұмыссыздық пен кедейліктің феминизациясын, еңбек бөлінісіндегі дискриминация, әйелдердің ерлермен салыстырғандандағы жалақысының төмендігі мен лауазымның өсу үрдісінің тежелу мәселелерін өз зерттеуінде көтерген [26].

Отандық тарихнамада әйелдер тарихын зерттеуді мақсат еткен А.Қасабекованы атап өту қажет деп есептейміз. Ғалым өз зерттеулерін ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы елімізде орын алған «әйел теңдігі» мәселесі мен әйелдер қозғалысының алғашқы қайраткерлеріне арнаған [1, б. 124].

Ал Ж.Р. Абишева осы тақырып шеңберіндегі кандидаттық диссертациясында қазақ әйелдеріне қатысты жүргізілген қоғамдық-саяси жұмыстар күрделі және қарама-қайшылыққа толы үдерістер аясында жүргізіліп, «ұлттық сана» мен «таптық сананың» ара жігі нақты ажыратылмай, «тең құқылық» ұранымен жүргізілген саясат қазақ әйелдерінің әлеуметтік мәртебесіне терең әрі елеулі ықпал еткендігін атап көрсетеді. Нәтижесінде, аталған саясат олардың дәстүрлі рөлі мен өзіндік дүниетанымына өзгеріс енгізіп, тарихи сана мен гендерлік қатынастар жүйесінде маңызды із қалдырды [27].

«Әйел мәселесін» зерттеуді алға қойған отандық ғалым Ж.Б. Құндақбаева өз мақаласында «тек қана әйелдердің тарихи портреттерін» сипаттайтын феминология мамандарына қарағанда, «гендерологтар тұжырымдамалық мәселесіне көңіл бөледі, әлеуметтік және гендерлік иерархиялардың, әлеуметтік және гендерлік мифология, әлеуметтік және гендерлік тарих арасындағы өзара қатынастарды алдыңғы қатарға қояды»,- деп әйелдер тарихы мен гендерлік тарихтың айырмашылығын көрсеткен [28].

Әлеуметтік тарихтың әртүрлі бағыттарын негізге алу - зерттеу барысында ерекше міндеттер қоюды үйренуге және оларды шешуге, зерттеу жұмысын жүргізу әдістерінің құралдарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы әлемдік гуманитарлық ғылымдарда орнаған пікірталастар мен өзгерістер тарихтың дамуына серпін беріп, жаңа пәнаралық бағыттар мен методологиялық әдіс-тәсілдердің қалыптасып, ғылыми ортада қолданылуына жол ашты.

Зерттеу жұмысын жүргізуде теориялық және методологиялық негіз болған бағыттар зерттеу барысында негізге алынды. Нәтижеде зерттеушінің өз ұстанымын қалыптастыруға септігін тигізді. Олар:

- Тарихи дәуір немесе сол ортадағы тарихи танымның әлеуметтік күре тамырын ескере отырып, билік пен саясаттың сол қоғамда жүзеге асырылған

саясат пен іс-шаралардың ықпалы саяси, әлеуметтік-мәдени салалардың трансформациялануына әкеліп, қоғамдағы әйел өмірінің өзгерісіне әкелді;

- Зерттеуде тарихи оқиғалар мен құбылыстар қоғамда қалыптасқан факторларға байланысты үздіксіз даму үрдісі ағысында зерттеліп, қоғамның даму динамикасы мен тарихи оқиғаларға тартылуы тәуелділікте болады деген ғылыми тұжырымдама бағыты қалыптасты.

Диссертацияның зерттеу нысанының субьектілігі мен обьективтілігін және оның ақиқатына жетуде нақты методологиялық ұстанымдарды қолданудың маңызы зор.

Зерттеуде архив деректері мен баспасөз беттерінен жинақталған материалдардың нақты қоғамдық заңдылықтар арасында, барлық тұрақты ережелеріне бағындырыла отырып, тәртіппен берілуі үшін *жүйелілік әдісін* қолданысқа алдық. Отандық және Ресей федерациясының архив желілерінен табылған кеңес өкіметінің актілік құжаттары мен айналым хаттамаларын бір ізді жүйеге салып, талдау жасау мүмкіндігіне ие болдық.

*Тарихи-салыстырмалық әдісті* қолдану арқылы ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғам мен соның ішіндегі әйелдің жағдайына арналған зерттеулер негізіндегі әртүрлі тұжырымдамалардың ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары зерделенді.

*Хронологиялық әдіс* арқылы зерттеу тақырыбы бойынша берілген уақыт щеңберін сақтай отырып, рет-ретімен орын алған тарихи оқиғаларды талдай алдық. Қазақстандағы қоғамның өзгеру заңдылығын сол уақыт аралығында қабылданған реформаларының реттілігін сақтай отырып, даму мен тежелу динамикасын анықтауға талпындық.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы заманауи қоғам мен ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы кеңестік Қазақстанда орын алған қоғамның әлеуметтік-мәдени трасформациясының сабақтастығын анықтай отырып, *ретроспективалық әдіс* арқылы Қазан төңкерісінен кейінгі заманның келбетін нақтылай алдық.

Сонымен қорыта келе айтар болсақ, тарихи дереккөздердің объективті және қазіргі заманға сай келетін гуманитарлық білімнің міндеттері негізінде барлық мүмкін түрлер мен жанрларын бірізділікпен қатар және кешенді түрде анықтау біз қарастырып отырған 1920-1930 жылдары қазақ қоғамын әлеуметтік жаңғырту аспектілерін, ондағы қазақ әйелдерінің тағдырын сыни талдау кезінде мол материалдық негіз береді.

Зерттеу барысында әдістемелік ұстаным ретінде отандық тарих ғылымындағы заманауи тұжырымдар мен заңдылықтарды негізге ала отырып, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін орындауға қол жеткізе алдық. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер арқылы зерттеудің дереккөздерін ұтымды пайдаланып, тақырыптың өзектілігін арттыруға мүмкіндік туды. Осылайша, берілген тақырып аясындағы дерек мәліметтері кешенді түрде сол хронологиялық шеңбермен байланыстырылып, ұлттық болмыс пен дәстүрлі құндылықтар жүйесі тұрғысынан қарастырылып, оның негізгі қағидалары мен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани болмысын зерттеудің мәнін ашып, маңызды мәселелерді қозғауға жол ашты.

Міне, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдердің пайдалану аясын табу арқылы зерттеу жұмысымыздың теориялық тұрғыдан дайындығын күшейте отырып, XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы қоғам мен әйел жағдайының әлеуметтік-мәдени тұрғыдан өзгеріске ұшырау мәселесін тарихи объективтілік пен шынайылықты сақтап, оң нәтижеге жете аламыз.

### 1.2 Қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы мен қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы

Қазақ қоғамындағы «әйел теңдігі» мәселесіне қатысты XX-XXI ғасырдағы зерттеушілердің көзқарастарына салыстырмалы талдау жасау нақты тарихи жағдайға сәйкес тарихшылдық пен объективтілік ұстанымдарына негізделген. Дереккөздермен және материалдармен жұмыс істеудің тарихи-жүйелі және салыстырмалы-тарихи әдістерін қолдану - қазақтардың нақты әлеуметтік-құқықтық институттары мен Кеңес үкіметінің саяси реформаларының Қазақстан әйелдеріне әсері туралы зерттеушілердің көзқарастары мен бағалауларындағы айырмашылықтарды қадағалап, дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осы жүргізілген саясат нәтижесінде қоғамдағы және отбасындағы әйел мәртебесі де өзгеріске ұшырады. Сондықтан да «әйелдер мәселесінің» тарихнамасы Қазан төңкерісі уақытынан бастау алады. 1917 жылдан бастап қабылданған декреттер мен заңдар осының айғағы.

XX ғасырдың 20-40-шы  жылдардағы тарихнама. Әйел мәртебесі алғаш рет кеңестік дәуірде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап отандық ғылыми зерттеулерде де қарастырыла бастайды. XX ғасырдың 20-40-жылдары Қазақстандағы әйелдердің жағдайы тақырыбының тарихнамалық аспектісі тиісті түрде жарияланбаған. Бұл кезеңдегі тарихи маңызы бар жарияланымдар қатарын көбіне коммунистік идеологияға сәйкес үгіт-насихат сипатындағы мақалалар, баспа газеттері, кітапшалар құрайды. Бұл басылымдар РКП(б)ОК бөлімінің баспа жұмысының жоспарына сәйкес әйелдер бөлімінің қадағалауымен Шығыс халықтары әйелдерінің Бүкілресейлік жиындарына орай шығарылып отырған. Сондай жарияланымдарға А.Коллонтайдың «Проснитесь женщины Востока» кітапшасы, В.Отногулованың «Правовое положение женщин Востока прежде и теперь» және «Социальная революция и женщина Востока» кітапшаларын жатқызуға болады.

Ал халық арасында танымал мерзімдік басылымдардың бірі - «Әйел теңдігі» журналында  қоғам қайраткерлері мен белсенді әйелдер Нәзипа Құлжанова,  Нағима Арықова, журналдың бас редакторы Сара Есова қоғамдағы өзекті мәселелер: көп әйел алушылық пен қалың малмен күрес, ана мен балаға тиісті медициналық көмектің жетіспеушілігі, әйелдер бөлімінің атқарған қызметі туралы мақалалар жариялап, өз пікірлерімен бөлісіп отырған [1, б.18].

20-жылдардан бастап елімізде архив желісі дами бастап, соның нәтижесінде ғылыми зерттеулер өз бастауларын алды. 1927 жылы шыққан В.Г. Соколовскийдің «Казахский аул» еңбегінде әйелдер мәселесі де көтеріледі [2, с.15]. БКП (б)-ның Қазкрайкомы мен Қазақстанның статистикалық басқармасының тапсырмасымен 1924-1925 жылдардағы О. Жандосов пен В.Г.

Соколовскийдің экспедициясының нәтижесінде жазылған бұл жұмыс сол кезеңге сәйкес үгіт-насихаттан және партия идеологиясынан тәуелсіз екендігі байқалады. Зерттеуші қазақ қоғамындағы қалыңмалдың шығу тегін жайылымдық-мал шаруашылығындағы әйел жұмыс күшінің құндылығымен түсіндіреді.

Кеңес үкіметінің саясатына қайшы келетін тағы бір зерттеу жұмысы КСР Одағының Шығыстану ғылыми қауымдастығының баспа орталығының «Новый Восток» журналында 1928 жылы шыққан «Пережитки родового строя в Казахстане» атты А. Штуссердің мақаласы [3, с. 52]. Мақала қазақ әйелдерінің құқықтық жағдайын зерттеуге арналған БОАК-тың Шығыс әйелдерінің еңбегі мен тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссиясы мен Шығыстану ғылыми қауымдастығының әйелдер комиссиясының ұйымдастыруымен өткен экспедиция нәтижесіне негізделген. Автор қалыңмалға, әмеңгерлікке, Қазақстандағы әйелдердің жағдайымен тығыз байланысты әдет - ғұрыптарға жан-жақты тоқталады. Бұл мәселедегі ғылыми көзқарасты қатаң ұстана отырып, ол кейбір жалған ғалымдардың қазақ халқының тұрмыстағы қылмысы туралы айыптауын жоққа шығарады, қалыңмал мен әмеңгерлікті осы күнге дейін сақтаудағы тұрақтылық экономикалық сипаттағы себептермен түсіндіріледі. Көптеген статистикалық мәліметтерді келтіре отырып, автор 1924 жылдың аяғынан бастап 1929 жылға дейін қалыңмал мен көп әйел алушылыққа қарсы жүйелі жұмыстарға қарамастан, тұрмыстық қылмыстар бойынша істер саны азаймайды, керісінше артады деген қорытынды жасайды. Әмеңгерлік мәселесін зерттей отырып, А.Штуссер бұл құбылыстың екі себебін анықтайды: біріншіден, әмеңгерлік үйдегі шаруашылықты бөлісумен байланысты шара десе, екіншіден, әйелдер отбасындағы жұмыс күшінің кепілі ретінде қарастырады. Қорытындылай келе, А. Штуссер үй шаруашылығындағы әйел негізгі жұмыс күші болып табылады және бұл қалыңмал мен әмеңгерлікті сақтаудың негізгі экономикалық себебі болып табылады деген қорытындыға келеді. Алайда, автордың бұл зерттеуінде қазақ халқының бұрыннан ұстанған әмеңгерлік салтының тек экономикалық-шаруашылық себебі ғана емес, сондай-ақ тәрбиелік-гуманистік мәні де зор болғаны ескерілмеген. «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағидаға сәйкес, көшпелі қазақ қоғамында жесір әйелдің жалғыз өзін тағдыр тәлкегіне салмай, балаларын жетім қылмаудың, туысқандық арақатынастың сақталуының амалы болғандығын айта кеткеніміз жөн.

1933 жылы жарық көрген Г.А. Тимченконың «Бунты «солдаток» в Казахстане» кітабында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске әйелдердің көзқарасы, Торғай облысында күйеулерін соғысқа жіберген әйелдердің бүлігі (бунты) зерттеледі [4, с. 3]. Алғаш рет революцияға дейінгі әйелдердің әлеуметтік белсенділігі тарихи деректермен дәйектелген бұл еңбектің ғылыми маңызы зор.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында тұрмыстағы қазақ әйелінің жағдайы туралы зерттеулер мен экспедиция материалдарында көп кездескенмен, сол

кезеңдегі тағы бір өзекті тақырыптардың бірі – қазақ әйелінің еңбек мәселесі зерттеушілердің назарынан тыс қалды. Кеңес дәуірінде әйел теңдігі, әйелдің қоғам, отбасындағы жағдайына қатысты жұмыстар жазылғанына қарамастан, нақты Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік жағдайларға байланысты, соның ішіндегі аштық, қоныс аудару, ұжымдастыру салдарынан болған халықтың, әсіресе әйелдер мен балалардың жаппай өлім-жітімі, жұмыссыздық, балалар панасыздығы мәселелеріне де арналған зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Бұл XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы зерттеулерде мәселенің себеп салдары тереңдеп зерттеле қоймағандығын, екінші жағынан мемлекет саясатымен шектеулерге тірелген зерттеулердің әдістемелік сабақтастығын дәлелдейді [29]. Демек, сол кезеңнің тарихнамасы партия идеологиясына сай үгіт-насихат әдебиеттері мен ғылыми-танымал тақырыптарға жазылған зерттеу жұмыстарын қамтиды деген қорытындыға келуге болады.

XX ғасырдың 50-шы жылдарынан кейінгі ғылыми зерттеулер. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастау алған Қазан төңкерісінен кейінгі Қазақстандағы әйелдер жағдайына арналған зерттеулер сыни көзқарассыз, көбіне кеңес билігінің саясатын дәріптеуге тырысқан. Мәселен, Ш.Әбубакированың диссертациялық жұмысында Қазан төңкерісінен кейінгі әйелдер қозғалысын, әйелдердің партиядағы қызметін, ұжымдастыру науқанындағы қазақ әйелдерінің жұмысын сипаттайды. Алайда автор өз зерттеуінде бұл мәселелерді терең қозғамай, ешбір кедергісіз өсу жолында өрбітеді. Партияның үкімдеріне негізделген бұл зерттеуде Ш.Әбубакирова ұжымдастырудың ешбір зияны болмағандығын, әйелдердің бұл науқанға қатысу белсенділігін дәлелдеуге тырысады [30].

Х.Г. Сейітқазиеваның зерттеуінде қазақ әйелдерінен құралған жұмысшы тапты ерекше атап өтеді. «Ленин және әйелдердің бостандығы» тарауында әйелдер қозғалысының басты кейіпкерлері ретінде фабрика мен зауыттардағы әйелдерді, темір жол жүргізушілерін атап өтіп, олардың ауылдағы әйелдерге қарағанда қоғамдық белсенділігін айғақтаған. Сонымен қатар, Қазақстандағы алғашқы марксизм идеясын таратушы әйелдер ретінде А.С.Кочаровскаяны, Е.А. Щеголованы, Н.С. Шилованы өз зерттеуінде белгілеп көрсетеді [31].

«Участие женщин Казахстана в построении социализма» (1926-1937) – деп аталатын К.Қайырбекованың жұмысында коммунизм ұрандары байқалады. Зерттеуге «Пролетарлық қозғалыссыз, пролетариаттың тап күресінсіз ешқандай ерекше әйелдер мәселесі болуы мүмкін емес», - деген Лениннің идеясы негіз болған [32]. Міне, жоғарыда аталған зерттеулердің әйелдер мәселесіне қатысты ұстанымдары сол кездегі саясат пен идеологияның тар шеңберінен шыға алмағандығын атап кеткенміз жөн.

XX ғасырдың 60-жылдары отандық зерттеушілердің назарына Қазақстандағы әйелдердің білім алу мәселесі ілігеді. Алғашқыда тек кеңестік оқу-ағарту нысандары тақырыбындағы санақ материалдарымен толықтырылған тарауы ретінде ғана қаралса, 60-жылдардан бастап осы мәселе бойынша жекелеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады [33].

1917-1940 жылдардағы әйелдердің білім алу мәселелері М. Қозғамбаеваның диссертациялық жұмысында қозғалды. Қазан төңкерісі кезеңін және кеңес билігі

уақытын қамтығандықтан, бұл жұмыстың тарихнамалық өзектілігі зор болып табылады. Алайда, бұл диссертацияның жетістіктеріне қарамастан, зерттеудің хронологиялық кезеңдеріне сай ата-ананың қыздарын мектепке бермеу себептері, қыздар мен ұлдардың бірге білім алуы сияқты мәселелері қаралмаған [5, с.16].

Аталмыш тақырыпта XX ғасырдың 20-30 жылдарын қамтыған тағы бір диссертациялық жұмыс К. Садуақасоваға тиесілі. Зерттеуші өз жұмысында қазақ қыздарының жалпы білім беретін мектептерден кейінгі кәсіби-техникалық, жоғарғы оқу орындарында білім алуының алғышарттарын қарастырған [34]. Кейіннен бұл тақырыпта автордың хронологиялық шеңбері ұзартылған монографиясы жарық көреді. Зерттеуші Қазан төңкерісінен 1968 жылға дейінгі кезеңдегі әйелдердің білім алуындағы әйелдер партиясының ролі мен ықпалын, сауаттылығы төмен әйелдерге арналған мектептер мен білім беру бағдарламасының мәселелерін қарастырады [35].

Кеңес уақытында Қазақстандағы әйелдерге арнаулы медициналық-әлеуметтік көмек тақырыбында зерттеулер көп болғанымен, зерттеушілердің біразы тақырыпқа терең назар аудармай, тек санақ тізімін толықтырып отырған. Олардың қатарына Р.Ф. Самариннның, К.Д. Өтегенова мен В.Ф. Грицайдың еңбектерін жатқызуға болады. Зерттеушілер ешқандай жаңа, өзекті көзқарассыз өз жұмыстарында сандар тізбегін келтірумен болды [36, 37].

Жоғарыда, біз қарастырған зерттеулердің әйелдерге қатысты әр түрлі мәселелерді қарастырғанына қарамастан, замана ықпалы мен Кеңестік партиялық цензура талабынан аса алмағандығы байқалады.

Дегенмен, 1965 жылы А.Бисенованың ана мен баланы қорғау тақырыбында ауқымды монографиясы шығады [38]. Автор зерттеу аясын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін белгілеп, қарастырылатын сұрақтар шеңберін кеңейтті. А.Бисенова төңкеріске дейінгі уақытта қазақтардың әйелдерді босандыру әдістеріне, бала күтіміне, сол уақыттағы акушерлер мен медициналық көмекке баға берген. Ал Қазан төңкерісінен кейінгі 2-3 жылдары кеңес үкіметінен бөлінген қаржының, мамандандырылған жергілікті халық арасынан дәрігерлердің жетіспеуі салдарынан, сонымен қатар мұндай ойдың халық арасынан қолдауын таппағандындықтан өз монографиясында ана мен баланы қорғау өз дамуын алмады деген шешімге келеді. Қазақстанда ана мен баланы қорғау орталықтарының пайда болуына қатысты зерттеуші бірнеше мәселелерді көтереді [38, с.127].

60-шы жылдары XX ғасырдағы әйелдер теңдігі мәселесіне назар аударған зерттеу жұмыстарының қатарына Г.К. Сатыбекованың «Журнал «Айкап» как источник по истории Казахстана» атты жұмысын жатқызуға болады [39]. Зерттеу жұмысының IV тарауы «Айқап» журналында көтерілген әйелдер теңдігі мәселесіне арналады. Бұл жұмыстың тарихнамалық маңызы зерттеудегі журнал бетіндегі Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-қоғамдық мәселелі туралы мақалалары талданып, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі әйелдер туралы мақалалар салыстырылады.

Ал 1975 жылы қорғалған Л.М. Ахметованың зерттеу жұмысында қазақ тілінде шығатын «Еңбекші қазақ», «Кедей тілі», «Ауыл», «Бостандық туы» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Әдебиет майданында» журналдарын дерек ретінде пайдаланылып, кеңестік баспасөз қызметінің әйел мәселесіне ықпалын көрсетеді. Ең алғашқы болып «Әйел теңдігі» журналының қызметін, оның құрылымы мен жұмыс істеу әдісін, журналист мамандарын даярлаудағы журналдың ролін қозғағаны зерттеу жұмысын өзектендіреді. Журналға алғаш мақала жазған публицист әйелдер: Н.Құлжанова, Ш.Иманбаева, М.Хакімжанова, Ә.Мамбетова, Ә.Кемелова, З.Тоқбарлина, Л.Серғазина, Л.Өтепова жайлы кең мәліметтер беріледі. Дегенімен, зерттеу жұмысының ғылыми-ақпараттық маңызы мол болғанымен, тарихи деректердің біразы газет материалдары арқылы ғана берілген, салыстырмалы зерттеу жүргізілмеген [40].

Р.Көмекованың «Деятельность Компартии Казахстана по вовлечению женщин, в культурное строительство» атты зерттеу жұмысында компартияның ықпалымен жасалған Қазақстандағы әйелдердің қоғамдық-мәдени белсенділігін қарастырады [41]. Әрине, тақырыптың аты көрсетіп тұрғандай, коммунистік партияның әйелдерге қатысты шараларының тек жақсы жақтары ғана қарастырылған, ал оның әйелдерді тракторларға отырғызып, завод, фабрикалардағы ауыр жұмыстарға тартылғаны назардан тыс қалған.

Қазақтардың отбасы және неке институттары тақырыбына арналған Х.А. Арғынбаевтың диссертациялық жұмысында жесір әйелдер мен келіншектердің теңсіз және еркінен тыс жасалған неке туралы уәжін, әйелдің отбасындағы ролін, қалыңмал, көп әйел алушылық мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар автор көп әйел алушылықтың түпкі тамырын ислам дінімен емес, қазақтың салт-дәстүрінде орнаған патриархат пен меншік теңсіздігімен сәйкестендіреді. Отбасындағы бәйбіше мен тоқалдың орны, келін мен ененің қарым-қатынасы, некелесу салттарындағы қазақ әйелінің ролі, баласыз әйелдің жағдайы мен оған деген қазақ халқының көзқарасы сияқты аз зерттелген мәселелер осы зерттеу жұмысында көтеріледі [42]. Этнографиялық мәліметтерге толы бұл зерттеудің құндылығы жоғары деп атап өткеніміз жөн.

К.Құнантаеваның XX ғасырда әйелдердің білім алу тақырыбына қатысты монографиясы 60-шы жылдары жазылған М.Қозғамбаева мен К.Садуақасованың зерттеулеріне қарағанда, мәселенің хронологиялық шеңбері ұзартылып, әйелдерге білім беру ісімен айналысқан «Қосшылар одағы» және әйелдердің еңбегін, тұрмысын жақсарту комиссиясының ісі архив материалдарымен толықтырылып, әйелдерге білім беру ісі мәдени революциямен қатар қарастырылады. Аталған монографияда әйелдерге жоғары білім беру және 60-шы жылдарда кең етек жайған мектеп интернаттар жайлы жазған. Алайда зерттеуші мұндай жұмыс формасын құптағанымен, өз отбасынан, ата-анасынан қашықта өмір сүру қыз бала үшін дұрыс па деген сұраққа жауап бермейді. Монографияның құнды ақпараттарымен қатар қыздарды орта біліммен қамтамасыз ету мен мектептегі қыз тәрбиесі мәселелері қаралмаған [43].

Г.К. Тасырованың «Деятельность Компартии Казахстана по развитию женского образования в республике» (1928-1940) атты зерттеу жұмысында сол

уақыттағы коммунистік партияның әйелдердің кәсіптік мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, техникумдарда, жұмысшы факультеттерде білім алуына қосқан үлесіне, Қазақстандағы әйелдердің социалистік және коммунистік құрылысқа қатысуына тоқталады [6, с. 20].

Сонымен, жоғарыдағы зерттеулерді талдай келе, кеңес билігі кезеңінде, XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастау алған зерттеулердің кейбірінде кеңес үкіметінің саясатын дәріптеуге талпынысы әлі де байқалса да, өзге ғалымдардың жаңа жолмен қадам басып, деректермен жан-жақты жұмыс істеу бағыты орнығып, жаңа ғылыми көзқарастары қалыптасқаны анық. Жаңа деректер қоры қатарына суреттер, фотосуреттер енеді. Мәселенің алғашқы тарихнамалық құрылымы, аталмыш тақырыпқа арналған алғашқы диссертациялық жұмыстар мен монографиялар легі жазылады. Әйелдер мәселесі тарих, психология, әдеуметтану және т.б. қоғамдық ғылымдардың қызығушылығын тудырып, XX ғасырдың соңына қарай бұл мәселе ғылыми ортада ғылыми-тәжірибелік конференцияларда көтеріле бастады (Ашхабад – 1972; Ташкент -1975; Алма-Ата- 1975).

*Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы.* Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер қатарына А.Қ. Балтабаеваның жұмысын жатқызуға болады. Зерттеуші диссертациялық жұмысында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі мәселесін көтереді. Автор аталмыш уақыт аралығында қазақ әйелдерінің патриархалдық қоғамда қоғамдық-саяси өмірге араласу қабілеті болса да, оны іске асыра алмай, тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қазақ әйелдері үшін жаңа кезеңнің басталғанын, Кеңес үкіметінің әйелдердің теңдігін қамтамасыз етудегі қызметін, Қазақстан әйелдерінің қоғамдық-саяси, басқару жұмыстарына қатынасуын кезеңдерге бөліп көрсетеді. Дегенімен, еңбекте ұжымдастыру науқаны біржақты ғана қаралып, сол кездегі әйелдердің үгіт-насихат жұмысын, белсенділігін атап өткен. Ұжымдастырудың әсіресе, әйелдер мен балалар үшін қайғылы салдарына көңіл аударылмаған және 30-шы жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер туралы айтылмаған [7, с. 12].

С.С. Қарпықованың «Женщины Казахстана: проблемы историографии (20-80-е годы XX века)» диссертациялық жұмысында әйелдер мәселесі бойынша зерттеулерге кең тарихнамалық шолу жасалады. Зерттеуші әйелдер мәселесі бойынша тарихнамалық маңызы бар әдебиеттерді зерттей отырып, төрт кезеңге бөледі: 20-жылдың бірінші жартысынан 30-шы жылға дейінгі тарихи әдебиеттердегі әйелдер мәселесі; 30-жылдарының ортасынан 50-жылдарына дейінгі қоғамдық-саяси әдебиеттердегі жарияланымдар; 50-60 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстандағы әйелдер мәселесі бойынша ғылыми-тарихи әдебиет және 70-80 жылдардағы Қазақстандағы әйелдер жағдайының мәселелері бойынша ғылыми еңбектердің тарихнамалық талдауы.

Зерттеушінің диссертациялық жұмысында әр кезеңге тарихи сипаттама жасалып, ғалымдарға арналған әдістемелік құрал ретінде қарастырыла алатын, аталмыш тақырып бойынша толығымен зерттелген жұмыстар легі көрсетіледі. Бұл зерттеудің тарихнамалық құндылығы ретінде Қазақстан әйелдері мәселесіне

арналған тарихи-әлеуметтік, демографиялық, оқу-ағарту, денсаулық сақтау және шаруашылық саласындағы еңбектер мен зерттеулердің әр кезеңге сәйкес тізбегіне объективті баға берілгендігін атап кеткеніміз жөн [8, с.128].

1925-1933 жылдар аралығындағы кеңес үкіметінің тоталитарлық режимінің Қазақстанда жүргізген шаруашылық-науқандары туралы Г.О. Нұрбетова ғылыми зерттеу жұмысында социализм орнағаннан кейінгі еліміздегі өзгерістерге тоқталады. Зерттеуші Қазақстандағы «Кіші Қазан» кезеңін, қазақ ауылдарының кеңестік үлгіге өзгертудегі саяси науқанын, ұжымдастыру кезеңін, сауатсыздықты жою науқанының бастамалары мен тарихи нәтижелерін қарастырады. Соның ішінде қызыл отаулардың әйелдер арасында сауатсыздықты жоюдағы қызметі мен кеңес билігінің жүргізген диктаторлық саясаты сыни көзқараспен жан-жақты зерттеледі [44].

Ж.Р. Абишева «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әйелдері арасындағы қоғамдық-саяси жұмыстар» тақырыбындағы зерттеуінде кеңес өкіметінің әйелдерді қоғамға қатынастыру саясатының қарқынды түрде жүргізілу себебін ашып көрсетеді. Автор өз зерттеуін қазақ әйелдері арасындағы сауатсыздықпен күресіне, әйелдердің қоғамдық, мемлекеттік-саяси ұйымдар жұмыстарына тартылуына, кеңес билігінің «тең құқықтық» саясаты астарының сипаты мен оның әйелдер жағдайына тигізген әсеріне арнаған [27, б. 30].

Р.О. Балгозина әйелдер теңдігі мәселесін зерттеуде өзінің диссертациялық жұмысын салыстырмалы-тарихи әдісті қолдана отырып, үлкен хронологиялық шеңберде жүргізеді. Бірінші кезең XV ғасырдан 1917 жылға дейінгі аралықты қамтыды. Автор бұл тарауда қазақ фольклорындағы әйелдердің бейнесін, Тәуке ханның «Жеті Жарғысындағы» әйелдерге қатысты жазылған заңнамаларды, қазақ зиялыларының еңбектеріндегі әйелдер мәселесін қарастырды. Екінші кезең - Қазан төңкерісінен еліміздің тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыты. Бұл тарау кеңес үкіметінің декреттері мен заңнамаларын, большевиктердің әйелдердің теңдігіне қатысты саяси бағдарламасын, әйел еңбегінің авторитарлық принциптерін, соғыс уақытындағы әйелдер мен еркектер арасындағы теңдік мәселесін қамтыды. 1991 жылдан 2000 жылдардың басына дейінгі кезеңде зерттеуші Қазақстандағы гендерлік теңдік үрдісіне, сол мақсатпен қабылдаған заңнамалар мен мемлекеттік бағдарламаларға тоқталады. Зерттеу жұмысында Р.О. Балгозина маңызды отандық архив материалдарын, қазақ зиялыларының, «Алаш» партиясы мүшелерінің еңбектерін, кеңестік кезеңдік басылымдарды, қазақ әйелдерінің естеліктері мен хаттарын қолданған [45].

А.И. Қасабекованың 2013 жылы жарық көрген монографиясы - ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы әйелдер теңдігі мәселесіне арналған тарихи маңызды еңбектердің бірі. Монографияда ХХ ғасырдың басындағы қазақ баспасөз беттеріндегі әйел теңдігі мәселесінің көтерілуі, Алаш қайраткерлерінің жазған пікірлері, кеңес үкіметінің әйел теңдігіне байланысты қабылдаған декреттері мен шешімдері, әйелдер бөлімінің құрылу тарихы, оның 1921-1922 жылдары аштық кезеңінде атқарған жұмысы, кеңес үкіметінің әйелдерді астық дайындау, ұжымдастыру науқандарына тарту саясаты, қуғын-сүргінге отбасыларымен ұшыраған әйелдердің өмірі талданған. Зерттеу

барысында А.И. Қасабекова кеңес үкіметінің қазақ әйелдеріне берген азаттығының «құны қымбатқа түсті» деген ой білдіреді. Мұны автор еңбек теңсіздігімен, қажетті медициналық, әлеуметтік көмектің жетіспеушілігімен, мектепке дейінгі мекелемелердің саны мен сапасының төмендігімен, кеңес билігінің әйел мен балаға деген қамқорлығының тек қағаз жүзінде болғандығымен сабақтастырады [1, б. 35]. Автор тарихи құжаттарды зерттей келе, қазақ әйелдерінің болып жатқан саяси оқиғаларды бақылаушы ғана емес, керісінше, сол тарихи кезеңдердегі қоғам алдында тұрған барлық міндеттерді шешуге қатынасқан деген қорытындыға келеді. Монографияда кеңес үкіметі кезінде жазылған еңбектер мен зерттеулерде биліктің артықшылығын көрсету үшін, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелдері тұрмыстық-әлеуметтік жағынан мүлдем теңсіз, тек большевиктер арқасында азаттыққа жетті деп, бір жақты баға берілген деген пікір айтылады [1, б. 172].

Сонымен қатар А.И. Қасабекованың «Әйелдер қозғалысының алғашқы қайраткерлері» атты еңбегі XX ғасырдың 20-30 жылдарында әйел теңдігі мәселесін көтерген, сауатсыздықты жою, мәдени-ағарту ісіне белсене араласқан алғашқы қазақ әйелдері – Н.Құлжанова, А.Оразбаева, А. Досжанова, Н. Арықова, М. Бегалиева, С. Есова, Ш. Иманбаева, Н. Саналиева, Б. Қасенова, Н. Алпысова сияқты әйелдердің өмірбаянына арнаған. Сол кезеңдегі қоғамдық құрылысқа тартуда ұйымдастырушылық қызметімен, ұшқыр қаламымен өз үлесін қосқан әйелдер қозғалысының көрнекті белсенділерінің баспа беттеріндегі мақалалары мен баяндамалары құнды тарихи деректер ретінде қосымша келтірілген [46].

Д.Аманжолова «Из опыта решения женского вопроса в Казахстане. 1920-1930-е гг.» мақаласында Кеңес үкіметінің қалың бұқараның қоғамдық-саяси қызметінің нысандары мен әдістерін түбегейлі өзгерту негізінде халықтың дәстүрлі саяси, идеологиялық, мәдени құндылықтарын ескішілдік деп танып, жоққа шығарды деген ойға келеді. Д. Аманжолова бұл үрдістің әсіресе ұлттық республикаларда, оның ішінде Қазақстанда өте күрделі өткенін атап өтеді. Себебі, феминизацияның өзі, бір жағынан, әйелдің физиологиялық көрсеткіштеріне қарамастан, өндірістің барлық салаларында жұмыс істейтін тікелей өндіргіш күшке айналуын ұсынды. Екінші жағынан, әйел әртүрлі тек әйелдерге арналған қоғамдық ұйымдар арқылы азаматтық өмірдің маңызды факторына айналдыру мақсатында әлеуметтік саясаттың объектісіне айналып, кеңестік сананың, тәртіп пен жауапкершіліктің үлгісі ретінде бұқара халыққа көрінді. Алайда, автор шын мәнісінде, бұл өзгерістер әйелдің иығына тиілген тағы бір артық жүк болғанымен тең деген шешімге келеді. Автор жұмыс көлемінің 33 күнін ер адамдар базарларға, жәрмеңкелерге, мемлекеттік мекемелерге, жиналыстарға және т.б. сапарларға шығуға жұмсаса, әйелдер мұндай сапарларға 1 күн бөлген деген маңызды деректерді келтірді [47].

Б. Сайланның «Қазақстандағы алғашқы жастар ұйымдарының құрылу тарихы (1917-1925 жж.)» деп аталатын зерттеу жұмысында біздің қарастырып отырған тақырыбымызға қатысты біраз мәліметтер қарастырылған [48].

К.С. Бижигитованың «Изменение роли женщин в казахской степи в колониальный период на основе архивных источников (40-е годы XIX– начало

XX вв.)» тақырыбындағы зерттеуінде архив деректеріне талдау жасау нәтижесінде XIX-XX ғасырлардағы дәстүрлі қазақ халқының өзгеру себебінің гипотезасы берілді. Зерттеуші қоғамда орын алған өзгерістер қазақ халқының күнделікті өмірінің барлық қырларына әсер етіп, онымен қоса, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі әйелдердің мәртебесі туралы көзқарастар да өзгеріске ұшырап, әлеуметтік жүйеде жаңа үдерістердің пайда болуынан байқалады деген тұжырым жасайды. Автор бұдан әйелдердің белсенділігінің артуына, әртүрлі деңгейдегі орыс отаршылдық әкімшілігіне өтініш беру арқылы өздерінің «әйелдік» құқықтарын қорғауға деген талпыныстарының артуына әкеледі деген ойды тұжырымдайды. К.С.Бижигитованың зерттеуі барысында XIX ғасырдың 40-50-жылдарында Сібір қырғыздары (қазақтары) облысының шекара бастығының атына берілген өтініштерде әйелдер көбінесе күйеулерінің қатыгездігіне, кәмелеттік жасқа толмай тұрмысқа шығып жатқандарына шағымданғандарын анықтайды.

Автор зерттеу нәтижесінде бірнеше қорытындыға келеді: аталған кезеңдердегі биліктің ықпалымен орыс мәдениетін қазақ халқына таратып, насихаттаушы күш ретінде қазақ әйелдері қарастырылды; патшалық Ресей билігінің шешімдері көшпелілердің құқықтық жүйесіне қарама-қайшы келді, бұл тарихи шеңберде ұзаққа созылатын кереғар үрдістерге әкелді; отаршыл билік көшпелілердің отбасылық-некелік қатынастары мәселелерін түбегейлі шешудің, оларды өздерінің заңдық нұсқаулары бойынша өзгертудің іс жүзінде мүмкін еместігін көрсеткенімен, соған қарамастан би сотының шешімдеріне жанама әсер ету, оларды түзеу әрекеттерін жасады; сонымен қатар, көшпелілердің дәстүрлі заңдық-құқықтық нормаларының өзі жаңа ережелер мен жағдайларға бейімделе отырып өзгерді [49].

Кеңес өкіметі тұсындағы әйел мәселесі Қ. Кемеңгерұлының таңдамалы еңбегінде де жан-жақты қарастырылады. Еңбекте қазақ әйелдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі ауыр тұрмысы, олардың күң, кейде мал есебінде сатылатынын, оларға зорлық зомбылық көрсетілетіндігін, осының бәрі әйелді уысында ұстау үшін әдейі жүргізілген саясат екендігін, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін әйел азаматтық құқықтардың бәріне ие болғандығын, әйелдердің сауатын ашып, оларды қоғамға әлеуметтендіру, мемлекет жұмыстарына қатыстыру, қоғамда белсенділігін арттыру саласында атқарылған жұмыстармен қатар, қыздардың 16 жасқа жеткенше ата-ананың қарауында болып, онан кейін өз сүйгеніне тұрмысқа шығуға ерікті екендігін жазады. Сонымен қатар автор, кеңес өкіметі қалың мал, көп әйел алушылық, әмеңгерлік, т.б. баптарды енгізгенімен олардың алғашқы 4-5 жылда жойыла қоймағандығын, заң бұзушылық орын алып отырғандығы жөнінде де мысалдар келтіре отырып, жазады. Мұнан басқа оның еңбегінде ашаршылық, саяси қудалау кезеңіндегі де қазақ әйелдерінің жағдайы жан-жақты қарастырылады [50].

Ж.Б. Құндақбаеваның монографиясы да кеңес билігінің Қазақстандағы әйелдерге жүргізген саясатын сынға алды. Большевиктердің «жаңа кеңес әйелін» қалыптастыру жобасы, әйелдер бөлімінің, «Қызыл отаудың» осы жобаны іске

асырушы құралдар ретінде құрылуы, қазақтың неке және отбасы институттарының өзгеруі зерттеуде жаңа тарихи көзқараспен баяндалады.

Сондай-ақ монографияда кеңес билігі исламмен реттелген отбасы және неке салттарын жоққа шығара отырып, кеңестік идеологияны жергілікті халыққа мәжбүрлі түрде сіңдірумен айналысты, оған қоса, балаларды қоғамға қатынастырудың жаңа үлгілерін қабылдау арқылы тек әйелдің ғана емес, халықтың үлкен бір бөлігінің ежелден ұстанып келе жатқан құндылықтары мен өмір сүру салтын өзгертті деген пікір айтылады [9, с. 34]. Сонымен қатар монографияда 20-30-шы жылдары жарық көрген қазақ жазушыларының еңбектеріндегі әйел теңдігі мәселесі талданады. Зерттеуші әдебиеттанушы, күйеулерімен қуғын-сүргінге ұшыраған Ф.Ғабитоваға және сол уақыттағы әйелдер арасындағы белсенді қоғам қайраткерлеріне бөлек тараулар арнап, олардың өмірі мен тағдырларына терең тоқталады. Жұмыстың дереккөздері ретінде құнды архив материалдары, «Әйел теңдігі» журналындағы С.Есқызының, А.Тұрсынбайқызының, Б.Смағұлқызының, Н.Арыққызының, Н.Әбдірашидқызының мақалалары, әйелдер бөлімінің мүшелерінің, еңбек және партия ардагерлерінің естеліктері мен хаттары алынған.

Сондай-ақ, М.Д. Байдавлетованың «XIX ғ. II жартысы-XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелердің қазақ зиялылары еңбектерінде зерттелуі» тақырыбындағы диссертацияда да қазақ зиялыларының әйел теңдігіне қатысты зерттеулері талданады. Оның «Қазақ зиялыларының әйел теңдігін зерттеуі» тараушасында әйелдердің жағдайынан мағлұматтар беретін мерзімдік басылымдардағы ескі салт-сананың құрсауынан босай алмаған әйелдердің ауыр жағдайы, қалың мал, оның жойылуы, әйелдердің қоғамға тартылуы, сауаттылық, т.б. мәселелер жарияланған белгілі қоғам қайраткерлерінің еңбектерін талдайды [51].

90-шы жылдардан бастау алған ғылыми жұмыстарда сыни көзқарас пен мәселеге баға беруде жан-жақты зерттеу жүргізу байқалады. Төңкеріске дейінгі және 1917 жылдан кейінгі деректер жүйелі түрде реттеліп, сол уақыттағы әйелдердің жағдайы қазіргі уақыттағы қоғамдағы өзгерістермен сабақтастырылып, тарихи маңыздылығы айқындалды. Тәуелсіз еліміздің зерттеушілеріне тән қасиеттердің бірі – кеңес билігінің Қазақстанда жүргізген саясатын объективті бағалай отырып, оның әйелдер теңдігі мәселесіне әсер еткен жағымды және сан соқтырған нәтижелерін зерделеу мен өз зерттеулеріне жаңа, өзекті дереккөздерді енгізу.

Сонымен, Отандық тарихнаманың нәтижелері туралы ойымызды қорытар болсақ: XX ғасырдың 20-шы жылдарының басынан бастап 50-ші жылдарға дейін Қазақстандағы әйелдердің жағдайы тақырыбының тарихнамалық қырлары тиісті түрде жарияланбаған. Осы жылдары жазылған еңбектерге көз жүгіртсек, бұларда тезиске қарасты мәселенің ішкі безендірілу үдерісі жүріп жатты, ол дереккөз базасының кеңеюінен, әртүрлі зерттеулердің жинақталуынан көрінеді.

Көбіне аз дереккөз базасын қамтыған (ескі архив қорлары сипатталмаған, жаңалары енді қалыптасып келе жатқан) бұл жұмыстардың авторлары - кәсіби тарихшы мамандар емес, Қазан төңкерісінен кейін ұйымдастырылған әйелдер

бөлімінің қызметкерлері. Сол себепті бұл еңбектердің құрылымы мен әдіснамалық деңгейі қалың бұқараға арналғандығымен және көбіне үгіт-насихат сипатында болғандығымен түсіндіріледі. Бұл кезеңдегі тарихи әдебиеттердің астарында мейлінше социалистік қайта құрулардың мәжбүрлі сипатын ақтап шығару мен Қазақстан әйелдерін азат етуде нақты кеңестік жолының қажеттілігін негіздеу ниеті жатыр. Соның нәтижесінде, бұл периодикалық жұмыстардағы қарастырылған мәселелер шеңбері анықталды.

Сондай-ақ 20-30-жылдардағы әдебиеттер тізімін этнографиялық экспедициялар нәтижесінде жазылған зерттеу жұмыстары да кіреді. Бұл еңбектердің авторлары - Ресейдің орталық жоғары оқу орындарында революцияға дейін білім алған кәсіби тарихшылар (негізінен КСРО Ғылым Академиясының ғалымдары), сондай-ақ «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамында» Қазақстан аумағында жұмыс істейтін өлкетанушы мамандары.

Бұл ғалымдардың қойылған мәселені қатаң әміршіл-әкімшіл билік уақытында жан-жақты зерттеуіндегі ролі өте маңызды. Әсіресе оның этнографиялық аспектісіне тоқтала отырып, олар революцияға дейінгі зерттеулерлер сипатын жалғастырды. Осылайша, әйелдер теңсіздігі мәселесінің циклінде келесі тақырыптар өз орнын тапты: дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы әйелдердің орны; XX ғасырдың 20-жылдардағы қазақ әйелдерінің тұрмыстық жағдайы; отбасындағы теңсіз еңбек бөлінісі; қыздарды ерте тұрмысқа шығару және оның әйел организмі үшін салдары; қалың мал; жесірдің жағдайы; әйелдер жасаған қолөнердің түрлері, дәстүрлі әйелдер киімі, әйелдер әшекейлері; Қазақстан әйелдерінің антропологиялық ерекшеліктері. Алайда, экспедициялар негізінде қарапайым қазақ халқының тұрмыстық жағдайын зерттеуде ғалымдардың кереғар саясат нәтижесіндегі қазақ әйелінің еңбек ету мәселесін назарынан тыс қалдырғандығы анықталды.

Осылайша, мәселенің тарихнамасының бірінші кезеңі бір-біріне тәуелсіз екі ағыммен сипатталады, яғни академиялық тарих ғылымының сыртқы жағдайларға байланысты дамуының біртіндеп тежелуі, әрі тарихи-партиялық, насихаттық форманың қарқынды гүлденуі орын алды.

Қазақстандағы XX ғасырдағы әйелдер жағдайының мәселесі елдегі саяси жағдайдың өзгеруі шеңберінде өтіп жатқан мәселені зерттеудің екінші кезеңі – XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қаралды, бұл ғылымда да өз көрінісін тапты.

Жеке тұлғаға табыну идеологиясы он жыл бойы, 40-жылдардың аяғына дейін әйелдер мәселесін зерттеуде көптеген перспективалы бағыттарын жауып тастап, олардың тек сол заманның нақты міндеттеріне сәйкес болатын тақырыптарына рұқсат етілді.

Кеңес үкіметі 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде елдің қорғаныс әлеуетін дамытуға жанама ықпал ететін басым тақырыптарды таңдап, мәселенің тарихнамасына айтарлықтай өзгерістер енгізген жоқ. Негізінен тарихи-публицистикалық мақалалар жанрында дамып келе жатқан олар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері тақырыбы бойынша фактологиялық материалдарды жинақтау үрдісіне ғана ықпал етті.

XX ғасырдың 50 - жылдарының басында соғыстан кейінгі кезеңдегі республиканың тарихи кадрларының тез өсуіне, оның сапалық құрамының жақсаруына, сондай-ақ КСРО ҒА Қазақ филиалының құрылымында тарих институтының, одан әрі ҚазКСР Ғылым академиясының құрылуына байланысты Қазақстандағы әйелдің жағдайын зерттеуде этнографиялық бағытты қайта жаңғырту және тереңдету үрдісі пайда болды. Сол себепті, Қазақстанның түкпір-түкпіріне ғылыми-зерттеу экспедициялары қайта жүргізіле басталды. Экспедициялар нәтижесінде мәселенің мынадай тақырыптары қайта көтерілді: Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелдерінің құқықсыз жағдайы; тоқал мен бәйбішенің өзара қарым-қатынасы; ауылдық жерлердегі қазақ әйелдерінің қазіргі заманғы (40-50-ші жылдар) жағдайы. Сондай-ақ, 20-30 жылдардағы өзекті тақырыптар, соның ішінде – дәстүрлі қазақ халқының отбасылық-неке қатынастары (некелесу, құдалық, қалың мал); дәстүрлі әйелдер киімі, әйелдер әшекейлері, әйелдер қолөнері; қазақ халқының гигиеналық-медициналық тұрмысы.

Бұл экспедициялар нәтижесінде мәселенің шеңбері кеңейіп, оның туындауының алғышарттары, яғни 1917 жылға дейінгі қазақ қоғамындағы әйел жағдайы бойынша мәселелер жүйеленіп, далалық экспедицияларда жинақталған дереккөздер базасы енгізілді.

XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап қазақстандық тарихнамада аталмыш мәселе бойынша тарихи жарияланымдардың сандық өсуімен, мәселе шеңберінінің едәуір кеңеюімен, кеңестік және қазақстандық архивтерден анықталған және жарияланған жаңа тарихи дереккөздердің енгізілуімен (әйелдер тақырыбы бойынша құжаттар мен материалдар жинағының пайда болуы), сондай-ақ ғылымның түрлі салаларынан (әлеуметтану, демография, экономика, медицина) алынған ғылыми деректермен толықтырылып, зерттеу сапасын едәуір жақсартты. Соңғысы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі әйелдің жағдайын бірнеше аспектілерде қарастыруға мүмкіндік берді, мәселен: әйелдер еңбегін пайдалану деңгейі (экономикалық салдары тұрғысынан); әйелдердің еңбек құқықтары (заңдық); Кеңестік әйелдің қоғамдағы жағдайының өзгеруі (философиялық-әлеуметтік); өндірістегі жұмысшы әйелдердің еңбек жағдайын бағалау (медициналық), Қазақстандағы бала туудың санақтық-демографиялық талдануы, қазақ отбасының демо-әлеуметтік жағдайы (демографиялық).

50-ші жылдардың екінші жартысындағы қоғамның тарихи дамуындағы қиындықтарға қарамастан, саясаттандырылуына, бірқатар ғылыми жұмыстардың тар бағытына қарамастан, тарих ғылымындағы жаңалыққа, атап айтқанда Қазақстандағы әйелдің жағдайы мәселесіне байланысты бірнеше бұдан бұрын қарастырылмаған тақырыптарының көтерілуіне өз жолын салды. Дәл осы негізде 50-жылдардың ортасына қарай тарих ғылымын неғұрлым терең зерттеу негізінде әйелдер проблематикасына ғылыми қызығушылықтың күшеюі арқасында Қазақстандағы әйелдің жағдайын тарихнамалық ұғыну басталады.

1991 жылдан бастау алатын бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарында бұған дейінгі тақырып бойынша жазылған еңбектермен салыстырғанда тарихи реализм басым. Жеткілікті архивтік-деректік база мен жан-жақты зерттеуді қамтамасыз

ете алатын әдіснамалық тәсілдер зерттеу объектісін толыққанды ашуға мүмкіндік беретіні даусыз. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан ғылымға деген қолдау тақырып аясында қорғалып жатқан диссертациялық жұмыстар мен ғылыми жобалардың артуының себепкері.

Зерттеушілер өз тарапынан XX ғасырдағы әйелдер жағдайын зерделеуде кең уақыт шеңберін қамтып, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі дәстүрлі қазақ қоғамы мен Кеңестік Қазақстандағы әйелдер жағдайының өзгеру принциптерін талдап, оның қазіргі уақыттағы Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының ерекшеліктерімен ұштастырып, үлкен тарихи мерзімнің нәтижелері мен салдарын айқындатуда.

Талданған жұмыстар легінде Кеңестік авторитарлық саясат сыни көзқараспен қарастырылып, Алаш қозғалысының зиялылары мен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әйелдер арасындағы теңсіздікті жоюға атсалысқан белсенді қоғам қайраткерлерінің үлесі көрсетіледі. Оған қоса, 90-шы жылдарға дейінгі зерттеулердің кемшіліктері мен жетістіктері сараланып, бағаланады.

1991 жылдан кейінгі жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулердің Кеңес өкіметінің жүргізген әлеуметтік-саяси реформаларына деген сыни көзқарасы, аталмыш тақырыпты терең зерттеуге бағытталғандығы қазіргі жаһандану үрдісі кезіндегі әйелдердің жағдайы мен отбасы-неке институттарының өзгеруімен сабақтастығын дәлелдейді [52].

Сонымен, қысқаша болса да Отандық тарихнамадағы «әйелдер мәселесіне» қажетті талдау жасадық ендігі мәселе салыстырмалы түрде шетел тарихнамасына тоқталайық.

*Шетелдік тарихнама.* Әйел теңдігі мәселесі көптеген Орта Азия республикалары зерттеушілерінің ортақ тақырыбы болған еді. Соның ішінде, Х. С. Шукурованың, Р. Х. Аминованың, Ж. С. Татыбекованың, Б. П. Пальванованың еңбектерінде Орта Азия мұсылман әйелдерінің теңдікке жету жолындағы күресін қарастырған Зерттеушілер өз еңбектерінде басты тақырып ретінде Худжум мәселесін көтерген. Худжум науқаны Кеңес өкіметінің әйелдердің паранджа киюіне қарсы күресі ретінде анықталды. Авторлар Худжум «Кеңес өкіметінің әйелдерді азат ету туралы заңнамасын насихаттау» үшін басталғандығын, сонымен қатар, экономикалық еркіндік әкелетін жол ретінде қарастырылып, «сауаттылық үшін күрес» болғандығын атап өтті [53-56].

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ әйелдерінің жағдайына Джемиле Кыначы өз зерттеулерін арнаған. Дж. Кыначы «Kazak tiyatrosunda Kadin meselesi» деп аталатын еңбегінде 1920-1928 жылдары Қазақстанның театрларында қойылған пьесаларында әйел теңдігі мәселесі, қалың мал, тоқал алу, қыздың қалауынсыз некеге отыру, әмеңгерлік, кеңес үкіметінің саясатының әсері сияқты көтерілген мәселелерге назар аударған. Автор қазақ әдебиетінде әйелдер мәселесін көтерген тұлғалар ретінде Міржақып Дулатовты, Жүсіпбек Аймауытовты, Сәкен Сейфуллинді, Жиенғали Тілепбергенұлын, Қошке (Қошмамбет) Кемеңгерұлын, Мұхтар Ауезовты атап өтеді. XX ғасырдың қазақ әдебиетін зерттеу барысында Дж. Кыначы көрнекті зиялы қауымның Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі әйел бейнесінің өзгерісі, қарапайым қазақ

әйелінің әлеуметтік жағдайы мен қалауын поэма мен прозада бейнелегеніне басты назар аударған [10, с. 124].

Н.Жунаеваның «Kazak Toplumunda Kadının Statüsü ve Kazak Edebiyatında Sorunsalı Kadın Olan Roman ve Hikâyeler Üzerine Bir İnceleme» атты диссертациялық жұмысында да Қазақстандағы XX ғасырдағы әйелдердің жағдайы әдеби прозалар мен романдарда арқау болған кейіпкерлердің тағдырымен байланыстырылып, талданады. Зерттеу объектісі ретінде М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», М. Әуезовтың «Қорғансыздың күні» және Ғ. Мүсіреповтың «Ұлпан» шығармалары алынды. Ғылыми зерттеу жұмысында автор «қазақ» атауының шығу тарихына, қазақтардың ру-тайпалық құрылымы мен жалпы Қазақстанның тарихына шолу жасай отырып, Тәуке хан кезеңінен бастап әйелдер жағдайын зерттеуге мақсат етеді. Диссертациялық жұмыс қазақ қоғамында әйел тағдырына едәуір әсер еткен 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі қазақ әйелдерінің мәртебесін салыстыра отырып, олардың білім алу, мамандық алу, еңбек ету мәселелерін, сонымен қатар Алаш зиялыларының әйел теңсіздігі туралы жазған мақалаларын арқау етеді. Қазақ әйелдерінің қилы тағдырына арналған көркем-әдеби шығармалар астарындағы тарихи кезеңдер зерттеліп, талданады. Әрине, бұл диссертациялық жұмыстың қамтыған кезеңі ауқымды болғандықтан, ол нақты XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әйелдер жағдайы мәселесінің тарихи-әлеуметтік жағына терең үңілмеген. Дегенмен, әлеуметтік ғылымдар, оның ішінде әдебиеттану ғылымы негізінде жазылған бұл жұмыстың әйелдер мәселесінің көркем әдебиетпен сабақтастығын көрсетуі оның өзектілігін арттырады [57].

Әрине түрік бауырларымызға қарағанда, европалық зерттеушілердің әйел мәселесіне деген көзқарастары өзіндік ерекшеліктерге ие болып табылады. Профессор Г. Дж. Мэссел атының өзі айқайлап тұрған: «Сурогат пролетариата: мусульманские женщины и революционная стратегия в Советской Средней Азии, 1919-1928 гг.» деген кітабында (берілген ойдың мағынасын жоғалтып алмас үшін, орыс тіліндегі нұсқасын бердік -*М.Ш.*): «Советы использовали приниженный социальный статус среднеазиатских женщин для того, чтобы, вовлекая в русло своей политической деятельности могучую потенциальную революционную энергию, подспудно дремавшую в душах среднеазиатских женщин под их внешней забитостью, приспособить их бунтарство к своим собственным целям, использовать их недовольство своей тяжелой подневольной жизнью для переустройства традиционного образа жизни народов Средней Азии на социальных началах» [56]. Әрине, бұл жерде Кеңестік саясаттың әйел мәселесіндегі негізгі ұстанымы анық көрсетілген.

Шетелдік зерттеушілердің қазақ әйелдерінің жағдай туралы жазғандарының бәріне тоқталу мүмкін болмаса да солардың ішіндегі маңызды дегендеріне тоқталайық. Ағылшын зерттеушісі Дж. Бейкер «Екі соғыс аралығындағы Қазақстандағы әйелдердің жағдайы» деп аталатын мақаласында: «Кеңестік саяси дамудың көрсеткіші ретінде оның - қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғанымен өлшенетін. Бұл әсіресе Қазақстанда ерекше мәнге ие болды,

өйткені бұл жерде әйелді ерекше-бағыныштылықта ұстаудың ескі дәстүрі мен оны азат етудің жаңа жолы саясаты арасындағы қақтығыстың өршуінен көрініс тапты» [11, с. 75]. Бейкер ханымның айтуы бойынша, Кеңестік биліктің алғашқы онжылдығында жергілікті ұлт әйелдері статусының негізгі үш сипатын атауға болады. Бірінші, сол кезеңдегі Қазақстанның стратегиялық даму жағдайы әйелдерді толық азат етіп, жұмыспен қамтып, жағдайын жақсартуға мүмкіндік жасай алмады; Екіншіден, кеңестік саясат әйелдерді мүлік ретінде санайтын ескі дәстүрлер мен заңдарға қарсы болғанымен, ол әлсіз әрекетке барып, шын мәнінде азат етудің нақты қадамдарын жасамады; үшіншіден, қазақтарға деген тек этникалық топ ретіндегі көзқарас пен шектеулер, олардың қарсылығын тудырып ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтауға деген ұмтылыстарын тудырды. Болашақта бұл аздаған өзгерістерге ұшырап 30-шы жылдардың соңына таман қазақ қыздарының  жағдайына өзгерістер әкелді. Жалпы мақалаға талдау жасай отырып, онда қазақ әйелдерінің түрлі салаға тартылуының статистикалық сандарының салыстырмалы түрде шебер пайдаланылғанын байқадық. Сонымен, ағылшын ғалымы қазақ әйелдерінің жағдайының барлық саласына талдау жасай келе төмендегідей қортындыға келген: «Егер эмансипацияның салыстырмалы критерийлері туралы айтатын болсақ, онда Қазақстандағы әйелдер мәселесін шешудегі сәтсіздіктерді қажетсіз деп бағалауға болады. Алайда, дәстүрлі өмір салтын сақтау тұрғысынан – қазақ әйелдеріне бұның өтеуі аса ауырға түсті» [11, с. 100].

Шетелдік ғалымдардың Орта Азия мен Қазақстандағы әйелдер мәселесі төңірегіндегі зерттеулері оның түрлі қырларын қарастыруға бағытталған. Австралия ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің оқытушысы Дж. Джеффи көбінесе Орта Азия мен Қазақстандағы әйелдердің жоғарғы білім алуының статистикалық мәліметтерін талдауға күш жұмсаған [57]. Ал, АҚШ, Тринити-Коледжінің әлеуметтанушы профессоры М. Сакс КСРО-дағы әйелдердің еңбек бөлінісін – жасына, жынысына және ұлттық белгілеріне қарай талдай келе, әйелдер «батыстағы индустриалдық қоғамдағы үстем болатын құндылықтардан мүлдем шеттетілген, тіпті Кеңес Одағының неғұрлым экономикалық дамыған аудандарына тән құндылықтардың өзінен де үлес алмайтын» деп әйелдердің қандай ауыр жұмыс атқармасын кемсітуге ұшырап отыратынын атап көрсеткен[12, с. 40]. Бұдан бөлек, белгілі советолог М.Ривкиннің «Мусульманский вызов Москве: Советская Средняя Азия». Х.Лилидің «Скотоводы и кочевники-оленеводы в Советском Союзе», Т.Раковска-Хармстоунның «Ислами и национализм: Средняя Азия и Казахстан в период советского правления», А.Рорлих «Ислам при коммунистической власти...», З.Кац «Справочной книге о советских нациях» және де басқа авторлардың еңбектерінде қазақ әйелдерінің жағдайы түрлі деңгейде қарастырылған.

Жалпы алғанда Батыстық зерттеу мектебінің Орта Азия мен Қазақстандағы әйелдер статусы мәселесін қарастырудағы методологиялық негізі соңғы 70 жыл ішіндегі ұлттық және қауымдық – діни дәстүрлерге енгізілген жаңашылдық өзгерістердің арасалмағын талдауға бағытталған. Көптеген авторлардың жасаған

тұжырымдарының нәтижесі оптимизмнен көрі пессемизмге жақын деп айтуға болады. Қорыта келгенде, батыстық ғалымдар өз зерттеулерінде кеңес өкіметінің жүргізген әлеуметтік саясаты іс жүзінде ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстандағы әйелдердің жағдайын уәде еткендей жақсарта алмады деген тұжырымға келеді.

### 1.3 Зерттеу жұмысының деректік негіздері

Зерттеу барысында соңғы жылдары Қазақстандық тарих ғылымында ғылыми айналымға тартылған архив деректері жарияланған құжаттар жинағын талдау арқылы, тақырыбымызға қажетті деректер базасын жасау негізінде өз бағытымызды айқындадық [58-61]. Заманауи ғылыми айналымның кең мүмкіндіктері зерттеуде тарихи-салыстырмалы және кешенді әдіснамалық тәсілдерді қолдануға негіз болды. Бұл, өз кезегінде, әлемдік өркениеттің біртұтас жүйе ретіндегі ерекшеліктерін — оның философиялық мәнін, тарихи-мәдени құндылықтар кешені мен тұрақты құрылымдар жүйесін тереңірек тануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, осы өркениеттік ерекшеліктерге сәйкестендірілген халықтардың, жеке тұлғалардың өмірі мен әлеуметтік-саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұстанымдары мен құндылықтарын зерттеуге деген қызығушылық арта түсті. Осындай тәсілдерді қолдану зерттеу үдерісінде дереккөздерді тиімді бағытта пайдалануға жол ашып, нәтижесінде, көтеріліп отырған тарихи хронологиялық шеңбердегі әйел жағдайына қатысты деректер мен мәліметтер кешенді тұрғыда қарастырылып, ұлттық құндылықтар мен басымдықтар аясында талданды. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ақиқатына жетудің жолы архив деректерін дәл сол күйінде емес, талдау, сараптау мен оның маңызы мен құндылық жүйесін таба білу басты мақсат болды.

Зерттеу барысында Ресей Федерациясының архивтерінен: Ресей мемлекеттік кинофотофономатериалдар архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архиві, Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві, Орынбор облыстық біріктірілген мемлекеттік архивінің қорларынан құнды деректер алынды. Бұл архив құжаттарының жинақтары біз қарастырып отырған кезеңдегі оқиғаларға қатысты құнды мәліметтер бере алады.

Ғылыми ізденіс барысында көптеген архивтердегі қорлардың атап айтқанда, РМКФФМА қорындағы шифры 4024, 3438, 10874, 10875 фотосуреттердің зерттеуге қатысты түрлері қарастырылып, суретке түсірілді. РМӘСТА (Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архиві) 532, 539, 544, 583, 17, 660 қорларының көптеген тізбелерінің жинақтары қарастырылып, оның ішіндегі зерттеуге қатысты істердің микрофильм түріндегі көшірмесінен құнды мәліметтер суретке түсіріліп алынды. Әсіресе ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі қоғамдық қорлар, атап айтқанда «Революция күрескерлеріне көмектесудің халықаралық ұйымы» (1922-1941) (МОПР), «Сауатсыздықты жою қоғамы», «Қалың мал және көп әйел алу жойылсын» қоғамдарының істері, сондай-ақ әйелдер арасындағы жұмыс бөлімі (Женотдел) (1919-1930) материалдары қарастырылып, көшірмелері алынды. (Мысалы: 62. қ. БКП(б) Орталық Азия бюросы (Средазбюро) (1922-1934). 2. Тізбе. БКП(б) Орталық Азия бюросы. БКП(б) ОК Средазбюро бөлімдерінің құжаттары 428 іс. Әйелдер қозғалысы

мәселелері бойынша Орта Азия қызметкерлерінің мақалалары. 1925 ж.). Сонымен қатар Ағарту халық комиссариатының хаттамалары, айналымдық хаттары, есептері (Түркістан АКСР, Жетісу, Сырдария, Закаспий облыстары, Семей губерниясы) талданып, зерделенді.

Зерттеу тақырыбымызға орай, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің (РФМА) атап айтқанда, №5461 қордың, 1 тізбесінде (ЦК Союза работников просвещение - ЦКрабпрос), №5503 қордың 1 тізбе, 47 ісінде (Центральное управление по просвещению строительного пролетариата - Цекультьстрой (1919-1923 гг), №17 қор, 1 тізбе 210 іс, 30-31 парақтардағы (Отчет Семипалатинского губернского отдела по работе среди женщин) материалдар - әйелдер арасындағы жұмыстардың бағыттарын, оның ішінде, сауатсыздықпен күрес курстары, панасыз балаларды орналастыру, әйелдердің мамандық алуына жасалып жатқан жағдайлар және тағы басқа да қажетті мәліметтер қамтылған. Ал, Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архивінде (РГАСПИ) №583 қордың 10 тізбесінде (Отдел по работе среди женщин – Женотдел (1919-1930 гг.), осы қордың 1 тізбесінде (Центральное бюро агитации и пропаганды среди тюркских народов при ЦК РКП(б) (1918-1921 гг.), №17 қор, 10 тізбе, 74 іс (Письма и телеграммы губернских и уездных отделов по работе среди женщин (Восток) құжаттарында арнайы декреттер, қаралар, мемлекеттік мекемелер бұйрықтары мен қаулылары арасында әйелдер мәселесіне қатысты архив деректерін қарастырдық. Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архивінің №62 қор, 1 тізбе, 428 іс, 87 беттегі [62] құжаттардың бірінде Х.Досмұхамедовтың әдебиеттер мен тарихтағы әйелдерге байланысты пікірі келтірілген. Оның айтуы бойынша, қырғыз (қазақ) әйелі бағзы заманнан еркін болған. Діннің әсерінен әйел кіріптарлыққа ұшырады, дін қалың бұқара арасына неғұрлым тереңдеп енген сайын, соғұрлым әйелдер тағдыры құлдық деңгейге түсті. Дін әсіресе отырықшы тұрғындар арасында кең тарады, ал көшпенділер арасында аз тарағандықтан олардың әйел қауымы еркіндікте болды. Досмұхамедовтың пікірі бойынша, әйелдерді кіріптарлықтан шығарудың жолы ағартушылық. Ал оны таратушы мектеп, және де ол қыздардың бойжетіп келе жатқан шағында ұл балалардан ажыратылған арнайы қыздарға арналған мектептерде білім алғаны дұрыс деп санайды. Сонымен қатар, партияның әйелдер арасындағы жұмысы тек орыс әйелдері тарапынан ғана емес, оған қазақ әйелдерін тәжірибе жинақтау үшін тарта отырып, Кеңес үкіметінің қалыңмал туралы декреттерін жастарға түсіндірген жөн деген болатын.

Ал осы (№62) қордың 428 ісінің микрофильмдік парақшасының 44-ші бетіндегі: «Сауатсыздықты жою туралы» деген мақалада әйелдер арасындағы жұмыстың өте ұқыптылықпен абайлап, оларды ұлы революцияның бастамаларынан үркітіп, шошындырып алмау жағын ескере отырып, салғырттыққа бой алдырмай жүргізу туралы ескертеді [63]. Дәл осы мазмұндағы, Орта Азиядағы, соның ішіндегі, өзбек әйелдерінің арасындағы сауатсыздықты жою үшін ең алдымен, мұғалімдерді дайындау мәселесі осы (№62) қордағы «Әйелдермен жұмыс бөлімінің Орта Азиядағы әйелдер қозғалысы туралы мақала» деген (1925 ж) құжатында берілген.

Орынбор облыстық біріктірілген мемлекеттік архивінің №450 қорында (Циркуляры по губернскому и уездным отделам народного образования - ГУБОНО - 1923 г.) сауатсыздықпен күрес мәселесіндегі әйелдердің ролі мен олардың жағдайы туралы деректер бар [64]. Ал осы (№450) қордың 1 тізбесі, 1040 ісінде (Переписка с политпросвет учереждениями, парт. и общественными организациями (1925-1926 гг) «Қалыңмалдың жойылған күнін атап өту бойынша мәтіндер» («Тезисы по проведению дня отмены калыма») деп аталатын екі беттен тұратын құжаттық материал бар [65]. Барлығы 13 бабтан тұратын бұл құжатта әйелдердің әлеуметтік жағынан теңдік алуының жолы тек қана 1917 жылғы революция жеңісінен кейін орнаған пролетариаттық диктатура арқасында ғана жүзеге асқан мүмкіндігін атап өтеді. 1921 жылы ҚазОАК-тың заңды түрде қалыңмалды жою туралы жарлығы қазақ әйелдерінің құлдық бұғауы мен қараңғылықтан құтылуына жол ашып, осы күнді еңбекші әйелдердің мереке ретінде атап өтуі ұсынылды. Қалыңмал мен некеге күштеп отырғызу және көп әйел алушылыққа заңдық жағынан тыйым салынды (ҚК (УК) - 230, 231, 232 және 233 баптары бойынша). Сонымен қатар бұл құжатта статистикалық мәліметтер, Кеңестік құрлыс пен пария қатарына тартылған әйелдер саны: РКП(б) мүшелері – 659, РЛКСМ (Ресей Лениншіл комсомол жастар одағы) мүшелері -1830, Кеңестер мүшелері - 6.663, делегаттар – 10.787, билікке жақындары -1173 деп көрсетілген [66].

Сонымен қатар, осы қордағы тағы бір маңызды құжат (112-115 парақ) «Специальные вопросы ликвидации неграмотности и малограмотности» деп аталған 4 беттік материалдар. Міне осы құжатта «әйелдер кеңесінің (женсовет)» жұмысы мен міндеттері туралы қысқа болса да мәліметтер берілген [67].

Тарихи деректердің негізгі бөлігін отандық архивтер - Қазақстан Республикасы Президенті архивінде, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінде, Ақмола облыстық архивінде, Астана қалалық архивінде, Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облысы мемлекеттік архивінде сақталған материалдар құрайды.

Қазақстан Республикасының Президенті архивінің бірнеше қорларында: 139 қор - (РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) комитеті, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті), 140 қор - (РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы), 141 қор - (РК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитеті) құжаттары аса құнды деректік мәліметтер берді.

Қазақстандағы әйелдер мәселесіне қатысты алғашқы деректерді Қазақстан Республикасы Президенті архивінің №139 – Қырғыз(қазақ) облыстық РКП(б) (большевиктердің жұмысшы-шаруа партиясы -*М.Ш.*) деп аталатын қорының 1 тізбесі, 13 а ісінде [68]. Әйелдер арасындағы жұмысты жолға қою үшін жергілікті жерлерде «әйелдер бөлімін» ашу туралы Орталық Комитеттен арнайы айналымдық хат жіберілуінен көре аламыз. Әрине бұл жұмыстарды ұйымдастырудың аса зор қиындықтар мен кедергілерге тап болғандығын, штатағы адам жетіспеушілігі мен олардың дайындығының төмен болғандығы, Орталық Комитеттен арнайы нұсқаулықтардың үсті-үстіне ағылып келіп, оны орындаушыларды табудың өзі аса зор қиындықтарға алып келгендігі дегенімен,

әйелдер арасындағы жұмыстың басталғандығы осы қордың 1 тізбесінің 200 ісіндегі есептік құжаттарда баяндалған [69].

Жалпы алғанда архив қорларының деректеріне талдау жасау барысында анықталғаны, «әйелдер бөлімінің» нақты міндеттері Қазақстан жағдайына бейімделіп, 1922 жылдан бастап қолға алына бастады. Дегенмен, әлі де болса жалпылама тапсырмалар үстемдігі байқалады. Оны №139 қордың құжаттары ішіндегі «Тезисы по работе с женщинами» деген материал мәтінінен көруге болады [70]. Яғни, әйелдерді коммунизм рухы аясында тәрбиелей отырып, оларды «Жаңа экономикалық саясат» аясында азық-түлік салығын жинауға, кооперация жұмысына тартуға және еңбек өнімділігін арттыруға, «әйелдер бөлімдері арқылы» неғұрлым революция идеясына берілген, ой-қабілетті қажет ететін салада жұмыс істейтін мұғалімдер, кеңес аппараты қызметкерлері, байланыс бөлімшелері жұмысшы-әйелдерді тарту көзделгендігін архив деректері айқын көрсетеді. Осы мәтінде әйелдер бөлімінің міндеттері нақтыланған: «Әйелдер арасындағы жұмыстардың басты негізгілерінің бірі – оларды жалпы революциялық қозғалысқа, соның ішінде кеңестік билік құрлысына – әйелдердің ең бір езгіге түскен бөлігін - Шығыс әйелдерін, әсіресе қырғыз (қазақ - *М.Ш*) - әйелдерін тарту болып табылады». Мәтінде бұған жетудің жолдар ретінде: «Кеңес үкіметінің қалыңмал мен көп әйел алушылыққа» тыйым салатын декретін жүзеге асыру, партияның таптық күресінің мәнін санасына сіңіру үшін мәдени және саяси шараларды, әйелдер арасында сауат ашу мектептерін, әйелдер клубын, кәсіпкерлік пен қолөнер артелдерін (жүн түту, тоқыма заттары), бала-бақша мен панасыз балалар үйін ашу қажеттігі көрсетілді [71].

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 693-ші қорының 1-ші тізбесінде ҚазАССР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамының 1920-1936 жылдар арасындағы жинақталған мәліметтері берілген, осы жерде әйелдер мәселесіне қатысты хаттамалар мен арнайы қаулылар берілген. Ал, екінші тізбедегі мәліметтер қоры 1921 жылдан 1941 жылға дейін созылған [72]. Сондықтан да бұл қор біздің зерттеуімізге көптеген дерек көздерді берді. Осы архивтің 81 қорында (Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариаты деп аталатын) Академиялық орталықтың құрылуы, Қыроқу ағархалкомы (Кирнаркомпрос) жанындағы ғылыми комиссия қызметі, осы қоғамның кітапханасы, музейі және т.б. деректер сақталған. Бұл жерде, әртүрлі салада қызмет атқарған әйелдер арасынан шыққан тұлғаларға қатысты деректер қарастырылды. Зерттеу жұмысымызда бұл құжаттар молынан пайдаланылды.

1923 жылдың 24 ақпанында Халық ағарту комиссариатына келіп түскен № 817-ші хаттаманың көшірмесінде «Талап» қоғамының «Жетісу облысындағы әйел мәселесі» деген тақырыпта отырыс өткізгені айтылған [73]. «Қазақстан мәдениетін көркейтушілердің «Талап» қоғамының Алматыдағы бөлімшесінің отырысына 67 адам қатысқан.

Осы архивтегі 921 қордан - (Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитетінің халыққа білім беру бөлімі деп аталатын) әйел

мәселесіне қатысты құжаттарды қарастырдық. Бұл қорда сауат ашу курстары, жетім балалар үйі, әйел теңдігі, қалыңмалды жою және тағы басқа зерттеу тақырыбына қатысты мәліметтер іздестірілді.

Ақмола облыстық мемлекеттік архиві, Астана қаласы мемлекеттік архиві қорларынан 60 беттей көшірмелер жасалды. Астана қаласы мемлекеттік архивінің Р-98, Р-116, Р-123, Р-272, Р-351 қорларындағы 1,2 тізбелердің көптеген істері қаралды, Ақмола облыстық мемлекеттік архивінің (Көкшетау қаласында орналасқан): 67, 69, 1304, 145 – қорларындады істер қарастырылып, қажетті парақтарына көшірме жасалды.

Ақмола облыстық мемлекеттік архиві қорларымен тақырыпқа қатысы бар деген қорлармен үлкен жұмыс жасалды. Атап айтқанда, №145-ші «Жұмысшылар, шаруалар және Қызыл Армия депутаттары Кеңестерінің атқару комитетінің аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі Көкшетау уездік комиссиясы. Ақмол. Губер. Көкшетау қ.» деп аталатын қордың 1921-1922 жылдар аралығындағы 1 тізбесіндегі істер қаралды. Сонымен қатар ««Көкшетау тұтынушыларының «Степь» қоғамы (1915-1920 г.) деп аталатын қор мен тұрақты сақтаудағы 1 тізбедегі 1919-1924 жылдардағы істер мәліметтері талданды. Ал №67-ші «Жұмысшылар, шаруалар және Қызыл Армия депутаттары Кеңесі атқару комитетінің Көкшетау уездік әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі» (Көкшетау қ., 1919-1928 жж.) қордың 1 тізбесіндегі істер де сүзгіден өтті. №69-шы «Жұмысшылар, шаруалар және Қызыл Армия депутаттары кеңестері атқару комитетінің Көкшетау уездік жол-құрылыс бөлімі» (Омбы губерниясының Көкшетау қ. 1921 жылдан бастап Ақмола губерниясының 1920-1923 жж.) қорында және №1304-ші қордағы 1921-1924 жылдар аралығындағы деректер зерттеу көзіне айналды. Дегенмен, бұл қорларда зерттеуге қатысты мәліметтердің аз болғандығын атап өткеніміз жөн.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиялының №1 қоры, 1 тізбе, 33 ісінде «Местком-3. Протоколы общего собрания женщин и домохозяек» деп аталатын 10 беттен тұратын 1928 жылдағы төрт хаттамасы табылып, мазмұнына талдау жасадық [74].

Солардың негізгі мазмұнына тоқталар болсақ, бұл жиналыстарға қатысушылар саны хаттама бойынша 100 асып отырғанын байқаймыз, жиналысты ұйымдастырушылар мен оның төрағасы және баяндама жасаушылар аты-жөніне қарап отырып, орыс ұлты өкілдерінің басым болғанына көз жеткізуге болады, бұл әрине теміржолшылар арасындағы қазақ әйелдерінің саны аздығынан, инженерлік-техникалық қызметтерде олардың мүлдем болмағандығымен түсіндіре аламыз. Ал бұл жиналыстардың күн тәртібіне қарасақ, тұрмыстық мәселелермен қатар, саяси мазмұны бар мәселелер де қойылған: Қалалық Кеңестің әйелдер мәселесіне қатысты есептері, әйелдер арасынан делегаттар сайлау, ОСАвиахим және әйелдер ұяшығын (ячейки) ұйымдастыру, әскери-санитарлық үйірмелерді ұйымдастыру, газеттерді дауыстап оқытуды жолға қою, сауатсыздықпен күрес, сауаты жоқ әйелдерді

есепке алу, Халықаралық 1 мамыр күні туралы, тауарлық көпшілік қолданысы қоғамдары дүкендерінің жұмысы жөнінде және тағы басқа мәселелер [75].

Қызылорда округтік атқару комитетінің білім беру бөлімінің 1928-1930 жылдардағы жұмысы туралы архив деректері арасынан «Өлкелік әйелдер бөлімі кеңесі» хаттамасы (№17. 14.05.1928) анықталған болатын. Құжатта, кеңеске: Үгіт-насихат бөлімінен (АПО) – Енбергенова, Қосшы одағынан - Мулюкан, Обл.білім басқармасынан - Тәттібаев, «Әйел теңдігі» журналы редакциясынан - Есова, Уездік тех. Бюродан – Успенская, прокурор – Брухман, Попова, Арыкова, Дорофеева, Угорженотделдан – Ишкова, Курс меңгерушісі – Ғизатуллина қатысты делінген. Күн тәртібіне үш мәселе: 1. Сырдария (баяндамашы – Попова) және Ақтөбе губернияларындағы (баяндамашы – Арықова) әйелдер арасындағы жұмыстың зерттелуі туралы; 2. «Қалыңмал мен көп әйел алу жойылсын» қоғамы жарғысын қарастыру (Арықова); 3. Өлкелік әйелдер курсы жұмысының қортындысы туралы баяндаманың қарарын бекіту туралы (баяндамашы – Дорофеева) мәселелер қойылған болатын [76]. Бұл деректің маңызы Қызылордадағы әйелдер бөлімінің жұмысы назардан тыс қалмағандығында.

Зерттеудің деректік базасы ретінде XIX-XX ғасырдағы қазақ баспасөз газеттері мен журналдары, сондай-ақ кеңестік және отандық зерттеушілердің XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы әйелдер теңсіздігі мәселесіне арналған ғылыми еңбектері, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мақалар тізбегі келтіріледі.

Қазақ қоғамындағы «әйел мәселесі» мәселесіне қатысты XIX-XX ғасырлардағы газет-журналдардағы мақалаларға салыстырмалы талдау жасау нақты тарихи жағдайға сәйкес тарихшылдық пен объективтілік ұстанымдарына негізделген. Дереккөздермен және материалдармен жұмыс істеудің тарихи-жүйелі және салыстырмалы-тарихи әдістерін қолдану қазақтардың нақты әлеуметтік-құқықтық институттары мен Кеңес үкіметінің саяси реформаларының Қазақстан әйелдеріне әсері туралы авторлардың көзқарастары мен бағалауларындағы айырмашылықтарды қадағалап, дәлелдеуге мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың соңында қазақ тілінде шыққан алғашқы газет – «Дала уалаяты» мен «Түркістан уалаяты» газеттері, сонымен қатар «Қазақ», «Ақжол» газеттері, «Азат әйел», «Әйел теңдігі», «Айқап» журналдары еліміздегі қазақ әйелінің мұңын жырлап, қоғамдағы теңсіздікті жоюға шақырған.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің көпшілік кітапханасы қорларынан «әйел жағдайы» тақырыбындағы ғылыми еңбектер легі, газет-журнал беттері (мысалы, «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сарыарқа», «Еңбекші қазақ» т.б.) дерек ретінде қолданылып, зерттеудің бағытын айқындады. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің ұтқыр идеялары мен тың ойларын таратушы болған бұл мерзімдік басылымдарда сол уақыттағы елеулі мәселелер баяндалған.

Ал, Астана қаласында Ұлттық кітапхана мен архив жанында орналасқан «Сирек кітаптар мен қолжазба орталығында» латын, жәдит (арап әрпімен)

әліпбимен жазылға біздің зерттеу кезеңімізге қатысты кітаптар соның ішінде «Әйел теңдігі» газеті де сақталған. Алматы, Астана қалаларындағы: ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық ғылыми кітапхана, ҚР Ұлттық кітапханасы қорынан мынадай кітаптар алынды: «Ауыл-селен кеңестері жанындағы ағарту секцияларының міндеттері (латын әріпімен)»; «Ересектер мектептері туралы 1-ші 2-ші оқу жылының програмы қазақ тілінде (латын әріпімен)»; «Курстерге жолбасшы басқарған Байділдаұлы. Қзылорда, 1928 (Қазақ-кирилл әрпі)»; «Қазақстан екпінді оқытушыларының бірінші өлкелік съезі (латын әріпімен)», «Орталау мектеп көлемінде сырттан оқитын мұғалімдердің оқу программалары (латын әріпімен)», «Социалдық төңкеріс және ағарту жолындағы міндеттер (латын әріпімен)», «Ұйымдастыру-педагогикалық мәселелер туралы Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариатының нұсқауларының жинағы (латын әріпімен)», «Ұлт мәдениет ағарту орындарын байқау (латын әріпімен)», «Халық ағарту қызметкерлерінің білімін көтеру жолында басты материалдардың жинағы №2 (латын әріпімен)», «Ыйсаұлы жолдастың съезді ашардағы сөзі (латын әріпімен)», «Қазақстан оқу комиссариаты хабарлары (жәдит әрпімен)». «Әйел теңдігі» «араб-жәдит әрпімен)».

Онымен қоса, Ұлттық академиялық кітапхананың «Кітап мұражайы» қорынан дерек ретінде бірнеше фотосуреттер түсіріп алынды. Осы қордың «Өлкелік әйелдер курсы оқытушылары» суретінде ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанның қоғамдық ұйымдарында ағартушылық қызмет атқарған Байноғайұлы Балқай, Шерзатұлла келіні Хадиша, Бекбатырұлы, Арыққызы Нағима, Есқызы Сара, Досайқызы Бану, Мұқанұлы Есқали сияқты қоғам қайраткерлері мен белсенді әйелдер көрсетілген.

Сонымен қатар, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында шыққан құжаттар жинағынан алынған материалдар да дерек ретінде қарастырылды. Мысалы солардың ішіндегі маңыздыларын атап өтер болсақ: «Алаш в истории государственности Казахстана: идей, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов» [77]; «Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. Документов. Т.1.: 1928 – 1929. (3 томдық)» [78]; «История образования в Казахстане в архивных источниках (20-30 годы ХХ века). Сборник документов» [79]; «Книга Памяти жертв политических репрессий. Сборник воспоминаний и интервью очевидцев и потомков, пострадавших от политических репрессий 20-50-х годов ХХ века» [80]; «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (ХХ ғасырдың 20-50 жылдары)» [81].

Бұл кітаптардың мазмұнымен танысып шыққанымызбен, олардың барлығын пайдаландық деп айта алмаймыз, өйткені әйел мәселесіне қатысты нақты мәліметтер болмаса да, сол заманның ағымын, оқиғалар өрбуінің кейбір қырларын ұғынуға пайдасы болғанымен зерттеу тақырыбын ашатын мәліметтер аз болды. Соның ішінде «Әйел теңдігі» (редакторы Сара Есова) журналының бірнеше сандарын қарастыруға тырыстық, дегенімен дәл осы 2022 жылы, «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» орталығында осы журнал мен басқа да кітаптарды қалпына келтіру (реставрация) және цифрлық көшірмесін жүргізу жұмыстары

басталып, көптеген нұсқалары қолымызға берілмеді, барына қанағат жасадық. Дегенмен, қазақ әйелдерінің жағдайы жайлы мақалалар мен зерттеулер біздің тақырыбымызға орай диссертациямыздың келесі тарауында кеңірек талқылауға алынды.

# 2 ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЖ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНЕ ЫҚПАЛЫ

## 2.1 Кеңестік «жаңа әйел» бейнесін қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени трансформациясы

Кеңес өкіметінің әлеуметтік, демографиялық және мәдениет саясатындағы негізгі бағыттарының бірі әйелдерді қоғамға әлеуметтендіру экономика, саясат, әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарда яғни мемлекеттің жаңа құрылысына әйелдерді барынша тарту, қоғамдық жұмыстарға араластыру арқылы «жаңа әйел» бейнесін қалыптастыру болды.

Жалпы, қазақ қоғамында ХІХ-ХХ ғасырлар аралығында әйелдер мәселесі өте өзекті болды. Мысалы, салыстырмалы түрде кеңестік кезеңге дейінгі деректерге жүгінетін болсақ, 1897 жылғы санақтың мәліметі бойынша Қазақстанда 3 311492 адам, оның ішінде – 1 564152 әйел, ал 1914 жылы өлкеде 3 845217 адам тұрса, оның ішінде 1 795511 әйелдер болды, яғни әйелдер халықтың 47 пайызын құраған. Әйелдер мемлекет тұрғындарының тең жартысына жуығын құраса да, қоғамдық өмірден алыстатылып, еркектермен тең құқылы өмір сүруі күрделі болды. Ал бұл мәселе кейінгі кеңестік өкіметтің қабылдаған шараларының нәтижесінде біршама оң нәтиже бергендігін атап өтуге болады.

Алдымен Кеңес өкіметінің отбасылық қатынастар саласындағы заңнамалық құжаттары мен актілерінің «жаңа әйел» бейнесінің қалыптасуына ықпалы туралы талдау жасағанымыз қажет.

1917 жылдың 18 желтоқсанында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарларлар Кеңесі қабылдаған «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық жағдайды актілеу кітабын енгізу жайлы» кеңес өкіметінің декреті және 19 желтоқсанда қабылданданған «Неке бұзу туралы» декреті осы мәселеге байланысты ең алғашқы декреттер болып есептеледі. Нәтижесінде, некеге тұрудың шектік жасы белгіленіп, ерікті ажырасу мүмкіндігі берілді [82].

1920 жылы желтоқсанда Қазақ АКСР ОАК (Орталық атқару комитеті) мен ХКК (Халық комиссарлар кеңесі) қабылдаған декрет негізінде қалың мал беру заңсыз деп танылды. Ал 1922 жылы қызды өз ықтиярынсыз күйеуге беру, 1924 жылы 2 қаңтарда көп әйел алушылықты, 1925 жылы кәмелеттік жасқа жетпегендердің некелесуі мен әмеңгерлікті де заңсыз деп белгілеп, заңнамалық құжаттар мен актілер қабылданды [83]. Қоғам мен отбасындағы әйелдердің жаңа ролін құру Қазақстандық кеңес өкіметінің де басты мақсаттарының бірі болды. 1920 жылы 28 желтоқсанда Орынборда Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарларының кеңесінің қаулысы бойынша қалың малды жою құжатына КирЦИК бастығы орнына қол қойған Смағұл Садуақасов, Совнарком бастығы орнына Мирза Алиев, Заң комиссары Ғұбайдолла Әлібеков, хатшы Әлихан Бөкейханов қол қояды. Онда барлық жағдайда, яғни қыз алу, әмеңгерлікпен, т.б. берілетін қалың мал түрлері тоқтатылсын, қалың мал туралы

келісу, баталасу жойылып, ешкім қалың малды даулау, соттан жәрдем өтінуге ақысы жоқ, осы қаулы шығудан бұрын төленген қалың мал неке оқылған, оқылмағанына қарамастан қайтпайды делінген. Егер де бұл қаулы бұзылса, қалың мал алушылар қазынаға екі есе етіп қайтарады деп қатаң талап етіледі [84].

Жоғарыда көрсетілген заңнамалық құжаттар мен актілер ең алдымен қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесін, қоғамда, отбасылық тұрмыста оларды құқықтық жағынан да қорғау мақсатында қабылданды. Аталған заңнамалық құжаттар барлық жерге таратылып жарияланды. Мысалы, 1921 жылдың 12 сәуірінде «Ақ жол» газетінің №46 санында «Әйел теңдігі» рубрикасымен «Қазақстан үкіметінің неке туралы шығарған заңы жарияланды. Онда былай делінген: (Түпнұсқа бойынша)

1. Бір қатыннан артық қатын алу әйелдің адамшылығына кемшілік келтіретіндіктен, әйелді күң есебінде тұтынып, еңбегін олжа қылуға себеп болады; Бұл жерде отағасының екінші әйел алуы, бірінші әйелдің ар-ұжданына нұқсан келтіретінін, сонымен қатар екінші әйел алса, бірінші әйел оны күң ретінде жұмсап, оны өз пайдасына пайлаланып екінші әйелдің қорлануына жол беретіндігін, сондықтан да көп әйел алушылыққа тиым салынатындығын көрсетеді.

2. Үй ішіндегі адамдардың өзгерісін жазатын АХАЖ (ЗАГС) бөлімдерге жаздырған неке дұрыс неке деп табылады; Бұл пункт бойынша халыққа заңнамалық негіздегі өзгерістерді яғни ресми мемлекеттік органдарға тіркелу қажеттегін айтады.

3. Неке қиғанда шариғаттың айтқанын істеу қыз бен жігіттің ықтиярында. Бірақ шариғат бойынша неке қиюдан бұрын, үй ішінің өзгерісін жазатын бөлімге барып жазылу керек. Заң бойынша да шариғат заңымен неке қидыруға қарсы емес, бірақ міндетті түрде алдымен АХАЖ (ЗАГС) бөлімдерінде неке қиюды талап етеді, бұл тәртіп қазірге дейін жалғасуда.

Сонымен қатар заңда жастардың неке қию жасын нақтыланып белгіленді, ол үшін күйеудің жасы 18-ден, қыздың жасы 16-дан кем болмау керек деп шешеді. Мұнан басқа басы бос кісі неке қиып үйлене беретін болса, қағазға тіркелу қажет. Егер де бұрынғы некесі бұзылған жағдайда, қағаз жүзінде қосағынан айрылмай яғни ажырамай жатып қайта үйлене алмайды, ал әйел жаңадан күйеуге тимейді. Қазақ қоғамында ертеден келе жатқан ата дәстүр жеті атаға толмай қыз алыспау, міне осы дәстүр қазақ арасында қатаң сақталғанымен ол да заң жүзінде нақтыланды. Бірақ заңда жеті атадан бөлек, төрт атадан аспай неке жүрмейді деп белгіленді. Мәселен, ағайын туысқан арасына әке жағынан да, шеше жағынан да төрт атадан аспай неке жүрмейді, оның ішінде, әкесі бір, шешесі басқа, я шешесі бір, әкесі басқа ұл-қыз арасында да неке қиылмайды, олар туысқан деп саналады. Некесіз туғандар некелімен бірдей. Сол сияқты әйелдің бұрынғы күйеуінен қалған баласы мен оның қазіргі күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған баласының арасында неке жүрмейді. Неке қиғанда да үйленетін жұптар некесін көзбе-көз отырып қидырады. Неке қиятын орынға күйеу мен қыз өзі бармай, орнына уәкіл сайлап жіберу болмайды. Сонымен қатар неке қию үшін екі тараптың да толық ризалығы, келісімі болу керек. Біреудің зорлығымен неке

қидыру ризалықпен  деп танылмайды. Некеге тұратын қыз бен жігіттің әке-шешесі, ағайындары құдандаласып, уәде байласып келіскенімен де қыз бен жігіттің өзара келісімі болмаса неке қиылмаған. Және де қызды не әйелді үйлену үшін ықтиярсыз алып қашып, некеге көндіру үшін зорлау фактісі орын алса, онда жігіт сот үкімімен жазаланатын, ал әмеңгерлікке тиым салынғамен, жесірдің өз еркі өзінде, өлген күйеуінің ағайындарынан бөлек, басқа біреудің адамына тием десе де өз еркінде болған.

Жоғарыда қабылданған заңда ажырасуға байланысты да бірнеше баптар қарастырылды. Мәселен, некедегі жұптар некесін бұзып айырылуға да болады делінген. Айырылу үшін екеуі де қаламай ақ,  екеуінің біреуі айрылғысы келсе айырылады. Егер ерлі-зайыатының екеуі де айырылғысы келсе, өздері некеге тұрған бөлімге айырыламыз деп арыз жазады, болмаса тиісті халық сотына арыз береді. Екеуінің біреуі айрылғысы келсе, онда оның ісі соттың қарауымен шешіледі. Бірақ мұнда да Халық сотына айрылғысы келген әйел мен ері екеуі бірдей келіп айырыламыз деп арыз берсе, онда сот  олардың жұмысын, арызын алысымен бітіреді. Егер айырыламыз деген арызды ерлі зайыптылар бірдей бермесе онда оны тексеріп шешу үшін сот белгілі бір мерзімді тағайындайды. Берілген арыз тілектерді ол кезде халық соты өзі тексеріп шеше беруге құқылы болған. Оның үстіне ол ажырасу жөніндегі арызды алысымен, халық соты ізденушінің қолына оның арыз бергенін һәм қосағынан бөлек тұруға ықтиярлы екенін куәләндіріп қағаз жазып береді. Бірақ сол кездегі некеге тұру мен ажырасудың бір ерекшелігі бұл қаулы губерна мекемелері тұратын қалаларда үкімет атына шығатын газеттерге басылып, ел елге жарияланған күннен бастап күшіне кіретін болған. Жоғарыда көрсетілген газетте жарияланған некеге қатысты бап ережелерге Сот комиссары Әлібеков қол қойған [85].

Осы кезеңдерде баспасөз беттерінде әйел теңдігі мәселесі тұрақты түрде жарияланып тұрды. Мысалы, «Ақ жол» газеті беттерінде «Әйел теңдігі» рубрикасында осы мәселеге қатысты мақалалар үзбей берілетін. Сол мақалалардың бірі «Жетім қыз» деп аталатын (Авторы – Жұмағали (С.Қожановтың бүркеншік аты) мақалада: «Ұлттың ұлт болып жасауы, көркеюі ілгері басуы үшін бірнеше себептер болуы керек. Ол, себептердің бірі ұлт анасы, ұлт тәрбиешісі әйел болуға тиіс. Әйел теңдіксіз, әйел надан, әйел күң болса, ұлт қанатсыз құсқа ұқсап, қанша талпынғанымен алға бара алмайтыны белгілі. Бұл мәселе айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ, осы күнгі қазақ әйелдерінің халі әсіресе, 1917-1918 жылғы ашаршылықтан кейінгі Түркістан әйелдерінің ахуалы өте қиынға айналды. Сатылды, панасыз, үйсіз, жалаңаш күйсіз шиеттей жетім қалды [86]. Сол сияқты Ақ жол газетінде жарияланған «Әйел мәселесі» мақаласында Кеңес өкіметі әйел теңдігін орнатқанмен әлі де болса бостандық, теңдікке қарама-қайшылық құбылыстар орын алып жатқанын, атап айтқанда қыз балаларын күң орнына жұмсап, мал орнына сатылып жатқанын, байы өлген әйел әмеңгерлікпен байланатынын, тұрмыс құратын қыздардың жасы белгіленге қарамайтындығын, кім мал берсе соған әйел болатынын жазады. Мақалада оңтүстік пен шығыстағы әйел жағдайы да салыстырыла қарастырылады. Мәселен, мына деректерді келтіре кетейік: «Қырда болсын, Сырда болсын қазақ-

қырғыз біткеннің барлығының тұрмыс-тіршілігі бір. Қалың мал, әмеңгер, құда, жастай құда болу. Түркістан қазақтары 12-13 жасар қыздарды келін етіп түсіре береді.Түркістанда Кеңес өкіметі орныққалы төртінші жыл болса да, әйелдер теңдігі жайынан бұл күнге шейін еш нәрсе істелінген жоқ. Қазан төңкерісінен кейін, Семей губерниясында жергілікті халық әйелдер теңдігін орнатуға жұмылып, ат салысқан. Қалың мал мәселесін жойған, кәмелет жасына жетпей қыз күйеуге берілмейді, қатын үстіне қатын алу, әмеңгерлік жойылған», -деп жазады [87].

Көріп отырғанымыздай Кеңес өкіметі бәріне бірдей әйел теңдігін орнатқанымен, халық арасында, әсіресе, оңтүстікте теңдік бола қойған жоқ. Оған жоғарыда көрсеткен мәліметтер дәлел. Тіпті, 1920 ж. Орынборда болып өткен қазақ-қырғыз съезінің қаулысы: қалыңмалды жою, 16 жастан аспаған қызға неке оқымау, бір әйелден артық әйел алуға да тыйым салу, т.б. Түркістан өңіріндегі қазақтарға әсер ете қойған жоқ.

Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін «Қалың малды жою туралы» декреті 1920 жылдың 28 желтоқсанында қабылданды. «Ескінің қалдығы» қатарына жатқызылған қалың мал беру заңсыз деп танылып, қатаң жазаланатын болды [88].

Жылдар бойы келе жатқан көп әйел алу мен әменгерлік салттарын жою мақсатында кеңес өкіметі 1921 жылы 17 қаңтарда «Қырғыздардың неке құқығы туралы» декретін қабылдайды.

1921 жылы 14 маусымда Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің де «қалыңмалды» жою туралы декреті жарияланады. Бұл декретке сәйкес «қалыңмал» жайлы барлық келісімдер заңсыз деп есептелініп, декреттің қаулыларын бұзушылар қылмыстық тәртіп бойынша сот алдында жауапкершілікке тартылады деп танылды [89]. Алайда бұл декрет заң жүзінде тек қазақтарға ғана таралғандықтан, 1923 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитеті республика аумағындағы барлық ұлттарға қатысты жаңа декрет енгізді. 1924 жылы заңды түрде қабылдаған Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару Комитетінің «қалыңмал» мен басқа да тұрмыстық қылмыстарды жазалау туралы декреті жарық көрді. Қабылданған заңнамалық актілер мен құжаттарға қарағанда кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ақ тұрмыстағы әйел теңдігіне көп көңіл бөлініп, оларға қатысты кемсітушілік, құқық бұзушылыққа қатысты шараларды да қолға алды. Мәселен, жоғарыда айтылған «Ақ Жол» газетінің №16-шы санында Қазақстан үкіметінің қалың малды жою туралы шығарған қаулысын іске асыру үшін заң комиссариаты баяндама ретінде жариялаған «Ережеде» (түпнұсқа бойынша):

1-Қалың малды жою жөнінде қаулы (низам) жарияланғаннан кейін, қалыңдық үшін қалың мал беру һәм алу-жазаланатын қылмысты іс есебінде болады.

2-Бұл істің қылмысты болып саналуының екі түрлі белгісі бар: а) екі жақтың құдалық сөйлесіп келісуі; келіскеннен кейін күйеу жағы мал беруге қалыңдық жағы малын алып біткен соң, қыз беруге міндетті болуы; б) күйеу жағы құда түсіп, малын түгел яки, жартылай беру, қалыңдық жағы-малды қолына алу.

3-Екінші бапта көрсетілгендей, мал берген күйеу мен қалыңдық арасында неке оқылған-оқылмағанына қарамай қылмысты деп санау, т.б. Көрсетілген ережеде қалың малға қатысты келісуден бастап, құдалық, басқадай жағдай болғанда оны қайтару т.б. мәселелер жөнінде жазылады. Аталған ережеде қалың малға қатысты дау-дамайды шешудің құқықтық жағы да жан-жақты қарастырылған.

4-бұрын түгел яки, жартылай қалыңмал берушілердің һәм алушылардың ісі қылмыстыға қосылмайды. Бірақ, ол бұрынғы құдалықтар алыс-беріс қылуға шарт бола алмайды. Мәселен, қалыңмал төлеген екенмін деп, қалыңдығын сұрай алмайды (қалыңдық өзі барамын демесе); егер тіпті неке оқылмайтын болса, беріп қойған малын да сұрай алмайды. Низам жарияланбастан бұрын малының жартысын алып қойғандар, күйеумен қалыңдықтың арасында неке оқылған болса, қалған малын сұрай алмайды.

5-Низам жариялanудан бұрын қалыңмал туралы құдалықта ауылда келісу болсада, сот қорғауына алынбайды. Яғни, бұл туралы дау-дамай болса, сот қабыл алынбайды, тексермейді;

6-Низам жарияланудан бұрын некелесіп қойылғандарды айырарда, бұрынғы төленген қалыңмал қайтпайды. Бұл туралы ақылдасу, дауласу жұмыстарын сот тексеруге алмайды.

7-Жарияланғанша қалыңмалды қайтару туралы басталған, бірақ тексеріліп үлгірмеген істер бір жола тоқталады, бұл туралы айтылған, билік шығарған қарар орындалмайды, мұндай істерді орындаушы мекемелер қарарын орындамастан, тезінен билік айтқан соттардың өздеріне қайтаруға тиіс;

8-Қалыңмалды жоюға (қалдыруға) қарсы істелген жұмыстарды, алты заседательный халық соты тексереді. Мұндай жұмыстарға жай адамдар, милиция, ғайыры мекемелер қатыса алмайды.

Міне, осындай, бір қалыңмал мәселесіне қатысты 28 бап жазылып, жарияланған. Қалған баптарда қалыңмалды жоюға қарсы жұмыстар жүргізілгендігін, «жай кісілердің арызымен не атқару комитетінің ұсынысы, милиция, немесе, басқа ұйымдардағы лауазым иесі адамдардан білдірілсе, онда оларды Халық соты өз қарауынша қарай алады, бірақ бұл жерде домалақ арыздар, шағымдар (аты жөнін жазбаған) қаралмайды, әрі мұндайларды қарауға дәлел жеткіліксіз» деп қараған. Ал, енді қалың малды жоюға қарсыларға жаза екі түрлі болады: «а) екі еседен артық арттырмай мал алған кісілердің өздерінен ғана, қалыңмалды алып қазынаға салу. Бірақ, түк қатысы жоқ ағайындарын күйдірмеу керек; б) қалыңмал беруде һәм алуда, айыпталған адамдарға бір жылға шейін бас бостандығынан айыру жазасы» болады. Көріп отырғандай, егер қалың мал алатын болса, онда сол алынған мал-мүлік екі есе болып қазынаға алатын болған. Мұнда қазынаға алынатын мал мүліктің мөлшерін сот шешеді, бірақ ол істе мал-мүлкі қазынаға алынатын адамдардың дәулетін, тіршілігін есепке алады. Мәселен, байлардан алған қалың малдың үстіне, тағы сондай зат алынса, кедейлерден соттың қарауынша кемітіліп, шамасына қарай аз алынады. Қазынаға алынған мал-мүлікті де барынша оңтайлы шешуге тырысады. Мәселен, Халық сотының шешімін іске асыратын мекемелер, қазынаға алынған мал-

мүлікті ауылдық Кеңестерге тапсырады. Олар сол бойда кембағалдар қамқоршылығының бөлімшесіне білдіреді. Ауылдық Кеңеске берілген мал мүлікті олар сақтауға әрі малды індетке, боран мен жауын-шашынға ұшыратпай бағуға міндеттеледі. Бұларға бір ауылға берілген қалыңмал оның ішінде киіт секілді заттар келді дегенді ауылдық кеңес хабарланса, дереу анығын біліп, ондай мал-мүліктің жасырылмауына әрі ұсталып кетпей сақталуына мұқият болуға тиіс. Бұл туралы қандай қам қылғанын, тиісті халық биіне білдіреді. Мұнан кейін, халық биі ауылдық кеңестің істегені дұрыс па, теріс пе анықтап не бекітеді, не қаулыны бұзады. Айта кететін нәрсе, қазынаға алынған мал-мүлік, жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесінің қарауындағы айрықша қазынаға өтеді. Бұл қазынадан алдымен ауылнай қол астындағы жәрдемге мұқтаж өз күштерімен күн көре алмайтын жарлыларға, ауруларға, ақсақ-тоқсақтарға және осылар секілді кембағалдарға көмек беріледі. Осындай кедей-кепшік, ауру-сырқау, кембағалдарға аталған дүние мүлікті бөліп беру үшін бүкіл Қазақстан Республикасына қараған елді-мекендерден әлгі айрықша қазынаны әділдікпен бөлісу үшін жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшелері ашылады. «Кембағалдар қамқоршылық ұйымдары» болмаған жерлерде, айрықша қазынадан кемтарларға көмек берілсін деген жоғарғы ұйымдардың бұйрықтарымен қазынаға алынған малдар боран-шашын, жұт-індетке шалдығып, апатқа ұшыраудың алдын алып, ауылдық Кеңестер өз қарауымен ондай малдарды қол астындағы жетім-жесір, кем-кетіктерге үлестіруге құқы болған. Бірақ бұл жөнінде ауылдық кеңес қалай бөлгенін, малды кімдерге әрі қанша бергенін кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесіне толығымен есеп беретін болған. Енді жетім-жесір, кем-кетіктерге үлестіргеннен қалған қазынаны, жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесі рұқсатымен, шаруашылық одақтарына, әлеуметтік салаларға, жұмыскерлердің азық-түлігіне жұмсаған. Қалған қазынаны 24-ші бап бойынша, қалай үлестіру ретін жер комиссариатының жергілікті мекемелері көрсетеді. Қалыңмал берген және оны алған айыптыларға сот жаза кескенде адамына қарай, қылмысына қарай кеседі. Бірақ бір жылдан артық кеспейді. Бұл қабылданған заң 26-бап бойынша қалыңмалды жою күні, Қазақстанның облыстық қалаларындағы ресми газетте, сол қаулы басылып шыққан күн болып есептеледі. Бапта жергілікті «Губисполкомдар һәм областной заң бөлімдері, бұл қаулыны (низамды) тездікпен телеграф, радио арқылы, қазақ халқына тегіс жариялауға міндеткер» - делінді [90].

Осы декреттерді әйелдерге таныту мақсатында 1918 жылдың желтоқсанында РКП(б) Орталық Комитеті үгіт-насихат жүргізу комиссиясын құрады, ал 1919 жылдың қыркүйегінде комиссия әйелдер арасында жұмыс жүргізу бөлімі болып қайта құрылады [91]. Түркістан республикасының Орталық Атқару комитетінің декретінде (Ташкент, 1921 жылдың 14 маусымы) қалың мал мәселесі көтерілген болатын: «Қазақ, Түрікпен қатын-қыздарының адамшылық намысын кемсітіп, күң қылып келген. Оларды ақшаға сатып алатын тауар бағасына теңгеретін «қалың мал» байдың өктемдігін күшейтіп неке мәселесін адамның малды-малсыздығына байлаулы қылатын ескі әдет. Екінші

жақтан жарлылардың қатынсыз өтуіне себепші болады. Сол айтылған жаман әдеттен қазақ-түрікпен қатын-қыздарының адамшылық намысын қорғау үшін Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасы Н.Төреқұлов, Халық комиссарлар кеңесінің бастығы Атабаев қол қойған шешім шығады. Онда мынандай баптар қарастырылған:

1. Осы декрет жарияланғаннан бастап қыздың әке-шешесінің, туысқандарының яки жұрағаттарының қалың мал алуы, күйеудің әке-шешесінің, туысқан-жұрағаттарының қай түрімен болса да «жасау» өтеуі деп қыздың төленген малға бола күйеуге шығуға зорлайтын, қалың мал төлеуі тоқтатылсын.

2. Қалың мал туралы келісу, бataласу деген нәрселер тоқтатылсын. Осы декреттегі 2-3 баптардағы жолдардан тысқары жолдармен қалыңын, малды даулауға, соттан жәрдем сұрауға ешкімнің хақы жоқ.

3. Осы декрет шығудан бұрын төленген қалың мал, неке оқылған болса қайтарылмайды.

4. Неке оқылмаған болып малдың бәрі яки жарым-жартысы төленіп қойылып мал төлеуші еңбекшіл табынан болса қалың мал осы жарлық шыққаннан бастап 6 айдың ішінде қайтарылып беріледі.

5. Еркектің жасы 15-ке әйелдің жасы 16-ға толған ақылдары дұрыс болып, туысқандық, жақындық болмай екі жағы бір-біріне риза болған уақытында ғана некесі дұрыс болып саналады (неке туралы түпкі заң 5-66 бап).

6. Осы декреттің қайсы бабын болса да бұзушылар сот алдында мал үшін жауап бергені былай тұрсын бұзғаны үшін қылмысты болып жауапқа тартылады.

7. Жергілікті хүкімет адамдары осы декреттің дұрыс орындалуына абай болсын. Тыңдамаушылар соттың жазасына душар болады (Кіндік атқару комитетінің бастығы: Төреқұлов, Халық комиссарлар кеңесінің бастығы: Атабаев, Хатшы: М. Юмакаев) [85, б. 148].

Тіпті осы кезеңде «қалың мал жойылсын» қоғамы да құрылады. Осы қоғам жөнінде, қалың малға қарсы және қазақ әйелдерінің теңдігі мен еркіндігі үшін күрескен әйелдер қозғалысының жетекшісі, әрі белсенді Арықова Нағима мақала жазып, қазақтың салт-дәстүрлерінің бұрмалануына қарсы шығады, онымен күресудің жолдарына тоқталады. Ертеректе қалың мал қыз берген отбасыға көрсетілген құрмет, тойдың көркі болса, кейіннен мағынасы бұрмаланып, «қыздың құны қырық жеті» делініп пайда табу құралына айналды, деп көрсетеді [92].

Қазақстанда қалыңмалмен күрес қарқынды түрде 1920 жылы қабылданған декрет жүзінде тек төрт жылдан кейін ғана жүргізіле бастады. 1924 жылы елімізде кеңес билігінің «Қалың малды жою күнін» мереке ретінде атап өту қаулысы шығады. Осы мерекеге орай әйелдер бөлімі қабылданған заңнамаларды қалың жұртқа насихаттау мақсатымен заңсыз көп әйел алушылық пен қалың мал беру істерін ортаға салып, көрнекі сот отырыстарын ұйымдастырған. Қырғыз (қазақ) әйелін қалың малдан босату күнін атап өту үшін сот отырыстарымен қоса, өнерпаздар мен кәсіби әртістердің концерттерімен салтанатты қойылымдар өткізілді. Сондай-ақ, бұл науқанды бұқара халыққа таныту мақсатымен ауыл мен қаладағы әйел белсенділерінің өмірі, «Қалың малды жою күні» мерекесінің мәні

мен маңызы туралы жазылған газет-журналдар таратылып, үгіт-насихат іс-шаралары жасалды [93].

Ал 1928 жылы РКФСР қылмыстық кодексінің «Рулық тұрмыс қалдықтарын құрайтын қылмыстар туралы (о преступлениях, составляющих пережитки родового быта)» заңы қабылданады. Егер де бұған дейін, яғни, күйеуге мәжбүрлеп беру (1922 ж.), екі немесе көп әйел алушылық (1924 ж.), кәмелетке толмағандармен некелесу (1925 ж.) сияқты тұрмыстық қылмыстар жеке заңнаманы қажет етсе, 1928 жылы барлығын жүйелеп, 10-тараудан тұратын бұл заңнама бойынша байырғы қазақ некелесу салттары бұдан былай «ескінің қалдығы» деп аталып, заңмен қудаланды. РКФСР Қылмыстық кодексінің 199-бабы бойынша, екі немесе одан да көп әйелмен некеге отырған заң бұзушылар 1000 сом көлеміндегі ақшалай айып төлеп немесе 1 жылға дейін еңбекпен түзету жұмысына жіберілген. Ал құда түсуге қатысқандар да партия қатарынан шығарылып, айыпқа тартылған. Алайда, іс жүзінде елімізде қалың мал беру келісімдері тоқтатылмай, заңсыз түрде өткізіле берді. Ақшалай беруге ауысқан қалың малды тәркілеу ауылдарда түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігінен халық арасында заңды түрде жасалған неке үшін алынған салық болып есептелді. Ал тоқал алушылар өтірік ажырасып, екінші әйелін туысы немесе қызметшісі ретінде ұстап отырды. Бұл сан ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлерді жою оңай болмағанын дәйектейді.

Сондай-ақ, Кеңестік заң бойынша әйелдер ажырасуға ресми құқық алды. Жаңа заңнама бойынша ана мен бала ерекше қорғауға алынып, ажырасқаннан кейін бала ананың қамқорлығына берілді, ал әкесі тек қаржылай көмек беруі тиіс болды. Заңды қабылдағаннан кейін, оның алғашқы жылдарында-ақ қазақтар арасында ажырасулар көп кездесе бастайды. Бұндай жағдайларды әйелдердің салт шырмауынан шығуымен байланыстырып, оларды қатаң неке езгісінен босаған әйелдер ретінде көрсету жұмыстары жүргізілді. Ал шын мәнісінде, ажырасқан әйелдердің бұл шешімін өз ата-анасы «ұят» деп санап, қоғам, отбасы, билік те көмек көрсетпей, еш қамқорлығына алмады.

Кеңестік заңнамаға сәйкес отбасындағы мүліктік қатынаста әйел құқығы өзгеріске ұшырап, енді қазақ әйелі алғаш рет отбасылық мүліктің бір бөлігінің толыққанды иесі бола алды. Соған сәйкес, әйел күйеуі ажырасқан немесе қайтыс болған жағдайда оған тиесілі мүліктің бір бөлігін бөлу кезінде күйеуінің туыстарының шешімімен емес, заңмен қарастырылды. КАССР Халық Комиссарлары Кеңесі бекіткен 1921 жылғы 29 қыркүйектегі жарлықпен қалыңдыққа берілген махр әйелдің жеке меншігі ретінде бекітілді [94].

Дегенмен, кеңес өкіметі «ескінің қалдығын» қаншалықты жоюға тырысқанымен, іс жүзінде қалың қара халық арасында бұл салттарды әлі де ұстанып отырғандығы белгілі еді. Оны Н.Арықованың 1928 жылы «Әйел теңдігі» газетіне жазған хатынан байқауға болады: «... Осы күнге шейін қалыңмал және түрлі ескі әдеттерді жою туралы істелген іс шамалы болып келді. Көпшіліктің өзі қалыңмалдың өзі жалпы мәдениет шаруа тұрмысына зиянды екенін толық түсініп болған жоқ. Осы күнгі қалың мал жасырын күйге айналып, құйрығын ұстатпай отыр. Жасырын болғанда жұрттың өзі ғана жасырады

демейміз. Қызметкерлеріміздің де кейбіреулері туған-туысқандарының, тамыр-танысының қалың мал алуына көмек береді» [92, б. 14].

Сол себепті, кеңес өкіметі қазақ әйелдерінің салт шырмауынан шыққандығын асыға жариялағанымен, билік басындағы партия қызметкерінің әлі де қалың мал төлеп, екі не одан да көп әйел алғандарына көз жұма қарағаны расталды.

Осылайша, Кеңес өкіметінің тұрмыстық қылмыстарға қарсы заңнамалық іс-шаралары іс жүзінде толыққанды жүзеге асты деп айта алмайтынымыз анық. Тұрмыстық қылмыстардың көпшілігі әйелдердің отбасында қаналуымен, заңсыз қалың мал беру, күштеп тұрмыс құру мен көп әйел алу салттарына қатысты жалғаса берді. Алайда, XX ғасырдың 20-шы жылдарында жаңадан енгізілген заңдық нормалар қоғамды ескі некелесу тәртіптерін жасырын қолдануға итермелесе де, заң алдында әйелдің әлеуметтік және құқықтық мәртебесінің қолға алыну талпынысы бірте-бірте әйелдің қоғамдағы рөліне өзгерістер әкелді.

Соның нәтижесінде, социалистік қайта құрулардың ықпалынан Қазақстандағы отбасы институттарының құрылымы ғана емес, бүкіл этностың ішіндегі дәстүрлі әлеуметтік қатынастар жүйесі өзгеріске ұшырады.

1919 жылы маусымда Түркістан Компартиясының ОК жанынан әйелдердің жұмысшылар мен дихандар бөлімі (женотдел) құрылады, осыған ұқсас бөлімдер облыстық, қалалық, уездік және аудандық партия комитеттерінде де пайда болады.

1920 жылы барлық облыстық комитеттер мен уездік комитеттерге жіберілген домалақ хатта Түркістан КП Орталық Комитеті жұмысшы әйелдердің жағдайы социалистік революцияның үшінші жылы өткеніне қарамастан, Түркістан әйелдері әлі де жылдар бойы созылып келе жатқан діни және тұрмыстық кемсітудің езгісінде жүргені туралы айтылды. Осыған байланысты Түркістан КП Орталық Комитеті партия ұйымдарын әйелдер арасындағы партия жұмысына байланысты мәселелерге аса назар аударуға міндеттеді - облыстық комитеттерге, уездкомдарға жергілікті жерлерде ұйымдастырылған әйелдер бөлімдеріне барынша пәрменді көмек көрсетуді, ал олар ұйымдастырылмаған жерлерде әйелдер арасында тыңғылықты жұмыс істеу үшін партия комитеттерінің құрамынан адамдарды дереу бөлуді ұсынды [91, с. 465].

Олар бұл жұмысты үйлерді аралап, өздеріне жүктелген міндеттерді түсіндіру мақсатында жергілікті әйелдерді жинап, жиналыстар, съездер мен конференциялар өткізді, онымен қоса, делегаттық жиналыстар да ұйымдастырды. Алғашқы ұйымдастырылған конференциялар әйелдер конгрестері шынымен революциялық маңызы бар оқиғаға айналды. Олар әйелдің бойында адамдық қадір-қасиет сезімін оятып қана қоймай, азаматтық құқықтар мен міндеттермен таныстырды, онымен қоса, жаңа, бақытты өмірге деген сенімді оятты.

Кеңес өкіметі әйел теңдігін іс жүзінде іске асыру үшін белсенді іс-шаралар қабылдауға асықты. Солардың бірі - XX ғ. 20 жылдары партия, кеңестік ұйымдарда әйелдер арасында жұмыс жүргізетін әйелдер бөлімі құрылады. Негізгі мақсаты ескіліктің сарқыншақтарымен күресу, сауатсыздықты жою деп

белгіленген бұл жұмыстарда алғашқы белсенділер арасында А.Оразбаева, Сара Есова, Нағима Арықова, Нәзипа Құлжанова, Шолпан Иманбаева, т.б. болды [95].

1920 жылдардың басында құрылған әйелдер бөлімдерінің бір ерекшелігі - өз қызметінде өлкелердегі әйелдердің өмір салтының ерекшеліктерін, жергілікті дәстүрлерін ескеруге тырысты. 1921 жылы РКП(б) Орталық комитетінің әйелдер, жұмысшылар мен шаруалар арасындағы жұмыс бөлімі Шығыс халықтарының коммунистерімен кеңес өткізіп, қатысқан 40 делегаттың екеуі ҚазАССР-нен, ал әлеуметтік жағдайы бойынша 17-сі зиялы қауым өкілдері болып есептелді. Қазақстанда әйелдер үшін арнайы сайлау учаскелері құрылды. 1926 жылы қабылданған БОАК (ВЦИК)-тің кеңестерді қайта сайлау жөніндегі нұсқаулығында кеңестердің жұмыс жоспарларына этникалық топтардың өмірінің барлық салалары бойынша іс-шараларды енгізу және ең алдымен, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік функцияларын бөлек орындауға бағытталған дәстүрлі қоғамдарда әйелдерге арнап, бөлек жиналыстар өткізу шаралары қарастырылған [96]. Осындай мақсатпен Түрікменстан, Өзбекстан, Қырым, Татарстан мен Башқұртстан елдеріндегі дәстүрлі ерекшеліктерді ескеріп, сайлау уақытында жергілікті әйелдерге арнайы сайлау учаскелері мен пункттері құрылды [97].

ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының ортасында барлық ұлттық республикалардың және Кеңестік облыстық атқару комитеттері жанынан әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту жөніндегі арнайы комиссиялар құрылды. Оларға әйелдердің жағдайын жақсартуға арналған заңдар мен қаулылардың жобаларын әзірлеу, халық шаруашылығын дамытудың бюджеттері мен жоспарларын қарау, еңбекші әйелдердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету міндеттері жүктелді.

Партия ұйымдары әйелдердің бостандығы мен теңдігі туралы кеңестік заңдарды халықтың қалың бұқарасына түсіндіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Тұрмыстың ескі сарқыншағымен күресу мәселелері партиялық-тәрбие жұмысының жалпы жоспарларына еніп, партиялық жиналыстар мен конференцияларда, кәсіподақтар съездерінде қойылды. Осындай мәселелер 1921 жылдың наурыз айында өткен Семей губерниясының мұсылман әйелдерінің съезінде қозғалған тақырыптардың бірі болды. Мұсылман әйелдерін партия құрамына енгізіп, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін ұйымдастырушылар қатысқан 85 әйелге республикадағы әйелдер жағдайын жақсартудың маңыздылығын түсіндірді. Оны жүзеге асыру үшін күн тәртібіндегі кеңес кезеңіне дейінгі және кейінгі өзгерістердің жалпылама талқылау мәселелеріне қарағанда, әйелдердің тұрмыстық-экономикалық жағдайын көтеруді іске асыруды талқылау қажет деген шешімге келіп, бұдан кейін, делегат әйелдер музейлерді, радиостанцияларды, ана мен бала үйлерін аралауға кіріседі. Әйелдерді қызықтырған тақырыптар арасында ана мен балаға қажетті медициналық көмек беру, мектеп жасына дейінгі балаларды тиісті мекемелерге орналастыру мәселелері ерекше толғандырды. Сонымен қатар сауатсыздықты жою мен әйел мен еркек арасындағы теңсіздікті жою мәселелері бойынша нақты іс-шаралар жоспары қабылданып, жаңадан құрылған Семей губерниясының әйелдер бөлімінің қырғыз-татар секциясы атынан Шығыс халықтарының

Бүкілресейлік съезіне қатысатын 7 делегат таңдалды. Алайда, соған қарамастан, 1922 жылдың қыркүйегіне дейін губернияда әйелдер бөлімі жұмысы жүрмеді, ал осы 1922 жылы қазақтардың губерниялық конференциясына бар жоғы тек 2 қазақ және 14 татар әйелдері ғана келген еді.

1923 жылғы Семей губерниясының әйелдер бөлімінің есебі бойынша, губернияда барлығы 217 делегат болса, ал, әйелдер кеңесінің құрамына 21 әйел мүшелік еткен. Ал 1922 жылы Орал губерниясында жұмыссыз 50 әйел қызмет еткен артель құрылғанымен, губерниялық партия конференциясына партияда жоқ қазақтарды губкоммен шақыртудан «қаражаттың жоқтығы» себебімен бас тартылды [98].

1926 жылы Орта Азия мен Қазақстан республикаларында феодалдық және патриархалдық-рулық қатынастардың қалдықтарын жою туралы мәселесін жеделдетіп шешу үшін жағдайлар жасалды. Партиялық ұйымдар мен кеңестерді нығайту, партияның әйелдер арасындағы жұмысы, экономикалық және мәдени құрылыстағы алғашқы жетістіктері осы мәселені шешуде ықпал етті. Орталық Азия мен Қазақстан жағдайында әйелдерге қатысты жұмыстың әйелдер клубтары, қызыл отаулар, әйелдер кооперативтік дүкендері және т.б түрлері ұйымдастырылды. Әрине әйелдер бөлімі, әйелдер клубы, қызыл отаулар әйелдер арасында жұмыстар жүргізгенімен, әсіресе, ауылды жерлердегі әйелдердің көбі қамтыла қойған жоқ. Оған әйелдер арасындағы сауаттылықтың төмен деңгейде болуы ықпал етті. 1925 жылы БОАК (ВЦИК) бекіткен РСФСР Қылмыстық кодексіне толықтырулар негізінде автономия мен республикалық қаулы үшін гендерлік қатынастарды реттеуге құқықтық шаралар қолданылды. Бұл кезде тұрмыстық қылмыстар мен ерте некеге тұруға қатысты кодекстің тарауында арнайы бап болған жоқ. Сол себепті, бұл мәселе 1925 жылы 24 тамызда республикалық шешіммен расталса, сол жылдың 15 қазанында арнайы жарлық шығарылды. 1925 жылдың ортасында әйелдер Республика партиясының барлық кандидаттарының 9,2% құрады. 1926 жылғы қаңтарда Қазақстанда БКП(б) 935 ұйымында барлығы 16226 әйел болса, оның 189-ы коммунист әйелдер, ал партияға кандидаттар саны 475 болды [41, с. 25]. Кеңес өкіметі әйелдерді қоғамға әлеуметтендіру, социалистік құрылысқа белсенді ат салысу екпінін күшейту үшін де түрлі қоғамдық-әлеуметтік ұйымдар ашты. Қазақ Өлкелік Комитеті (Қазкрайком) 1925 жылы «Болыстық әйелдер киіз үйін» құру жөніндегі ережені қабылдады. Жаңадан ұйымдастырылған қоғамдық мекеменің міндеттері ретінде қараңғылық пен сауатсыздыққа қарсы күрес, қазақ әйелдеріне социалистік идеяларды насихаттап, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жаңа өкіметтің заңдық ережелерін, медициналық сауаттылықтың қажеттілігін түсіндіру жұмыстары болып белгіленді. 1926 жылдың аяғынан бастап ҚАКСР ОАК жанынан әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссия жұмыс істей бастады. Оның жетекшілігін қосымша аймақтық әйелдер бөлімінің нұсқаушысы жүзеге асырды. Тек 1928 жылдың басында бұл қызметке комиссияның арнайы жауапты хатшысы Жалмұхамедова тағайындалды. Партия Крайкомының әйелдер бөлімінің бастамасымен 1928 жылғы мамырда Казақ ОАК-тің 3-ші сессиясында әйелдердің теңдігін іс жүзінде орнатудағы іс-шаралар жөнінде

баяндама тыңдалды. Сонымен қатар, атқарылған істердің бірқатар кемшіліктерін жоюға назар аударылды [41, с. 27].

Қорытындылай келгенде, бұл берілген деректерден байқағанымыз, XX ғасырдың 20-шы жылдарының аяғына дейін қазақ әйелдерінің толыққанды теңдігі орнай қоймағанын, қоғамға әлеуметтенуі баяу жүргенін байқауға болады. Сонымен қатар, берілген деректер негізінде, әлеуметтік-мәдени салаларда оқыған әйелдер көбейгендігімен, әлі де әйелдер арасындағы белсенділіктің төмендеу екендігін көрсетіледі. Кеңес билігі социалистік қайта құруларға әйелдерді жаппай тарту жұмыстарын жүргізгенімен, бұл жоспардан әсіресе, ауылдардағы әйелдер сауатсыздықтың жоғары деңгейі себебінен қалыс қалғаны анықталды.

## 2.2 Саяси және әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсері

Кеңес өкіметі Қазан төңкерісінен кейін іле-шала, таптық күрестің қызу қайнап тұрған кезеңінде «жаңа түрдегі кеңестік адамдарды» қалыптастыру жобасына кірісіп кетті. Соның маңызды бөліктерінің бірі - әйелдер қауымын қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер арнасына қосу арқылы белсенді ету. Әрине әйелдердің жаңа келбетін қалыптастыру кеңестік билік өкілдері пен партия қызметкерлерінің идеологиялық жасампаз ой-мақсаттары және өз түсініктеріне сай қабылдаған іс-шаралары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын болды. Қоғамдағы белсенді әйел келбетін қалыптастырудың әлеуметтік астарында коммунистік идеологияның әлеуметтік-экономикалық және саяси нақты мүдделері жатқан болатын. Азаматтық қарама-қарсылық күрестер мен соғыстар барысында ер-азаматтардың басым бөлігі майдан шебіне тартылып, өлім-жітім күшейіп, шаруашылық пен кәсіпорындар тоқтап қалмай, үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі адами ресурстардың көзі ретінде «әйел теңдігі» деген ұран аясында әйелдерді ауыр да, аса қажетті жұмыстарға тарту арқылы, еңбек қолының жетіспеушілігін шешуге тиіс болды.

Бұл үшін большевиктер оған идеологиялық негіз жасауға тиіс болды, сондықтан әйелдер ғасырлар бойы әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны болып келгендіктен ендігі жерде олардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық теңдігі жариялана отырып, белсенді түрде қоғамдық жұмыстарға тартылды. Әйелдерді азат ету отбасыдан басталуы қажет болды. Яғни, бастапқы кезде 1920 жылдың ортасына дейін жаңа әйел қауымын қалыптастыруда отбасының маңызы жоққа шығарылды. Отбасылық жұмысқа кедергі болады деп айыпталып, әйел үйдің күйбең тірлігінен шыға алмай, жұмысы нашарлап, қоғамдық белсенділігі төмендеп кетеді делінді. Соның бір көрінісі Бейімбет Майлиннің 1929 жылы жазған «Раушан коммунист» повестінде баяндалған. Дәл осылай жоғарыдағы талаптар үрдісінде Қазақстанда отбасы қарым қатынасының трансформациясы басталып, әйелдердің әлеуметтік статусына өзгерістер ене бастады.

Әйелдерді жұмысқа тартудың қиындықтарын шешу барысында, алдымен арнайы бала бақшалар жүйесін дамыту мен әйелдердің денсаулығын мемлекет қорғауға алу қарастырылды. Балаларды қорғау бойынша үлкен жұмыстар 1919

жылы құрылған Қазәскерревкомы жанындағы Халық ағартудың мектепке дейінгі оқыту бөлімшесі арқылы жасалды. Соғыс уақытының қиындықтарына қарамастан,1920 жылдың көктемінде мектепке дейінгі тәрбие беру курсына қабылдау жарияланған болатын. Қырғыз(Қаз)әскерревкомы курсанттарды жатақханалармен және 50 рубль шәкіртақымен қамтамасыз етуге кепілдік берді [45, с. 213].

Бастапқыда бұл екі айлық курстарда 37 адам күндізгі және 40 адам кешкі немесе сырттай бөлімде оқыды, дегенімен түрлі себептермен көпшілігі толық аяқтамады. Қысқа курстардың тиімсіздігіне орай 1922 жылдың қыркүйек айында мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісін дайындайтын бір жылдық әйелдер курсына өзгертілген еді. Жас сәбилер мен аналарды қорғау мекемелерінде кадр тапшылығы өте күрделі болды. Бұл мәселені шешу үшін қоғамдық жұмыста тәжірибесі бар әйелдерді аймақтардан делегат ретінде екі айлық курстан өткізіп қажетті кәсіби машық алған соң оларды жас сәбилер мен аналарды қорғау бөлімдеріне нұсқаушы немесе қызметкер ретінде орналастырды. Тәжірбиеден өтушілер негізінде дайындалған бала бақша тәрбиешілерін дайындау жылдамдатылып, өз жемісін бере бастады. Жергілікті жерлерде мектепке дейінгі тәрбие бөлімшелерінің бастамасымен балабақшалар, сүт тарату кухниялары, ана мен бала үйлері, жетім балалар үйлері ашыла бастады. Яғни, әйелдердің жұмысқа тұруына жағдай жасау қарастырылды.

Соған қарамастан әлі де көптеген мәселелер шешімін таппаған еді. Кеңес өкіметі әйел теңдігін жария етті, ерлермен бірдей еңбек етуге мүмкіндік бергенімен, бұл теңдіктің құны қымбатқа түсті. Жаңадан құрылған билік соғыстан кейінгі экономикалық күйзеліс жағдайындағы жұмыс күшінің тапшылығы есебінен түрлі ұрандармен әйелдерді ауыр өндірістік жұмыстарға тартуды көздеп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Алайда, берілген әлеуметтік көмек деңгейінің төмендігі әйелдердің тұрмыстық жағдайына өз әсерін тигізді: балабақшалардың, дәрігерлік-акушерлік пункттердің аздығы, жұмыс уақытының шектелмегендігі, қажетті дәрігерлік көмектің, азық-түлік пен ас-ауқаттың тапшылығы, әлеуметтік-тұрмыстық, гигиеналық жағдайлардың күрделілігі, ешбір еңбек қауіпсіздігі сақталмаған, суық және денсаулыққа зиян өндіріс ғимараттарында жағдайда жартылай аш-жалаңаш еңбек еткен әйелдердің жағдайы әлі де қиын еді.

Осыған байланысты, 1925 жылы «Таң» журналының №4 номерінде жарық көрген А. Сейітовтың «Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмыстары» деп аталатын мақаласынан әйелдер денсаулығына қатысты мәліметтер келтіре кетейік: «Әйел науқастары ел ішінде өте көп. Қазақ арасында әйел науқастары көп болуының әлденеше себебі бар. Оның бірі әйел балаларды жастай күйеуге беру. Осы күнге шейін 13-14 -інде күйеуге берілетін қазақ қыздары толып жатыр. Әсіресе нашарлар арасында. Бойы өсіп, мүшелері толықпаған жас бала, күйеуге тиіп, бала көтеріп, бала асырау бейнетіне тым ерте кірiскендiктен бой өсуі бөгеліп, мезгілсіз ерте тапқан баладан науқасты болады. Жанындағы кексе қатындар, кемпірлер жәрдем етейіндеп көбінесе босанатын әйелді неше түрлі науқасқа ұшыратады. ...әйелді өз ықтиярымен босандырмай,

жіпке асып, шайқап, сілкіп, ішті тартып, теуіп, бала түсетін жерге қол салып бала табатын әйелге есепсіз көп зиян келтіреді» - деп, мақала авторы дәрігерге жүгіну қажеттігін атап өткен [99]. Дегенімен, әйел тұрмысының қиындығы тек бұл ғана емес: «Қазақ шаруасындағы жұмыстың көбі әйелде. Еркекте жұмыс кем болады. Еркек шаруаға қараса, ат үстінде жүріп қарайды, артық қиналмайды. Қазақ әйелінің күні ұзын дамылы жоқ, үй ішіндегі ұсақ шаруаның бәрі әйелдің мойнында». Мақала авторы әйел тұрмысының денсаулыққа зиянды жақтарын ары қарай былай сипаттайды: «Бала тапқаннан кейін 2-3 күн өткеннен кейін тағы күн ұзын қыбырлап шаруа жұмысында болады. Әйел денсаулығына мұнша тез тұрып, ауыр жұмысқа кірісудің көп зияны бар. Екіқабат кезінде өсіп созылған бала орны 2-3 күнде кішірейіп тартыла қоймайды. Ауыр жұмыс істеп қиналғаннан кейін жатыр қисайып бүктеліп әйелге ауыр науқас болып білінеді. Әйелдер науқастарын әсіресе молайтып, қазақ әйелінің өмірін қысқартып, халық өсімін азайтып бара жатқан ірі себептер осылар» деп атап көрсетеді [100]. Бұның шешімі қандай болмақ дегенде мақалада: халыққа өздерінің заңдық құқықтарын түсіндіру, қазақ әйелдері арасында үлгі көрсетіп, босанудың тәртібін түсіндіретін аналар үйін (екіқабат әйелдер босанарда жататын үй) және үйді-үйге барып, жәрдем беретін акушеркалар көмегін ұйымдастыру қажет деген.

Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ қаңғыбас балалармен жұмыс істейтін комиссиялар жұмыс істей бастаған болатын. Бұл жерде әйелдердің қаңғыбас балалардың тағдырына қатысты қызметі өте белсенді болды: әр түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, одан түскен қаражатқа киім-кешек, ойыншықтар алды. Жетім балалар үйіне ешбір ақысыз тәрбиеші болып қызмет атқарды. Әрине, тұрғындар арасында жетім балаларды асырап алғысы келгендер көп болды, бірақ арнайы мемлекеттік мекемелер бұған қарсы болды. Соның бір мысалы: «РКП(б) Семей губком төралқасы 1921 жылы 12 қаңтарда «ана мен сәбилерді қорғау» бөлімі меңгерушісінің азаматтардан асырап алу туралы көптеген өтініштер келіп жатқаны туралы берген ақпаратын тыңдай келе: «жетім балалар үйіндегі балалар жеке қолға берілмесін, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу керек» деген шешім қабылдаған[45, с. 214].

Дегенімен, әлеуметтік-саяси жағынан бұл шешім дұрыс емес еді, өйткені қаңғыбас балалардың саны жыл сайын тоқтаусыз өсе берді, мысалы: 1924 жылы Қазақстанда 45 мың қаңғыбас балалар тіркелген болатын. Ал оларды қабылдап алатын мекемелер (218 ғана) бар жоғы үштен бірін, яғни 15502 баланы қабылдауға ғана шамасы жететін. Қабылдап алған балалардың өзін қажетті киім-кешек, аяқ киім мен төсеніштер және азық түлікпен қамтамасыз ету өте ауыр жағдайда болды. Аштық пен басқа да ауртпалықтарға төзе алмаған балалардың қашып кетуі де жиі кездесетін. Бұл жағдай кейіннен біртіндеп түзеле бастады.

Республикада азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйреуі, 1921-1922 жылдары қатар келген аштық пен жұтқа қарамастан «ана мен баланың денсаулығын қорғау» шаралары кең қанат жайды, Аналар мен сәбилер үйлері ашылды, жүкті әйелдер мен емшектегі балалар үшін кеңес беру пункттері жұмыс істеді, жезөкшелікпен күрес комиссиялары құрылды.

Қазақ әйелдері қоғамдық-саяси жұмыстарға ендігі жерде түрлі мекемелер мен қоғамдық ұйымдар арқылы белсенді араласа бастады. Мысалы, 1925 жылғы есептерде қала мен ауылдағы әйелдердің 6,6 мыңы жергілікті кеңестерге мүше болып сайланған. Қазақ әйелдерін басыбайлықтан, сауатсыздықтан құтқаруға ауқымды іс-шаралар жоспары қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Ел ішінде әйелдер қозғалысы жанданып, оның басында Алма Оразбаева, Нәзипа Құлжанова, Сара Есова, Мәдина Бегалиева және т.б. ұйтқы болды.

Архив құжаттарына жүгінсек: ҚР Президенті архивінің №139 қорындағы «РКП(б) Қазөлкеком жұмыскер әйелдер бөлімінің есебі» деп аталатын құжатта: 1925 жылы Қазақстандағы делегаткалар - 10787 болса соның ішінде қазақ әйелдері – 3925 делінген [101]. Бір жыл ішінде делегаткалардың 1900 астам жиналыстары өткізіліп, орыстар арасында -1455, ал қазақ әйелдері арасында 445 – өткен. Әрине жергілікті жердегі әйелдер бөліміне арналған нұсқаулықтар, бағдарламалар мен жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспарлары туралы ұсыныстар беріліп жататын. Осындағы мәдени-ағарту бөлімі бойынша есепте, аудан елді мекендерінде әйелдер мектептері ашылып, Қызыл отаулар жіберілгені, олардың міндеттерінің бірі: «аз да болса білімі бар әйелдерді анықтап, оларды мектептер мен курстар жұмысына тартуды» қарастыру болды. РКП(б) Қазөлкеком жұмыскер әйелдер бөлімінің есебі бойынша, іс-шараларды белгілеп қана қоймай, әйелдерге арналған ерекше мектептер ашуға қажетті қаражаттыда іздестіру тапсырылған. Бас саяси ағарту комитетімен (Главполитпросвет) келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде 63 сауатсыздықты жою мектебін ашуға қаржы бөлінді. Оның 33 – делегат әйелдерге, 20 – қазақ әйелдеріне, ал,10 – шала сауаттыларға арналған болатын. Онымен қоса, арнайы тек қазақ әйелдері үшін 10 мектепті қаржыландыруды әйелдер бөлімі өз мойнына алып, соның нәтижесінде, 1925 жылы Қазақстанда қараңғылықты жою мақсатында жалпы саны 133 мектеп ашылып, онда 2282 әйел білім алды. Оның ішінде 1165-і орыс, ал 757-сі қазақ әйелдері болатын. Бұл мектептердің 60-ы тек қазақ әйелдеріне арналған еді [102].

Қызылорда округтің атқару комитетінің 1928-1930 жылдардағы білім беру бөлімінің жұмысы туралы деректер сақталған194-қор материалдарын, атап айтқанда республикалық ағарту халық комиссариатының айналымдық хаттарын, хаттамаларын, статистикалық мәліметтерін, делегаткалар тізімін, есептерін қарастыра келе қыз балаларды оқыту туралы құжаттар анықталған болатын. Қызылорда округінде 8-12 жастағы оқушылар саны 1926 жылғы санақ бойынша – 27647 адамды құраған. Солардың ішінде қазақ қыздарының саны небәрі – 2249 әрең жететін. Яғни, дерекке қарағанда қыздарды білім алуға шақыру жұмысының ақсаңдап жатқаны анық байқалады [103].

Ағарту халық комиссариаты 1926-1927 жылдары алғаш рет қазақ қыздарын білім мен тәрбиеге тартуды қолға ала бастады. 1927 жылдың 19 қаңтарындағы комисариаттың хаттамасында қазақ қыздарын жаппай оқу орындарына тарту мен оны жүзеге асырудың нақты шаралары туралы жоспары баяндалған [104]. Осы шаралардың нәтижесінде, аталған жылдары мектептердегі қазақ қыздарының саны 1,5 пайызға өсті. Мысалы, Сырдария облысында бұрынғымен

салыстырғанда 1926-1927 жылдары сауат ашу курстарынан 4350 адам өтсе, олардың 668-і қыздар болды. Қостанайда қыздар мектебі жанынан 50 орындық интернат ашылды. Ал, Шымкентте мектеп жанындағы интернаттан бөлек, қыздарға арналған клубтар да жұмыс істей бастады.

1928-1929 жылдары мектеп жасына жеткен қазақ қыздарына арналған екі жылдық оқу курстарын ашу жоспары жасалды. Жаркент, Гурьев, Әулие-ата және Семейде әйелдерге арналған мектеп-коммуналар жұмысын бастады. Олардың ерекшелігі қыздарға тек білім беру ғана емес арнайы кәсіптік машықтануды да үйрететін. Дәл осындай қыздарға арналған даярлық курстары жоғарғы оқу орындары жанынан ашылды. Мысалы: Ақтөбе педтехникумы жанынан 30 адамдық мұғалімдер даярлайтын курс, Қызылордада Қазағарту институты жанынан 2 жылдық даярлау курстары ашылды. Бұл курстарға 4 сыныптық оқу бағдарламасын аяқтаған қыздар қабылданды. Оны аяқтағандар сол жылдары 80-ге жеткен «Қызыл отаулар» жұмысын жандандыруға тартылды. Аталған,1928-1929 жылдары мектептерге тартылған қазақ оқушылары: 89 пайыз ұл, 11 қыз болса, салыстырмалы түрде орыс мектептеріндегілер: 66,3 ұл, 33,7 қыздар болды. Бұл мәселе, қабылданған тұрақты шаралар негізінде тек, 1939-1940 оқу жылдары өз нәтижесін беріп, қыздардың үлес салмағы 45,1 пайызға жеткен болатын.

Жоғары білім беру мекемелеріндегі шәкірт-қыздардың тұрмыстық жағдайы өте төмен болды, оның бір мысалы 1923 жылы 24 қаңтарда «Ақ жол» газетіндегі жарияланған: «Аймақтық Қазақ-қырғыз институтындағы оқушылардың тұрмысы» деген мақала. Мақалада, институтта барлығы 200 астам оқушы бар екендігін және оның 20-сы қыздар делінген. Олардың тұрмыс жағдайына келсек, мақалада ең алдымен жатын бөлмелері жайлы болғанымен, төсек-орын жеткіліксіз екендігі жөнінде айтылады. Түнде ұйықтағанда төсек асты қатты, арқалары ауырады. Төсейтін көрпе де, жастық та жоқ. Әр балаға тек бір көрпеден ғана берілген. Егер оны жамылып жатса, астына төсенері жоқ. Ал астына төсенсе, үстін жабатын көрпесі болмай қалады. Мақалада жатақхана жағдайында осындай олқылықтар көп екендігі туралы мысалдар келтірілген.

Институт оқушыларының киім-кешек мәселесіне келсек, жағдайы өте нашар көрінеді: «Әр балаға екі жұп ішкі және екі жұп сырт киім ғана берілген. Бұдан өзге киімдер әзірге берілмеген. Қысқы киімнің берілетіні не берілмейтіні әзірге белгісіз. Мінеки қыс болса, ортасы болып қалды. Бұл уақытқа шейін ешнәрседен дерек жоқ. Біздің оқушылардың 345 қыстық аяқ киім һәм сыртқы пальто дегендер жоқ деп айтса болады. Әсіресе біздің оқушыларға қыстық киімнің ең керектісі аяқ киім. Осы күні күн болса суық. Аяқ киім жоқ болса, тоңып сабаққа кіріп қалмауы мүмкін. Біздің осы киім жағына конпрос назарын салмаса, қалыбымыз нашар» - деп баяндалған.

Оқушы - қыздардың тамақтану мәселесі де назардан тыс қалмаған: «Қыздардың күнделікті таңғы асы – жарты қадақ шикілеу нан мен қайнатылған су, мұны ішпейін десе шөлдейді, ішейін десе ернін күйдіреді. Сөйтіп, лаждың жоқтығынан ішеді. Бұл астан кейін оқушылар кешкі беске дейін аш құрсақ жүреді. Сабақтан шыққан соң, балалар тегіс тамақ ішетін жерге барады.

Бұлардың әрқайсысын 5-5 ке бөліп қойған. Онда барған соң өздерінің тобымен бес балаға 3-4 ожау сорпа береді. Ішінде күріш, болар болмас картошка, 3-4 түйір еті бар. Тым болмаса балаларды кей күніне бір тойғызып тұрмайды, кей күні азсынып жүрген түскі тамақ болмай да қалады. Кешке дәнеңе жоқ. Күнде беретін тамағы осы. Балалар мұны ішіп болған соң, мұғалімдердің берген сабақтарын 2-3 сағат даярлайды» - деп мақала авторы сол кездегі ауыр жағдайды боямасыз көрсетеді [105].

Мақала дерегіне сүйене отырып, оқыту жүйесі үш сатыдан тұратынын анықтауға болады: 1 тәжірибелік (іріктеу) мектебі ; 2 даярлау, 3 негізгі оқыту сыныбы. Тәжірибелі мектептің шәкірттері даярлану сыныбына, даярлану сыныбынан кейін негізгі оқыту сыныбына өтеді. Жоғарғы сыныптарда тегіс орысша және жетісіне үш мәрте немісше тілі оқытылатын. Ал, төменгі сыныптарда аралас оқытылады. Тұрмыстың ауыртпалығына қарамастан, дәріс беретін мұғалімдердің бар ынтасымен берген білімін шәкірттер зор ықыласпен қабыл алуда. Оқыту кестесі сағат 8 ден 2-ге шейін жұмадан басқа күндерде сабақ үзілмей болып тұрады.

Дегенмен, сол кездегі тұрмыстық жағдайдың ауырлығы сабақ үлгерімі мен оны әрі қарай жалғастыруға да әсер ететіні мақалада ашық айтылған: «Онан соң қалай етсек, кешкі тамақ табамыз деп 5-6 ала бірігіп лаж қылады. Сөйтіп, тамағы тоқтар жарық болса, сабақтарын оқиды. Қарны аш сорлылар қай жерден тамақ табамын деп олай-бұлай сандалып жүргенде жататын уақыты да болады. Сонан соң бәрі де жатады. Ертен азанда сағат 6-да қоңырау беріп балаларды тұрғызады. Балалар жуынып болып, баяғы қара нан мен қайнатқан қара суды ішіп. Жеп болған соң, сабаққа кіреді. Балалардың тамақ жайынан көретін күні осы. Бұл ештеңе емес, өткен қыста институт оқушыларының тұрмысы бұдан да өте жаман, өте қиын болған еді. Ішкен тамағы тіпті жеткіліксіз, 3-4 күнде қара наны зорға болып, ішерге қара суық суға зар болған еді. Ауқаты сөткесіне бергені 3 картоп болып та жүрді. Ол картошкасы да оқушыларға тегіс жетпей, оған да зар болып, құр сүлбесі жүрген күндер болды. Ұзын сөздің қысқасы, әйтеуір өлмей қалды. Енді биыл өткен қыстағыдай болмас деген үмітіміз бар. Институттың басқа жағынан қарағанда оқу өте артық. Егерде оқуы да нашар болса, балалар бір күн тұрмас еді. Оқу жақсы болған үшін ғана оқушылар қандай қиыншылық көрсе де оқып жатыр. Әрине, бұл институттың басқа нәрсесі жеткіліксіз болғанмен, оқуының жақсы болуы өте қажет. Ал мұнда бір жаман жері бар ол мынау: институтта былтыр болған оқушылар биыл жоқ. Биыл болған оқушылар ендігі күзге келмей қалады. Бұл нені көрсетеді. Бұл келген оқушылар қыста қиыншылық көрген соң, есінен шықпастай болып қалғандығын көрсетеді. Осы уақытта өткен қыстағы оқушылардың төрттен бірі де жоқ. Осының бәрі де жетімсіздік. Келмей қалған оқушылар оқымаймын деген емес, лажы жоқтықтан келмей қалғандар» [105, б. 12]. Әрине біраз қыз балалар денсаулығы нашарлауы мен тұрмыстық қиындықтарға шыдамай оқуын жалғастырудан бас тартып жататын.

Әйелдер арасындағы қоғамдық белсенділікті арттыруға олардың арасындағы сауатсыздық үлкен кедергі келтірді. Сауаты жоқ және мәдениеті

төмен аналар өз балаларына қарапайым тәрбиеден басқа еш нәрсе бере алмайтын. Ал, тәрбие мәселесінде әйел сауаттылығының маңызы айтпаса да түсінікті еді.

Әйелдерді тек сауатсыздықпен күреске тартып қоймай, оларды ересектер мектебіне, жұмысшылар факультетіне (рабфак) және дәрігерлік техникумдарға тарту да көзделді [106].

1926 жылы қараша айында Қазақстан Орталық Атқару комитеті жанынан әйелдердің тұрмыс мен еңбек жағдайын зерттеу, сонымен бірге әйелдердің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық және құқықтық мәселелері мен қоғамдағы әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында әйелдердің еңбегі мен тұрмыстық жағдайын ұйымдастыру мәселесін қарастыратын тұрақты комиссия құрылды [107]. Комиссия құрамына: Қазақстан Орталық Атқару комитеті төралқасы, Жұмысшы әйелдердің өлкелік бөлімі өкілі, Жастар одағы, Қосшы одағы, Халық ағарту комиссариаты, Халық комиссариатының Орталық кеңесі және Қаржы халық комиссариаты енді. Комиссия отырысы айына бір рет өткізілетін. Оның бөлімшелері губерниялық және уездік атқару комитеттері жанынан ұйымдастырылды. Комиссия жұмысын жандандыру үшін арнайы қаржылық қоры ашылды. Комиссияның алдына төмендегідей міндеттер қойылды:

- Әйелдердің еңбегі мен тұрмыс жағдайын жақсарту, ұсақ кәсіпкерлік, қолөнері саласын меңгеруіне көмек беру;
- Әйелдердің жергілікті жерлердегі кәсіпорындар мен елдегі ірі өнеркәсіп салаларына тартылуын қамтамасыз ету;
- Сауат ашу курстарын, кәсіптік-техникалық мектеп, училищелер ашу, қол өнер шеберханаларын ұйымдастыру арқылы әйелдер арасындағы қайыршылық, жұмыссыздық және жезөкшеліктпен күресу;
- Әйелдерге арналған кооперативтік, шаруашылық ұйымдары жанынан мойынсеріктер, артельдер және еңбек ұжымдарын ұйымдастыру;
- Әйелдердің әлеуметтік, құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету, отбасылық, неке құқықтарына орай көмек беруші заң кеңесшілерін тағайындау;
- Үкіметтік мекемелер арқылы үйсіз әйелдерге көмек көрсету және оларды еліне қайтару;

Осы міндеттерді жүзеге асырудың арнайы жұмыс жоспары жасалды:

Біріншіден, комиссияның ұйымдастырушылық бөлімін құру, оның негізгі атқаратын жұмыстары: Комиссияның кезекті жиналысының отырысы күнін белгілеу; Комиссия мүшелерінің арасында арқаратын жұмыстарды бөлісу.

Екіншіден, нақты жұмыс бағыттарын іске-асыру: комиссияның қаржылық қорын құру туралы мәселені қарастыру; әйелдердің еңбегін жақсарту тәсілдерін анықтау, яғни мына салалар бойынша:

- Үй жағдайында;
- Қолөнерде;
- Өнеркәсіпте;

Комиссия отырысы барысында қарастырып, шешімін табуы қажетті мәселелерді қарастыру:

- Әйелдер арасындағы жұмыссыздықты;
- Әйелдер еңбегінің құқықтық қорғалуы;
- Әйелдер еңбегін шеберханалар, артельдер құру арқылы жандандыру;
- Әйелдер жұмысын жеңілдету үшін өндіріс құрал-жабдықтарын жетілдіру.

Сонымен, комиссия жұмысын көпшілік арасында кең насихаттау үшін оны жергілікті басылымдарда жариялау ұсынылды [108]. Ауылдардағы қазақ әйелдерінің белсенділігін арттыруда «Қызыл отаулар» маңызды рөл атқарды. Олар шаруашылық, қолөнер, өнеркәсіп және мәдениет саласында еңбек етуге белсене кірісе бастады. Қазақ әйелдері арасында кең тараған кәсіп түрлері – кілегей, май, сүт шығаратын, кілем, алаша тоқитын, киіз басатын, тері-жүн өндіретін және тігін артельдері болды. Мысалы, Қызылордада кілем тоқитын, жіп дайындайтын, жүн түтетін, бас киімдер тігетін артель болды. Дәл осындай артельдер Жетісу, Сырдария, Ақтөбе және Қарақалпақстанда ашылып, жұмысын бастап кеткен болатын. Бұл артельдердегі қазақ әйелдерінің үлес салмағын көбейтудің басты кедергісі олардың кәсіби мамандануының әлсіз болуында еді. Сондықтан жоғарыда аталған комиссияның басты міндеті фабрика, зоводтар қасынан арнайы курстар, кәсіби-техникалық мектептер ұйымдастырып, оған қазақ әйелдерін көбірек тарту еді.

«Әйелдердің еңбегін және тұрмыс жағдайын жақсарту» комиссиясының 1927 жылы 27 маусымда кезекті пленумы өтті. Бұл пленумда қаралған мәселе: барлық осыған дейін ашылған кәсіби-техникалық мектептер, училищелер, техникумдар жанынан қазақ әйелдеріне арналған арнайы дайындық бөлімдерін, қолөнер мектептерін, ауылдардағы мектептер жанынан қыздардың кеңейтілген мектеп-интернаттарын ашу болды [109].

Сонымен қатар, отырыс барысында кәсіптік ауылшаруашылық кооперациясы, егін шаруашылығы мен жерді игеру ұйымдары, Халық шаруашылығы Кеңестері арқылы әйелдердің қол еңбегін жақсарту мен жеңілдетуге арналған техникаларды енгізу (тоқыма станогі, сеператорлар, тігін машиналары және т.б.), әйелдерге қатысты ескірген тұрмыстық дағдылармен күресу, қоғамдық және мемлекеттік мекемелер жұмысына әйелдерді тартуды көбейту қарастырылды [110]. Ал, аталған міндеттердің орындалу барысын қадағалау мен жүзеге асыру «Әйелдердің еңбегін және тұрмыс жағдайын жақсарту» комиссиясына жүктелді. Соның нәтижесінде біраз жетістіктерге жетуге мүмкіндіктер ашылды. Мысалы: 1926 жылы партияда 329 қазақ әйелі болса, 1928 жылы бұл көрсеткіштің 647 – ге көтерілгенін көруге болады. Сонымен қатар, 1926 жылы акушерлік-фельшерлік – 2 техникум және 1-мұғалімдер курсы белсене жұмыс жасады, ал сонда оқығандардың 30 пайызы әйелдер болса, оның 10 пайызы қазақ қыздары болып, бұл көрсеткіш келесі жылы 11,7 пайызға көтерілген. 1928 жылы жұмысшы-шаруа кәсіподақтары қатарында 2589 қазақ әйелі болған, ал осы әйелдердің 8 пайызы басшылық қызмет атқарды[111].

Дегенмен, архив деректерінде айырмашылықтар да бар, мысалы ҚР Президенті архивінің №139 қорындағы «РКП(б) Қазөлкекомның жұмыскер әйелдер бөлімінің 1923-1924 жылдарға арналған есебінде қызықты мәліметте

келтірілген. 1923-1924 жылдары депутат әйелдер саны - 1176 (оның 445 қазақ әйелдері) болса, ал, 1924-1925 жылдары олардың саны – 6663 (3492 қазақ әйелі), яғни он есеге жуық өскен. Есеп берушілердің түсіндіруі бойынша, оның себебі түрлі рулардан сайлауға рұқсат етілуі мен байлардың қитұрқы әрекеті: «біз байлардың және олардың туыстарының әйелдерін сайлануға ұсынылған фактілерін кездестірдік, өздері сайлау құқығынан айырылғандықтан, сайлау науқанының барысына ықпал етуі үшін, сьездердің сайлау бөлімшелеріне әйелдерін жіберген [112].

Дегенмен, әйелдерді құлдықтан құтқару үшін «таптық көзқарасты тереңдету» және сезімталдыққа, аяушылыққа негізделген: «әйелдер арасындағы жұмыс барысында осалдық танытатын, яғни әйелдердің басым бөлігі, бай және кедей дегендігіне қарамастан, еркектерден теңдей дәрежеде зәбір көрген, бәрі бірдей артта қалған, жаппай сауатсыз сондықтан оларды әлеуметтік жағынан бөлу дұрыс емес» дегеннен арылу керек деп жоғарыдан нұсқаулар жіберілді [113].

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылған Кеңес өкіметінің «жаңа түрдегі кеңестік адамдарды» қалыптастыру жобасындағы әйелдерге қатысты бөліктердің жүзеге асуы қаншалықты деңгейде болды деген ойды қортындылайтын болсақ, оның толық жүзеге асырылуы өте ұзақ уақытқа созылған болатын.

Қазақ әйелдерінің қоғамдық-саяси белсенділігі мен олардың іс-әрекеттері сол кезеңдегі Одақтас республикалардағы саяси жүйенің ерекшеліктеріне байланысты дамыды. Бұл, өз кезегінде, қазақ әйелдерінің саяси санасын оятып, қоғамда орын алған саяси өзгерістерге белсене қатысу қажеттілігін туындатты. Бұның бір себебі, ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары қабылданған саяси-экономикалық реформалардың жоспар бойынша табысты әрі мерзімінен бұрын аяқталуы әйелдердің қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс еді. Осы науқандарға қатысып, ерекше көзге түскен әйелдер өлкелік курстарға жіберіліп, саяси білімдерін жетілдіріп, кейіннен кеңестік басқару органдарында қызмет атқару мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, қазақ әйелдерін қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар жұмысына тарту, олардың арасынан болашақ кеңестік жетекшілерді даярлау мақсатында маңызды қадам болды. Сондықтан Өлкелік Комитет барлық партия ұйымдарын қазақ әйелдерімен жұмыс істеуге тарту арқылы олардың мансаптық өсуі үшін жоспарлы әдістер қолдануды көздеді.

Әйелдер қауымын қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер арнасына қосу арқылы белсенді ету өте баяу жүрді. Мемлекеттік ұйымдар тарапынан жүргізілген түрлі шаралар арқылы белсенді әйел келбетін қалыптастырудың әлеуметтік астарында коммунистік идеологияның әлеуметтік-экономикалық және саяси нақты мүдделері жатқандығын жоғарыда кетірілген деректер мен қабылданған құжаттар айқындап береді. Азық-түлік тапшылығы, тұрмыстық заттардың жетіспеушілігін қалыпты деңгейге көтеруде әйелдердің күш – қайратына деген қажеттілік пен тоқтап қалған, немесе жаңадан ашылатын ауыр өнеркәсіп орындарындағы жұмыс күшінің жетімсіздігін арзан еңбек күші болып табылатын әйелдер арқылы шешу де қарастырылғаны жасырын емес еді. Сол

себепті, қазақ әйелдері арасында жүргізілген қоғамдық-саяси жұмыстар күрделі болғандығы анықталды.

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әйелдерге қатысты саясаты әйелдерді қоғамға араластырып, мамандық алуына мүмкіндік берсе де, оларды тұрмыстық міндеттерінен босата алмады. Керісінше, «Еңбекші ана», «Ас үй құлдығы жойылсын! Жаңа тұрмыс еркі!», «Әр аспаз әйел мемлекетті басқаруды үйренуі керек» ұрандарымен кеңес билігі әйелді қызметтегі жоспарды асыра орындайтын еңбекқор жұмысшы мен қамқор ана ролдерін бірге алып жүруді насихаттады. Нәтижесінде, «жұмыс істейтін ана» моделі идеал ретінде бекітіліп, экономикалық дағдарыс уақытында әйелдердің тұрмыстағы жүктемесі одан әрі ұлғая түсті.

Сол себепті, кеңес билігінің ұлттық және таптық сананың ара-жігін ашпай жүргізген «әйелдер теңдігі» саясаты қазақ әйелдерінің күнделікті өмір тарихына үлкен өзгерістер енгізді.

### 2.3 Қазақ әйелдерінің белсенділігі мен кәсіби біліктілігінің өсуі

Ескі салт-сана мен әдет-ғұрыптың күйрей бастаған уақытында кеңес өкіметінің қоғамда орнаған әйелдер мен еркектердің теңсіздігін жою саясаты қазақ әйелдері арасынан қолдау тапты. Бұл саясаттың мақсаты кеңестік идеологияға сәйкес келетін біртұтас кеңес қоғамын құрып, оны коммунистік рухта билік идеологиясына сай бағыныштылықта тәрбиелеу болғандығы анық. Дегенмен, 1917-1930 жылдар аралығында жүзеге асырылған осындай саяси-әлеуметтік науқандар кезінде әйелдер арасындағы сауатсыздық пен құқықтық теңсіздікті жою, сондай-ақ қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси және басқарушылық жұмыстарға тарту мүмкіндігі пайда болғанын теріске шығару қате болар еді.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары саяси аренаға белсенді түрде әйел қайраткерлер шыға бастады. Әрине, бұған большевиктердің тұрақты түрде жүргізген идеологиялық күресі өз әсерін тигізбей қоймады. Солардың арасында Қазақстанның әр облысынан шыққан белсенді әйелдер: А. Досжанова, Н. Құлжанова, Н. Арықова, Ш. Шонанова, С. Есова, А. Оразбаева, М. Бегалиева, О.Ермекбаева, А.Әлімова, З.Тынәлина, Д.Өтепова, Қ.Нұрымова, Ш.Ермағамбетова, С.Мәмбетова, Г.Байсалықова, Н.Саналиева, М.Ильдарова, Х.Сейтқазиева және т.б. ерекше көзге түсті.

1917 жылғы «әйел теңдігі мәселесі» алғаш көтерілген Бүкілқазақтық съезін ұйымдастыруға белсене қатысқандардың бірі Аққағаз Досжанова болды.

Досжанова Аққағаз (1893–1932) — Ақтөбе уезінің Бөрте болысына қарасты 5-ші ауылда дүниеге келген. Ол Орынбордағы әйелдер гимназиясын тәмамдап, Мәскеуде медициналық курста білімін шыңдаған. Кейін Томск медицина институтында біліктілігін жоғарылатқан. Аққағаз Шығыс халықтары арасынан САГУ-дің медицина факультетін алғаш бітірген қазақ қызы болды. Ол 1917 жылы Мәскеуде өткен мұсылмандар құрылтайына қатысып, әйелдер мәселесін көтерген қоғам қайраткері ретінде танылған. Аққағаз Досжанова туралы «Қазақ» газетінде мақалалар мен хабарламалар жарияланған [114].

1917 жылдың 2-8 сәуірінде Орынбор қаласында өткен Торғай облыстық қазақ сьезінің хаттамасында: «... Жалпымұсылмандық сұрақтарды шешу үшін Торғай облысынан 1-8 мамыр аралығында Москвада өтетін жалпымұсылман сьезіне 4 делегат: Ораз Татишев, Сейдазым Қадырбаев, Аққағаз Досжанова, Сұлтанғазы Ысқақов жіберілсін. Делегаттардың сьезге бару шығынын жіберуші жақ көтерсін» делінген [114, б. 20]. Ал бұл сьезде Аққағаз Досжановаға «1917 жылдың ақпанындағы Москваның татар слободасындағы медреседе революцияның өріс алуы туралы» деген тақырыпта баяндама жасау жүктелген болатын.

Дәл осындай қайраткер қыздар арасынан Нәзипа Құлжанованы да атап өтуге болады. Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1933) Қостанай облысы, Торғайда дүниеге келген. Қостанай қаласында орыс-қазақ әйелдер гимназиясын бітірген. Педагог, мәдениет қайраткері, журналист, аудармашы. «Қазақ» газетінде оқу-ағарту, мәдениет мәселесін, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің бағдарламасы туралы мақалаларын жариялап отырған. Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің есебіне жүгінер болсақ, осы қоғам мүшелерінің арасынан қазақ қызы Назипа Сегізбайқызының есімін кездестіреміз. 1914 жылғы 1 қаңтардағы тізімде барлығы 137 мүше көрсетілген, олардың ішінде 4 құрметті, 113 тұрақты және 20 қызметкер мүшелері болған [115]. Осы бөлімшеде Н. Сегізбайқызы күйеуі Н. Құлжановпен бірге тарихи, этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі мен жоралғыларына қатысты көптеген құнды материалдар жинақтауда өз үлестерін қосты (Қосымша Б, сурет Б.1). Осы қоғамдағы қызметін адал атқарып, Кеңес өкіметі орнаған соң да қайраткерлік қызметін жалғастырған. Жан-жары Нұрғали Құлжановтың қайғылы қазасынан соң (1919 ж.), Нәзипа Құлжанова Семейден 1920 жылы Ақмолаға ауысып, уездік партия комитетінде жауапты қызмет атқарған. 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», ал 1925-1959 жылдары «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты хатшы қызметінде болды.

Әйелдер қозғалысының белсенді мүшелерінің бірі Нағима Арықова (1902-1956) Жетісу облысы, Верный қаласында дүниеге келді. 1918 жылы Ташкентте педагогикалық курсты бітіріп, Семей мен Мәскеу қалаларында білімін алған. 1919-1922 жылдарда Алматы мен Семей мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарып, РК(б)П Семей губерниялық комитетінің нұсқаушысы, Қарқаралы уездік комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушісі де болды. Сонымен қатар, 1925–1928 жылдары РК(б)П Қазақ өлкелік комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі, 1929-1930 жылдары РКФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімшесінің төрайымы, БК(б)П Батыс Қазақстан обкомының мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі, 1932-1938 жылдары «Сталин жолы» журналының редакторы, 1937-1938 жылдары Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру халкомы қызметтерін атқарды. Кейін Қазақтың мемлекеттік баспасында редактор, редакция меңгерушісі болып жұмыс істеді. Н.Арықова қазақ әйелдерінің теңдігі мәселесін көтеріп, қазақ әйелдері арасындағы сауатсыздықты жою, қалыңмалға қарсы күрес науқанына үлес қосты.

Оның «Әйел теңдігі» журналында шыққан мақаласында еңбекші әйелдердің белсенділігін атап көрсеткен. «Қалың мал беру сияқты ескі салттарға қарсы нақты шаралар қолданбайынша, еңбекші әйелдерді кеңестік жүйе құрылысына жаппай тарту науқаны жүргізіле алмас. Әйелдердің теңдігін орнату жолындағы жұмыс осыдан 7–8 жыл бұрын басталған еді. Қазіргі уақытта бұл жұмыс тек жеке дара теңдігі шеңберінен шығып, әйелдердің саяси және шаруашылық өмірге белсене араласуына жол ашылып отыр. Еңбекші әйелдердің қоғамдық өмірге толыққанды қатысуының жаңа кезеңі басталды. Осыған байланысты ел ішінде әйелдердің сауаттылығын көтеру, оларды білімге баулу, қоғамдық істерге тарту сияқты шаралар қолға алынды»[116].

«Самоучитель казахского языка для русских» (1926) деп аталатын оқулықтың авторы Шахзада Шонанова (Телжан Шонановтың жұбайы) Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген. 1922 жылдан бастап (19 жаста) Қазақ КСР Халық Ағарту комиссариатында мектепке дейінгі тәрбие тәлімгері, ғалым хатшы және мектеп инспекторы қызметтерін атқарған. Бала-бақшалар, жетім балалар үйін және тағы басқа балалар мекемелерінің ашылуына қолдау көрсеткен, оқулықтар мен оқу құралдарының, әдістемелік құралдардың авторы. САГУ-дің медицина факультетінде оқып жүргенде «халық жауының» қызы ретінде екінші курста оқудан шығарылды дәл осындай себеппен кейіннен Алматы медицина институтынан да шығарылған.

1938 жылы күйеуімен бірге қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілген [114, б.21].

Ең алғаш «әйел теңдігі мәселесі» 1917 жылғы Орынбордағы Бүкілқазақтық съезінде көтерілгендігі зиялы қауым өкілдерінің бұл мәселенің қоғамда өршіп тұрғанын растайды. «Алаш» өкілдерінің осы съезде ұсынған идеялары сол замандағы қазақ әйелдерінің мәртебесінің төмендеуі мәселесінің өзекті болғанын, салт-дәстүрлердің діншілдік салдарынан өзгеріске ұшырап, халық арасында наразылық тудырғандығын дәлелдейді.

«Алаш Орда» қозғалысының қайраткері Х.Досмұхамедовтың тарихтағы қазақ әйелдерінің қоғамдағы мәртебесіне байланысты пікірі осы мәселенің түпкі тамырының пайда болуына қатысты. Оның айтуы бойынша «қырғыз (қазақ) әйелі бағзы заманнан еркін болған. Діннің әсерінен әйел кіріптарлыққа ұшырады, дін қалың бұқара арасына неғұрлым тереңдеп енген сайын, соғұрлым әйелдер тағдыры құлдық деңгейге түсті. Дін әсіресе отырықшы тұрғындар арасында кең тарады, ал көшпенділер арасында аз тарағандықтан олардың әйел қауымы еркіндікте болды». Досмұхамедовтың пікірі бойынша әйелдерді кіріптарлықтан шығарудың жолы ағартушылық. Ал оны таратушы мектеп, және де ол қыздардың бойжетіп келе жатқан шағында ұл балалардан ажыратылған арнайы қыздарға арналған мектептерде білім алғаны дұрыс деп санайды. Сонымен қатар, партияның әйелдер арасындағы жұмысы тек орыс әйелдері тарапынан ғана емес, оған қазақ әйелдерін тәжірибе жинақтау үшін тарта отырып, Кеңес үкіметінің қалыңмал туралы декреттерін жастарға түсіндірген жөн деген болатын [117].

Осы уақытта елімізде кеңес өкіметінің жүргізген саясаты бірқатар саяси-әлеуметтік өзгерістерге алып келді. Кеңес өкіметінің 1917 жылы әйелдерге

ерлермен бірдей теңдік сыйлауға байланысты қабылдаған алғашқы декреттері қазақ қоғамындағы баяғыдан ұстанған қалыпты неке және отбасы моделін өзгертуден басталды. Мұндай кеңестік социалистік әйел бейнесін құру себебінен отбасы мүшелерінің ролі мен орнын, қазақ халқының бұрыннан келе жатқан неке және отбасы институттарының моделін жоққа шығару көзделді.

Мұндай өкімет саясатын бұқара халық арасында таныту мен үгіт-насихат жұмыстарын жүзеге асыру үшін бірнеше қоғамдық-саяси ұйымдар құрыла бастайды.

1920 жылдың күз айында «Қосшы» одағын құру туралы қаулы қабылданған болатын. Басында саяси астар берілгенімен, жылдар өте келе оның бір бағыты ағарту саласы болды. Оның құрамында әйел мәселесін көтерген Сара Есова, Нағима Арықова, Алма Оразбаева секілді қазақтың оқыған қыздары да белсенді қызмет етті. Ал қазақ педагог қыздарының көш басында Хұснижамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова (әкесі сұлтан Зұлқарнайн Шөкеұлы) тұрды. Хұснижамал Бөкей ордасындағы әйелдер училищесінде қазақ қыздарын 1894 жылдан бастап оқыта бастаған (Қосымша Б, сурет Б2). Осы Ордадағы қыздарға арналған мектеп-интернатта Разия Дүйсенғалиқызы Меңдешованың (1890-1971) тәлімін Алма Оразбаева мен Мәдина Бегалиева да алған [111, с. 25].

Халық ағарту комиссариаты, Саяси-ағарту Басқармасы, әйелдер бөлімі және көптеген қоғамдық ұйымдар өздерінің өкілдері мен баспасөз құралдары арқылы белсенді әйелдерге бағыт бағдар беріп отырды. Мысалы: Н.Арықованың «Қазақ әйелдері арасындағы саяси-тәрбие жұмысын қалай жүргізу керек, «Еңбекші әйелді жауапты қызметке қалай көтеру керек», «Өкіл әйелдер нені білуі қажет». С.Есованың «Әйелдер арасында жұмыс істеушілерге ескерту» деп аталатын нұсқаулық кітаптары жарық көрді [118].

1920 жылы наурызда Бөкей губерниясында Қазақстандағы ең алғаш әйелдер бөлімі құрылады. Бөкей Ордасындағы ерекше қызметімен, өжеттігімен көзге түскен М.Бегалиева 1922 жылы РКП(б) Бөкей губерниялық комитетінің аппаратына қызметке шақырылып, әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады [119].

Түркістандағы жалпы қазақ-қырғыздың 1921 жылдың 20-қаңтарында Әулиеата қаласында 1-ші сьезі ашылды. Сөз сөйлегендер арасында қазақ-қырғыз әйелдері атынан сьезді құттықтауға шыққан Сара Есова ерекше құрметке ие болды. Бұл туралы газет бетінде былай жазылған: «Бұрын мындай көп жиында әйелдер атынан әйел сөйлегенін көрмеген қазақ-қырғыз Сара Есова сөйлеуге шыққанда, уәкілдер күтпеген қуаныш көрсетіп, қол шапалақтап, айқайлап ұран шақырып жіберді. Сара жалпы қазақ-қырғыздың тұңғыш сиезін құттықтап болып, қазақ-қырғыз жұрт болғаннан бастап, осы уақытқа дейін әйелдерге кемдік көзбен қарап, адам деп санға алмай, мал есебінде малға сататындығын айтып, әйелдердің бұл кезге дейін бостандық теңдік жемісін пайдаланбай күндікте, қорлықта жүргендігін уәкілдерге көзбен көргендей айтып берді. Мұнан былай әйелдерге ондай кемдік болмаса екен! «әйелдің шашы үзын, ақылы қысқа» деген мақалды тастап, ұмытып, әйелдерге бостандық, теңдік көзбен қарап, осы сиезде қазақ-қырғыз әйелдері туралы мәселе болса, бірінші дәрежедегі

мәселелерден саналып, шын көңіл, адал ниетпен тексерілсе екен! Егер ойға келмей, ұмыт қалған болса, әйел мәселесі деген өз алдына бір мәселе болып, басқа мәселелер қатарына кірсе екен деп ұсыныс кіргізіп, сиезге қазақ-қырғызға бостандық, теңдік берген Кеңестер хүкіметіне басшы болған. Осы хүкіметтің орнауына себеп болған ақ жүрек жолдастарға алғыс айтып, тілектестік білдіріп Сара Есова сөзін бітірді. Қазақ-қырғыз әйелі мәселесін дұрыстап қарап, осы сиезде әйелдерге ерік беріліп ерлермен тең болатындығына сенімді болу үшін сиез басқарушы ұйымдар (президумда) әйелдердің де болуы керек деп Сараның атын атап, уәкілдер ортасынан ұсыныс болды. Ешкім қарсы болмай, бір дауыспен сиез басқарушы топқа Сара мүшелікке сайланды. Осы уақытқа шейін әйелдерді кем санап, адам қатарына алмай келе жатқан қазақ-қырғыз бірінші сиездінде әйелдерге бұл қылған құрметі көзге түсерлік өзгеріс деуге болады. Жасасын, қазақ-қырғыздың жаңа талап, ақ жүрек ер көңілді қыздары! Жасасын, олардың жас ұйымдары! Көгерсін, көркейсін әйелдер теңдігі! *(Қыр баласы - Дәулетбар Алтынбаев)* [90, б. 96].

1921 жылдың 3 сәуірдегі «Ақ  жол» газетінің №43 санында «Мұсылман әйелдерінің конференциясы» деген мақалада: «25 мартта Түркістан Республикасының аймақтық мұсылман әйелдерінің конференциясы өтті. Қаралған мәселелер: қазіргі хал, шариғат бойынша һәм кеңестер заңы бойынша әйел құқығы жайы, аналықты һәм балалықты қорғау, халық ағарту һәм мұсылман әйелдері, майда кәсіп ұйымы һәм мұсылман әйелі не үшін «жетілер» жасалады һәм онда мұсылман әйелінің қатысуы, әйел бөлімдері һәм мұсылман әйелі. Конференцияда Сырдария, Ферғана, Жетісу, Закаспий, Самарқан облыстары, Хорезм һәм Бұқара Республикаларының уәкілдері болды. Уәкілдердің жалпы саны 202 кісі, олардың 130-ы сауатсыз, 56-сы хат біледі. Оның ішінде 10-ы зиялы, конференцияда 15 ортақшыл әйелдер, басқасы партияда» - делініп, конференциядағы әйелдер мәселесі сөз болған [86, б. 17].




Сурет 1 – Түркістан Республикасының аймақтық мұсылман әйелдері конференциясы әйел-өкілдерінің ұлттық құрамы [86, б. 11].

1921 жылы 15 шілдеде облыстық комитет жанынан әйелдер бөлімі құрылады. Бөлім меңгерушісі болып тағайындалған А. Оразбаева «Известия Киробкома РКП (б)» журналына жазған мақаласында әйелдер бөлімінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде «қырғыз әйелдерін құқықтық жағынан қорғау, атап айтқанда «қалың малға» сатуды, күштеп некеге отырғызуды, көп әйел алушылықты, яғни «ағасы өлсе, інісі мұра» деген сияқты дәстүрлерді жою» деп атап кеткен [118, б. 62]. Өлкелік әйелдер бөлімінің коллегия мүшесі Сара Есова «Лениншіл жас» газетіне жазған мақаласында Кеңес өкіметінің «қазақ әйелін азат етудегі» іс-шараларын баяндайды: «Бұл науқан кезінде әйел азаттығына қайшы келетін қалың мал, көп қатын алу туралы ұйымдасқан әйелдерге мән-жайды түсіндіретін жиналыстар шақырды. Бұл науқанның елге мәні түсіндіріледі. Жоғары қылмысты істеген адамдарға ашық соттар жүргізіледі. Соттың көшпелі сессиялары қалыңмал туралы жұмыстарды кешіктірмей көп ортасына салып қарайды, ана мен баланың саулығын қорғайтын үлгілі үйлер ашылады. Ересек әйелдерге арнап сауат ашқыш мектептер ашылды. Жұмыссыз әйелдер жұмысқа орналастырылды. Әйел жайынан кітап-газет шығарылады. Жергілікті баспасөздер науқанның маңызын түсіндіріп мақалалар жазады» [118, б. 72-73].

1922 жылы Түркістан АКСР-ның астанасы Ташкент қаласында Х. Досмұхамедов бастаған «Талап» ұйымы құрылады. Қазақ халқының мәдени көркеюін жүзеге асыруды міндет қылған бұл қоғамдық ұйым әйелдер мәртебесін көтеру мәселесін де көтергені деректермен расталды [120].

1923 жылдың 24 ақпанында Халық ағарту комиссариатына келіп түскен № 817-ші хаттаманың көшірмесінде «Талап» қоғамының «Жетісу облысындағы әйел мәселесі» деген тақырыпта отырыс өткізгені айтылған [121]. «Қазақстан мәдениетін көркейтушілердің «Талап» қоғамының» Алматыдағы бөлімшесінің отырысына 67 адам қатысқан. Жиналыстың төрағалығына – қоғам басқармасының орынбасары М.Есболов, хатшылығына Молдабаев тағайындалыпты.

Жетісу облысындағы әйелдердің жағдайы туралы баяндама тыңдалып, жиналысқа қатысқандардың талқылауынан кейін арнайы қаулы қабылданды. Онда былай делінген:

«1. Қарастырылған мәселе тек Жетісу облысына ғана емес бүкіл қырғыз (қазақ) халқының әйелдеріне қатысты екендігін тану;

2. Нақты шаралар ұйымдастыру, аталған мәселені бүге-шігесіне дейін қарастыру үшін құрамында Ж.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Ақаев, А.Досжанова, Махмельдин Алдабек бар комиссия құру;

3. «Талап» қоғамының осы жылдың 3 наурызында болатын отырысына дейін комиссия шешімін дайындап, шаралар белгіленсін;

4. Әділет (Юстиция) Халық Комиссариатының өкілі И.И. Крыльцованың ұсынысы бойынша бұл мәселені Ташкентте арнайы декретпен заңдастырсын;

5. Аталған мәселені тек, тұйық түрде немесе басқа мәселелермен (мұрагерлік құқық, көне заңдармен т.б.) байланыста шешу қажет пе, соны анықтау;

6. Мәселені тек заңдық жағынан ғана қарастыру керек пе, немесе экономикалық, мәдени өмір, тұрмыстық жағдай және т.б. бірге қарастыруға тиістігін комиссияның анықтауына жүктеу» [122].

Сонымен, «Талап» қоғамы өзінің қазақ мәдениетін көркейтудегі жұмысын орталықта ғана емес басқа жерлерде бөлімшелер ашумен қызметін жандандыра түсті. Қоғам айналасына қазақтың зиялылары, қыздары, оқыған жастары мен қазақ мәдениетінің жанашырлары топтасып, болашақ зерттеуші ғылым кадрлардың өсіп шығар ұясына айналды.

Әйелдер бөлімі де өз қызметін аса қиын жағдайда бастады. Бөлім мүшелерінің аздығы, көшпелі өмір салтының басым болуы, ұзақ уақыт бойы әйелдер бөлімдерінің қызметінің нақты жоспарланбауы кері әсерін тигізді. Сол себептен бөлім мүшелерін даярлау маңызды мәселелердің біріне айналғандықтан, өлкелік әйелдер курстарын құру туралы ұйғарылады. Бұл курстардың бастауында белсенді, көзі ашық қоғам қайраткерлері мен әйелдер бөлімдерінің жетекшілері тұрды (Қосымша Б, сурет Б3). Соның нәтижесінде, қазақ әйелдері қажетті білім алып, әйелдер бөлімінің қызметін жалғастырудағы кадр мамандарының санын толықтыруға қатысты (Қосымша Б, сурет Б4).

РКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1924 жылғы 10 сәуірдегі хатына сәйкес Орынборда бір жылдық осындай облыстық курстар жұмыс істей бастады. Бірінші жылы негізінен 15 пен 30 жас аралығындағы 52 әйел оқытылды. Оқыту бағдарламасына қазақ және орыс тілдері, арифметика, жаратылыстану, саяси сауаттылық, әйелдер арасындағы жұмыстың теориясы мен тәжірибесі сағаттары енгізілді. Оқу жылының қорытындысы бойынша аттестациялау комиссиясы 14 курсант бағдарламаны жақсы меңгерген, 24 курсант жеткілікті игермеген, 14 курсант толық меңгермеген деген қорытынды шығарды [123].

Тұжырымдай келе айтар болсақ, елімізде әйелдер бөлімі тек «әйелдер мәселесімен» байланысты үгіт-насихат жұмыстарын ғана атқарып қоймай, сонымен қатар қиын-қыстау кезеңдерінде халыққа көмек көрсету қызметімен де айналысты. Азаматтық соғыс жылдарында әйелдер бөлімінің басшылығымен сенбіліктер өткізіліп, егіс алқаптары жыртылып, майдандағы жауынгерлерге киім-кешек тігіп, азық-түлік жинаған. 1920-1921 жылдарында әйелдер бөлімінің өкілдері ашыққандарға жәрдемдесіп, жетім қалған балаларды орналастыру мәселесін шешуде, асханалар ұйымдастыруға ат салысты [121, с. 57]. 1921 жылдың аяғында денсаулық сақтау мен әйелдер бөлімдерінің ұйымдастыруымен ана мен баланы қорғау бөлімдері құрылады. Алғашында ана мен баланы қорғау ісі тастанды және жетім балаларға арналған жабық түрдегі мекемелерді құрудан басталды [124]. 1922 жылы балалар үйінің саны 33-ке жетті. Алайда оның бірде бірі өз міндетіне сай болмады. Тамақ, күтім, дәрігерлік көмек ең төмен деңгейде болды. Ақмол губерниялық әйелдер бөлімінің есебі бойынша тек 3 жасқа дейінгі баларға арналған 1 ғана балалар үйі болды, онда өлім 60 пайызға жеткен, балалар үйінің жағдайы өте төмен және гигиеналық-санитарлық жағдай сақталмады. Ана

мен бала қорғау мекемелерін құру барысында көптеген қиындықтар кездесті: мекен-жай, құрал-жабдық, мамандар болмады [125].

Қорытындылай отыра, кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында жүргізген саясаты нәтижесінде әйелге қатысты орныққан көзқарастар өзгеріске ұшырап, батыстық гендерлік теңдік дәстүрінің құндылықтарының алғышарттары бірте-бірте енгізіле басталғанын атап өткеніміз жөн. Әлеуметтік реформалар негізінде берілген жаңа мүмкіндіктер әйелдердің дәстүрлі тұрмыстық міндеттерді орындау шеңберінен шығуына және қоғамға әлеуметтенуіне ықпал етті. Осы уақыт аралығында саяси аренада қоғамдағы әйел теңсіздігімен күрес жүргізген белсенді әйелдер мен қоғам қайраткелерінің XX ғасырдың 20-30-шы жылдары әйелдер қозғалысын құруы тарихтағы мәдени феноменге айналды. Дегенмен де, кеңес дәуіріндегі «әйел мәселесін» шешудегі айқын оң өзгерістеріне қарамастан, бұл науқанның іске асуы тікелей коммунистік партия мен кеңес билігінің қатаң идеологиялық диктаты аясында жүзеге асырылғаны анық.

### 2.4 Кеңестік Қазақстандағы мерзімдік баспасөздегі қазақ әйелдері мәселесі

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер ел басқару, билік ету, туған жерді қорғау сынды ер-азаматтарға лайықты саналған қызметтерді ерлермен тең дәрежеде атқарды және ол жайында ауыз әдебиетінде де, тарихи деректерде де ақпараттар аз емес. Демек, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне сай қашан да қыз бала тәрбиесіне деген қатынас аса үлкен жауапкершілікті талап етіп келген. Алайда, дәстүрлі қазақ қоғамының да өз кемшіліктері болғанын жоққа шығару мүмкін емес. XIX-XX ғасырларда жарық көрген «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттері, «Айқап», «Қазақ», «Ақжол», «Әйел теңдігі», «Сарыарқа» сияқты баспасөз беттеріндегі зиялы қауым мен бұқара халықтың қалың мал, әмеңгерлік, жас қыздарды өз еркінен тыс кәрі шалдарға тұрмысқа беруі мәселелерін көтеруі осының айғағы [126].

Мерзімдік басылымдарда көбіне Орта Азия халықтары мен қазақтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне қатысты деректер көп жарияланған. Сібір жеке корпусының штаб бастығы, генерал майор Г. Броневский 1831 жылы Орта жүздегі жағдай туралы жазбаларында мына мәселелердің ушығып тұрғанын: «Әйелдер күйеулерінен кетіп, басқаларға шығу көптеп кездеседі, ал приказдар мұны растайды, қырғыздар мұның салдарынан өте қорқуда, отбасының тыныштығы бұзылуда» деп айтқанына қарай отырып, Қазан төңкерісіне дейінгі әйелдер жағдайы мен Кеңес уақытындағы әйелдердің тұрмыс-тіршілігін салыстырып, ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік берді [127].

Қазақстанда неке қиюдың маңызды атрибуты ретінде қалыңдыққа қалың мал төлеу болды. Қалың малдың мөлшері екі жақтың байлығына және атақ беделіне байланысты өлшенді. Қазақтар қалың малға негізінен бие, тай, құлын, түйе, қой немесе қару, бүркіт және т.б. берген. Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзектің мәліметі бойынша байлар 47, орташалар 37 бас мал төлеген [127, с. 59]. XIX-XX ғасырларда қалың мал көлемі дәстүрлі нұсқасынан заман талабына сай өзгеріп отырған. Алайда, соған қарамастан,

қалың мал беру үрдісі жастардың, әсіресе әйелдердің қарсылығына қарамастан, сақталып келген.

Сонымен қатар, ХХ ғасырда қазақ қоғамында кәмелеттік жасқа жетпеген жастарды некеге күштеп отырғызу белең алды. Кедейлер нашар жағдай мен бастарына түскен қиындықтан жасы кәмелетке жетпеген қыздарын тұрмысқа берді. Н.И. Гродековтың мәліметі бойынша Қазалы уезінде жасөспірімді 9-12 жаста, Перовскі уезінде балаларды 12-15 жаста үйлендірді [128].

Міне, сондықтан да ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдері мұндай қоғамда орын алған теңсіздікке көз жұма қарай алмай, күреске шықты. Қоғамға тың күш беретін, қоғамдық санаға жаңашыл ой серпін тудыратын білімді, ұлт намысы мен рухын жоғары қоятын, ұлтымыздың қайсар ұл мен қыздары мерзімдік баспасөзді тиімді қолданып, газет-журнал беттерінде халық санасын өзгертуге, қоғамдағы әйел мәртебесін өз деңгейінен көтеруге жұмыла ат салысты [129].

Қазақстандағы әйел мәселесінің көтерілуі баспасөз тарихындағы алғашқы газеттер – «Түркістан уалаяты» (1870-1882), мен «Дала уалаяты» (1888-1902) газеттерінен бастау алады. Әйелдер мәселесін назардан тыс қалдырмай, қоғамдағы теңсіздік мәселесін қозғаған бұл газеттердегі мақалалар Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамындағы әйелдер жағдайы мен кеңестік Қазақстан уақытындағы өзгерістерге салыстырмалы талдау жасауға елеулі мүмкіндік береді. Бұл газеттердің басты міндеті патшалық Ресей империясының жарлықтары мен үкімдерін халыққа жеткізу болса да, зерттеу барысында бұл басылымдардың сол мақсатпен шектеліп қана қоймай, қазақ халқының мұң-мұқтажын ескеріп, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру жолында қызмет еткені анықталды. Аталмыш газеттер ескі салт қақпанында қалған қазақ әйелдерін азат ету мәселесін көтеріп, оған қоса, қазақ қоғамындағы соған байланысты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуде ұсыныстарын газет беттерінде жазып отырды. Осындай мәселелерді көтеру кезінде қоғамдық көзқарастың дәстүрлі ескішіл мен заманауи жаңашыл екіге бөлінгені байқалды. Бұл мәселені Ш.Уәлиханов та өз еңбегінде қозғаған еді. «Осы уақытта,- деп жазды Ш.Уәлиханов, - ескі мен жаңаның арасында елеусіздеу, бір күшті күрес болып жатыр деуге болады» [130].

«Түркістан уалаяты» газеті 1870 жылы Ташкентте өзбек, қазақ тілдерінде шыққан алғашқы Орта Азия халықтарының газеті болған. Басында «Туркестанские ведомости» деген мерзімдік басылымның қосымшасы болғанымен, кейін толыққанды газет болып шыға бастады. Басты мақсаты Түркістан генерал – губернаторының жарлықтары мен облыстық әскери губернатордың үкімдерін, патшалық Ресей жаңалықтарын халық арасына тарату болғанымен, уақыт өте келе, газеттің тақырыптық шеңбері мұнымен тұйықталып қана қоймай, ұлттық тарих пен мәдениет ауқымындағы мақалалар мен шығармаларды жариялай бастады [131]. Онымен қоса, газет қоғамдағы әйел мәртебесі тақырын да көтеруді мақсат еткен. Мысалы, қалың малы төленген кәмелеттік жасқа жетпеген жас қызды өз қалауынсыз некеге отырғызу салтын

сынап жазған жергілікті автордың мақаласы газеттің 1875 жылғы 16 – нөмірінде жарияланған еді.

Сонымен қатар, газетте әмеңгерлік салты мен жесірдің дауы сияқты күрделі әрі халық арасындағы келіспеушілік пен пікір қайшылығын тудырған мәселелер туралы ақпараттар да беріліп отырған. Солардың бірінде күйеуі қайтыс болған әйел өз қалауымен ғана некеге отыруы қажет деген газет бетінде батыл пікір де айтылған.

Қазақ әйелінің теңдігінің қоғамда тапталуы діни наным-сенім себептеріне де қатысты еді. Мәселен, Шайсмайл атты молданың 14 жасар ауру өзбек қызын үшкіріп, емдеп беремін деген уәдемен үйіне алып келіп, астыртын, үйленгенін газеттің 1877 жылғы 2-нөмірінде жариялаған. Астында мұндай үшкіруді газет бетіне жаздық, сондықтан, осындай сылтаумен тағы алдайтын болса, Ресей заңы бойынша жауапқа тартылады, деп ескерткен.

«Дала уалаяты» газетінің өзіндік ерекшелігі - өзге жергілікті газеттермен салыстырғанда, көбіне қазақ халқының тұрмыстық-шаруашылық жағдайына, мәдени өміріне арналған тақырыптарды қозғаған. Сол себепті, «Дала уалаяты» газетіндегі мақалалар легі XIX ғасырдағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің кеңестік уақыттағы өмірімен сабақтастығы мен айырмашылығын ажыратуға мол мүмкіндік беретін құнды дереккөздердің бірі. Ұлттық газеттің жарыққа шығуы қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттағы мәдени өмірінің маңызды оқиғаларының қатарында болды. «Дала уалаяты» басылымында жарық көрген мақалаларда көбінесе халықтың күнделікті өміріндегі тұрмыстық жағдайы, бастан кешкен елеулі оқиғалары, толықтай қарастырылғанымен, маңызды тарихи өзгерістер осы газетте алғаш жарияланып, ұлттық мәдениет іргетасын қалауға септігін тигізді [132]. Мысалы, аталмыш газеттің «Ұмытылмаған» өткендегі және қазіргі қырғыздар. Очерктер» (1892), және «Қазіргі қырғыз әйелінің қайғылы жағдайы» (1894) шығарылымдарында этнографиялық маңызы бар сол кезеңдегі тұрмыстық-салттық нормалар мен қазақ әйелінің жағдайы көрініс тапқан.

«Ұмытылмаған» өткендегі және қазіргі қырғыздар. Очерктер» атты газет жазбасында қазақ халқының кертартпа салт-дәстүрлерінің қатаң сақталып тұрғанын, соның ішінде, бесік құдалық салтын бұзғандарды өлімге кесу, отбасылық тәртіп нормаларына қарсы келгендерді қатаң жазалау шараларын қолдануы, осындай салттарды ересек буынның берік ұстануы туралы баяндалады. Очерк сол кездегі қазақ әйелдердің жағдайын көтеруге, қоғамда теңдік орнатуға шақырады: «Әйелдердің ақылы табиғатынан ер адамдардың ақылынан, қабілетінен кем емес... Қырғыздардың әйелдеріне қатал қарауының пайдасыз екенін дәлелдеуге тырысамыз» [133].

Мақала жарық көргеннен кейінгі уақытта қазақ халқының қоғамдық мәселелерге, әсіресе әйелдердің өміріне деген жаңа кқзқарас біртіндер қалыптасып, әйелдер арасындағы белсенділік арта түсті. Әйелдер неке мен отбасы төңірегіндегі келіспеушіліктерді ашық айтып, билік пен билерге шағымдарын жеткізе бастаса, қыздар өз сезімдерін жасырмай, сүйгеніне қосыла алмаудың азабын, сондай-ақ жас қыздарды өздерінен бірнеше есе үлкен

карияларға мәжбүрлі түрде ұзатудың қасіретін өлең арқылы ашық жеткізе бастады.

Қыздар өз сезімдерін жасырмай, сүйгеніне қосыла алмаудың азабын, сондай-ақ жас қыздарды өздерінен бірнеше есе үлкен карияларға мәжбүрлі түрде ұзатудың қасіретін өлең арқылы ашық жеткізе бастады.

Қазақтардағы әйел мәртебесінің төмендеуін кеңестік кезеңге дейін де жан-жақты қарастырылуы, Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа билік орныққан еліміздегі әйелдердің ескі салт-дәстүр шырмауында қалып, құрбанына айналғанғандығы, дегенімен, XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап саяси аренада бұл мәселенің көтерілуі, қазақ әйелдерінің бала тәрбесі мен отбасындағы маңыздылығы, әйел жағдайын қоғам алдында көтеру мәселелеріне арналған мақалалар да мерзімді басылымдарда көптеп көтеріле бастайды. Қазақ әйелдерінің жағымды бейнелерін танытуды алға қойған С. Торайғыров, С. Көбеев, М. Сералин сынды ақын-жазушылардың әйел теңдігіне арнаған тұңғыш шығармалары да осы газет-журнал беттерінде жарық көрді. Жаңашыл көзқарасты ұстанған авторлар өз туындыларында әйел мәртебесінің төмендеуіне себеп болған ескі сал-дәстүрдің бұрмалануын сынап, өз пікірлерін білдірді. Сол себепті «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттері заман талабына сай қоғамда орын алған келеңсіз құбылыстарды шынайы суреттей алды. Діни наным-сенім мен ескі салт-дәстүрдің шырмауында жатқан халық үшін бұл – үлкен алға басушылық еді. Бұл газеттерде өмір шындығын батыл бейнелейтін қазақша тұңғыш әңгімелер, очерктер, публицистикалық шығармалар мен бірге поэзиялық туындылар да шығарылды. Жарияланған поэзиялық шығармалардың өзегі — халықтың ішкі жан дүниесін, махаббатын, қуанышы мен қайғысын суреттеу, еңбекке, білім мен өнерге, ізгілікке үндеу, сондай-ақ жалқаулық, ескі әдет-ғұрып сынды жағымсыз мінездерді сынға алу болды.

Ең алғашқы саяси-демократиялық бағыттағы қазақ журналдарының бірі – «Айқап» журналы прогрессивтік-демократиялық жолды ұстанған, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелерімен шектеліп қалмай, сонымен бірге әйелдер мәселесіне көңіл бөліп, газет беттерінде көтерген. Журналдық редакциялық құрамында Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сабыржан Ғаббасов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Бақытжан Қаратаев сияқты талантты жазушылар, жарқын ақындар, тарихшылар, педагогтар мен әдебиетшілер болды. «Айқап» беттерінде өз көзқарастарымен бөлісіп, сол уақыттағы қоғамдағы маңызды мәселелерді айқындауға талпынды.

Журналдың қазақтың қоғамдық ой – пікірін, әдебиеті мен публицистикасын Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннның, Абай Құнанбаевтың ағартушылық дәстүрлері негізінде дамытты. Журнал қазақ халқының мәдени-әлеуметтік көзқарас ұстанымынының, әдебиет пен публицистиканың дамуына Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ұлы ғұламалардың ағартушылық бағытында қадам басып, халықты даму жолына үгіттеп, өз үлесін қосты.

«Айқаптың» бас редакторы М. Сералин, хатшылары С. Торайғыров, А. Ғалимов әйел теңдігі мәселесінде прогрессивті жаңа көзқарас ұстанды. Жарқын публицист, қазақ зиялыларының ішіндегі көрнекті ақын М. Сералин әйел

теңсіздігі мәселесін назардан тыс қалдырмай, қоғамды әйел еркіндігін орнатуға белсене қатысуын үгіттеді. «Әйелдер мәселесі» ұғымын енгізген М. Сералин некелесу салтының көбіне жастардың қалауынсыз жүргізіліп жатқандығын 1903 жылы жарық көрген «Гүлғашима» поэмасында білдіреді. Поэманың Гүлғашима мен Баймағанбет деген басты кейіпкерлері өздерінің құқықтары мен сезімдері үшін күресіп, ескі салт езгісінен шығуға талпынады. «Гүлғашима» поэмасы журналдың әйелдер мәселесіндегі көзқарас ұстанымын қалыптастырды.

1913-1914 жылдары журналдың редколлегия мүшесі қызметін атқарған С. Торайғыров та өз туындыларында бұл мәселені қозғап, өз пікірін білдірді. Оның 1912 жылы жарыққа шыққан «Неке қияр» поэмасында жас қыздарды кәрі шалдарға қинап некесін қиятын молдалардың ісін, сонымен қатар, әмеңгерлік, қалың мал беру салттарының уақыт өте келе бұрмалануына қарсы пікір білдіріп, сынап жазды. Қазақ әйелдерінің мұңы мен қайғысы, сонымен қатар әйелдердің ерлермен бірдей теңдік алатынына сенімі «Әйел» атты өлеңінде бейнеленді.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырды реалистік сипатта бейнелейтін алғашқы романдарының бірі – С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) романы. Романда авторды көп толғандырған әйелдердің жағдайы, орыстың қазаққа, қазақтың қазаққа зорлық-зомбылығы көркем бейнелермен сомдалды. Романның басты кейіпкерлері, ақылы мен парасаты бір-біріне тең Қамар мен Ахмет сынды қос ғашықтың ескі ғұрыптардың қамауында қалып, сүйіспеншіліктерін тежеуге мәжбүр болады. Мұның себебі – өз әкесі қарсы болғанымен, он бес жасар Қамарға ауқатты туыстары Қалтан қажы мен Оспан бидің ықпалымен әйелі өлген Жорға Нұрымның құда тусіп, қалыңмалға жас қыздың сатылуы. Ешкімнен қолдау таба алмаған Қамар сүйгені Ахметке хат жазып, мұңымен бөліседі. Сюжетте хаттарын әшкерелеген Жорға Нұрым жас қызды күштеп өзімен алып кеткені көрсетіледі. Қамардың басына түскен қайғы-қасіреттен сырқатқа шалдығып, оны сауықтырамыз деген бақсы-балгерлердің надан «емі» керісінше азапқа айналып, ақыры оның өліміне себеп болады. Ал бұл әділетсіздікке төзе алмаған Ахмет сүйгенін құтқармақ болып іздеп келеді, алайда озбырлықпен күреспек болған әрекеті оның да қазасына әкеліп соғады. Барлық оқиға желісі осындай трагедияға құрылған.

С. Торайғыров Қамардың бейнесі арқылы қазақ қыздарының ауыр жағдайын көрсетіп, ауылының сыйлы да ардақты қызы осындай қасіретке душар болғанда, өзге қыздардың жағдайы қандай болар деген мәселені көтереді. «Қамар сұлу» романында автор елді жайлаған ескі салттардың әділетсіздігін сынап, мысал келтіреді. Автор өз ойын Қамардың жырлауы арқылы жеткізеді:

Тоқтау бер, мұнан былай қазағыңа,
Шалдардың қызды салмай мазағына.
...Сонан соң жұртты аздырған ишаныңды ал,
Соңынан судай ақсын жөні жоқ мал.
Майысып пісіп тұрған дер кезімде,
Малды шал анталады иттей тартып.
Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы.
Түйіретін мал менен шал – саған бізі.

Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы

Бұл себеп ақырында қалмаса ізі [134].

Бұл өлең шумақтарында автор Қамардың сөздері арқылы ескішіл қоғамға деген өкпесін білдіріп, өздерінің келешегін ойламай, надандықта өмір сүріп жатқан халықтың бей-жай қалуын сынаса да, бір жағынан аяп, болашағын уайымдады. Қамар мен Жорға Нұрымның тойындағы жұрттың бәрін қызықтап, сайраңдап журуін бейнелей отырып, жас қызға жаны ашып, қамқор болатын ешкімнің жоғына ызаланады. Осылайша, «Қамар сұлу» романы XX ғасырдағы қазақ әйелінің жағдайын шынайы бейнелей отырып, әйел тағдырына немқұрайлы қарайтын қазақ қоғамының сипатын келтіреді [135].

Осындай қоғам тарапынан әйелге деген жанашырлықтың жоқтығын «Айқап» журналында «Бейшара қыз» әңгімесінде А. Ғалиев те көтереді. Әңгімеде он жыл бұрын қалың малын төлеп, атастырып қойған құдалар басты кейіпкер он алты жасар Алтынайды өз еркісіз, күштеп жігіттің ауылына әкетіп, ұрып, зорлық көрсетіп, еліне есін жинай алмаған ауру қызды қайтарып жібергені жайы жазылады. Автор әйелдердің мәртебесін көтеруге қоғамның дайын емес екендігін атап көрсетеді. Енді ғана есейіп келе жатқан жас қыздың тағдырмен ойнап, қорлауы, ауылдастардың қыз тағдырын айыптап өсек-әңгіме еткені, қоғам қарекетсіздігі себептерінен Алтынай өмірімен қоштасты. А. Ғалиевтың қазақ қоғамының саналық деңгейін, қазақ қыздарының ауыр жағдайын суреттеп, әйел жағдайын «Айқап» журналында қозғады.

Әйел теңсіздігі мәселелердің бірі – «білім алу» мәселесі болып табылады. 1911 жылы «Айқап» журналының жетінші санында «Қазақ қыздарының аталарына» деген хат жарияланған, онда былай жазылған: «Кем тұтынғандығыңыз ер балаларыңызды оқытасыз да, қыз балаларыңызды оқытпайсыз. Қыздарымыз оқыса бұзылады дейсіз де біздерді оқудан махұрым қалдырасыз. Бұрынғы ғаялдардың бұзылғандары оқығаннан бұзылған ба екен? Мұны ғақылыңызға салып неге қарамайсыз? Адамды оқу бұза ма екен? Біле білсеңіздер ең әуелі жақсылап қыз баланы оқыту тиіс. Тиіс екендігі мынау: Бұл қыздар түбінде балаларға болашақ ана болған соң, бала тәрбиелеу олардың жұмысы болады. Баланы тәрбиелеуші ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алмайды» [136]. Автор осы хат арқылы қазақ қыздарды оқытуға шақырады.

«Айқап» журналы республикадағы өзекті әлеуметтік-демографиялық мәселелерді батыл көтере білді. Ерлер арасындағы 30-40 жастағы бойдақтардың көбеюі, бір қызға 5-6 жігіттен келуі сынды көрсеткіштер арқылы қоғамда демографиялық теңсіздіктің өрбуіне әкелетінін көрсетті. Журнал бұл жағдайдың әлеуметтік-экономикалық салдарын ашып, қалың малдың өсуі сияқты мәселелерді нақты деректермен сипаттады.

Сонымен қатар, басылым ерлер мен әйелдердің арасындағы теңсіздікті жою, әйелдердің білім алуға құқығы туралы мәселелерді прогрессивті тұрғыдан көтеріп, әйелді адамзаттың анасы деп құрметтеуге үндеді. Мәселен, «Екі қыздың қайғысы» атты мақалада әйел адамзаттың, барлық халықтардың анасы, болашақ азаматтардың тәрбиешісі,  деп әйел рөліне ерекше мән беріледі [137].

Онымен қоса, «Айқап» журналына Күлайым Өтегенқызының «Қазақ қыздарына», Мәриям Сейдалинаның «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ» деген өлеңдері жарияланды. Сақыпжамал Тілеубайқызы баспасөз бетінде: «Ең әуелі жақсылап қыз баланы оқыту тиіс. Тиіс екендігі мынау: бұл қыздар түбінде балаларға болашақ ана, ана болған соң бала тәрбиелеу олардың жұмысы болады. Баланы тәрбиелеуші ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алмайды» деген сөзінің өзі қазақ қыздарының сауаттылығы мен ағартушылық идеясын берік ұстанғандарын көрсетеді [138].

1913 жылы 2 ақпанда Ә. Бөкейхановтың басшылығымен «Қазақ» газетінің алғашқы номері басылып шығарылады. Белгілі тарихшы, ғалым М.Қойгелдиев: «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатовтың үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді» деп объективті бағасын берді [139]. 5 жыл бойы басылып шығарылған газетте Г.Байгурина, А.Досжанова, Ғ.Дулатова, Н.Құлжанова сынды қоғам қайраткерлері қазақ әйелдері атынан қоғамдағы көкейкесті мәселелермен бөлісуге мүмкіндік алды.

1917 жылы өткен І-ші жалпықазақтық съезінің нәтижесінде құрылған «Алаш» партиясының ұлттық мүддені көздейтін 10 тармағы бар бағдарламасының жобасы әзірленіп, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы номерінде жарияланып, қалың бұқараға ұсынылды [140]. Партияның негізгі құжатының реформаторлық сипаты әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, діни және басқа да мәселелерді шешуде көрініс тапты. «Алаш» бағдарламасының 10 тармағының тең жартысы әлеуметтік салаға бағытталған: құқық, теңдік, жеке адамның бас бостандығы, сөз, баспасөз бостандығы, сондай-ақ діні мен ұлтына қарамастан, барлық адамдардың құқықтық теңестірілуі. «Алаш» партиясы мүшелерінің Қазақстандағы әйелдер жағдайын саяси-қоғамдық ортада көтеруі өте маңызды болды.

Түркістандағы ұлттық элитаның бастамашылығымен 1920-1925 жылдары ТКП ОК және Түркаткомның баспасөз органы ретінде жарық көрген «Ақ жол» газетінің редколлегия мүшелері қатарына М.Қайыпназарұлы, Ж.Арыстанов, С.Қожанов, С.Асфендияров, С.Оспанов, М.Дулатов, Н.Төреқұлов, С.Сәдуақасов, И.Тоқтыбаев, Ө.Тұрманжанов, Қ.Күлетов сияқты белгілі қоғам қайраткерлері мен ұлтшыл зиялы қауым өкілдері кірді. Мұндай біртуар азаматтардың ұлттық тұтастықты дәріптеген саяси ұстанымдары мен дәстүрлі мәдени-рухани құндылықтардан нәр алған заманауи ілгерішіл көзқарастары кеңестік билік орнатқан партиялық-мемлекеттік номенклатураның әміршіл-әкімшіл шеңберіне сыймады. Қазақы рухты бойына сіңіре отырып, олар ұлттық құндылықтарды таптық мүдделерден жоғары қоя білді. Бұл бағыт-бағдар «Ақжол» газетінің саяси-идеялық мазмұнын анықтап, оның бет-бейнесін айқындады. Газет Түркістан өңіріндегі алаштық ұлтшыл зиялыларды ортақ мақсатпен біріктірген тұтас бір бағытты орталыққа айналды. Оның бетінде жарияланған қоғам қайраткерлерінің ұлттық ойлары мен пікірлері Түркістандағы кең қазақ бұқарасына жетіп, қоғам тарапынан қолдау тапты [141].

«Ақ жол» газеті әйел теңдігі мәселесін арқау еткен бұқара халық арасындағы танымал газетке айналды. Газет беттерінде «Әйел теңдігі» айдарында осы мәселеге қатысты мақалалар үзбей берілетін. Соның біріндегі «Жетім қыз» деп аталатын (авторы – Жұмағали, С. Қожановтың бүркеншік аты) мақалада: «Ұлттың ұлт болып жасауы, көркеюі ілгері басуы үшін бірнеше себептер болуға керек. Ол, себептердің бірі ұлт анасы, ұлт тәрбиешісі әйел болуға тиіс. Әйел теңдіксіз, әйел надан, әйел күң болса, ұлт қанатсыз құсқа ұқсап, қанша талпынғанымен алға бара алмайды. Бұл белгілі. Айтылып та, жазылып та жүр. Бұл күнгі қазақтың әйел халі әсіресе, 1917-18 жылғы ашаршылықтан кейінгі Түркістан әйелдерінің ахуалы өте қиынға айналды. Сатылды, панасыз, үйсіз, жалаңаш күйсіз шиеттей жетім қалды. Өзбек қолында кедей қазақ зұлымдығы болды. Өткен, декабрь ішінде ескі Тәшкент барсам, өзбектің 13-14 жасар баласы 11-12 жасар қазақ қызын шанаға жегіп, өзін сүйреткізіп жүр екен. Қыз қайғылы өзі жүдеу, киім жоқ болғаннан кейін аяп кеттімде қасына барып жөн сұрадым. Мені, тәлкек қылған біреу десе керек. Айтпады. Сонан кейін, өзбек балаға «Я ортақ! Нимеге шо қызны шанаға жегіп иурсің? өзіңга иұріп тұрсың, аяғың барды» дедім, өзбек бала ашуланды. Менің қаным қайнап шыдай алмай, баланы итеріп кеп түсірдім. Бірақ, көшеде айғай салып не қылайын деп, қайтып кеттім. Енді бұл қызда сол ана жылғы ашаршылықтан, өзбек қолына кірген қазақ азаматтарының жетім қарындасы болса керек. Бұндай, жетімдер Түркстан қалаларында толып жатыр деп, «Ақжолда» жазылған еді. Бұл рас жетім қарындастарыңды құтқарыңдар, жастар!» - деген жанайқайды көруге болады [142].

Газеттің 1921 жылғы 56 номеріндегі Жүсіп Сайранбаевтың мақаласы қазақ әйелдерінің шынайы жағдайын баяндайды: «1918 жылғы ашаршылықтан Әулие ата үйезінен Оразгүл дейтін қатын байымен бірге Тәшкент үйезі Шарапхана болысы Кемербас ауылына келеді. Келген соң байы өліп, екі қатыны бар Қақан дегеннің тарысын қорып, күнін өткізді. Бір күні Қақан жақыны Ерназарды шақырып алып: «қатынды маған көндіріп бер», – дейді. Ерназар «Қақанға тіпті тимесең, қиын болады» дейді. Қатын көнбейді. Ерназар көнбегенге қарамай, ауылындағы молласын шақырады. Ол көнбеген соң, Үштамғалы болысының Сармырза деген бір қазағын алып келіп, некесін қидырып, Қақанға қосты да қойды. Қатын көнбеймін деп екі рет қашса, да тауып әкеп, ұрып-соғып үйіне отырғызып отыр. Бір ғана Оразгүл емес. Ел ішінде мұндай зорлықтар толып жатыр. Сондықтан бұл күнгі әйел теңдігі делінген әдемі сөз, армандар қағаз бетінде ғана қалды-ау деймін» [143].

Ал газеттің 58 санында жарық көрген Қасым Онбаевтың мына хатында былай делінген: «Біздің Жөлек маңындағы елдер қалың мал қалады дегенді естіген соң, 10 жастағы қызына шейін сатып жемесе, әкесі аштан өлетіндей болды. Бұл күнде күйеуі бай-жарлысына, жас-кәрісіне қарамай қыз сатып жатыр. Осы өткен апрелдьдің бас кезінде Жөлек болысы Жөлек қышлағында тұратын Амиров деген өзінің 12 жасар қарындасын 30-дағы жігітке 8 қараға сатып жіберіп отыр. Ел ішінде жалғыз бұл емес, осындайлар толып жатыр» [144].

Осындай маңызды әйелдер арасындағы әлеуметтік мәселелерді «Әйел теңдігі» деген «Ақ жол» газетінің тұрақты айдарында халықтың хаттары арқылы жариялап, қозғаған. Сол себепті, XX ғасырдағы республикадағы әйел жағдайы мәселесінің туындауы мен салдарын анықтап, маңызды дерек ретінде пайдалануға мүмкіндік туды. «Ақ жол» газеті негізінен Түркістан республикасының аумағында таралғанымен, деректерге сүйенсек, ішінара ҚазАКСР-да таралғаны көрінеді. Мұстафа Шоқайдың еңбектері арқылы астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын да байқауға болады. 12 мың дана газет тиражымен жариялануы сол кезең үшін аз емес еді. Дегенмен сұранысқа сай газеттің тиражы үнемі өсіп отырған, осыдан-ақ газеттің ол кезде қаншалықты маңызды болғандығын да көре аламыз.

1926 жылы тұңғыш әйелдерге арналған «Әйел теңдігі» журналы жарыққа шығады (Қосымша Б, сурет Б 5). Қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш журналисттердің бірі – С.Есова журналдың шығуына белсене қатысып, редакторлық қызметті де алып жүрген. Журнал сол кезеңдегі әйелдер мұқтажын көтерген басылым болғандықтан, өз оқырмандарын толғандыратын маңызды тақырыптарды қозғауды мақсат етті. Негізінен журнал «Жалпы бөлім», «Әдебиет бөлімі», «Біздің жұмысымыз», «Еңбекші әйелдер тіршілігі», «Дені саудың жаны сау» деген бірнеше бөлімдерге бөлініп, қоғам алдында тұрған басты мәселерге көңіл аударды. Басылым партия міндеттемесі бойынша саяси-әлеуметтік реформаларды насихаттауды қолға алғанымен, қазақ әйелдерін қоғамдық өмірден тысқары қалмауына, тұрмыстық жағдайын көтеруге, қараңғылықтан құтқаруға, қалыңмалға сатылып кетпеуіне демеу беріп, әйелдер арасында туындаған мәселелерді шешуге ат салысып, көңіл бөлген.

Журнал әйелдерге түрлі мәселелер бойынша кеңестер берді. Бастапқыда журналда екі-ақ қызметкер болды. Екі жыл бойы Қазақ педагогикалық институтының студенті Шиян Қожахметов хатшылық пен корректор қызметін атқарды. «Әйел теңдігі» журналының жарыққа шығуына Рахым Сүгіров, Бейімбет Майлин, Нағима Арықова, Сәбит Мұқанов, Шолпан Иманбаева, Сәкен Сейфуллин, Нәзипа Құлжанова және Ілияс Жансүгіров өз үлестерін қосты. Журналдың редколлегия мүшелерінің қатарында Алма Оразбаева, Зейнеп Тоқберлинова, Мәриям Бектембекова, Нәзипа Құлжанова, Зайда Ақышева сияқты қоғам қайраткерлері мен белсенді әйелдер болды. 1930 жылы журнал бастауына Мәриям Хакімжанова да келіп, екі жылдан кейін, 1933 жылы журналдың жауапты хатшысы болып бекітіледі. Журналда Смағұл Сәдуақасов, Мадина Бегалиева, Ілияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Аманғали Сегізбаев, Алма Оразбаева, Бейімбет Майлин, Алдоңғар Ерғалиев, Нағима Арықова, Мәжит Дәулетбаев, Сара Есова, Жиенғали Тілепбергенов, Ғаббас Тоғжанов, Назипа Құлжанова, Молдағали Жолдыбаев, Гүлсім Асфендиярова, Ғабит Мүсірепов, Аққағаз Досжанова, Асқар Тоқмағамбетов, Ақымет Мәметов, Рахия Ермекова, Мағрипа Қазыбекова және т.б. мақалалары жарияланған. Журналдың редакторларық қызметін Р. Сүгіров (1931-1932 жж.), Н.Саналиева (1933-1934 жж.), Н.Арықова (1934-1935 жж.) атқарған [145].

Журналдың 11 санында жарияланған «Елден оқу іздеп келдім» мақаласында Ұрқия деген өкіл әйелдің әйелдерді қызметке, оқуға тарту жұмысы туралы баяндалады: «...Ауылда әйелдердің жалпы жиналыстарын өткізіп, өкіл сайладым. Өкілдердің саны 24 болды. Бұл бір ауылда сайлаған өкіл Бұлдыртының басқа ауылдарынан әйелдер жиылысқа аз жиылды. Өкіл сайлауын жүргізе алмады. Себебі ауыл арасы қашық, қара шаруа әйелдері надан, көпшілік әйел жұмысына қарсы болды. Бұлдырты болысында төрт ай қызмет еттім. Жалпы әйелдер жиылысын 2-3 рет өткізсем де, өкіл жиылысын өткізгенге күшім келмеді. Менің жұмыс қылған кезім, елдің жайлауға көшкен кезі болды. Жайлауда ел қалың отырмайды екен. 2-3 үй бір жерге отырады екен. Сондықтан жалпы жұмыс жүргізу қиын болды. Жиылысқа еркектер әйелдерін жібермейді. Жиналыстан не аласың, әйел жыртылып не бітіруші еді? Баяғыда қыз патса, әйел патсалар болғанда өз елін бір басы үшін құрбан еткен екен. Бұл заманда әйел өкімет болса, жұртты қырып жіберер-деп ауыз ашқызбайды. Әйелдердің өздерінде талап жоқ емес. Мәселен, жиылыс соңында жас әйелдер келіп, «бізге школ ашыңдар сарапия жасаңдар» - деп жанымнан кетпейді. Ел әйелдерімен бірге болып, бірге істегенімде меним көңілімде қалғаны қазақ әйелдері әлі сең бұруға судай жөн таба алмай, көкірегі танып, қолы жетпей қапалықта жүр. Әйел жұмысы қалың бұқара елдерінің ортасында толық жүргізілген жоқ. Қыр әйелдерінің кешіктірілмейтін жұмыс болу керек. Әйелдер арасында жұмысты жүргізуде әзірлік білім алайын деп Қызылордада ашылған әйелдер курсына оқуға келгенімнің мәнісі де сол» [146].

Журналдағы қалың мал тақырыбына жазылған мақалалар арасында әйелдердің Кеңес үкіметінің қалың мал мен көп әйел алушылықты заңсыз деп таныған күніне арнаған ұрандары да жоқ емес. Мысалы, журналдың 12-13 сандарында жарияланған мақалада: «Бірінші, Қазақстанның еңбекші бұқарасы қалың малды, көп қатын алуды құртуға ат салысыңдар. Үшінші, қалың мал мен көп қатын алуды жақтаған көмінес емес. Ленин жолындағы комсомолдар қалың мал мен көп қатын алуды құртуға бас болыр кірісу керек. Төртінші, қалың мал мен көп қатын алу әйелді күң қылған дәуірдің мұрасы. Бесінші, қалың мал мен көп қатын алуды құртатын сенімді құрал оқу. Алтыншы, қалың мал мен көп қатын алу байдың кедейге үстемдігін күшейтеді. Қалың мал мен көп қатын алуды құртсақ байды әлсіретіп кедейге үстемдігін жойғанымыз. Жетінші, кеңес соты қалың бұқараға неғұрлым жақын болсын. Еңбекші әйелдер сіздерді кеңес сотына сүйетін азаматтық еркіңізге толық жетіспексіз. Сегізінші, комсомол мен пионер жаңа салтының басшысы әйелді күң қылған мал көп қатын алуды тамырымен жоқ қылайық. Тоғызыншы, өкіл әйел әлеумет қызметкері. Қалың мал, көп қатын алуды қалдыруға басшылық етуші. Қол ұстасып, күш біріктіріп қазақ ауылдарын кеңестірейік»,-деген талап-ұсыныстар жазылған [147].

М. Дулатовтың журналда жарық көрген «Қазақ әйелі» атты мақаласында жас буынның туылмай жатып, атастырып, «қарғы бауымен» байланып, есейгенде күштеп некелесіп, өз құқықтарының тапталуының белең алғандығын айыптады. Автор «құда болу, киіт кию, мінт алу, қалың мал беру» сынды жөн-жоралғыларға қыздың сатылуын, айттырылған күйеуі қайтыс болған жағдайда

«әменгерлік» жолмен туысқандырының қолына беріліп, әйелдің басына түскен тауқыметінің шектен шығуын келтірген. М. Дулатов «Қызды шал екең алмайды, мал екең алады» деген мақалдың ел арасында таралуының себебін нақтылай мысалдармен көрсетеді.

«Әдебиет бөлімі» айдарында әйел тақырыбындағы шығармалар мен қазақ қыздарының жазған өлең-поэмалары жариялана бастады. «Қыр қазағы» деген бүркеншік атпен жазылған Ә. Бөкейхановтың «Ақсақ кемпір» әңгімесі, «Малай» бүркеншік атымен басылған Б. Майлиннің «Раушан коммунист», «Ел күйеуі», «Айымкүл», «Ерлік құрбаны», «Әже» шығармалары, Ж. Аймауытовтың «Ақ білек», Қ. Кемеңгерұлының «Назиқа», Ш. Иманбаеваның «Октябрь мейрамы», «Жалшы әйелдер аузынан» атты туындылары жарық көрді.

Ал медициналық-гигиеналық нормаларды сақтау мақсатына арналған «Дені саудың — жаны сау» айдарында Н. Құлжанова, А. Досжанова, Г. Асфендиярова, С. Қапакеліні салауатты өмір сүру, бала мен әйел күтімі, жұқпалы ауруларды емдеу тақырыбындағы мақалаларында дәрігерлік кеңес беріп отырған (Қосымша Б, сурет Б 6). 1934 жылы БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бұйрығымен журнал қызметі тоқтап, оның редакциясы «Ауыл коммунисі» журналына енді. Кейін «Қазақстан әйелдері» деген жаңа атпен қайта шығып, өз бағытында жұмысын жалғастырды.

Қорытып айтсақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ баспасөзінің «әйел мәселесіне» қатысты көтерген түрлі тақырыптары кешенді түрде зерттеу қажеттілігін туындатып отыр. Ұлттық езгі мен теңсіздіктің сарқыншақтарын, ұлтшылдық пен ауытқудың барлық көріністеріне тойтарыс беруге күш салып, керісінше отарлық езгіге қарсы батыл пікірлер айтып, кеңестік идеологияның ұрандарын ғана тарату құралы болудан бас тартқан «Қазақ», «Айқап», «Ақжол», «Сарырқа» сынды газет-журналдардың әйел тақырыбын көтеруі бұл мәселенің көлеңкеде қалмауына мүмкіндік берді [148]. Мұрағат қорлары мен тарихнамалық зерттеулерді талдау барысында, бұл мәселеге қатысты нақты тұжырымдал жасалып, ортақ пікірлердің әлі күнге қалыптаспағандығын айқындадық. Төңкерістен кейінгі қазақ әйелінің жағдайы, қалыңмал, әменгерлік пен көп әйел алу, алып қашу және тағы басқа тұрмыстағы теңсіздік қазақ баспасөзінде қандай деңгейде қарастырылғаны нақты мысалдар арқылы мақалада айтылды, дегенмен Ресей архивтеріндегі (РГАСПИ, ГАРФ, РГАНИ) деректерде тіпті арнайы қоғамдық қорлар: «Көп әйел алушылық пен қалыңмал жойылсын», «Шығыс әйелдерінің ерікті қоғамы», «Жетімдер мен жесірлерді қорғау қоғамы» және тағы басқалары ерікті түрде жұмыс істеп әйелдер мәселесіне көңіл бөліп, ортақ мәселелерді баспасөз беттерінде жариялап отырғадығын атап өткеніміз жөн. Бұл жерде тек қана әйел теңдігі ғана емес сонымен бірге сауатсыздықпен, жұқпалы аурулардың таралуы мен алдын алумен күресті, әйелдердің кәсіби білімі мен мамандық алуына, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына бағытталған шаралар қабылданып, үкімет тарапынан арнайы қаулылар қабылданды. Неке қию, қалыңмал, алып қашуға байланысты заңдық нормаларды көпшілік назарына жеткізу үшін газет, журнал беттерінде арнайы айдармен жарияланып тұрды. Өз кезегінде бұл шаралар қоғамдағы әйелдер

құқығының заң жағынан қорғалатынына назар аудартып, көптеген заң бұзушылықтардың орын алмауына септігін тигізді. Міне, жоғарыда айтылған қазақ баспасөзінің сол заманындағы әйелдердің саяси сауатын ашудағы, өз құқықтарын білудегі негізгі ақпарат көзі болғандығын толық сеніммен айта аламыз.

# 3 КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ

## 3.1 Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тұрмысының сипаттық ерекшеліктері

Қазақстандағы Орталық және жергілікті билік органдарының 1921–1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі кезіндегі әйелдердің жағдайы тіпті аз зерттелген. Аштық Қазақстан тұрғындарына әсіресе жергілікті халыққа, соның ішінде әлеуметтік жағынан қорғалмаған балалар мен әйелдерге орны толмас зардаптар әкелді. Азаматтық қарсыласу кезіндегі соғыс, қуаңшылық, жұт, Еділ бойынан аштыққа ұшырағандардың қазақ жеріне қоныс аударуы, мемлекеттің азық-түлік салғырт саясаты үлкен демографиялық апатқа әкелді.

Әрине, Қазақстандағы орын алған ашаршылықтың тікелей қоғамдағы Кеңес үкіметінің билік басына келуіне орай жүргізген солақай саясаты мен қоғамдағы жүргізген түбегейлі өзгертулерге бағытталған іс-шараларына тәуелді болғанын атап өткеніміз жөн. Қазақстандағы ашаршылық негізгі үш кезеңді қамтығанын ғалымдар айтып жүр: бірінші кезең – 1917-1919 жылдардағы еліміздің оңтүстігін, Түркістан өлкесін жайлаған аштықтан 1 миллионнан астам қазақ қырылған; екінші кезең - 1921-1924 жылдардағы аштықтан қазақ халқының төрттен бірі қырылған; үшінші кезең – 1931-1933 жылдары болған алапат аштық [149].

Енді, осы жағдайларға қатысты кіріспе ретінде тоқтала кетейік. 1918 жылы Түркістан республикасында азық-түлік жағдайы апатты жағдайға жетті. Қоғамдағы таптық төңкеріске табиғат апаты да келіп қосылды(сұрапыл қыс пен жазғы қуаңшылық), елде алапат аштық басталды. Соғыс қажеті мен революцияға деп жиналған малы мен азық-түлігінен айырылған көшпенді халық арасында өлім 30 пайызды қамтыса, ал кейбір аудандарда 75 пайызы аштық салдарынан қырылған [150].

Әулиеата уезінде халықтың қатты қырылғаны соншалық, бұрынғы бірнеше болыстықты біріктіріп, бір болыс ұйымдастыруға тура келді. «Әулиеатада шіри бастаған өліктерді жинап алуға мұрша жоқ» - делінген Түркатком атына жолданған телеграмманың бірінде. Әндіжан уездік азық-түлік комитеті: «аштан өлгендердің мәйіттері жиналмастан жол бойында шашылып жатыр. Бір үзім нан үшін әйелдер мен балаларды сату не айырбастау күнделікті құбылыс. Көбіне оларды тауға апарып, тағдыр тәлкегіне тастап кетеді, өйткені еркектер өздері азық тауып бере алмағандықтан, олардың азабын көргісі келмейді [151].

1918 жылдың қаңтарындағы өлкенің азық-түлік сьезінде: «қайыршылық шырқау шегіне жетті, жақында аштық қалаға жетеді, сол кезде шара қолдану туралы ойлаудың өзі кеш болады» - деп, жергілікті жерлерде аш адамдардың бүлігі басталғанын атап өткен. Сол кездегі сот орындарының мәліметі бойынша адам жеу фактісі де орын алған [152].

Архив қорларындағы құжаттардың мәліметтеріне қарасақ, азық-түлік саясатындағы асыра сілтеушілік жергілікті тұрғындарға аса үлкен қасірет әкелді. Мысал келтірер болсақ; 1918 жылғы сұрапыл қыс пен жазғы қуаңшылықтан қатты зардап шеккен, қолда бар азын-аулақ малынан түгел дерлік айырылған

Черняев уезі Байшұған болыстығының №6 ауылының кедей малшылары жазға қарай мал шығынын орнына келтіріп, қор жинау мақсатында өз дүние мүліктерін сату арқылы 338 мың сом ақша жинап, өз өкілдерін Семей облысының жәрмеңкесіне жіберіп, 2450 қой, 21 жылқы және 5 түйе сатып алады. Ұзаққа созылған сапардан кейін сатып алынған мал Түркістан қаласына жеткізілген кезде жергілікті өкімет органдары ГПУ(мемлекеттік саяси басқарма) қызметкерлеріне арқа сүйеп бар малды тартып алды, оны Ташкент қалалық азық-түлік комитеті қорына жібертті. Малшылар атынан ашына хат жазған К.Аманбаев: «Ендігі жерде біз өлім тырнағына сөзсіз ілiндік, себебі, ең соңғы үміт еткеніміз тартып алынды» -деген болатын [153]. Дәл осындай тәсілдермен Түрікатком мүшесі Бөлебаев тек 1918 жылдың қыркүйек айының өзінде Түркістан уездінің – Болат, Жаусыған, Алтын болыстықтарының қазақтарынан 25000 қойды тартып алған. Соңғы есеп бойынша бұл уезде 1917 жылғы революцияға дейін малдың небәрі 5 пайызы ғана қалған. Астық екпейтін бұл уезд тұрғындарына кеңес үкіметі 75 мың пұт астық салығын салған.

Кейінгі жылдары да, қазақ жерінен қыруар малды: «Союзмясмопродукт», «Животноводсоюз», «Скотовод», «Овцевод», «Потребкооперация», «Ленинградмясопродукт», «Москвамясопродукт» секілді әдейі құрылған алпауыт ұйымдар сыпырып алды. Тонналаған ет, жеткізу шараларының әлсіздігінен, жолда шіріп, сасып жоюға тура келді. Тек 1928-1929 жылдардың өзінде ет дайындау науқанында – Қазақстаннан Ленинград қаласына – 38 080 бас ірі қара, 20 960 бас қой, ал Мәскеу қаласына – 5549 бас ірі қара, 11 006 бас қой жөнелтілген еді. Малмен күн көріп отырған жергілікті тұрғындар осылай күнкөріс көзінен айырылып, аштыққа ұшырады.

Жоғарғы билік 1921 жылы азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырды. Бұл Кеңес өкіметінің жаңа экономикалық саясаты (ЖЭС) еді. Бірақ большевиктер үкіметінің бұл шарасы да қазақ халқын аштықтан құтқара алмады. 1921 жылдың жазында елдің көптеген өңірлерін ашаршылық жайлай бастады. Деректер бойынша 1920-21 жылдары Қазақстан территориясында бес аймақ халқы ашаршылыққа ұшырады. Оның басты себебі – қуаңшылық. 1920 жылы 11 миллион 300 мың десятина егістік жердің 700 мыңына егін шықпай қалғандықтан, 2 миллион 653 мың 340 адам аштық қасіретін тартты. Босқыншылыққа ұшыраған жұрт сыртқа көшіп, сол жылдары қазақ халқының саны 30 пайызға кеміген [154].

Орталықтың қабылдаған шешімінен соң іле-шала 1921 жылы 18 шілдеде РК(б)П-ның Қазақ облыстық комитетінің арнайы шақырылған пленумында Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанынан жергілікті ашыққан халыққа көмек көрсету үшін комиссия (Компомгол) құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамы Қазақ ОАК, Ұлттар халкомы, Жер қатынасы халкомы, Әлеуметтік қамсыздандыру халкомы, Бас статбюро өкілдері кірді [155].

Сөйтіп, 1921 жылдың 20 қыркүйегінде ҚазОАК-тың жанынан ашыққандарға көмек беру комиссиясы (бұдан әрі Компомгол) құрылды. Аталмыш комиссия төрағасы болып С. Меңдешев, оның орынбасарлары А. Байтұрсынов пен М. Әуезов сайланды [156]. Осылайша елдегі барлық

комиссиялар қызметін Қазақстан ОАК-і жанынан ұйымдастырылған ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссия үйлестіріп отырды. Қазақстанда аштарға жәрдем ұйымдастыру комиссиясы барлық губерниялар мен уездерде құрылды. Комиссия қоғамдық тамақтандыру, жылу жинау, эпидемиялық ахуалмен күресу және шетелдік ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу, жанталаса әлеуметтік, экономикалық өмірді қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізді. Ауыл шарушылығынан бөлек аштыққа ұшыраған балалар мен олардың аналарын тамақтандыру сол кезде де өзекті болды. Олардың бәрі қалалар мен темір жол бекеттерінде, тамақтандыру асханаларын жағалап жүрді. Ал, ауылдағы жергілікті қазақ әйелдерінің ашаршылық кездегі жағдайы Бейімбет Майлинның «Аштық құрбаны», «Күлпаш» әңгімелерінде шынайы түрде баяндалған болатын. 1922 жылдың 12 қазанында Қостанай губерниясындағы аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның есебінде «губерниядағы тамыз және қыркүйек айындағы аштық жағдайы өзгерген жоқ. Тамыз және қыркүйек айында егін жиналғаннан кейін жағдай біршама өзгерді. Бұл, әсіресе қалада байқалды. Ашыққандардың көпшілігі ауылдарға астық жинауға кетіп, жұмыс істеді. Басқа губернияларға қоныс аударып кеткендердің арасынан қайтадан оралғандарының саны 4-шілде мен 20 қыркүйек аралығында тамақтандыру орындарындағы тіркелім бойынша 3355 адамға жетті. Мемлекеттен шұғыл көмек күтетін 59 494 ашыққан адам болды» Олардың басым бөлігі балалар мен әйелдер болды.

1921 жылдың қазанында Зампредгубкомпомгол Ширявцевтың ашыққандар жайлы берген мәліметіне жүгінсек, бір ғана Орал губерниясында ашыққандардың саны 227000 адамға жеткен. Төмендегі кестеден олардың пайыздық үлесін қарастырсақ, ашыққандардың ең үлкен көрсеткіші губерния бойынша Ілек уезі (70%) мен Калмыковта (70%) тіркелген. Ілек уезіндегі жалпы халық саны 128623 адам болса, ашыққандар саны барлығы 90000 адамды құрады. Қалмықов уездінің жалпы саны 59216 адамның 16941 ересек еркектер, 17472 ересек әйелдер, 13184 ұл балалар мен 11619 қыз балалар ішінде аштыққа душар болған адамдардың тұтас көрсеткіші 42000 адам. Ал Жамбейіттегі ашыққандардың саны 35,5%-ды, Оралда 30%-ды, Гурьев уезінде 20%-ды құрады [157].

Кесте 1 – Орал губерниясындағы ашыққандар жайлы Зампредгубкомпомгол Ширявцевтың берген мәліметі [157, с. 186]

| Уезд атауы | Ерлер саны | Әйелдер саны | Балалар саны | Ашыққан ересектер | Ашыққан балалар | Жалпы саны | Пайыздық көрсеткіші, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ілек | 29220 | 37795 | 61608 | 46500 | 43500 | 90000 | 70 |
| Калмыков | 16941 | 17472 | 24803 | 24000 | 18000 | 42000 | 70 |
| Орал | 23003 | 41068 | 59966 | 20000 | 18000 | 38000 | 30 |
| Жамбейіт | 30132 | 24745 | 38071 | 19000 | 14000 | 33000 | 35,5 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Гурьев | 37500 | 32500 | 50000 | 14000 | 10000 | 24000 | 20 |
| Барлығы | 13099 6 | 153380 | 234448 | 123500 | 103500 | 227000 | 43,2 |

Ең бір апатты жағдай 1921–1922 жылдардың қыс айларында орын алды. Міне дәл осы кездерде адам етін жеген фактілер құжаттарда кездесетін. Мысалы, 1921 жылдың желтоқсан айында Калмыков уезінің Бударин ауылында бір отбасы өз қызы мен немересін өлтіріп, асып жегені тіркелген. Өкілетті мекемелердің есебі бойынша, адам етін жеу фактілері тек 1922 жылдың 1 сәуіріне қарай, көмек беріле бастаған кезде ғана төмендей бастаған [158]. 1921 жылдың ақпан-наурыз айларында Қостанай губерниясының Исаев-Дедов ауаткомының ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған есебінде аудандағы ашаршылықтың тым өршіп, тұрғындар арасында наразылық күшейгенін атап көрсеткен. Кейбір аймақтарда, қоймаларда мемлекет тапсырмасымен жиналған астықты рұқсатсыз бөліп алу фактілері анықталған. Мысалы, Дмитриев ауылының екі жүзге жуық әйелдері көршілес ауылдардың әйелдерімен бірігіп, жиналған астықты Орынбор астық қоймасына тапсыруға ашық қарсылық көрсеткен: «егер сіздер жиналған асықты әкетер болсаңыздар біз аштан қырыламыз» деп астық жинаушы өкілдердің жолын бөгеген. Тура осылай, Васильев ауылының әйелдері де өкілдерді қоршап: «бізге бидай беріңдер, әйтпесе аштан өлеміз» деп талап қойған. Никольск ауылының әйелдері қоймаға басып кіріп, көктемгі егістікке дайындалған тұқымдық бидайды таласа бөліп алған [159].

Х. Чуриннің: «1922 жылдың басында аштықтың етек алғаны соншалық, үкімет ашығып жатқан халыққа азық-түлік жөнінен дереу жәрдем беруге мәжбүр болды. Губерниялық және уездік азық-түлік комитеттері жергілікті Советтер арқылы ашыққандарға азық-түлік өнімдерін – ұн, шай, өсімдік майын үлестіріп бере бастады. Елді мекендерде, поселкелерде, темір жол станцияларында аштарға арнап тамақтандыру пункттері және олардың жанынан жатақханалар ұйымдастырылды. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек мөлшерін толық келтіре алмаймын. Дегенмен осы көмектің арқасында көптеген семьялар өлімнен аман қалды» деген естелігі дәлеледей түседі [160].

1921–1923 жылдардағы ашаршылық салдарынан талғажау іздеп босқан әйелдер мен ата-анасынан айырылған панасыз балалар мәселесі пайда болды (Қосымша Б, сурет Б 7). Орталық және жергілікті билік органдарының 1921–1923 жылдардағы ашаршылықпен күресінің, қолға алған жоспарлы іс-шаралардың нәтижесінде миллиондаған адам тірі қалды, бірақ қазақтың демографиялық өсуін көптеген жылдарға тежеді. Кеңес өкіметі ресми түрде жағдай тұрақтанды деп асығыс шешім шығарып, аштықтың салдарымен күресетін комиссия құрғанымен Қазақстанның кейбір өңірлерінде 1924–1925 жылдары аштық қайталанып жатты. Бірақ Кеңес одағы бұдан сабақ алған жоқ. Уақыт көрсеткендей 1931–1933 жылдары Қазақстанда тағы да аштық орын алып, 1921–1923 жылдардағыдан да асып түсті. 20-шы жылдардағы аштықтан аман қалған жұрт алапат аштық кезеңінде тағы да қаңғып, тірі қалудың амалдарын іздеп, қасіретті басынан қайта өткерді (Қосымша Ә).

Архив қорларындағы деректерге тоқталсақ: «БКП(б) обкомы бұйрықтары мен әйелдер арасындағы жұмыс бөлімінің айналымдық хаттары» деп аталатын №139 қордағы құжаттардан Қыробкомның губерниялық бөлімшелері жанындағы «әйелдер бөлімі» жұмысының өте ауыр жағдайда болғанын көре аламыз. Мысалы, 1922 жылы ақпан айында ашаршылықтан босып Ресейден келген қашқындардың қаптап келуіне байланысты әйелдер бөлімінің жұмысы тіпті қауырт көбейген еді. Олар ашыққан балаларға көмек көрсету, вокзалдарда балаларға көмек беру үшін кезекшілік жасау, тамақтандыру пункті мен асханалар ашу, жаңадан жетім балалар үйін ашу, аш балаларға арналған қайрымдылық шараларын өткізу мен қаржы, киім-кешек жинастыру, дәрігерлік-тамақтандыру (сәбилер мен әжуаз, ауыру балаларға) пункттерін ұйымдастыру істерімен айналысты [161]. Әйелдер бөліміне тапсырмалар бірінен соң бірі келіп жататын. Мысалы, құжаттарға қарасақ, наурыз айының басында басты назар егістік науқанына аудару тапсырылса, іле-шала 1922 жылдың наурызының ортасында ашыққан балаларға көмек беруді ұйымдастыру әйелдер бөліміне жүктелген. Осы кездегі аш балалардың Қазақстандағы саны 462 622 жеткен болатын. Сонымен әйелдер бөлімі балалар тобынан бастап, толықтай балалар үйін өздерінің қамтамасыз етуіне алды [162].

Ал, 1922 күні көрсетілмеген наурыз айында келіп түскен айналымдық хатта әйелдердің сүзек ауыруының кең тараумен күреске жұмылдырылғаны, сәуір айында келіп түскен хатта жезөкшелікпен күрес шаралары баяндалған. Келесі, 1922 жылғы 17 маусымдағы хатта: «жергілікті газет беттерінде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық жағдайын, жергілікті мемлекеттік ұйымдар мен кәсібодақтар жұмысына қатысу белсенділігін, жұмыссыздықтың себебі мен онымен күрес, балаларды тәрбиелеу мәселесі, жұқпалы аурулардық таралуымен, діни фанатизммен күресі» туралы арнайы бет болу керектігі айтылған [163]. Тағы бір құжатта: «тіршілік көзінен жұрдай әйел қылмыс жасауға бір табан жақын» делінген. Қыркүйек айында келіп түскен айналымдық хатта, ЖЭС (Жаңа экономикалық саясат) кезінде әйелдердің саудагерлікке салынып кетпеуін бақылау керектігі, сол кездегі әйелдер арасындағы делегаттар жұмысының негізгі жұмыс тәсілі болу керектігі баяндалған [164]. Осы жылдың қараша айында әйелдер бөліміне келіп түскен хатта – қазақ әйелдерінің қаншасының білімі бар, партияда жоқтары қанша, олардың әлеуметтік жағдай мен саяси көзқарастарын, білімділік деңгейін зерттеу, әйелдер бөлімі аппаратын партияда жоқ қазақ әйелдерімен толықтыру ұсынылған [165]. Келесі бір, қараша айындағы хатта әйелдер бөлімініне ашаршылық салдарымен күреске қатысу, ашаршылықпен күрес комиссиясына ақпараттар дайындап беру, қаңғыбас, жетім балаларға көмек көрсету, балалар үйін ұйымдастыру, қайрымдылық қорларына қаржы жинастыру, жұмысшы әйелдерді курстарға (бау-бақша, жеміс ағаштарын өсіру, бал арасы (омарташылық), жеміс-жидектерді кептіру) тарту, жеке аула шаруашылығын жүргізу айлықтарын өткізу және т.б. тапсырмалар берілген [166]. Желтоқсан айындағы айналымдық хатта – халықтың қасіреті болып табылатын – әлеуметтік ауру: құрт ауруымен (түберкулез) күресуге бар күшті салу тапсырылды. Бұл аурудың кең таралуының себебі ретінде – ауыр

экономикалық жағдай, азық-түліктің, таза ауа мен күн жарығының жетіспеушілігі көрсетілді. Біз әйел қауымына жүктелген бір жылдағы және соның ішінде аса маңызды деген шараларға ғана тоқталдық, ал, соның ішінде ірілі-ұсақ қаншама көзге көрінбейтін жұмыстар атқарылып, өмір мен өлім арасындағы күрестер жүріп жатты.

Кеңестік кезеңдегі билік өкілдерінің халық шаруашылығын жаңғыртудың (модернизация) тағы бір ауқымды іс-шарасы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру реформасы болды. Бұл науқанның бастамасы ретінде таптық бөліністі жойып, ауқатты байлардың шаруашылықтарын мемлекет қарамағына тәркілеу көзделді. Мысалы, тек Алматы аймағында 1928 жылы осындай 117 байлардың мал-мүлкі тәркіленді (Қосымша А). XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алған тоталитарлық режимнің күшеюі қазақтар өндірісінің дәстүрлі жүйесінің жойылуына, жергілікті халықтың жүргізіліп жатқан саясатқа жаппай наразылығына әкелді. Осы кезеңде байлар мен орта шаруаларға қатысты сот және атқарушы органдардың іс-әрекеттерінің тоталитарлық сипатын дәлелдейтін көптеген дәлелдер бар.

Байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны барысында олардың отбасы, әйелдері мен балалары да жер аударылуға ілігіп кететін. Мысалы: 1928 жылдың 7-ші қазанындағы Шыңғыстау мен Қызылтаң аудандық комиссиясының ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу мен жер аудару туралы шешімін бекітуге арналған Семей өлкекомының отырысының хаттамасында:

«Тыңдалды: Шыңқожин Үйпалақ туралы.

Жарлық қабылданды: декреттің 2 бабының,1 тармағы бойынша жер аударылсын, осы ауданның тұрғыны азамат Шыңқожин Үйпалақ және оның отбасы: әйелі Бәтима-64 жаста, екінші әйелі Қайнол – 36 жаста, үшінші әйелі Әсима – 31 жаста, қызы Мүрзия – 13 жаста, ұлы Адамбай -5 жаста, Тұрсын-3 жаста, Тұрғали – 2 жаста, қызы Инабат-1 жаста, осы қаңтардың 1 дейінгі ірі қара малының саны - 175.

Декреттің 3 тармағы мен  нұсқаулықтың 2 тармағын негізге ала отырып, есепке алу кезіндегі мал саны - аудандық комиссия мен жергілікті органдардың тізіміне ірі қараға жатқызылған 141 бас алынып, сонымен қатар екі бөлмелі үй, бүкіл қора-қопсысымен - тәркіленсін.

Шаруашылық жүргізу үшін, ХКК нұсқауының 2 параграфына сәйкес Шыңқожин Үйпалақ пен оның отбасына 16 ірі қара делінген: 20 қой, 2 түйе, 10 жылқы қалдырылсын. Аудандық комиссияға жасырған малы бар ма соны анықтау шараларын қабылдау ұсынылсын» [167].

1928 жылдың 30 тамызында өткен ҚазАткомның өкілі қатысуымен өткен тәркілеу бойынша жабық отырысқа аймақтық және қалалық партия белсенділерінің 57-сі қатысқан. ҚазАткомның өкілі Құрамысовтың тәркіленетін 1-ші және 2-ші категорияға жатқызылған шаруашылықтар туралы баяндамасынан кейін жарыссөзге шыққандар түрлі мәселелер көтерді. Соның бірінде: «Қазақ әйелдерін байлар қатарына мүлдем жатқызуға болмайды. Байлар әйелді қанау үшін алады, әйел-байдың үйіндегі құлы. Сондықтан да бай мен

олардың әйелдері арасында белгілі бір алшақтықты ұстану қажет» делінді [167, с. 414]. Айтылған сөз, айтылған күйі қалды, бай мен оның отбасын бірге жер аудару сол күйінде қалды. Бұған қарсы халық тарапынан бұрқыраған арыздар қаптап түсіп жатты.

Соның бірі 1928 жылдың 17 қазан айында Сырдария өлкелік комиссиясына келіп түскен арыздарды қарастырған ҚазАтком уәкілінің есебінде: «Жер аударуға жатқызылған байлар Комиссия шешімімен келіспейтінін, нормаға олардың қолындағы малының жетпейтіндігін немесе қоғам үшін қауіпсіз екендігін баяндаған шағымдар көп. Сонымен қатар, әйелдері (тоқалдары) күйеулерімен ажырасып, тұрғылықты мекен - жайларында қалуды қалайды. Тіпті, соңғысы жаппай етек алған. Аймақтық комиссия қолда бар материалдармен таныса келе, бұндай ажырасу жалған, бай-күйеуінің итермелеуімен орын алып отыр деген шешімге келген. Шындығы сол, бір әйелімен ажырасу арқылы отбасын сақтап, туған жерінде шаруашылығының бір бөлігі мен отбасын қалдыру үшін жасалған әрекет еді. [167, с. 551].

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға бағыт алған Кеңестік тоталитарлық тәртіптің ықпалының күшеюі қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің жойылуына әсер етіп, жергілікті халықтың компартияның жүргізіп жатқан саясатына жаппай наразылығына әкелді. Осы кезеңде байлар мен орташаларға қатысты сот және атқарушы органдардың жазалау, қудалау іс-әрекеттерінің тоталитарлық сипатын дәлелдейтін көптеген құжаттар бар. Тарихи статистика атқарушы органдар мен сот жүйесінің байлар мен орташаларға қатысты қолдананған репрессиялық әдістерінің Қазақстанда еңбекке қабілетті халық санының күрт өзгеруіне әкеп соқтырғанын айқын көрсетеді. 1928-1929 жылдардағы астық дайындаудың жанама деректері бойынша Қазақстанда 8936 шаруашылық жауапқа тартылды, 4721474 рубль мөлшерінде айыппұл салынды, 1230013 рубльге мүліктері, бидай – 540035 пұт, мал – 4563 бас, 55 кәсіпорын мен ғимарат тәркіленді.

Лаңкестік әрекеттері үшін 113 адам жауапқа тартылды, оның ішінде кулактар – 63, ауқаттылар – 29, орташалар – 19, кедейлер – 10 және басқалардан – 1. Іштей іріткі салуға үгіттегендері үшін (жеті аймақ бойынша) 290 адам сотталды, оның ішінде кулактар – 91, ауқатты байлар – 67, орташалар – 107, кедейлер – 57, және басқалары – 18 [168]. Мысал келтіретін болсақ, 1928 жылы 26 қазанда Азат ауылының № 1 шешімімен (№39 құжат) Қазтай Құндақовтың көпбалалы отбасы аймақтан тыс Гурьев губерниясына жер аударылған. Келесі №2 актіде қуғын-сүргінге ұшыраған отбасы мүшелерінің аты-жөні, жасы және саны көрсетілген. Отағасы - Қазтай, 45 жаста, әйелі – Қоштай, 28 жаста, ұлдары - Ризван, 17 жаста, Әлихан, 3 жаста, Төлеутай 1 жаста, қыздары - Әдиба, 7 жаста, Әдия, 5 жаста, ағасы - Шопат, 42 жаста, келіні - Күлтай, 37 жаста, немерелері - Нұрлығаин, 13 жаста, Шарбан, 4 жаста, Кенжеқыз 1 жаста. Осылайша, атаулы тізімде 18 жастан асқан ер адамдар – 2 адам, жас – 3 адам екендігі көрсетілген. 16 жастан асқан әйелдер-2 адам, жас – 5 адам. Аймақтан тыс жерлерге барлығы 12 адам жер аударылған [169]. Мінеки архив деректерінің мәліметіне қарасақ,

байлардың өзі ғана емес оның отбасы түгел, бала-шаға және әйелдерімен қоса жазаланған.

Байларға жатқызылғандардың дүние-мүліктік жағдайын бағалау үшін Қазтай Құндақовтың дүние мүлкін хаттап тәркілеген комиссияның мәліметтеріне тоқталайық. Ағаштан жасалған екі үй (бірінші үйдің өлшемдері - ұзындығы 12 аршын, ені 12 аршын, биіктігі 3 аршын, комиссияның бағалауы бойынша құны 500 рубль; екінші үйдің өлшемдері – ұзындығы 16х6=96, биіктігі 3 аршын, комиссияның бағалауы бойынша құны 200 рубль). Үш киіз үй, олардың біреуі сегіз қанат, комиссияның бағасы 500 рубль, қалған екеуі бес қанат, комиссияның бағасы 100 рубльді құрайды. Бес аула (қора), оның екеуі ағаштан, екеуі кірпіштен, біреуі шикі балшықтан (шымтезек), әрқайсысы 15х7 саженнан тұрады, бағалау - 100 рубль. Екі сарай, оның біреуі ағаштан салынған, төбесі қамыс, құны 60 рубль, біреуі бидайға арналған кірпіш, құны 15 рубль. Ал, бағалы үй мүлкі: кілем - 6, текемет – 1, граммофон – 1. Келесі, ауыл шаруашылығы құрал – саймандары: үш басты соқалар – 1, ағаш түрен – 2, сепкіштер – 1, сүйретпелі тырма – 1, шөп шабатын машиналар – 2, лобогрейка – 1, тырма – 1, ағаш арбалар: арба – 2, шана – 1, әбзелдері бар қамыт – 1, жабдықтары бар ер-тоқымдар - 2. Сонымен қатар архив құжаттарында Қазтай байдың шаруашылықтарындағы тәркіленуге жатқызылған мал саны көрсетілген: жылқылары – 153, соның ішінде: ат – 5, айғыр – 10, құлынды бие – 31, құнан – 45, бие – 11, дөнежін бие – 10, құнажын бие – 10, дөнен – 6, тай – 25; ірі қара – 51: үлкен өгіз - 9, дөнен өгіз – 6, құнан өгіз – 3, тайынша – 6, бұзаулы сиыр – 10, құнажын, дөнежін сиыр – 2, бұзау-9, бойдақ сиыр - 5; ешкі-қой – 86: ешкі –16, қой - 70; түйелер 5: інген-2, құнан інген – 1, бота – 2. Жем-шөп – 61 арбаның салмағы 30 пұт болатын мемлекет пайдасына тәркіленді [170].

1930-1932 жылдар аралығында көптеген байлар, орта деңгейдегі ауқатты шаруалар, атқамінерлер, кулактар, жекешелер, шаруалар өздерінің мүліктері мен малдарынан айырылып қана қоймай, қамауға алынып, жер аударылып, атылды. Мұндай саясатпен келіспейтін шаруалар Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болды, қалған шаруалар өзін-өзі кедейлендіруге ұмтылды.

Ауылдарда тұратын жеке шаруашылығы барлар мен ұжымдастыруға көнбеген шаруалар өлім жазасымен қорқытылып, колхоздарға күштеп енгізілді. Олардың алдында астық мен ет дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындау міндеті тұрды, оны орындамау өлім жазасына дейінгі қатаң жазаға әкеп соқтыратын. Өз өмірі мен жақын адамдарының өмірінен айырылуынан қорқып, шаруалар мемлекетке соңғы заттарына дейін беруге мәжбүр болды. Ауыл шаруашылығындағы дағдарыстың алғашқы белгілері 1930 жылы пайда болды, ол тереңдеп, кеңейіп, 1932-1933 жылдары елді ашаршылыққа алып келді.

Зорлық-зомбылыққа негізделген күштеп ұжымдастыру ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан аштықтан аман қалуының дәстүрлі жүйесін талқандады. Астықты қолда дым қалдырмай мемлекет қажетіне деп жинау нәтижесінде ауылда астық пен басқа да өнімдердің қиын-қыстау кезеңдерге арнап сақтау қорлары жүйесіне нұқсан келтіріп, жеке отбасының тіршілік нәрін жоқ қылды.

Егін жинауды жоспарлау және ауыл шаруашылығын басқару шығындары әкімшілік басқарудың қатаң шараларымен реттелді. Шаруаларға мемлекеттік өктемдік көрсету арқылы мәжбүрлі түрде колхоздарға біріктіріп, ауыр өнеркәсіп пен мемлекеттің ауқымды шараларына тартылғандарды қажетті азық-түлік қорларымен қамтамасыз етуші қара күш пен басқа да мәселелерді шешудің негізгі көзі болды. Елде шаруа қожалықтарының 93% - біріктірген 243 мыңнан астам колхоздар болды.

«Ашаршылық. Голод.1928-1934. Документальная хроника» - деп аталатын құжаттар жинағының 3 томындағы бір құжаттан үзінді бере кетейік (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы жағдай туралы О.Исаевқа жазылған баянхат, 1932 ж. қаңтар): «... 1931 жылы – 10666 бас жылқы, мүйізді ірі қара - 9931 бас, 4364 – түйе, 26620 – қой мен ешкі бар еді.

Қазіргі кезде қалғаны: 743(343) - жылқы, 453 - мүйізді ірі қара, 119 – түйе, 2057 - қой мен ешкі. ...Ашаршылыққа байланысты аудан орталығынан алыста жатқан ауылдар қатты зардап шекті. Мысалы: №8 ауылдағы 360 шаруашылықтан – 27 -сі, №9 ауылдағы 343 шаруашылықтан – 49 ғана қалған (388 бет)». Әрине, құжатта айтылған мәліметтерді толық келтіру мүмкін емес сонда да бір – екі дерекке тоқталмасақ болмайды: «... Рахметов Рахимның жертөлесі жанында 7 өлік жатыр: 2 - өлік төбеде, 5 – жерде олардың біреуі «Союз пушнина» аудандық бөлімшесінің отжағушы-шабарманы, батырақ – Кәрімов Олжабайдың шешесі. Келесі өлекселер: Камила Каримова, Рахим Рахметов, Қоңқары Рахимова, Мухитан Рахимов, Сақып Қасымов екендігі белгілі болды. Қарауылтөбе колхозының №6 ауылында: Қуандықовтар отбасында 4 адамның 3 өліп, біреуі қалған, Боқаев Мұхамеджанның отбасындағы 9 адамның 8 өліп, біреуі қалған, Қадыров Әбіштің отбасындағы 8 адамның 7 өліп, біреуі қалған, Тойшыбеков Жылқыбайдың отбасындағы 8 адамның 6 өліп, 2 қалған. Жаңарқадағы 2 балалар үйі меңгерушілерінің мәліметі бойынша 130 бала аштықтан өлген [167, с. 390].

Енді осы мәліметтерге қарап отырып, аудан басшылары қандай шара қолданды дегенде деректе олардың ауылдарға ат басын бұрмағандығы айтылады. Ақыр соңында, өліктерді тігінен қарға көміп, шығысқа қолдарын созған шешендер түріндегі (В.И. Лениннің портретін еске алыңыздар) «шешен-өліктердің» қолдарына «ұжымдастыру нәтижесі» деген қағаз қыстырылғаны облыс басшысы құлағына жеткенде, өз көзімен көріп, төбе шашы тік тұрып, ауданға «Бәрі Жаңаарқалықтарға» деген ұранмен 20-дан астам төтенше өкілдерді аттандырған.

Жоғарыда келтірілген статистика Кеңес өкіметінің әкімшілік немесе соттан тыс сипаттағы репрессиялық шараларының жүйелі сипатын, тап ретінде кулак пен байлар мен орташалардың бүкіл дүние-мүлкін тәркілеп, тіршілік көзінен айырып, қатын баласымен тентіретіп, адами тұрғыдан қысымға ұшыратуы мен жоюын көрсетеді. Қазақстандағы репрессиялық сипаттағы оқиғалар белсенді түрде жалғасты және 1930 жылдары олардың барлығы мемлекеттік органдардың қаулыларына, жарлықтарына және партия комитеттерінің шешімдеріне сүйенетін болды. Кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға

қатысты әділдікті қалпына келтіру Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық бағытын таңдаудың көрсеткіші болды.

Сонымен, қорыта келе айтар болсақ, Кеңестік билік жүйесінің нарықтық қатынастарды реттеу, Азамат соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру мен шаруашылық жүйесін жаңаша қайта құру барысындағы ең үлкен зардап шеккендер әрине балалар мен әйелдер болды десек қателеспейміз. Ескі жүйені талқандап, жаңа тапсыз қоғам құруға ұмтылған бір партиялық (коммунистік) Кеңес үкіметі экономикалық реформалар жүргізудің ғылыми негіздемесін: теориясымен методологиясын меңгеруге шамасы да мұршасы да болмады. Билік тетігінде ұраншыл, мансапқор, білімі таяз кездейсоқ адамдар басым болды, оның себебі бұрынғы кәсіби мамандар ескі биліктің өкілдері және қансорғыш қанаушылар деген айдарлар тағылып шеттетілген немесе көзі жойылған болатын. Міне сондықтан қарапайым халық бұрын мемлекет басқаруда тәжірибесі жоқтардың ойдан шығарған реформалары мен қайта құруларының жан түршігерлік эксперименттер жүргізген нысанасына айналып, зертханалардағы тышқандар секілді өз тағдырларының шешімін күтумен болды. Ал осындай ауқымды жаңартулар мен қатерлі де қасіретті кезеңнің барысында әйелдердің тағдыры тіпті көмескіленіп, солардың көлеңкесінде қала берген еді.

### 3.2 Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы

1920 жылдың бірінші жартысындағы индустрияландыру үрдісі ең алдымен бұрынғы өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру мен жұмыс істеп тұрғандарын неғұрлым жетілдіру мен жаңартуға байланысты болды, ал жылдың екінші жартысына таман жаппай жаңа завод, шахта және мұнай кәсіпкерлігі құрлысын салуға бағытталған әкімшілік бет-бұрыс қатая түсті.

1920 жылы кәсіпорындардың және оларда жұмыс істейтін адамдардың санын, сондай-ақ қозғалтқыштарды пайдаланатын кәсіпорындардың санын айқындау мақсатында өнеркәсіптік кәсіпорындардың бүкілресейлік санағы өткізілді. Ол 1920 жылдардағы демографиялық және ауыл шаруашылығы санақтарымен бір мезгілде өткізілді. Өнеркәсіптік балық аулауды қоса алғанда, олардың мөлшеріне қарамастан, бұзылған және сақталмаған жабдықтарды қоспағанда, жұмыс істеп тұрған да, жұмыс істемейтін де өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің барлық кәсіпорындары санаққа жатады [171].

1921 жылғы ақпанда РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі елдің шаруашылық дамуының ағымдағы және перспективалық жоспарларын әзірлеу үшін Мемлекеттік Комиссия (Мемжоспар) құрды. Жаңа билік елде жаңа экономикалық саясатты енгізе отырып, өз өкілеттіктерінің заңдылығын бекіту жөнінде батыл шаралар қабылдады. Осы жылдың наурызында өткен РКП (б) Коммунистік партиясының Х съезі жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу бағытын бекітті, бұл саяси тұрғыдан алғанда кез келген өзгешелікті басу мен қатал бір партиялық режимді, ал экономикада шаруашылық жүргізудің әкімшілік-нарықтық жүйесін бекітті ауылмен азық-түлік салығы қағидаты

бойынша баламалы емес алмасу, трест деңгейіндегі индустриядағы шаруашылық есеп айырысу жүзеге асты.

Сол съезде соғыс аяқталғаннан кейінгі күйреу мен күйреу жағдайында «ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру ауыл шаруашылығын қалпына келтіруден ғана басталуы мүмкін» деп атап өтілді [172]. Ұсақ өнеркәсіпті қалпына келтіруді, жұмысшылар үшін қажетті шикізат пен азық-түлік мәселесін шешуді, сөзсіз, елемеуге болмады, өйткені бұл ауыл шаруашылығы базасының ірі өнеркәсіпке өту жолындағы қадам болды, Лениннің айтуынша, онсыз «социализм туралы мүлдем сөз болмайды» [173].

Алайда, Қазақ өлкесінің өзінің қалыптасқан тұрмыстық және экономикалық ерекшеліктері бар екені ескерілмеді және Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру мәселесіне біртіндеп, көшпенді - мал өсірушілердің психологиясын ескере отырып көшу қарау қажет еді. Ал ол үшін қажырлы түсіндіру жұмыстары, азық-түлік жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне күшейтілген бақылау жасау және билік өкілдерінің қызмет бабын теріс пайдалануына қарсы күрес жүргізу қажет болатын. Мұндай тәсіл «көшпелі, мал шаруашылығы, жартылай көшпелі, отырықшы тұрғындар мен пролетариат арасындағы тауар алмасу» мәселесін шешуге көмектесер еді, яғни «серіктестік ынтымақтастықтың басталуына» кірісуге және ауылдағы таптық жіктелудің алдын алуға мүмкіндік береді. Ал бұл, өз кезегінде, неғұрлым «мықты шаруашылықтарды» күшейтуге мүмкіндік беріп және «ауылдың саяси өмірінде үлес салмағын көбірек алу» перспективасын ашар еді [174].

Кейде экономикадағы, тұрмыстағы, мәдениеттегі елеулі ілгерілеулер үшін қазақ халқына қажет болатындай, олардың дамуы алапат соғыстармен, жұттармен, құқықсыз жағдаймен және көптеген әлеуметтік-экономикалық эксперименттермен тежелді, соның бірі үдемелі индустрияландыруды жүргізу саясаты болатын.

Аграрлы елді индустриялыққа айналдыру мәселелері, оның экономикалық тәуелсіздігі мен қорғаныс қабілетін, сондай-ақ бүкіл халық шаруашылығының механикалық жарақтандырылуын қамтамасыз ету мәселесі 20-жылдардың екінші жартысында экономикалық дамудың маңызды міндетіне айналады.

Елді машиналар мен жабдықтарды сырттан әкелушіден, оларды өндіретін өндіріске айналдыру үшін оның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, өндіріс құралдарын өндіруді дамыту қажет болды, бұл оның техникалық жарақтандырылуы негізінде социалистік өнеркәсіп құруға мүмкіндік беретін еді.

Егер 20-жылдардың бірінші жартысында ескі өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта құруға, кооперацияны дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін ескерсек, онда 20-жылдардың екінші жартысында өнеркәсіпті басқару жүйесіндегі өзгерістер туралы, жұмыс күшін дайындау туралы, өнеркәсіп кәсіпорындарын жоспарлы салу үшін қаражат іздестіру туралы мәселе де туындады. Басқару әдістеріне келетін болсақ, бұл уақытқа шамадан тыс орталықтандыру, директивалық қолбасшылық және бастаманы мейлінше басу, шаруашылық және партиялық органдардың функцияларын нақты ажыратудың болмауы тән болды. Бұл ретте өндіріс барысын жалпы басқару Мәскеуден жүзеге асырылды.

Билеуші партия елдегі империализмнің кез келген салдарын жою жөнінде пікірталас жүргізді, олар экономикалық күрес нысанына айналды. Басқарушы партияның пікірінше, осы орасан міндетті табысты шешу үшін елді индустрияландырудан бастау керек.

Бүкіл Кеңес Одағының халық шаруашылығын одан әрі дамытудың жолдары мен сипаты туралы мәселе барған сайын өзекті болып отырды. Пікірталас болған ең маңызды проблема жалпы экономиканы жаңғыртудың құралы ретінде индустрияландырудың өзі емес, оны жүзеге асырудың нысандары, әдістері, қарқыны болды.

Индустриаландыруды өткізу мәселесі бойынша пікірталастар жоспарында ең қызу болған 1925 жыл - БКП (б) XIV съезінің жылы болды. Бұл «индустрияландыру съезі» ретінде тарихқа енген съезд болды.

20-жылдары кооперативтік қызмет үстем капиталистік қатынастарға әкеледі деген тұжырым пайда болды. Тұтыну кооперациясына қарсы оның азық-түлікті, ең алдымен азық-түлікті әкімшілік бөлу функцияларымен және осы органдардың мемлекеттің сол әкімшілік ұйғарымдарын орындауымен мемлекет иелігіне алудың төтенше шаралары қабылданды [175]. Одан әрі көріп отырғанымыздай, кооперативтер мен мемлекеттік кәсіпорындар жекеменшіктерді алдымен көтерме саудадан, содан кейін бөлшек саудадан ығыстыра бастады. Жеке меншік иелеріне ірі өнеркәсіп өнімдерін сатуға тыйым салынды. Олардың орнын мемлекет бақылауындағы ірі кооперативтік қоғамдар алды. Бұл, бір жағынан, жеке кәсіпкерліктің арқасында қол жеткізілген елдің экономикалық жағдайының нығаюын куәландырса, екінші жағынан, жеке сектордың құлдырауы апатқа ұшырады. Мемлекеттік тамақ және жеңіл өнеркәсіпті құру таяу перспектива болып табылмады. Олардың дамуына Саяси бюро отандық машина жасау және шикізат базасын құрғаннан кейін ғана кірісуді жоспарлаған болатын, бірақ сол кезде де басымдық ауыр және әскери өнеркәсіпте қалды [176].

Оның үстіне Х съезде «экономикалық іс-шаралардың шығыс шетіне кез келген механикалық көшіру... қабылданбауы тиіс, өйткені кедейлердің кең көпшілігінің өмірлік экономикалық мүдделерін ескере отырып ғана Еңбекшілер кеңесі Шығыс халықтарын социалистік қайта құру үшін күреске көтере алады» делінген [177].

Республиканың шаруашылық жоспарына келсек, ол жергілікті экономикалық және аумақтық ерекшеліктерді, жергілікті халықтың өмірлік мүдделерін ескере отырып, ойластырылмаған еді. Қолөнер өнеркәсібі дамымаған, себебі жалпыодақтық міндеттер үшін қолөнер өнеркәсібінің болашағы жоқ деп есептелген.

«Жаңа Орта Азия және жаңа халықтардың қалыптасуы» кітабында Оливер Рой былай деп атап өткен: «Кеңестік республикалар - бұл көзге шынайы болып көрінгенімен, анығында бос шаршылар секілді еді» [178].

Американдық тарихшы-экономист А. Гершенкронның пікірінше, «республиканы индустрияландыруға жұмылдырған және жүзеге асырған билік» индустрияландырудың одан әрі дамуының алдына біліктілігінің төмендігі

себебінен кедергі болып, онымен қоса, халықтың бұл науқанның жемісті нәтижелерін пайдалануына да тосқауыл болған» [179].

Ал Смағұл Сәдуақасов 20-шы жылдардың басында-ақ Кеңес билігінің жекелеген органдарының қателіктерінің мәнін, олардың Қазақстанда орынды саясат жүргізе алмайтындығын түсінді.

Елдің даму деңгейі шикізат тауарлары өндірісінің көлемімен емес, өңдеуші өнеркәсіптің даму деңгейімен айқындалатыны белгілі. Шикізат көздеріне жақын қайта өңдеу өндірістерін орналастыру болмады, бұл үстеме шығыстарды одан әрі ұлғайтты.

Тұтастай алғанда, «бір фабрика» қағидаты бойынша құрылған біртұтас халықтық-шаруашылық кешен шеңберінде дамып келе жатқан Қазақстан экономикасының өзіндік ерекшеліктері болды. Республикада түпкілікті өнім шығаратын өңдеу өнеркәсібі тиісті дамымаған, оны іске асыру нақты пайда әкеледі [180].

Қолда бар ресурстар толық көлемде және тиісінше пайдаланылмаған, демек, Қазақстан экономикасының тиімді дамуы туралы сөз болуы мүмкін емес.

Қазақстандағы индустрияландыру үрдісі Кеңес Одағының 1925 жылы желтоқсанда БК(б)П XIV сьезінде белгіленген міндеттер негізінде жүзеге асырылатын болды. Ал осы индустрияландыру науқанының қаншалықты қиын болғандығы және оның барысы туралы зерттеулердің көптігі мен біздің алға қойып отырған мақсатымыз осы кезеңдегі әйелдер тағдыры болғандықтан, тек тақырыпқа қатысты жағын қарастыруға тырыстық. Қазақстанда ірі құрылыс орындары: Ембімұнай, Балқашқұрлыс, Ақтөбехимқұрлыс, Қазтеміржолқұрлыс салына бастады. Бұл нысандарда 1934 жылдың күзінде жалпы жұмысшы мамандықтарының саны шамамен 12806 жұмысшы болса, олардың арасындағы 1428-і барлық әйелдер саны, ал бұл көрсеткіш ішіндегі 959-ы тек қазақ әйелдерін құрады. Өндірістегі техникалық-инженерлік мамандар саны 1005 адам болса, оның 66-сы әйелдер, ал ішіндегі қазақ әйелдері 3-еу болды. Міне бұл мәліметтерден анық байқалатыны әйелдер республиканың халық шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар қатарынан еді.

Ал бұған дейінгі жағдайға тоқталар болсақ, архив деректерінде Қазақстандағы әйелдер арасында жүргізілген жұмыстың қысқаша есебінде мынадай мәліметтер келтірілген: «Әйелдер арасындағы жұмыссыздық төтенше тұрақты сипатқа ие болып отыр, 1926 жылдың 1 сәуіріндегі есеп бойынша 19403 жұмыссыздардың ішінде – 4396-сы әйелдер, яғни жалпы санның 22,4 пайызын құрады [181]. Есепте осы әйелдер арасындағы жұмыссыздықпен күресудің жолы ретінде оларды «кеңестік-шаруашылық кәсіпорындарына – артельдер мен шеберханаларға тарту» қарастырылған. Соның нәтижелері ретінде мынадай мәліметтер келтіріледі: «Қазалыда – 18 адам жұмыс істейтін тігін шеберханасы, Түркістанда 19 адамдық (бәрі қазақ әйелдері) майда кәсіпкерлік мақта-мата шеберханасын, Әулиеатада - 13 орыс әйелдері жұмыс істейтін кір жуатын орын мен асхана, Қызылордада – 50 қазақ әйелдері істейтін кілем тоқу артелі ашылған» [182]. Бұл жерде әйелдердің негізінен жеңіл өнеркәсіп саласына тартыла бастағаны туралы айтылған.

Дегенімен, бұған дейінгі кезеңде, жеңіл өрнеркәсіп пен ұсақ қолөнер кәсіптері басым болған еді. Мысалы, 1925 жылы Сырдария губерниясында жергілікті билік органдары 4 тілін артелін (1-і қазақ әйелдеріне), 3 кір жуу орнын ашып, онда 78 жұмыссыз әйелдер орналастырылды, соның ішінде 8-қазақ, 12-өзбек, 58 орыс әйелдері болды [45, с. 219].

Қызылордада 1926 жылдың ақпан айында Алма Оразбаеваның бастамасымен алғашқы қазақ кәсіптік-кооперативтік артелі ашылған болатын. БКП(б) Қазөлкекомы әйелдер бөлімінің нұсқаушылары үй-үйді аралап, кілем тоқи алатын әйелдерді артелге кіруге үгіттеді. Артелдің Жарғысы ҚазАКСР Орталық атқару комитетінде тіркелді. Тіркелу жарнасы – 50 тиын, пай жарнасы – 2 сом болды, артелде 43 әйел, оның 41- қазақ, 1 – татар, 1 – өзбек еді, ал әлеуметтік жағынан – 34 тұрмыста және 9 – жесір, білімділігі жағынан – 41-сауатсыз болды [183].

Ұсақ кәсіпкерлікке негізделген әйелдер бірлестіктері Жетісу, Семей және Ақмола губернияларында кең етек алды. Қазақстанда 1929 жылы 35 киіз басу, кілем тоқу, тоқыма, тігін артелдері жұмыс істеп -1259 әйел, оның ішінде -730 қазақ әйелдері еңбек етті.

Кесте 2 – 1926 жылдың есебі бойынша әйелдердің түрлі еңбек салаларында қызмет ету көрсеткіші [184]

| Еңбек саласы | Әйелдер саны | Пайыздық үлесі |
|---|---|---|
| Ағарту ісі | 4657 | 28,93 |
| Денсаулық сақтау | 2737 | 17,00 |
| Сауда | 2610 | 16,21 |
| Тамақ өнеркәсібі | 1297 | 8,06 |
| Теміржол | 766 | 4,76 |
| Құрылыс | 673 | 4,18 |
| Тау-кен өндірісі | 318 | 1,98 |
| Тері өңдеу | 134 | 0,83 |
| Барлығы | 16097 | |

Кестеден 1926 жылдың 1-қазанындағы есеп бойынша республиканың халық шаруашылығында барлығы 16097 әйел еңбекке тартылғанын байқауға болады. Олардың басым бөлігі (28,93%) - ағарту ісіне, денсаулық сақтау саласына (17,00%) тартылса, бұл кезеңде әйелдердің ауыр өнеркәсіп саласында еңбек ету көрсеткішінің төмен екендігі анықталды. Теміржол саласындағы әйелдер саны тек 766 адамды, құрылыстағы әйелдер саны 673 адамды құраса, тау-кен өндірісі мен тері өңдеу саласындағы әйелдердің саны 400-ге де жетпеді [184, б. 53].

Сонымен қатар, теңіз, өзен жағалауындағы балық өндірісінде әйелдер қол еңбегі кеңінен пайдаланылды. 1925-1926 жылдары балық өндіру - 2 млрд. пудқа

жеткен болатын. Қазақ және орыс әйелдері жұмыс істейтін Орал өзені бойында Тополев болыстығында үш ауылда - Кармановскі, Бақсай және Ямахалинскіде балық кәсіпкерлігі болды. Сонымен қатар Оралдық төменгі ағысы, Гурьев уезі, Каспий жағалауы бойындағы әрбір поселкада Еділ-Каспий балық кәсіпорындары басқармасына бағынышты жақсы жабдықталған балық шаруашылықтары болған еді. Осы жерлерде балық өңдеумен әйелдер айналысты. 800 -ден астам кесуші, тізбектеуші, тұздаушы және т.б. жұмысшы әйелдер ауыр еңбекпен күнелтті. Тіпті әйелдер күшінің жетіспеушілігі себепті Астраханнан да шақыртылды. Еңбек ақысына әйелдер 8 сағат аралығында тиісті нормаға сай 1200 балықты өңдеген жағдайда жылдың бүкіл жаз мезгіліндегі жұмысына мемлекеттік мекемелерде - 20 сом(рубль) алса, жекеменшіктерден – 36 сом(рубль) алатын [185].

Әйелдердің басқа бір категориясы консерві зауыттарында жұмыста болды. Орал облысының ең кедей топтары, жалғызбасты әйелдер мен жетім балалар қызыл мия тамырларын (солодка) жинаумен айналысты. Өңдеу өндірісінде - мата, жүн түту кәсіпорындарында 1925-1926 жылдары -14686 жұп киіз байпақ (валенки) өндіріліп, 30 жұмысшы әйелдер еңбек етті. Олар нормаларын артық орындап, күніне 1,5 – 2 сом табатын. Мата зауытында – 140 орыс, татар және 3 қазақ жұмыскер әйелдері болды [186]. Сонымен Орал губерниясында кәсіпорындардағы жұмыскер әйелдер саны - 3510 және жұмыссыздары – 1243 еді.

Жалпы, Қазақстанда 1927-1936 жылдар аралығында халық шаруашылығындағы әйелдердің саны – 103 мыңға жуық, яғни олардың үлес салмағы небәрі -2,1 пайыз болғанына қарамастан біртіндеп үш есеге дейін өскен болатын. Салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, республика шаруашылығындағылардың саны осы жылдары – 386,3 мыңға өсіп, олардың төрттен бірін, яғни 26,6 пайызын ауыр жұмыстарға тартылған әйелдер құрайтын. Жұмыс күшінің жетіспеушілігіне байланысты индустрияландыру барысында осы салаға әйелдерді жаппай тартуға ерекше мән берілген болатын.

Республиканың халық шаруашылығы жұмыстарына тартылған әйелдер санының біртіндеп өсуіне қарамастан әлі де болса басқа Орта Азия республикаларымен салыстырғанда төмен болатын. 1928 жылы олардың өнеркәсіптегі жұмысшы әйелдердің үлес салмағы - 10 пайызды құраса, Қазақстанда небәрі – 8,4 пайызды құрады [45, с. 222]. Міне сондықтан да Қазақстанда Еңбек Халық комиссариатының қабылдаған қаулысымен, өнеркәсіптің барлық саласындағы әйелдердің үлесін - 25 пайыздан төмен болмауын қамтамасыз ету қарастырылды. Нәтижесінде, 1929 жылы, яғни бір жылдың ішінде қазақстандағы кәсіпорындар мен мекемелердегі әйелдер саны – 26443 жетіп, 13,4 пайызды құрады.

Ал енді, өнеркәсіптердегі әйелдер санының неге аз болды дегеннің себебіне тоқталар болсақ, бұл ең алдымен, олардың кәсіби мамандығының жоқ болуын байланысты еді. Қазақ әйелдері бұрындары үй тұрмысындағы ұсақ қолөнер бұйымдарын өндіруден басқа ірі кәсіпорындарда жұмыс істеп маманданған емес. Сол себепті, бірінші кезекте олар фабрика-заводтар және құрылыс бригадалары

жанындағы курстар мен кәсіби-техникалық мектептерде қажетті мамандықтарға машықтануға тиісті болды. Мысалы, 1929 жылы Петропавлда қазақтарға арналған өндірістік мектепті 30 әйел оқып бітірген. Осы жылдағы статистикалық мәліметтер бойынша орта кәсіби білім беру ошақтарын бітірген әйелдердің үлесі – 23 пайызды құрады.

Бүкіл республика бойынша фабрика-завод училищелері (ФЗУ) мен кәсіби-техникалық мектептер саны 1932 жылы 117 жетті (1929 жылы - 16 болатын). Соған сәйкес оларда оқитын шәкірттер саны да өсті: 38766 (бұрын небәрі - 1060), нәтижесінде 31 мыңнан астам кәсіби маман жұмысшылар дайындалды. Осындай курстар жүйесі арқылы және өндірістік және бригадалық тәлімгерлік арқылы бүкіл ел бойынша 15 мың жұмысшы дайындалса соның ішінде жергілікті ұлт өкілдері де болды.

Орталық комитеттің «Шығыс әйелдері арасындағы партияның кезекті міндеттері мен нақты қадамдары» деп аталатын құжаттың №5 бабында: «әйелдер арасындағы жұмысшы мамандар дайындау курсына аз ұлттар әйелдерін тарту» баяндалған [187]. Сонымен қатар, әйелдер еңбегінің тиімсіздігін желеу етіп оларды алдымен қысқартуға жол бермеудің алдын алу да қарастырылды. Қазақ өлкелік комитеті Секретариатының 1928 жылдың 24 маусымдағы отырысының №34 хаттамасының қосымшасында: «кейбір аймақтардағы кәсіпорындардағы әйелдердің еңбегін ығыстырып жатқанына байланысты, орын алып жатқан қысқартулар кезінде әйелдердің жағдайы ескерілуі қатаң бақылауға алынып, тиісті шаралар қабылдансын» делінді [188]. Осы құжатта: «Өндірісте әйелдер жұмыс күшін пайдалануға, соның ішінде қазақ әйелдеріңің өндірістегі санын арттыруға бағыт алу керек, әсіресе әйел еңбегі аз пайдаланылып отырған өндіріс салаларына көңіл аудара отырып» дей келе, «жұмысшы-әйелдердің кәсіподақтарына қазақ әйелдерін тартуды күшейту. Әйелдер арасында кәсіби мамандықтар алуына қатысты шаралар қабылдап, өндіріс орындарында маман-әйелдерге қажетті жағдайлар жасау, ер азаматтармен бірдей жалақы тағайындау, балабақшалар салу, олардың үй-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға бағытталған міндеттерді жүзеге асыру» және т.б. мәселелер айтылған [189].

Кәсіби маманданған қазақ кадрларын дайындау үшін барлық өнеркәсіп және тасымалдау (транспорт) орындарында қазақтандыру (коренизация) арнайы комитеттері құрылып, барлық кәсіпорындар мен жаңа құрлыс алаңдарында бақылау пункттерін ашты. Соның қатарында қазақ әйелдері де өндіріске қажетті арнайы мамандықтарды үйреніп және техникалық сауатсыздықты жою пункттерінде білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды. 1926 жылдары осындай пункттердің саны республикада -736 жетті.




Сурет 2 - Республикадағы қазақ әйелдерінің кәсіпорындарында еңбек ету деңгейі [190]

Кестеде қазақ әйелдерінің өндіріске тартылуының даму қарқыны көрсетілген. 1926-1936 жылдар аралығында республикадағы халық-шаруашылығы алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру барысында қазақ әйелдерінің оған тартылуы күшейе түскенін байқауға болады. Қазақстанның әртүрлі кәсіпорындарында қазақ жұмыскер әйелдерінің саны жылдан-жылға артып, 1926 жылы олардың саны – 860 болса, 1929 жылы - 1234, 1933 жылы – 26600, 1934 жылы - 33600, 1936 жылы – 40000 көтерілгені анықталды [191].

КСРО-ғы әйелдер еңбегінің жағдайын зерттеген комиссияның қортындысы бойынша: «егер де еңбек тәртібіне келер болсақ, бұл мәселеде әйелдер жағынан тәртіп бұзушылық сирек кездеседі, ер азаматтарға қарағанда әйелдердің жұмысқа шықпай қалуы мен жұмыстан кетуі өте төмен. Расында да әйелдердің өндірістік көрсеткіштері еркектерге қарағанда тиімді болып отыр» [192].

Дегенімен, 1930 жылы КСРО Еңбек Халық комиссариатының есебі бойынша металлургия саласындағы 100 әйел жұмысшының 74 мамандандбаған болса, екі жылдан кейін бұл көрсеткіш 50 дейін төмендеді, ал машина құрылысы өндірісінде – 83-ден 53-ке дейін төмендеді және жартылай маманданған әйелдердің үлес салмағы көтерілгенін байқауға болады. Ал, осы 1935 жылдары жоғары және орта кәсіби деңгейдегі әйелдердің пайыздық көрсеткіші әлі де болса тым төмен болды. Мысалы, машиналы өндірісте жұмыс істейтін әйелдердің бар-жоғы 4,3 пайызын құрайтын. Міне, жоғарыдағы мәліметтер негізінде еркектерге қарағанда әйелдер кәсіби деңгейі төмен болған себепті, көбінесе қара жұмыстарда көбірек еді.

Ауылдардағы ашаршылық зұлматы мен ұжымдастыру науқанының қарқынды өрістеуі барысында, тіршілік көзінен айырылған жалшы-жалқыбайлар шұбырып, қалаға қарай ағылып, өндіріс ошақтарындағы ауыр жұмыстарға жалданып, жұмысшылар қатарын көбейтті (Қосымша Б, сурет Б8). Олардың арасында әйелдер мен жасөспірім балалар да болды. Сонымен қатар, 30-шы

жылдарда күшіне енген Сталиндік қуғын-сүргін науқаны бүкіл ел арасында қасірет тудырып, тегін еңбек күшін пайдалануға жол ашқан еңбекпен түзету лагерлері жүйесін құрған болатын. Олардың тұтқындары: кәрі-жасы, жынысына қарамастан ең ауыр деген жұмыстарға түрлі айдарлар тағылып «Отанын сатқан опасыздар, халық жаулары, халық шаруашылығына тигізген зиянкестер, оңшыл, солшыл лаңкестер және т.б.) делініп аямай жұмсалды.

Завод-фабрикалардағы уақыты шектелмеген ауыр жұмыстар әйелдер денсаулығына кері әсерін тигізді. Бұған азық-түлік пен қаржы тапшылығы, ауруханалардың жетіспеушілігі, тұрмыстық жағдайдың төмендігі келіп қосылатын. 1920 жылдары кәсіпорындардағы әйелдер арасындағы ауыру-сырқау еркектермен салыстырғанда 20-40 пайызға артық болатын. Әйелдерде жиі кездесетін аурулар түрі: асқазан, қан айналымы мен жүйке жүйесінің сыр беруі. Соған қарамастан, күн көріс үшін жалақысы жоғары болып саналатын ауыр өнеркәсіп салаларына ауыр жұмыстарға жалдану әйелдер арасында бел ала бастады. Мысалы, 1933 жылмен салыстырғанда 1937 жылы әйелдердің саны: таскөмір өндірісінде – 2,2 есе, мұнай өндірісі саласында - 0,9 есе, металлургияда -1,9 есе, кен өндіруде – 1,8 есе, құрлыс заттарын шығаруда - 4,1 есе артқан болатын [181, с. 358].

«Алпауыттылыққа құштарлық, шағын кәсіпорындардың еленбеуі өнеркәсіптік сектордың шарасыздығын білдіреді», оның өзгермелі жағдайларға бейімделмеуі, сапалық көрсеткіштерге емес, сандық көрсеткіштерге баса назар аударылған және өндірілетін өнім бәсекеге қабілеттілікке шыдамаған, себебі ол әлемдік нарықтың ғана емес, ішкі нарықтың талаптарына да сәйкес келмеді. Бесжылдық жоспарларды орындау және асыра орындау үшін сол кезеңге тән идеологиялық негіздер емес, сол сәтте анағұрлым тиімді экономика сыну және қайта құру кезеңіне сәйкес келуі тиіс екені ұмытылды [192, с. 77].

Елдің 20-30 жылдардағы индустрияландырудың орасан зор жоспарларында ғылыми негіздемесі болған жоқ. Оның негізгі бөлігі ретінде өнеркәсіптің дамуына ғылыми талдаудың, экономика, саясат, әлеуметтік сала мәселелерін терең білетін құзыретті мамандарды тарта отырып ұйымдастырылатын сараптамалық бағалау нәтижелерінің, республика табиғатының, тарихының және шаруашылығының дамуының сауатты және негізделген экономикалық шешімдер қабылдай алатын ерекше ерекшеліктерінің жоқтығын атап көрсеткеніміз жөн.

ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының басында Қазақстан экономикасының салалық құрылымының өзгеруі байқалады. Мүмкін болған жерлерде тұрақты жағдайларды ұстап тұру үшін экономикалық әдістер болмаған, салалық та, өңірлік та аспектілерде стратегиялық жоспарлау болмаған [193].

Комиссариаттар орталық Халықкомдардың тапсырмаларын жай ғана механикалық түрде орындайтын және шаруашылық өмірін дамытуға, Қазақстанда индустрияландыруды нығайтуға мүлде бейімделмеген органдарға айналдырылды, бұл Қазақстандағы шаруашылық құрылысының міндеттері туралы РКП (б) X съезінің қаулыларын іске асыруға кедергі болды.

«Ұтымды таңдау билікке ұмтылу сияқты эмоциялар үстемдігімен жаншылған кезде, мұндай күш-жігер экономикалық болмайды» және Орталық Қазақстан дамуының командалық-әкімшілік моделін күштеп отырғызуға деген транзиттік артықшылықтарды жою жолымен жүрді [194].

Ұлттық шеткері аудандар жасанды түрде шаруашылық жағынан артта қалған күйде қалды. Орталықтың Қазақстанда жүргізіп отырған саясаты біртіндеп партия басшылығының кемшіліктерін тікелей көрсеткен бірқатар қазақ зиялы қауым өкілдерінің қарсылығына тап бола бастады. Дәл осы кезеңде Орталық пен Қазақстан өкілдері арасында индустрияландыру мәселелері бойынша кең ауқымды партиялық пікірталас басталды.

20-жылдардың басында Қазақстанға өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы келбетін беру мәселесі бойынша екі негізгі ұстаным қалыптасты. Ауыл шаруашылығы келбетін жақтаушылар Қазақстан болашақта тек аграрлық кепілдіктерді дамыту саласында ғана дами алады деп санаса, басқа көзқарасты жақтаушылар ірі және ұсақ өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, кооперацияны қатар дамыту позициясын қорғады.

### 3.3 Саяси қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген салдары

Архив деректері «Үлкен террор» кезеңіндегі оқиғалардың шынайы көрінісін хронологиялық дәйектілікпен және объективті көзқараспен қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Зерттеу ҚРПА мен ҚРОМА қорларынан алынған КСРО ІІХК-ның қаулылары мен шешімдеріне негізделген. Сонымен қатар, қуғын-сүргін мәселелері бойынша бірқатар монографиялар мен ғылыми еңбектері материалдары қарастырылды.

Зерттеудің осы бөлімін жазу барысында зерттеудің негізін тарихилық пен ғылыми объективтілік әдіс-тәсілдері құрады. Кеңес билігінің орнаған алғашқы онжылдығында қуғын-сүргін мәселесі жүйелі түрде қарастырылды: оның пайда болу себептері, тарихи даму барысы және нақты кезеңдердегі өзгеру ерекшеліктері зерделенді. Бұл әдіснамалық негіздеме келесі жалпы ғылыми тәсілдерді қолдануға мүмкіндік берді: зерттеу нысанына қатысты деректер мен еңбектерді талдау әдісі; дереккөздер мен зерттеулерді тарихи кезеңдеріне байланысты жіктеу және түсіндіру әдісі; сондай-ақ, ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстандағы қуғын-сүргіннің қоғамға, отбасына және әйелдерге тигізген ықпалын анықтау мақсатында синтез әдісі қолданылып, зерттеу нысанының толық сипаты жасалды.

Кеңес үкіметі марксистік теорияларды ұран ретінде қолдана отырып, саяси режимге қарсы келген кез-келген адамды ойланбастан жоюға тырысты. Кеңес үкіметінің алғашқы құжаттарының бірі – В.И. Лениннің 1917 жылғы 5 қарашадағы «Халыққа» үндеуінде – «халық ісіне зиян келтіруге ниеті бар кез келген адамды революциялық сотқа беру...» ұсынылды [195]. Сондай-ақ Лениннің «тәртіпті дұрыстаудың ең қатал шараларын» талап етуі соның айғағы [196].

Мемлекеттің билігі бірте-бірте халықты толық өз бақылауында ұстап отырған таза тоталитарлық жүйеге өзгерді. Саяси қуғын-сүргін тоталитарлық режимнің ажырамас бөлігіне айналды. Кеңес билігіне қарсы келгендерді бірден жою үшін «Үлкен террор» ұйымдастырылып, мыңдаған адам жапа шекті. Алайда, жазаға «халық жаулары» ғана емес, олардың отбасы мүшелері де тартылды.

1934 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік қылмыс жасау туралы» ережеге «Отан сатқандарының отбасы мүшелері» туралы қосымша қабылданды. Соған сәйкес, «халық жауының» саяси құқықтарынан, бас бостандығынан айырылған отбасы мүшелерінің мал-мүлкі тәркіленіп, ал өздері болса Сібірге немесе концлагерьге айдалды [197].

Бүкіл ел көлемінде етек алған 1937-1938 жылдары қуғын-сүргін жылдары басқа да ұлт өкілдерімен қатар, алыңғы қатардағы, озық ойлы қазақ зиялы элитасының басым бөлігі осы науқанның құрбандарына айналды. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, және басқалар. «Сонымен қатар, көсемшілдікпен, касталықпен, шығармашылық жұтаңдықпен шектесетін менмендік, бұқарадан алшақтау сияқты аурулар Сейфуллиннің өзін де сипаттайды» [198].

1937 жылы 30 шілдеде «Ұлттық фашистік ұйым» құрып, троцкистермен, оңшылдармен келіссөздер жүргізген» деген айыппен 400-ден астам адам қамауға алынды, олардың ішінде Т. Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Ходжанов, С. Сәдуақасов та бар еді [199].

Репрессиялық шараларды жүзеге асыра отырып тоталитарлық жүйе адамдардың жеке өміріне араласып, олардың құқықтың қорғалуын негіздеген заңдарға өздерінің мүддесіне сай өзгертулер енгізу арқылы науқаншылдық қатігез әрекеттерін заңдастырып отырды. Соның арқасында, «әкесінің қылмысы үшін, баласы жауап бермейді» деген қағида бұдан былай қолданылмайтын болды. Ендігі жерде, отбасының басында тұрған ер-азаматтың саяси қателігі немесе қылмысы үшін бүкіл отбасы мүшелері жауап беретін еді. Міне сондықтан, аталған кезеңдегі әйелдердің тағдыры тікелей күйеуінің, әкесінің немесе ағасының қызметіндегі жіберілген саяси қателіктерінің билік тарапынан қаншалықты шынайы бағалануына тәуелді болды. Бұдан былай, «Отанын сатқындарының отбасы мүшелері» заңының негізгінде ешбір қылмысы болмаса да әйелдер «халық жауы» аталғанның анасы, әйелі, әпкесі немесе қызы болғаны үшін ғана жазаға тартылған еді.

Қазан төңкерісінен кейін, «ескінің қалдығына» шырмалған әйелдерге ерлермен бірдей теңдік сыйлауға кіріскен Кеңес үкіметі іс жүзінде жазықсыз қудалап, тегін еңбек күшіне айналдырды. Кезінде ұран болған «әйел мәртебесі» аяққа тапталып, еш кінәсіз әйелдерді тағдыр тәлкегіне салды. «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» қосымшасы қабылданған кейін ІІХК-на билік тізгінін берілді. Осыдан кейін елімізде отбасылар ойрандалып, ерлерін қамауға не ату жазасына кесіп, әйелдерін лагерге, балаларын балалар үйіне өткізді.

Зерттеудің материалдық негіздері ретінде Қазақстан орталық мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасы Президентінің архив және бірнеше

облыстық, қалалық архивтер қорларындағы біз қарастырып отырған кезеңдегі оқиғаларға қатысты құжаттар әйелдерге қатысты жазалау еңбекпен түзеу лагерлеріндегі шынайы жағдайды баяндайтын үлкен мәлімет көзі болды. Сонымен қатар, қуғын-сүргін мәселелері бойынша бірқатар монографиялар мен ғылыми еңбектері материалдары қарастырылды.

Зерттеудің теориялық-методологиялық ұстанымдарының кешенділік, жүйелілік және тарихи-салыстырмалы тәсілдері – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы бүкіл КСРО көлеміндегі қуғын-сүргіннің бастапқы кезеңінің Қазақстандағы билік басындағылардан бастап қатардағы азаматтарға, қоғамға, отбасыға және әйелдерге тигізген әсері мен салдарын және оның қазіргі таңда әйелдер тағдырына қатысты зерттелу деңгейін анықтап, обьективті бағасын беруге мүмкіндіктер ашады.

Зерттеу барысында Кеңес өкіметінің күйреуіне дейінгі еңбектер сарапталды. Г.З. Анашкин «Сатқындар мен тыңшылардың» бейнесін, себеп-салдары мен оларға қарастырылған жазаны нақтылап кетсе, Д.А. Волкогонов И.В. Сталинның тұлғасына табыну генезисін зерттеп, оны құдайға теңеудің кесірі бүтін халықтың қасіретіне алып келгенін, 30-шы жылдардағы елдегі заңсыздықтар соның дәлелі ретінде көрсетеді. Қуғын-сүргін саясатын зерттеу үшін большевиктердің алғашқы қабылдаған заңнамалары мен үкімдері зерттелді. Қоғамды өзгертіп, жаңа билікті орнатуда зорлық пен құдалаудың алғышарттары В.И. Лениннің алғашқы үндеуінен байқалады.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің әйелдерге қатысты ең бір ауыр бұйрықтарының бірі №00486-ші (15.08.1937 ж.) шұғыл жарияланған: «Отанын сатқандардың, оңшыл Троцкийшіл тыңшылардың барлық әйелдерін күйеулерімен бір уақытта тұтқындау» болды. Келесі жылы, Ішкі істер халық комиссариатының қосымша (17.09.1928) бұйрығымен: «халық жауларының әйелдерін тұтқындау және қуғын-сүргін мәселесі агенттік жолмен алынған материалға, олардың күйеулерінің контрреволюциялық жұмысына қатысу дәрежесіне, бірге тұру ұзақтығына сүйене отырып, әр жағдайда тиісті Ішкі істер халық комиссариаты тарапынан шешілуі керек» делінді [200]. Сонымен, Орталықта жүргізіліп жатқан қуғын-сүргін шаралары Қазақстанның да барлық аймақтарында күйеулерінің кінәсі үшін әйелдері де жазаға тартылып, концлагерьлерге кінәлэрін өтеуге жіберілді.

Жаппай саяси қуғын-сүргін жылдары адамдар саяси және діни, тіпті ұлттық және әлеуметтік тектеріне қарай да қудалауға ұшыраған. Осындай жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандығына шалынған Қазақстанның мемлекет билігіндегі белгілі партия мен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ізін ала бере олардың әйел-бала шағасы мен жақын туыстары да жазаға тартылған. Бұл туралы Орталық Комитеті Саяси Бюросының отырысында: «Отанын сатқандардың барлық әйелдерін, оңшыл-троцкийшіл, тыңшылық - диверсиялық ұйымның мүшелерін кем дегенде 5-8 жылға лагерьлерге қамауға алу туралы» Ішкі істер халық комиссариятына «совершенно секретно» грифы бар тапсырма берілді [201].

Еңбекпен түзету лагерлері отанын сатқандардың әйелдерімен толып кетуі және оларға тағылған саяси айыптың ауырлығы себепті, әйелдерге арналған ерекше лагерлер ашу қажеттігі туындады.

ГУЛАГ жүйесіндегі алғашқы Қазақстандағы лагерь (Казлаг) Алматы қаласында 1930 жылы ашылып, онда жазасын өтеушілер таудан ағаштар құлатып, қала көшелеріне тас төсеп, болашақ «Гигант» совхозының негізін қалады. Ал, 1931 жылы Қарағанды лагері (Карлаг) құрылып, онда соғыстан кейін алпыс мыңнан астам адам жазасын өтеуде болды [202]. Ал, әйелдерге арналған арнайы лагерьлерді құру орны ретінде бастапқыда Қазақстанның Торғай даласы таңдалғанымен, темір жолдан алыстығына байланысты Орталық Қазақстанға ауыстырылды.

Қуғын-сүргіннің құрбандары қатарында «Отан сатқындарының» әйелдері ғана емес, жазықсыз кінә тағылғандардың арасында айыпталушылардың аналары, әпкелері, қыздары да болды, бұлардың бәріне бірдей «Отанын сатқан отбасы мүшелері» деген ортақ ат беріліп жазаға тартылған.

Жоғарыда атап көрсеткен Бүкілодақтық коммунисті партияның орталық комитетінің Саяси Бюросының 1937 жылғы 15 тамыздағы шешімінен кейін, Ішкі істер халық коммисариятының «аса құпия» (совершенно секретно) деп аталатын №00486 бұйрығы шыққан болатын [203]. Соған сәйкес, сотталған «сатқынның» бүкіл сырын білетін және оның қолдаушысы ретінде әйелін, анасын, әпке-қарындастары мен қызын жазаға тартуға негіз боларлық дәлелдер келтірілген хаттамалар толтырылып, істері сотқа жіберілді, ал оның соңы белгілі еді кінәлары мойындарына қойылып, жаза арқалап кете барды Кейде асығыс толтырылған немесе шала сауатты тергеушілердің жазған хаттамалары мен прокурорға берген анықтамаларында біріне-бірі қайшы келіп жататын, немесе ойдан құрастырылғаны көзге ұрып тұратын материалдар болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Ал тергеудің қалай жүргізілгені мен кінәні мойындатудың небір әдіс-тәсілдері мен азаптаулардың қаталдығы туралы осыған дейінгі зерттеулерде жан-жақты баяндалған болатын.

Осы, №00486 бұйрық бойынша жазалаудан босатылғандар қатарына: жүкті әйелдер, емізулі балалары бар әйелдер, күтімге мұқтаж ауыр немесе жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар, егде жастағы адамдар, күйеулерінің үстінен шағымданып, оны мәжбүрлегені мен құпиясын ашып берген әйелдері қамауға алынбады; тұтқындаумен бір мезгілде мұқият тінту жүргізілді.

Тергеу барысында, жазаға тартылған отбасының үйіне тінту жүргізіліп, бүкіл қылмысы мойнына қойылып, әйелдер түрмеге қамалып, сот барысында, айыптаушының үкімі жарияланып, жазалану мерзімі тағайындалатын тергеу істері негізінде қысқаша айыптау қорытындысы шығарылды [204].

Бұрынғы тұтқын әйелдердің естеліктерінде 1937-1938 жылдары тергеуге алынған әйелдердің саны шектен тыс мөлшерде екені байқалады. 5-10 адамға арналған камерада 70-тен астам әйел қамалды. Толассыз әкелініп жатқан әйелдер тар камераларда, сыймағандары үсті-үстіне кіре берістерде жатуға мәжбүр болған [205].

Ішкі істер халық комиссариятының №00486 бұйрығында көрсетілген «Халық жауларының әйелдері күйеулерінің қоғамдағы қылмыстық дәрежесіне байланысты кем дегенде 5-8 жыл лагерьлерге қамауға алынады» деген үкіміне қарамастан, бұл жерде ең алдымен сол «халық жауы» делінген күйеуінің қоғамға қаншалықты қауіпті екендігіне орай, оның әйеліне жаза мерзімі тағайындалатын. Мысалы, қылмысы ауыр ретінде күйеуіне ату жазасы тағайындалғандардың әйелдері 8 жылға, ал күйеуі қылмысының жеңілдігіне орай жазасын лагерде өтеп жатқан болса, әйелі 3 жылға лагерьге жіберілетін еді. Бұдан тағы да Кеңес билігінің әйелдерге Қазан төңкерісінен кейін тәуелсіздік сыйлағанымен, шындап келгенде, оны ерінен бөлек тұлға ретінде қарастырмағаны анық көрінеді.

БКП(б) ОК Саяси бюросы 1938 жылдың 15 қыркүйегінде «ІІХК ұсынысы бойынша контрреволюциялық ұлттық контингенттердің әлі қарастырып үлгермеген істерін КСРО ІІХК 1937 жылғы - № 00485, 00439, 00593 және 1938 жылғы - № 302, 326 бұйрықтарына орай жергілікті жерлердегі Ерекше Үштіктер қарауына беру туралы шешім қабылдады. Ерекше Үштіктердің құрамы: Бүкілодақтық большевиктік коммунистік партиясы (БКП(б)-ы) облыстық комитетінің бірінші хатшысы, немесе жергілікті коммунистік партиясы өлкелік комитетінің өкілі; Ішкі істер халық комисариятының бастығы және облыс, өлке, республика Прокурорынан тұратын [206].

КСРО ІІХК 1937 жылғы 17 қыркүйектегі №00606 бұйрығына орай «Ерекше үштіктер бірінші категориядағыларға қатысты шешімдерін дереу іске асыра алады» делінді. Міне осы бұйрыққа жүгіне отырып, Ерекше үштіктер шешімімен ҚазКСР-де 5 769 адам айыпталып, олардың 5 233-ші ең жоғарғы жаза - атуға, ал қалған 536-сы басқа жазалауларға тартылды.

Сонымен Қазақстанда жаппай қуғын-сүргін кезеңінде мемлекетке қарсы қылмыс жасады деген негізсіз айыппен сот арқылы да, сотсыз да дәл осы 20-50 жылдар аралығында 118 мың адам (олардың 20 пайызы – ату жазасына кесілгендер) жазаланды.

Жалпы одақ бойынша әйелдерге арналған төрт лагерь құрылды: Темляковский лагері, Жангижер лагері, Темниковский және «26 нүкте» немесе Алжир [207]. Қарағанды лагерінің (КАРЛАГ) Ақмоланың жанындағы арнаулы бөлімі №26-шы еңбекпен түзету Долинка поселкасында 1937жылдың 3 желтоқсанында Кеңестік социалистік Республикалар одағы Ішкі істер халық комиссиятының шығарған бұйрығы негізінде құрылды [207, с. 58]. Лагерь тұтқындары өздері жасаған саман бaрактарда антисанитарлық жағдайда өмір сүрді: төсектердің үстіне қамыс төсеп, оны төсеніш пен отын ретінде де қолданды. Бүргелері бар бaрактардың қыста ішкі температурасы -3-ке әрең көтерілгендіктен әйелдер пешті күні-түні кезекпен қадағалап отыратын. Тамақ ретінде әйелдерге бір үзім нан мен көже берілетін. АЛЖИР-ге 3 жылға жіберілген Қазақ мемлекеттік баспасының директоры А.Әлібаевтың әйелі З. Тінәлина лагердегі азапты күндері туралы - «ертеңгісін және кешкісін сапқа тұрғызып қойып тексеру, одан айдауылмен, итін өршілендіре дірдектетіп қара жұмысқа апарады, алып қайтады. Ауыр жұмыстан, аштықтан әлсіреп сүйретіле түннің бір уағында бөстекшелерімізге құлаймыз...Бәрінен қиыны-өнбойы

ашқұрсақ жадаумыз. Мен мал бақтым. Күзде қамыс орамыз, белуардан мұздай су кеше орақпен қамыс орып баулаймыз. Норма – 140 бау, күніге. Орындасаң – 700 грамм нан аласың. Орындамасаң... адамда жалғыз-ақ арман болады екен: нанға тою! Күздің қара суығында (Арқаның күзінің өзі оңтүстіктің қысына бергісіз ғой!), үсті-басымыз судан малшына (оны кептіріп, құрғатып немесе басқа киіммен алмастырып алатын жағдай қайда?), жататын орынға ораламыз. Таң сәріде қамысқа қайта дірдектеп кетеміз», - деп қайғымен еске алады [208].

Деректерге жүгінетін болсақ, КАРЛАГ Басқармасы бастығының (Долинка селосы), ІІХК-ның КАРЛАГ Ақмолалық арнайы бөлімі бастығының (Ақмола қ. №26 поселкасы) баянхатында (1939 ж. 2 ақпан, №679265 шығыс хат): «Аса құпия. Біздегі бар мәлімет бойынша Арнайы бөлімшеде қамалғандардың жағдайы тым мүшкіл. Бараrтар мен қоспа бөлмелер қысқа дайындалмаған, от жағылмаған, соның нәтижесінде қыстың қатты аязды күндері асханадағы температура 35 градус 0-ден төменгіні көрсететін. Қамаудағылардың басым бөлігі жартылай жалаңаш, тіпті асханаға жетулерінің өзі мұң. 1000 астам адам жалаң тақтайшалар үстіне түнеп жүр. 40 градусқа жеткен қатты аяз кезінде, жұмысқа жіберілген жартылай жалаңаш адамдардың 5 күн ішінде 89-ні үсікке шалынып, олардың 39-ы 1 дәрежелі үсікке ұрынған. Ас-ауқатпен қамтамасыз ету өте нашар. 4000 адам тіптен нан да алмаған...» [209]. Міне, бұл арнайы мекеме басшыларының беріп отырған мәліметі, осыдан-ақ лагердегілердің жағдайының қаншалықты ауыр болғанын байқай аламыз.

Бұл бөлімде 18 мыңға жуық әйел жазаларын өтеді. Солардың арасында, көрнекті қоғам қайраткері, БКП(б) ОК ұлттар мәселесі бойынша нұсқаушысы, Қазөлкекомның екінші хатшысы Сұлтанбек Қожановтың әйелі Күләнда Қожанова болды, Қазақстан мәдениет халық комиссары Т.Жүргеновтің әйелі Даметкен Жүргенова, Зарап Темірбековтың (Қазрайкомның баспа бөлімінің меңгерушісі) әйелі Сахиб-Камал Назарова, Б.Майлиннің (жазушы, драматург) әйелі Гульжамал Майлина, Т.Рысқұловтың (РКСФР ХКК төрағасы) әйелі Азиза Рысқұлова және т.б. халық жауларының әйелдері ретінде 3 жылдан 8 жыл аралығында Ақмоладағы «Отанын сатқандардың әйелдері» лагерінде жазаларын өтеп жатты.

Кесте 3 - Ақмола арнайы бөлімшесінде сотталған әйелдердің ұлттық құрамы [210]

| Ұлты | Сандық көрсеткіші | Пайыздық үлесі |
|---|---|---|
| Орыс | 2 469 | 55 |
| Еврей | 712 | 16,5 |
| Украин | 573 | 12,7 |
| Неміс | 109 | 2,4 |
| Қазақ | 93 | 2 |
| Грузин | 84 | 1,8 |
| Поляк | 71 | 1,6 |
| Беларус | 69 | 1,5 |
| Татар | 52 | 1,1 |

| | | |
|---|---|---|
| Армян | 37 | 0,8 |
| Кабардылық | 36 | 0,8 |
| Әзірбайжан | 28 | 0,6 |
| Латыш | 23 | 0,5 |
| Эстондық | 14 | 0,3 |
| Барлығы | 4 482 | |

Кестеде көрсетілгендей, зерттеулер нәтижесінде Ақмола арнайы бөлімшесінде «ОСОМ» ретінде сотталған 4 482 әйел анықталды. Ал сотталғандардың ұлттық құрамы мемлекет саясатының басым бағыттарын көрсетті. Лагерьде барлығы 41 ұлт өкілдері жазаларын өтеген. Ақмола арнайы бөліміне сотталған қазақ зиялы қауымының туған-туыстары да тоғытылды. ІІХК-ның КАРЛАГ Ақмолалық арнайы бөлімі 2-ші бөлімшесінің бастығы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің кіші лейтенантының есебі бойынша Ақмола-Спасскі арнай бөліміне тіркелгендердің, атап айтқанда ерлер мен әйелдердің саны - 6187 адам болды [211].

Қуғын-сүргінге алғашқылардың бірі болып ілінген Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті хатшысының орынбасары Н.Нұрмақовтың әйелі Зуфнун(қыз күніндегі фамилиясы-Акпаева) Нұрмақова «халық жауының» әйелі ретінде тұтқындалып, 4 ай Бутырка түрмесінде отырып 1937 жылы 8 жылға сотталып, алдымен Мордовиядағы Темников Еңбекпен жазасын өтеу лагерінде 1939 жылға дейін болып, одан соң Карелиядағы Сегеж лагерінде отырып, ақырында 1941 жылы Қазақстандағы Карлагтың бөлімшесі АЛЖИР-ге жіберілді. Нұрмақовтардың қызы Тамара балалар үйінде қайтыс болды.

Т.Рысқұловты (РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің бірінші орынбасары) қамауға алғаннан кейін, келесі күні аяғы ауыр болғанына қарамастан, оның әйелін Азиза Рысқұлованы тұтқындады. Қыздары Рита жалғыз кісілік камерада дүниеге келді. ІІХК-ның ресми бұйрығына қарамастан, А.Рысқұлова емізулі баласымен Карлагқа, одан соң АЛЖИР-ге 10 жылға айдалды.

Қазақстан мәдениетін басқарған Т.Жүргеновтің әйелі Дәметкен Жүргенованы да «ОСОМ» санатына енгізіп, алғашында КАРЛАГ-қа, кейін АЛЖИР-ге, барлығы 8 әйел жіберілді. Д.Жүргенованың мамандығы дәрігер болғандықтан, ол өз еркімен майданға сұранып, өтініш білдірген. Алайда, жазылған жүздеген хаттары Кеңес үкіметі тарапынан жауапсыз қалды.

Ал осы ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы қуғын-сүргін уақытында ең ауыр жаза - ату жазасына кесілген қазақ әйелдері Шахзада Шонанова, Торғай Сүлейменова және Мәмилә Таңатова еді.

1903 жылы 5 сәуірде Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Сырым ауданында дүниеге келген Шахзада Аронқызының «тұтқын анкетасында» әкесі - бай-жартылай феодал деп көрсетілген. Қаратаев Арон - белгілі қоғам қайраткері, анасы Хұснижамал Зұлқайнарқызы Нұралыханова – Бөкей ордасында 1894 жылдан бастап қазақ қыздарына ұстаздық еткен.

Ш. Аронқызы (Шонанова) Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне түскеннен кейін, 2 жылдан кейін жалған айып тағылып, оқудан шығарылады. Алматы медицина институтына түскен

уақытта да бақылауға алынады. Шахзада педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында жауапты хатшы, Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер, бастауыш және орта мектеп бөлімінің ғылыми хатшысы, кейіннен әдіскер-кеңесші болып қызмет атқарады. 1936 жылы қызметтен еріксіз босаған Шахзада ҚазМУ-нің биология факультетіне оқуға түседі. Бірақ оны да аяқтай алмай, 1937 жылы тұтқынға алынады.

Оған «буржуазиялық-ұлтшыл, төңкерістік бағыттағы ұйымда мүше болған, Кеңес өкіметінде төңкеріс жасап, Қазақстанды Кеңестер одағынан аластатуды көздеген, Сәдуақасов, Жүргеновтермен байланыста болған, 1936 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университеті ғимаратын өртеуге қатысқан. Ұйымның төңкерістік және террористік бағыттағы жоспарларымен таныс болған, зиянкестікпен айналысқан, мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне кері әсерін тигізген» деген айып тағылды.

«Халық жауы» айдары тағылған жары Телжан Шонанов 1938 жылы 27 ақпанда ату жазасына кесіліп, артынан, 10 күннен кейін, 9 наурыз күні Шахзада Шонанова да атылады (Қосымша Б, сурет Б 9). 1958 жылы «қылмыс құрамының жоқтығына» байланысты ақталған, жерленген орны белгісіз.

1904 жылы Нұра ауданының «Көкмөлдір» елді мекенінде дүниеге келген Торғай Сүлейменова - ату жазасына ұшыраған тағы бір қазақ әйелі. «Тұтқын анкетасында» оның «молда, байдың қызы, сауатты, КПСС мүшесі» екені көрсетілген. Сүлейменоваға тағылған айып бойынша, 1935 жылдың қазан айында Әлсеневтің контрреволюциялық ұлттық ұйымына қосылып, оның бұйрығымен колхоздарда төңкерісшіл кадрлар даярлап, ұлттық ұйымға Шахаман ауылдық кеңесінің төрағасы, партия мүшесі, күйеуі Мәжен Сүлейменовті де тартқан. Сонымен қатар, ол «Исаев» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген кезде, колхоздан 1404 рубль жымқырған, стахановшылардың қозғалысына кедергі келтіріп, мал басын 45 пайызға дейін кеміткен.

Торғай Сүлейменова 1937 жылдың наурыз айында, ал оның күйеуі Мәжен Сүлейменов сол жылдың сәуір айында тұтқындалған. 1937 жылдың 15 тамызында Қарағанды облыстық УНКВД үштігінің үкімімен ату жазасына кесілді. «Өте құпия» белгісімен сақталған құжатта үштік сотының үкімі бойынша 11 адамның ату жазасына іліккені жазылған. Олардың арасында Торғайдың күйеуі Мәжен мен қоса әкесі Қиқым да бар еді.

1957 жылы Мәжен мен Торғай Сүлейменовтердің «өкімет пен партия алдында еш кінәсі жоқ» екендігі туралы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының ақтау қағазы марқұмдардың отбасына жіберілді. 1993 жылы Қарағанды облысы, Киевка кентінде бір көшеге Мәжен мен Торғай Сүлейменовтердің есімі берілді. Сондай-ақ, Бірінші Мамыр ауылдық кеңсесінде «Торғай Қиқымқызы мен Мәжен Сүлейменұлына артта қалған ұрпақтарынан мәңгілік ескерткіш» тақтасы орнатылды.

Ату жазасы кесілген үшінші қазақ қызы Мәмилә Таңатова – 1907 жылы Қарағанды облысы, Қу ауданында дүниеге келген қарапайым, шала сауатты

колхозшы әйел болған. Ол 1937 жылдың 29 тамызында тергеуге алынды. Латын әріптерімен жазылған тергеудің қазақша сұрақ-жауабында Мәмилә Таңатова кедей шаруа отбасынан шыққаны, колхозда жұмыс істеп, төңкеріске дейін әкесінің тәрбиесінде болғаны, отбасында «өзінен басқа жан жоқ» екендігі айтылған. Ешқандай бандиттік топтармен байланысы болмаған, контрреволюциялық ұйымдар мен көтерілістерге қатыспаған Таңатова 1937 жылдың 8 қарашасында жалған айыппен атылды. 1957 жылы оның «қылмыс құрамы анықталмаған» деп ақталуы белгіленді [212].

2007 жылғы 31 мамырда Ақмола облысы, Целиноград ауданының Ақмол ауылында бұрынғы «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінің орнында музей ашылды. Музей 1997 жылғы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамырды белгілеу туралы» жарлығының қабылдағанына он жыл және жаппай қуғын-сүргіннің басталғанына 70 жыл толуына орай ашылған болатын. ГУЛАГ-тың лагерлері арқылы 18 мыңнан астам әйелдер кезең-кезеңмен өтті, оларды үнемі лагерден лагерге ауыстырып отырған.

«АЛЖИР»-де бір мезгілде 8 мыңға жуық әйел отырған. Олардың ішінде көбі орыстар – 4 390 (50 %), еврейлер – 855 (20 %), украиндар – 740 (15 %) және қазақ – 87 (2 %) әйелдері болды. Сонымен қатар, лагерде неміс, француз, швед, жапон, норвег, австриялық, поляк, грузин, армян, әзірбайжан, литован, латыш және т.б. ұлттың әйелдері жазасын өтеген. «АЛЖИР»- де 600 - ге жуық (нақты саны анықталып жатыр) әйел қайтыс болған. Негізінен тұтқындалғандар одаққа танымал саяси және қоғам қайраткерлерінің әйелдері: Әзиза Рысқұлова және оның анасы Арифа Есенғұлова, Дәмеш Жүргенова, Рабиға Асфендиярова, әнші Лидия Русланова, жазушы Галина Серебрякова, атылып кеткен маршал Тухачевскийдің әйелі, жазушы Борис Пильняктың әйелі Кира Андронникошвили, Юрий Трифоновтың әйелі Евгения Лурье, Болат Окуджава мен Майя Плисецкаяның да аналары болды.

Жастар Одағының бірінші хатшысы Қ.Таштитовтың әйелі С.Таштитованы 1938 жылы ІІХК бұйрығымен күйеуін ату жазасына кескеннен кейін бірнеше лагерлерге қудалады. С. Таштитова кезең-кезеңмен Семей, Новосібір, Краснояр арқылы АЛЖИР-ге жіберіліп, онда 11 жыл отырды.

1923-1937 жылдар аралығында Ақтөбе губерниясында Кеңес үкіметінің әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою, мәдени-ағарту науқандарына белсене араласқан, коммунистік партия мүшесі болғанына қарамастан, А.Табиеваға да «ОСОМ» санаты бойынша айып тағылып, АЛЖИР-ге жіберілді. Ал, қараусыз қалған үш баласын ІІХК-ты балалар үйіне өткізді [1, б. 150].

Балалар үйінде де жағдай ауыр болды: балалар аштықтан және антисанитариядан өліп жатты. «Халық жауының» балаларына деген қарым-қатынас та өзгеше еді. Бейкүнә балаларды ұрып-соғып, тегін ауыстыруға, туыстарын айыптауға итермеледі. АЛЖИР-дың жанындағы балалар үйінде қыста өлген балаларды жерлеу үшін күн жылып, мұз ерігенге дейін ағаш бөшкеде сақтап отырған.

Қазақ ауылында революцияға дейін қаңғыбас балалар немесе жетім балалар мәселесі болмаған еді. Ал, ХХ ғасырдың 20-30 -шы жылдары азамат соғысы,

ашаршылық пен түрлі жұқпалы аурулардың кең тарауы мен оның ауыр салдарына шыдамаған адамдардың балаларын асырай алмай, көшеде тастап кетуі немесе қыз балаларын нанға айырбастап сату фактілері қалыпты жағдайға айналған болатын. Сара Камерон бұл апатты жағдайды: «душераздирающая стратегия выживания» деп атап көрсеткен болатын [213]. Өлім, қайыршылық, қайыр сұрау, ұрлық үлкен мөлшерге жетті, қазақтардың көпшілігі люмпен-пролетариат жағдайында болды. Бұған елді жайлаған ашаршылық, кең тараған жұқпалы ауырулар мен саяси іс-шаралардың залалды салдары, соның ішінде бай-кулактардың малын тәркілеп, өздерін Сібірге жер аудару, одан кейінгі қуғын-сүргін ер азаматтар ғана емес олардың отбасына, әйел балаларына да үлкен қасірет алып келді.

Осылайша, саяси қуғын-сүргін туыстық қатынастардың үзілуіне әкеліп соқты. Қоғамдағы отбасы рөлінің құндылығы өзгеріске ұшырады. Отбасы мүшелерінің өзіндік тұлғалық маңыздылығы жойылып, қатыгез жалған айып пен жала жабу үрдісі белең алды. Құғын-сүргін құрбандарының естеліктерінде жетімдік, аштық, қорлау мен үрей байқалады. Көптеген отбасы мүшелері жанын аман сақтап қалу үшін өз тегін ауыстыруға мәжбүр болған. Соның бір мысалы, П.Д. Гришкованың (Петропавл қаласының тұрғыны) қуғын-сүргінге ұшырағандар отбасыларының қасіретті тағдыры жөніндегі естелігінде: «Әкемді алып кетті, ал біз, халық жауының балалары атанып, жалғыз қалдық, жүрегіміз ауырды», – деп еске алады. Әрі қарай: «жалғыз қалған анамыз бен біз не көрдік? Қорлау, аштық, шамадан тыс ауыр жұмыс. Бірақ бәрібір аман қалудың амалын жасадық». Ер жеткен кезінде, сол кезде, 20-21 жаста болатын, П.Гришкова Ішкі істер министрлігі асханасында ыдыс жуушы, кейіннен аспаз болып жұмыс істей бастаған кезде, біреулердің «халық жауының» қызы деген жаласымен тергеуге алынған. Өзінің бас амандығын ойлап, тергеушіге әкесі жайлы жалған ақпарат беруге мәжбүр болғандығы туралы былай деп еске алады: «Әкем туралы бірден өтірік айттым, оның қашан және неден өлгенін білмеймін дедім. Шындықты айтсам, әкемнің тағдыры мені де күтіп тұрғанын түсіндім». Нәтижесінде, жалған ақпарат бергені үшін П. Д. Гришкова қызметінен босатылып, басқа жақтан жұмыс іздеуге мәжбүр болған [214]. Б. Сүлеевтің, І. Жансүгіровтің, М. Әуезовтің музасы мен әйелі Ф.Ғабитова «халық жауының әйелі» ретінде айыпталып, қудаланды. Бұл тек қазақ әйелдерінің ғана басына түскен нәубет емес, бүкіл Кеңес одағындағы жағдай осындай болатын Мысалы, Қазақстандағы республикалық Бас прокуратураның спецархивінде Совет Одағының маршалы М.Н.Тухачевскидің (1937 жылы атылған) қарындасы Елизавета Николаевна Арватованың ОСОМ мүшесі ретіндегі анкетасы сақталған. 1937 жылдың 14 шілдесінде: «осуждена особым совещанием НКВД СССР» делінген, алдымен Бутырка түрмесіне, кейіннен Қарағанды еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Карлагқа келген соң алдымен Спасскідегі бөлімшесіне кейіннен Шорбай-Нұра лагеріне ауыстырылған. Дәл осылай маршал Блюхердің әйелі – Глафира Лукинична Блюхер, белгілі ақын Эдуард Багрицкидің әйелі – Лидия Густавовна Багрицкая, Мариетта Ростиславовна Капнист және тағы басқалар КАРЛАГ лагерінің АЛЖИР, Спасск, Долинка, Шорбай-Нұра, Бидайық, Қарабас және осы

сияқты басқа да бөлімшелік лагерлерінде ауыр жұмыс істеп, жазаларын өтеген болатын [215].

«Узницы «АЛЖИРа» деп аталатын кітапта Отанын сатқандар отбасы мүшелерінің АЛЖИР-дегі 1938-1953 жылдардағы мерзімін өтеуші Ақмолалықтар арасынан екі қазақ әйелдері туралы мәліметті келтіре кетейік: «...6. Назарова Сахиб-Камал, казашка, родилась в 1908 г., в ауле N 10 Акмолинского р-на Карагандинской обл. Приговорена 10.06.1938 г. ОСО при НКВД СССР как ЧСИР к 8 годам ИТЛ. Прибыла в Акмолинское ЛО 24.07.1938 из тюрьмы г.АлмаАты. Освобождена 10.04.1946. Муж – Темирбеков Зарап Мусаевич, Журналист. Член ВКП(б) с 1.03.1926. Жил и работал в скотоводческом хоз-ве отца (1917-05.1921); артист казахской театральной труппы (1.09.1921-1.08.1923); зав. орготделом райкома ЛКСМ (06-08.1925); инструктор губкома ЛКСМ (08.1925-01.1926); 1-й секретарь Атбасарского укома ЛКСМ (01- 12.1926); председатель трудовой комиссии губкома Ленинского комсомола Советской молодежы -лектор по истории Акмолинской губернской совпартшколы (12.1926-27), инструктор ЦК КП(б)К (1937); Проживал в гор. Алма-Ате. Осужден 27.02.38 пост. ВКВС СССР. Расстрелян. 21.01.58 реабилитирован опред. ВКВС СССР (Дети - Алма и Жанат выросли в детдоме, но судьба их разлучила. Жаната усыновили. После освобождения мать нашла Алму, а с братом они потеряли связь на целых 35 лет. Сейчас Алма Зараповна – видный ученый, кандидат искусствоведения, доцент консерватории имени Курмангазы, член Союза композиторов РК). 9. Такежанова Сакан (Такижанова Сахан), казашка, родилась в 1910г., в г. Акмолинск. Приговорена 29.12.1937г. ОСО при НКВД СССР как ЧСИР к 8 годам ИТЛ. Прибыла в Акмолинское ЛО 15.02.1938г. из Алма-Аты. Освобождена 29.12.1945г. Такижанова Сахан родилась 1910 году в г. Акмолинск. Национальность-казашка. Образование- 3-х классное. Из семьи крестьян. На момент ареста проживала в г. Алма-Ата. Род занятий-домохозяйка. Арестовали в 1937 году, как ЧСИР, сроком на 8 лет в «АЛЖИР». Была разнорабочей. Члены семьи, репрессированы, Такижанов Темирбай-муж, Такижанова Дайша Темирбаевна-дочь, находилась с матерью в лагере. Такижанова С. Освобождена 29 декабря 1945 г., реабилитирована 20 мая 1958 году [216]. Жоғарыда келтірілген деректер әйелдердің өзі ғана емес балаларының да қаншалықты зардап шеккендіктерінен хабар береді.

Кеңестік жүйенің тоталитарлық тәртіпке көшуі қазақ халқына бұрын соңды болмаған бейбіт замандағы алапат қанды қырғынды алып келді. Конституциялық құқық пен азаматтық заң нормалары өрескел бұзылып, жаппай қуғын-сүргінге жол ашылып, басында сот арқылы үкім шығарылса біртіндеп ендігі жерде Үштіктің шешімімен ату жазасына сол мезетте жіберіле беретін. Ал, түрлі айдарлар тағылып «жапон тыңшысы», «оңшыл троцкийшіл», «халық жауы» және т.б. деп жазаға тартылғандардың өздері ғана емес олардың отбасыларына да кінә тағылып, қылмыскерлер, отанын сатқандардың әйелдері, балалары ретінде жазалау және еңбекпен түзеу лагерлеріне тоғытылып, еш сұрауы мен құқы жоқ, тегін еңбек күші ретінде пайдаланылды. Қазақ жеріндегі АЛЖИР, КАРЛАГ, СТЕПЛАГ және тағы басқа лагерлердің алып жатқан жер

көлемі тіпті Францияның бүкіл аумағынан да үлкен еді. Лагердегі әйелдердің өмірлері нағыз тозақтан кем болмады. Қаншама жылдар өтсе де, осындай қасіретті кезеңнен аман қалғандардың өзі сол кезді түршіге еске алып, жан-жарасы әлі жазылмай келеді.

Солардың ішінде, «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» делінгендер (ОСОМ) – қуғын-сүргінге ұшырап атылғандардың балалары, әйелдері, іні-қарындас бауырлары, аға-әпкелері, жиен-нағашылары және т.б. нағыз үрей мен қорқынышты, азаптау мен күнәлаудың барлық түрін бастан өткеріп, қасірет шекті. Тіпті атылудан, лагерге жіберілуден аман қалса да өмір бақи «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» делінген (ОСОМ) таңбадан құтыла алмады. Архив қорларында сақталған құжаттарда кәмпескеге ұшыраған және жер аударылған байлардың балаларын мектептер мен ЖОО-да оқуға жібермеген, тіпті ЖОО-ның соңғы курсынан шығарып, диплом бермеген жағдайлар туралы мәліметтер кездеседі. «Байдың баласы немесе қызы» деген таңба оларға бәле болып жабысты.

Әлеуметтік саясаттың мүмкіндіктерін пайдалана алмаған билік қоғамды қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру жолдарымен бақылауда ұстаудың құралдарын қолданып, халыққа белгілі бір мінез-құлық ережелері енгізді. Жеке басқа табыну идеологиясы кең таралуы күшейе түсті. ретінде зорлық-зомбылық біртіндеп кеңестік қоғамның қалыпты дүниетанымына айналды. Зорлық – зомбылық пен қуғын-сүргінді абсолютизациялау, биліктің адамның тұлғалық қасиеттерін құнсыздандырып қана қоймай, саяси және рухани бостандық түсінігін жоққа шығарып, «тапсыз қоғам» идеясын мақсат еткен социалистік билікті озбыр режимге айналдырды.

Қуғын-сүргін нәтижесі де аса қасіретті болды мысалы Алматы облысы Жаңалық ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей» мәліметтері бойынша бір ғана Алматы облысында - 4125 адам саяси қуғын-сүргін құрбаны болған.

ҚР Президентінің жарлығымен «Қуғын-сүргінге ұшырағандарлың барлық категориясын толық ақтау» - жөніндегі комиссияның құрылуы дәл осы әлі де болса ақталмағандардың барлық топтарын анықтап, соңғы адамның аты-жөні мен оған тағылған айыптық әділдігіне көз жеткізбейінше жұмыс жалғаспақ. Қазіргі кезде бұрынғы «аса құпиялық грифі» бар Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер Полиция басқармасының арнайы архивтерінде сақталған, зертеуші ғалымдардың қол жетімді емес құжаттар жоғарыда аталған заңгерлер мен ғалымдар тобынан құрылған комиссияның сұрыптауынан кейін Қазақстан Республикасының Президенті архивінің қорына келіп түсіп жатыр, болашақта толық тізімделіп, өңдеу жұмыстары аяқталған соң, көпшіліктің қолданысына жол ашады. Біздің тақырыпқа қатысты мәлімет көздері дәл сол кезде одан әрі кеңейе түсер деген үміттеміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда, тарих ғылымындағы жаңаны қабылдау немесе қабылдамау дәрежесі ғылыми білімнің өсуін қамтамасыз ететін және өткенге деген өзгеше түсінікті қалыптастыра алатын ғылыми еңбектердің нақты тарихи жетістіктері мен құндылықтарына байланысты.

Әлемдік ғылыми зерттеу бағыттарындағы жаңа теориялық әдіс-тәсілдерді ғылыми жүйелеу мен сыныптастыру терең мағынаға ие, олардың тұжырымдамалық өзегі мен бастыларын бөліп көрсету, зерттеуде белгіленген талаптар мен қойылған міндеттерге сәйкес нақты қолдану зерттеудің құндылығын айқындап бере алады. Олар тарихи талдаудың мәселелік-мерзімдік қағидаттарымен, фактілер, оқиғалар мен құбылыстардың егжей-тегжейлі талдануымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек. Осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу жұмысымызда кеңестік Қазақстан тұсында жүргізілген әлеуметтік-мәдени реформалардың қазақ қоғамына тигізген өзгерісі, оның ішінде әйелдер қоғамына тигізген ықпалы нәтижесіндегі әлеуметтік-мәдени трансформация қарастырылды.

Жалпы алғанда, бірінші тараудың теориялық-методологиялық негіздемесін талдай отырып, қорыта келе айтар болсақ, тарихи дереккөздердің объективті және қазіргі заманға сай келетін гуманитарлық білімнің міндеттері негізінде барлық мүмкін түрлері мен жанрлары бірізділікпен қатар және кешенді түрде анықталды. Біздің зерттеуде 1920-1930 жылдары қазақ қоғамын әлеуметтік жаңғырту аспектілерін, ондағы қазақ әйелдерінің тағдырын сыни талдау негізінде қазақ қоғамы мен тұрмысындағы әйелдердің өмірінің өзгерісі талданды. Тарауда көтерілген, зерттеудің теориялық негіздері ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың қоғам, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени трансформация және әйел мәселесі жөнінде жазылған басты тұжырымдары мен ой-пікірлері қарастырылды. Зерттеу жұмысы барысында тарихтың әр түрлі бағыттарын (әлеуметтік тарих, әйелдер тарихы, гендерлік тарих) саралап, пайдалану ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы әйел мәселесін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. Сол себепті зерттеудің бағытын анықтайтын теориялық негіздемесін құраған тарих ғылымы салаларының бағыттарының тұжырымдамалары талдауға алынған болатын.

Осы тарауды қорытындылай келе, зерттеу барысында әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары отандық тарих ғылымында орын алған түбегейлі өзгерістерді басшылыққа алғанымызды атап өту қажет. Зерттеудегі, мұндай тиімді тәсілдерді қолдану зерттеу көздерінің неғұрлым тиімді бағыттарға бет бұруына жол ашты. Алынған тақырыпқа сай кезеңдегі ірі оқиғалар мен құнды деректер тобы кешенді түрде сол уақытпен сәйкестендіріліп, қазақ халқының ұлттық құндылықтары тұрғысынан қарастырылып, соның негізінде оның мәні, саяси-экономикалық, әлеуметтік және халықтың мәдени тұрмыс-тіршілігінде орын алатын маңызды тақырыпқа айналды.

Диссертацияның тарихнамалық бөліміндегі талдаулар нәтижесінде ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының басынан бастап 50-ші жылдарға дейін

Қазақстандағы әйелдердің жағдайы тақырыбы жеткілікті зерттелмегендігі айқындалды.

Зерттеу барысында 20-30-жылдардағы этнографиялық экспедициялар нәтижесінде жазылған зерттеу жұмыстарында әйелдер теңсіздігі мәселесі дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы әйелдердің орны; ХХ ғасырдың 20-жылдардағы қазақ әйелдерінің тұрмыстық жағдайы; отбасындағы еңбек бөлінісіндегі теңсіздіктер; балиғат жасына жетпеген қыздарды ерте тұрмысқа шығару және оның әйел организмі үшін салдары; қалың мал; жесірдің жағдайы, әмеңгерлік; әйелдер жасаған қолөнердің түрлері, дәстүрлі әйелдер киімі, әйелдер әшекейлері; Қазақстан әйелдерінің антропологиялық ерекшеліктері, т.б, мәліметтер жүйеленіп, анықталды.

Ойымызды қортындылайтын болсақ, мәселенің тарихнамасының бірінші кезеңі бір-біріне тәуелсіз екі ағыммен сипатталады, яғни академиялық тарих ғылымының сыртқы жағдайларға байланысты дамуының біртіндеп тежелуі, әрі тарихи-партиялық, идеологиялық үстемдіктің басымдылығы орын алды.

Зерттеу барысында талдауға алынған Қазақстандағы ХХ ғасырдағы әйелдер жағдайының мәселесі елде жүргізілген кеңестік саяси, әлеуметтік-мәдени трансформация жағдайындағы әйелдердің мәртебесі әсіресе әлеуметтік-мәдени салада өзгеріске ұшырағанын көрсетті. Зерттеу тақырыбы шеңберінде өтіп жатқан мәселені зерттеудің екінші кезеңі – ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап қаралды және де өзіндік ерекшеліктерімен көрініс тапты.

Кеңестік кезеңдегі Жеке тұлғаға табыну (Сталиншілдік) идеологиясы он жыл бойы, 40-жылдардың аяғына дейін әйелдер мәселесін зерттеуде көптеген перспективалы бағыттарын жауып тастап, олардың тек сол заманның нақты міндеттеріне сәйкес болатын тақырыптарына рұқсат етілді. Әр ұлттың өз тарихын еркін жазуына тосқауыл қойылды.

Тарихнамалық талдау барысында егемендік алғаннан кейінгі жазылған еңбектерде кеңестік авторитарлық саясат сыни көзқараспен қарастырылып, Алаш қозғалысының зиялылары мен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы әйелдер арасындағы теңсіздікті жоюға атсалысқан белсенді қоғам қайраткерлерінің үлесі көрсетіледі. Оған қоса, 90-шы жылдарға дейінгі зерттеулердің кемшіліктері мен жетістіктері сараланып, бағаланады.

